

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ

ХРЕСТОМАТИЯ

Жалпы білім беретін мектептің
қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы
10-сыныбына арналған оқу құралы

Өңделген екінші басылымы

*Қазақстан Республикасының Білім және ғылым
министрлігі бекіткен*



Алматы “Мектеп” 2010

УДК 373.167.1(075.3)
ББК 63.3 Қаз—922
Т65

Құрастырушылар: К. Төлеубаева, Ө. Көпекбай

Т65 **Қазақстан тарихы: Хрестоматия: Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманит. бағытындағы 10-сыныбына арналған оқу құралы /Құраст: К.Төлеубаева, Ө.Көпекбай. — Өнд. 2-бас. — Алматы: Мектеп, 2010. — 216 б.**

ISBN 9965—36—973—9

Қ $\frac{4306020600-114}{404(05)-10}$ 27(4)—10

УДК 373.167.1(075.3)
ББК 63.3Қаз—922

- © Төлеубаева К., Көпекбай Ө. (құраст.), 2006
- © “Мектеп” баспасы, көркем безендірілуі, 2010

ISBN 9965—36—973—9

Барлық құқықтары қорғалған
Басылымның мүліктік құқықтары “Мектеп” баспасына тиесілі

I тарау. ҚАЗАҚСТАН ТАС ДӘУІРІНДЕ

БӨРІҚАЗҒАН

1958 жылы біз ашқан Бөріқазған төменгі палеолит қонысы Қаратау жотасының солтүстік-шығыс баурайындағы аса маңызды ескерткіштердің бірі. Алғаш рет Қазақстан аумағында ежелгі палеолит адамының еңбек құралдары табылды. Аталмыш ескерткішті мұқият зерттеу барысында осы ауданда қоныстанған біздің арғы ата-бабаларымыздың тыныс-тіршілігінің ерте кезеңдерін зерттеу үшін аса құнды кремнийден жасалған бұйымдардың сансыз көп кешені кезікті.

Бөріқазған қонысы осы аттас елді мекенге жақын 8 шақырым жерде Жамбыл облысының Талас ауданындағы В.И.Ленин атындағы ұжымшардан оңтүстік-шығысқа қарай және Қаратау тауынан солтүстік-шығысқа таман 38 шақырым қашықтықта орналасқан. Ол ежелгі Куэст үстіртінен жоғары теңіз деңгейінен 480—500 м биіктікте тұр.

Бір маусым ішінде біз 422 заттан тұратын кремний бұйымдарының ірі коллекциясын жинап алдық. Бірлі-жарым бұйымдарда өк қатпарлары (барлық табылған заттардың 3,9%-ы) сақталып қалған; ал заттардың көпшілігінің қырлары жел, химиялық мүжілумен тегістеліп кеткен, бірақ Бөріқазғанда жұмырланып жасалған заттар кездескен жоқ. Шикізат материалы ретінде ірі сілемді кен жалбырлары (желваки рудные) және карбон жасындағы қара ұсақ түйіршікті кремний малтатастар пайдаланылған. Мұндай кен жалбырларының орналасуы ежелгі жазықтықтарға бағытталған конгломераттардың қатқабаттарында мольнан кездеседі. Бұйымдардың көпшілігіне қуқыл-сарғылт немесе қара, күңгірт-сұр түс төн, ал беткі жағындағы тесіктер күн мен желдің әсерінен болған. Тек тікелей саздақ немесе

құмайт қабатынан суырылып алынған аз мөлшердегі заттар болмашы белсенді патинизациялауға ие болған.

Барлық табылған заттар өздерінің типтік ерекшеліктері бойынша мынадай түрге бөлінеді: екі жағы өңделген дөрекілеу шабу құралдары (32 дана); диск-құралдары (3 дана); қол шапқы (2 дана), ұзын оське бағытталған үш жағынан өңделген өтпелі пішіндер (2 дана), унифастар (3 дана), жаңқа тастардан жасалған құралдар (23 дана); жаңқа тастар (342 дана); нуклеус түріндегі кесектер (8 дана) және өндіріс қалдықтары (27 дана).

Бифациялы (қос фациялы) өңделген дөрекілеу шабу құралдары (*chopping-tools*). Қаратау жотасындағы ең архаикалық төменгі палеолит қоныстары сияқты Бөріқазғанда да, ең алдымен, ұзынша-сопақ тастардан жасалған ірі, бифациялы өңделген бұйымдар өзіне назар аудартады. Ол бұйымдардың сипатына келетін болсақ, жұмыс жиегі ұзын болып келеді де, оған да ұзын, сілемді тасты уатқыш (табан) қарама-қарсы орналастырылған. Мұны көлденең *chopping-tools* деп аталатын — шамасы кескіш, шапқыш құралдардың орнына жүретін, кейде басқа күрделі қызмет атқаратын бұйым деуге болады. Олардың көпшілігі жаңқа тастардан жасалған. Тұтас тастардан жасалған құралдар олардың пішінін қайталағанмен, Төңіріқазған мен Кемер-І құралдары безендірілуі жағынан ерекше.

Бөріқазғанды мекендеуші тұрғындар бифациялы өңделген кескіш-шапқыштың жиектерін, дөңес бұрыштарын тегіс жұмырлап, олардың көлденең және қысқа енді жиектерінің жіктерін онша байқалмайтындай етіп безендіруді жөн көрген. Тас дайындамалардың екі немесе үш жиегі өңделген кезде құрал уатқышты жарты ай пышақ түріне келтіріп аса мұқият безендірген. Кейде көлденең ұзын жиегі мен қысқа бүйір жиегі бір жақты қарама-қарсы жататындай өңделіп, мұндай жағдайда дәл шеткі жиегі қосымша бифациялы түрде жонылып келеді. Бұл ұзын жұмыртасты уатқыш бөрінен бұрын, шабу кезінде қапсырып ұстау үшін емес, оның нық тұрған бір ұшын кесу кезінде уатқыш құрал ретінде қолданылғанын дәлелдейді.

Бөріқазғанда тұтас тас дайындамалардың ұзын осі бойына бағытталған қарапайым, дара чоппингтер кездеседі, бірақ олардың өткір жағы міндетті түрде жұмырланып жасалады. Уатқыштың жүзін (ұстарасын) төрт бұрышты

емес, сопақ-жұмыр етіп жасау уатқышты дөңгелек-шабу *chopping-tools* сәтінде ерекше айқын сақталған.

Диск түріндегі құралдар. Бөріқазғанда диск түріндегі бұйымдар көп емес және олар бір жағынан шапқыш түріндегі шабу құралдарымен (архаикалық дискілер), екінші жағынан унифастармен (диск түріндегі біржақты пішіндер) тұтаса отырып, бірдей пішіндердің соншалықты айқын сериясын құрамайды.

Бөріқазғанның диск құралдарына ғана ортақ белгі — чоппинг типтес барлық құралдар үшін міндетті болып келетін тұтас өңделмеген тасты табандардың болмауы. Диск түріндегі бұйымдарда тас дайындамаларды бүкіл шеткі жағы сынықтармен немесе тұтасымен бифациялы, не болмаса бір-біріне қабыстырылған қарама-қарсы жатқан бір жақты және екі жақты бөліктермен өңделеді. Өндеудің осындай жүйесінде екі жағы жалпақ қойтасты дайындамалардың ортасында жалбырлы аумақтарының сақталып қалуы сипатты болып келді. Мұндай бұйымдар құрал ретінде де, нуклеус ретінде де қызмет атқара алады.

Осындай бұйымдардың анағұрлым жетілдірілген пішінді қимасы жазық-дөңесті, бір жақ жазығының ең шетін ғана қысқа сынықтармен, ал қарама-қарсы жағы жазықтықтың ортасында, тек бастапқы беткі жағының аз ғана бөлігін қалдырған ортаға тақау біршама ірі сынықтармен өңделген ұзын-сопақ диск болып табылады. Диск түріндегі құралдардың бұл пішіні дөңгелек алаңқайлы біржақты диск түріндегі нуклеус пішініне біршама жақын келеді. Нақ осындай екі жақты дискілер Төңіріқазғанда, Бөріқазғанда көп емес.

Алысбаев Х.А. Памятники нижнего палеолита Южного Казахстана. Алма-Ата, Наука, 1979. С. 34—44.

АҚКӨЛ

Ақкөл тұрағы 1961 жылы Тараз (Жамбыл) қаласынан солтүстік-батысқа қарай 170 шақырым жерде, Ақкөл селосынан батысқа қарай 13 шақырым, осы аттас көлден 8 шақырым, ал оңтүстік-шығыстан солтүстік-батысқа қарай 5—10 шақырымға созылып жатқан Куэст үстіртінде орналасқан. Үстірт теңіз деңгейінен 473—500 м биіктікте. Оның батыс шеті біртіндеп төмендеп келіп жан-жағымен бірігіп кетеді.

Тас құралдардың топтасқан жері биік тұрған жеке алаңнан табылған. 20×10 м алаңнан ежелгі адамдар жасаған 117 құрал жиналған. Оның ішінде ірі жаңқалар (кейбіреуінің ұзындығы 20 см-ден асады) көп кездеседі. Барлық құралдардың бетінде желмен мүжілген және түрлі түсті боялған белгілер бар. Ақкөлде құралдардың 43,5%-ы жиналған. Олардың арасында өндіріс қалдықтары өте аз. Бұл ежелгі адамдардың құрал жасайтын материалды таңдай білгенін көрсетеді. Жұмыр тастан жасалған құралдар мен жаңқа тастар көбірек.

Екі жақты өңделген шапқы құралдар (*chopping-tools*).

Екі жақты өңделген тас құралдар өзінің жоғары стандарттығымен және *chopping-tools* типінің аздығымен ерекшеленеді. Көлденең формалы шикізаттың ұзын жағынан жұмырланып алынған көлденең формалар көп кездеседі. Негізінен, шикізаттың әртүрлі формада болуына байланысты көлденең *chopping-tool* — 2 түрі айқын байқалады. Ұзындығы енінен көп үлкен емес доғал жұмыр тастан жасалған (көлденең доғал *chopping-tools*) және қатты ұзындау жұмыр тастан жасалған (бүйірі ұзын көлденең *chopping-tools*). Олардың өңделген жағы шикізаттың қысқа бүйіріне шығып кетпеген қарапайым және негізгі өңделген жағына қосымша бір бүйірде өңделіп, оның бір бүйірі үшкірленіп жасалынады. Мұндай көлденең үшеулік *chopping-tools* пішіні Қаратау жотасының төменгі палеолиттік кешендерінің ерте кезеңдерінің барлығында кездеседі.

Қол шапқылар және унифастар. Унифасты көлденең шапқы деп атаған дұрыс болар еді. Өйткені ол дайындалған тас шикізаттың бір жағын бірбеткей ұру арқылы жасалған. Сонымен қатар бірбеткей ұру дайындалған шикізаттың бетін толық тазаламай оның ортасына дейін барады. Басқа типологиялық көрсеткіштері бойынша ол Ақкөлде табылған көлденең күрделі — үшкірленген формадағы жақсы өңделген басқа да екі тас құралдарға сәйкес келеді.

Бірақ толық бір жағы өңделмеген пішіндегі унифасты құралдар аз кездеседі және сонымен қатар өңдеу арқылы ұшын шығару бұрышы екі жақты өңделген тас құралдар мен унифастарды жасау техникасы бірдей.

Аллысбаев Х. А. Памятники нижнего палеолита Южного Казахстана. Алма-Ата, Наука, Каз. ССР, 1979. С. 155.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АЛҒАШҚЫ АДАМДАРДЫҢ МЕКЕНДЕУІНЕ ҚОЛАЙЛЫ ТАБИҒИ-ГЕОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙ

Оңтүстік Қазақстанның Қаратау жоталары геологтар мен биологтар, археологтар және басқа зерттеушілер көңіл аударып отырғанымен, әлі де толық зерттелмеген аудандардың бірі.

А.Д.Архангельскийдің, В.П. Герасимовтың, П.Н. Чихачевтің геологиялық мәліметтеріне сүйенсек, Оңтүстік Қазақстанның палиоцен және антропогеннің бастапқы кезеңі ылғалды жылы климатымен және өзен суларының молдығымен айқындалады.

Бұл жердің әртүрлі аймақтарындағы шағын ормандар мен бұталы ағаштар шоғырларында архидискодонттардың үш түрі, оверн және қытай мастодонттары, стенон жылқылары, антилопалар, арқарлар, бактриян түйелері, альп түйелер, түйеқұстың екі түрі және т.б. жануарлардың сүйектері кездеседі. Апшерон кезеңіне жататын, кейінірек жинақталған қабаттардан жартылай шөл даланың соңғы тұрғыны — қазақ түйеқұсы жұмыртқасының қабығы табылған.

Кейінгі палиоценде палеографиялық жағдай өзгерген. Тау беткейлеріндегі өсімдіктер қазіргі кезеңге ұқсас тік аймақтық болып өскен, сонымен қатар жылылықты сүйетін магнолия, лаурус, ликвидамбр және т.б. экзотикалық өсімдіктер де болған. Су қоймаларының жағасында тоғайлар, аласа бұталы ағаштар өскен, ал өзен аралықтарындағы ашық алаңқай мен даланы шөптік өсімдіктер басқан. Тегіс жерлер далалы және құмды (шөлейтті) болып келген, онда пілдер, мүйізтұмсықтар, ежелгі жылқылар, альп түйелер мен түйеқұстар мекендеген. Бұл табиғат жағдайлары, яғни кейінгі палиоцен дәуірінде мұндай аймақ кейінгі палеолит адамының өмір сүруіне қолайлы болған. Ежелгі адам іздері Шығыс және Оңтүстік-Батыс Қаратау шатқалдарынан табылып отыр.

Төменгі палеолит адамдары тас құралдарды кремнийлік жыныстардан жасаған. Қаратаудың қыратты аймақтары бор қабаттарынан және доломиттік протерозойдан, кембриден, девон мен карбоннан түзілген үңгірлер мен қалқаларға өте бай. Қаратау шатқалдарынан ежелгі адам іздерінің табылуы палеолит дәуірінің геологиялық тарихын зерттеуге мүмкіндік беріп отыр. Оған шатқалдың оңтүстік-батыс бөлігі, Арыстанды тұрағынан табылған заттар және басқа мәліметтерді пайдалануға болады.

Арыстанды өзенінің арнасынан, осы атпен аталатын бөліктен төменгі төрттік дәуіріне жататын конгломераттар қабатынан шелль-ашель және мустье кезеңі адамдарының еңбек құралдары табылып отыр.

Арыстанды өзенінің жағасынан, бұрынғы Буденный атындағы ұжымшарға жақын жерден төменгі төрттік антропогендік конгломераттар, ал оның қабаттары арасынан төменгі палеолит кезеңінің шелль-ашель дәуірінің тас құралдары кездеседі. Қаратауды мекендеген ежелгі адамдар алғашқы антропоидтер мен фауналық кешеннің құрылған дәуірінде өмір сүрген. Бұл Орталық Азиядағы үңгірлерден бірнеше адам сүйектерімен бірге Қошқорған фауналық кешеніне тән әртүрлі сүтқоректілер: алып түйелер, бұғы, жылқылар табылғаны кейін дәлелденіп отыр.

Арыстанды өзенінің шығысынан, Шаян өзенінің бойындағы “Алғабас” ұжымшарына жақын жерден, Боралдай өзенінің жоғары жағынан едеттегі мустьелік құралдар табылды.

Уәлиханов тұрағынан флоралық қалдықтардың табылуы және Қаратау қыратындағы антропогендік қабаттан кәдімгі емен жапырағының бедерлі бейнесінің қатып қалған ізінің табылуы ғалымдардың көңіл бөліп, қызығушылығын танытып отыр. Бұл әк бор қабатынан табылды. Бұл жерде сонымен қатар алма, өрік, шие, т. б. өскен. Ал жануарлардан арқар, елік, жайран, қабан, борсық, қоян, жолбарыс болса, құстардан жабайы қаз, фазан және басқа орнитофауналық құстар болған, олардың кейбірі тек Қаратауға ғана тән болып келеді.

Алтысбаев Х.А. Памятники нижнего палеолита Южного Казахстана. Алма-Ата, Наука, Каз. ССР, 1979. С. 15—25.

II тарау. ҚАЗАҚСТАН ҚОЛА ДӘУІРІНДЕ

ҚОЛА ДӘУІРІ

Шу мен Сырдариядан солтүстікке қарай жатқан ғаламат далалық кеңістік, қазақша айтқанда Сарыарқа, көне дәуірдің жазба ескерткіштеріне аз іліккен. Ғасырлар бойы бұл өлке үлкен ғылыми жұмбақ болып келді. Тіпті аздаған жазба еңбектердің өзіндегі деректер де дұрыс жинақталған жоқ. Өкінішке орай, Орталық Қазақстанның тарихи-археологиялық тұрғыдан зерттелмеуі Қазақстанның солтүстік далалық аймағында көне өркениеттің ошағы пайда болуы мүмкін емес деген теріс тұжырым туғызады. Тіпті Орталық Азияның көне тарихын зерттеуші В.В.Бартольд: “Мәдени орта Сырдария жағасы мен Қаратау аралығындағы кеңістікпен шектеледі” деген пікір білдірді, оның ойынша солтүстікке қарай адамы жоқ қу мекиен дала болған.

Біздің археологиялық экспедициялардың зерттеуі бойынша Орталық Қазақстан өлкесінде мыңдаған жылдар бойы өзара этникалық туыс дала тайпаларының күрделі дамуы мен мәдени жалғастық үдерісі үздіксіз жүріп жатқан. Ескерткіштердің шоғырын зерттеу сол дәуірде Орталық Қазақстанды мекендеген тайпалардың тарихи өткен жолын анықтап, өлке тарихының көптеген беттерін ашуға мүмкіндік берді. Қола мәдениеті өзінің айрықша белгілерімен: қоныстар мен кеніштерден, бейіттер мен құрбандық шалған орындардан, үй және суару құрылыстарынан, қыш жасау мен тас өңдеу өнерінен, тас мүсіндерден, металл және сүйекті өңдеп, әртүрлі заттарды жасау әдістерінен анық көрінеді. Осының бәрі, түптеп келгенде, Орталық және Солтүстік-Шығыс Қазақстанда мыс, қалайы және қорғасын, т.б. металдарды игеру кезеңінде орасан зор даму үдерісі болғанынан хабар береді.

Әрине, қола мәдениетінің және ерте темір дәуірінің дамуы — табиғи байлыққа негізделген ұлан-байтақ жайылым, бұл аймақ мал бағу, мал өсіру орталығы болуға, әртүрлі кен орындарын өндіруге бейім.

Маргулан А. Х. Беғазы-Дандыбаевская культура Центрального Казахстана. Алма-Ата, Наука, Каз. ССР, 1979. С. 5-6.

ДӘНДІБАЙ

Бұл қола дәуірінің ескерткіші. Қарағанды қаласынан оңтүстік-батысқа қарай 60 шақырым жерде Шерубай-Нұра өзенінің оң жағасындағы кең жайылмада созылып жатқан, көлемді жерлеу алаңы.

Бұрынғы Дәндібай ауылының орнындағы бұл обада (қорымда) саз балшықтан жасалған құрылыстардың үйінділері сақталған.

Нұра өзені жазығы Орталық Қазақстандағы ежелгі адамдар қоныстанған жерлердің бірі. Мұнда әртүрлі кезендердің ескерткіштері сақталған. Дәндібай обасы Қарағанды маңында орналасқан басқа да ірі кешендермен бірге Орталық Қазақстандағы қола дәуірі ескерткіштерінің ішіндегі маңызды бір бөлімін құрайды.

Кешенде Андронов мәдениетінің ескерткіштері басым, дегенмен де обаның оңтүстік жағындағы жайылманың алдыңғы жиегінде Андроновтық ескерткіштерден өзгеше, шаршы түріндегі және үлкен көлемді тас қоршаулардың оқшау тұрған тобы бар. Бұл обалар тобын 1933 жылы М.П.Грязнов және басқа ғалымдар зерттеген. Дәндібай кешеніндегі қазба барысында 11-қоршау қызықты нәтиже берді. Оның құрылысы Орталық Қазақстандағы кейінгі қола дәуірі жерлеу құрылыстарының құрылымына толықтай сәйкес келеді. Атап айтқанда, Беғазы-Дәндібайда ыдыстардың екі түрі кездеседі. Олардың бір тобына қыш құмыралар мен түбі жайпақ ыдыстарды жасауда негізгі белгісі ленталық тәсіл болып келетін андроновтық өндірістік тәсіл сақталған. Екінші тобы пішімінің және өрнектерінің әр алуандығымен, ыдыстардың қабырғасын саз балшықтан сығып шығарудың жаңа техникасымен ерекшеленеді. Жаңа тәсілдің көздеген мақсаты — сазбалшықтан жасалған ыдыстарды шар тәрізді түрге келтіру болды. 11-қоршаудан табылған қыш ыдыстардың алғашқы тобына сыйымдылығы орташа, түр-сипаты біркелкі үш ыдыс жатады.

Оныншы қоршауда құмыра тәрізді, иық тұсы дөңгеленіп, мойны мен ернеуі ажыратылмаған. Ыдыстың жоғары жағындағы өрнек тырнақпен батырып салынған, дөңгеленген иініндегі өрнектер бидайдың ірі дәнін елестетеді. Сыртқы бетін тегістеп сылаған ізі сақталған. Осы сипаттағы ыдыстардың таралу аумағы кең: шығысында — Ертістен бастап, батысында Нарын құмына дейін, оңтүстікте — Балқаштан бастап, солтүстікте Петропавлға дейін таралған.

Маргулан А. Х. Собр. сочинения. Т. 1. Алматы, Атамұра, 1998. С. 218-219.

БАЛАҚҰЛБОЛДЫ

Бұл некрополь Қарқаралы аймағында Қарқаралының бас жотасынан солтүстік-батысқа қарай 60 шақырым жерде Балақұлболды тауының етегіндегі табиғаты тамаша “Восток” кеңшарының жерінде орналасқан. Ол туралы алғаш рет археолог В.П.Никитин хабар берді. Кешенде қола дәуірінің түрлі кезеңдеріне жататын 200-дей ескерткіш бар. Айтылғандардың ішінде қабырғасы жоғары қарай, алға шыққан дөңгелек, тікбұрыш және шаршы қоршаулар түріндегі ерте және кейінгі қола дәуірінің ескерткіштері басым. Негізгі кешеннің біраз бөлігі оңтүстік жағына таман, біз “Балақұлболды” деп атап кеткен ерекше II, III, IV типтегі ескерткіштердің шағын тобы орналасқан. Балақұлболды-II шағын тобы I мен III шағын топтарының аралығында орналасқан. Онда ерте андроновтық белгілер де сақталған.

Орталық шеңбер тәрізді үйіндісіз қоршау солтүстік шағын топтың орталығында орналасқан. Шеңбердің сыртқы қабырғасы қырынан қазып орнатылған тас тақталардан тұрады, ал ішкісі тікбұрышты тақталардан төселіп, көлденеңінен қаланған. Үлкен шеңбердің диаметрі — 8 м, кішісінікі 3,8 метр. Шеңбердің оңтүстік жағы тонаушылардың қазған жолдарынан бұзылған. Кіші шеңбердің ортасында оңтүстік-шығыс жағына таяу екі жұпталған көлемдері бірдей жәшіктер ұзын осімен 3 “в” сызығына бағытталып орналастырылған. Екі жәшіктің шығыс қабырғаларының жанындағы үйіндіден адам сүйектері шықты. Сүйектердің жәшіктердің шығыс жағынан табылуына қарап, екінші қоршаудағы сияқты мұнда да адамды отырғызып жерлеген деп жорамалдауға болады. Сүйектерді алып қараған кезде қызықты жайтқа кезіктік. Адамның мықын сүйегінен тығын

формасындағы ұшы шығып тұрған үшкір қола жебе табылды. Жебенің қатты соғылуынан мықын сүйек пен жамбас сүйектің біріккен жеріндегі шеміршекте үңдейген жарықшақ пайда болып, адамның өліміне себеп болған. Дәл осындай жебенің қола ұшы қадалған сүйек Павлодар мұражайында сақтаулы. Балақұлболды-II тобының материалдары қола дәуірі мәдениетінің жаңа даму сатысына өту барысын дәлелді түрде көрсетіп берді.

Оны жерлеу ғұрпынан, бейіттердің салу құрылысынан, қыш ыдыстардың түрі мен өрнектелуіндегі өзгерістерден көруге болады. Бұл кезеңнің ескерткіштерінен тек бүгіп жатқызған күйінде жерлеу ғұрпы ғана емес, тізесін көтеріп шалқасынан жатқызған, не отырғызған күйінде жерлеу ғұрпын көруге болады. Бейіттердің салыну құрылысы әлі де андроновтардың дәстүрлерімен тығыз байланысты болғанымен көп айырмашылықтары бар, ол көлемінің үлкендігі, тас қабырғалардың көптігімен айқындалады.

Мәдениеттегі және басқа да табылған мөлiмeттер оның өтпелi кезеңге тән екенiн дәлелдейдi. Андроновтардың классикалық жерлеу дәстүріне сәйкес келмейтін, өтпелі кезеңге тән негiзгi ерекшелiктерiнiң бiрi — жұпталған және екi қабатты жәшiктердiң болуы. Бұл бұрынғы жерлеу ғұрыптарындағы бiр жерге 4-тен 10-ға дейiн, одан да көп жәшiктердi қойып, топтап жерлеудiң орнына келген өтпелi кезеңнiң белгiлерi. Жұптасқан жерлеу дәстүрi үлкен патриархалды отбасынан, шағын отбасылықтың бөлiнiп шыққанын көрсетедi.

Маргулан А. Х. Бегазы-Дандыбаевская культура Центрального Казахстана. Алма-Ата, Наука, Каз. ССР, 1979. С. 50—55.

Андронов мәдениетінің Атасу кезеңі

АЙШЫРАҚ КЕШЕНІ

Мола Атасу өзенінің солтүстік жағалауында Жәнаарқа ауданының орталық мал жайылымы теліміне жақын Қаражар кен орнынан оңтүстік-шығысқа қарай 95 шақырым жерде. Ол солтүстіктен оңтүстікке қарай 105 м, батыстан шығысқа — 360 м созылып жатқан 100 моладан тұрады. Жерлеу құрылыстары дөңгелек, сопақ, тік бұрыш, текше, үшжапырақты розетка түрінде қырынан қазып орнатылған гранит тақталармен белгіленген. Моланың солтүстік-батыс

бөліктеріне тоғыз қорған қоршау тізбектеліп орналасқан. Олардың жоғары жағы жалпағынан ұсақ тақталармен жабылған. Жабу үшін ақ кварц қолданған, оның шығатын жері Атасу өзенінің солтүстік жағалауынан, Қабантау мен Ақшоқы тауларынан табылған.

Барлық дерлік қорған-қоршаулардың ұшар басында шұғанақтар бар, оның түбінен тоналған жәшіктер анық көрінеді. Кейбір қорғандардың сыртқы қоршауы дәл үйінді негізі бойынша емес, одан біршама қашықтықта басып өтеді. 12 қорған қоршаудың оңтүстік жағында шаршы төрізденіп жапсаржай салынған.

Жапсаржайды қазу кезінде одан басы батысқа қаратылып, жәшікте жерленген жасөспірімнің қаңқасы табылды. Ол аяқтарын бауырына жинап сол жақ бүйірімен жатыр. Қолы бетіне тиіп тұр. Жәшіктің солтүстік-батыс бұрышына ыдыс қойылған.

Моланың оңтүстік-шығыс бөлігінде ақ кварц шойтас қойылған бірнеше қоршау тұр, әдетте, оның саны — тоғыз.

Моланың ортасына екі үйінді қорған орналасқан. Жерлеу құрылысы өзгеше және қайталанбайды. Олар үшін әр алуан құрылыс түрлері, көп камералы патриархалдық-отбасылық қабір, ең алдымен, қосарлы және екі қабатты жәшіктердің мөлшерінің көбеюі сипатты болып келеді. Қосарлы және екі қабатты жәшіктерге жерлеу — Атасу кезеңі мәдениетінің бір ерекшелігі болып табылады. Оңтүстік-шығыс бөліктің солтүстік жағындағы моланың ортасына жақын тұрған жәшіктен ағаш көмірдің және өртелген ізі бар адам қаңқасының ұсақ қалдықтары табылды. Көмірдің негізгі бөлігі оңтүстік-батыс бұрышқа қарай жинақталған. Бұл жерден үш бұрышты және меандрлы тамаша өрнек салынған жұқа қабырғалы ыдыс сынықтары табылған.

Маргулан А.Х., Акишев К.А., Қадырбаев М.К., Оразбаев М.К.
Древняя культура Центрального Казахстана. Алма-Ата,
Наука, Каз. ССР, 1966. С. 91-92.

III тарау. ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ДӘУІРІНДЕ

САҚ ҚАЛАЛАРЫ МЕН ЕЛДІ МЕКЕНДЕРІ

Б.з.д. 1-мыңжылдықта Қазақстан жерін сақтар (парсылардың атауы) мекен еткен. Оларды гректер — скиф, қытайлар — сә деп атаған. Кейбір ғалымдар Ресей, Украинаның оңтүстігінде, Қара теңіз жағалауында өмір сүрген скифтерді “еуропалық скифтер”, ал Орал тауының арғы жағында өмір сүргендерін “азиялық скифтер” деп те атап жүр.

Сақ-сә-скифтер — ахемендер дәуіріндегі парсылардың, Кир мен I Дарий патшалардың, сондай-ақ Александр Македонский дәуіріндегі гректердің замандастары болған.

Сақтар — массагеттер, аргиппейлер, аримасптар, “алтын қорғаушы самұрықтар”, абилер, апасиактар, дайлардан және басқа да көптеген тайпалардан құралған. Жетісуды “шошақ бөрікті” сақтар — тиграхаудалар қоныс еткен деген пікір бар. Биіктігі 6 қабат үйдің биіктігіндей, ені 100 м-ден асатын ондаған ірі обалардан құралған қорымдар, яғни көптеген зираттар қалдырған осы сақтар еді.

Әлемге әйгілі “алтын адам” табылған Есік обасы да сақтардікі. Сақтар мемлекеті б.з.д. IV—III ғасырларда Жетісуда бой көтерген. Ғалымдар “олардың тағы бір мемлекеті Арал маңында, Сырдарияның ескі сағасында болған” деген де пікір айтады.

Сақтар мәдениеті кешегі күнге дейін қоғамның таңдаулы адамдары мен патшаларға тән жерлеу ескерткіштері — обалар негізінде ғана зерттеліп келді. Алтын мен қоладан жасалған “аң стиліндегі” сирек кездесетін заттардың табылуы археологтар, өнертанушылар, суретшілер мен басқа да адамдардың қызығушылығын туғызды.

Шөпқоректі жануарлар — бұғы, қой, ешкі; жыртқыш аңдар — жолбарыс, барыс, қасқыр, сонымен бірге жыртқыш құстар — бүркіт, тазқара, қарғалар көбінде арпалыс жағдайында бейнеленген. Олардың әдеттен тыс қызыл тілге бергісіз дене қимыл-қозғалыстарының үйлесімділігі көз тартады. Өнердің әлемдік деңгейдегі мұндай үлгілері, көрген адамды таңғалдырар тамаша дүниелері сақтардың тіршілігін, тұрмысын, шаруашылығын, өмір салтын зерттеуді екінші орынға ысырып қойды.

Ғалымдар арасында — “сақтар көшпенді халық болды” деген пікір ұзақ уақыт бойы сақталып келген. Алайда археологтар сақ қоныстары мен қалаларына зерттеу жүргізуіне орай бұл пікір өзгерді.

Алматы маңынан, Іле Алатауының етегінен, Аңырақай мен Серіктас тауларының далалық жерлерінен, Ассы мен Түрген жайлауларынан сақтардың ондаған елді мекендері табылды. Зерттеу барысында мал шаруашылығымен қатар олар үшін отырықшылық пен егіншіліктік те қалыпты өмір салты болғаны анықталды. Яғни, шаруашылықтың бұл екі бағыты бірін-бірі толықтырып отырған.

Осы елді мекендер мен қалаларда қолөнершілер, суретші-зергерлер мен ұсталар қару-жарақ, сауыт-сайман, атөбзелдерін, алтын мен күмістен теңдесі жоқ әшекей заттар жасаған.

Біртіндеп қала деңгейіне дейін өскен елді мекендердің бірі — Есік обасынан оңтүстікке қарай 5 шақырым жердегі Рахат ауылының маңындағы тау бөктерінен табылды.

Ежелгі қала салушылар қорғаныстың маңыздылығына көп көңіл бөлген. Алдымен, олар беті тегіс тауды таңдап алған. Оның беткейлерін құлама тік жар етіп жонып, таулардың арасындағы жыра, сайларды терең орларға айналдырып қазған. Осылайша қаланы жау ала алмастай етіп бекіністер құрған. Содан соң тау басына топырақтан үйлер соққан, жертөлелер (жеркепе, жерден қазған үй) қазып, киіз үйлер тіккен.

Сақтардың қоныстары мен қалаларын зерттеу Жетісу өңірінде жаңа басталуда, ал Арал маңында олар бұрыннан жүргізіліп келеді.

Қазір қирандысы Шырық-рабат деп аталатын сақ қалаларының бірі бүгінгі күні арнасы тартылып қалған Сырдария — Жаңадария өзенінің жағалауында орналасқан.

Қызылордадан оңтүстік-батысқа қарай 300 шақырым жердегі бұл аймақты жартылай қызыл құм басып жатыр.

Шырық-рабат қаласы биік төбе басына салынған. Ол бір жағынан қаланы жазық ойпаттан көтеріп тұрса, екінші жағынан сыртқы жаулардан қорғаған. Төбе басының пішініне байланысты қаланың сырт көрінісі де сопақтау келген.

Қаланың ұзындығы — 850 м, ені — 600 м, жалпы ауданы 51 га-ны құрайды.

Қала барлық жағынан екі қатар қабырғалармен және кезінде суға толтырылған терең ормен қоршалған. Қатты бүлінген ішкі қабырғаның биіктігі қазірдің өзінде 3 м-ге жетеді. Екі қабырғаның арасында тар көшеге ұқсас ұзын дәліз қалдырылған. Қалаға жау кіріп келген жағдайда оларды садақшылар осы жерде арнайы жасалған тесіктерден оқ атып қарсы алған.

Бастапқы кезде болашақ қаланың орнында апасиактардың қорымы болғаны кейін анықталды.

Осындай обалардың астына сақтар өздерінің патшаларын жерлегені мәлім. Алты обаның бірін қазған кезде оның астынан көлемі 7,5×7,5 (м), тереңдігі 2,5 м қабір шұңқыры шықты. Оның қабырғалары лаймен сыланып, өктелген. Қабірдің үсті алты қабат қамыспен жабылған. Ол жерден темірден соғылған жалпақ жүзді қылыш, қоладан соғылған жебелердің ұштары, алтын заттардың сынықтары табылды.

Шырық-рабат қаласының орнында обалардан басқа, сабан кірпіштен қаланған жерлеу құрылыстары — сағаналар да болған. Солардың біреуінің әлі күнге дейін сақталған қабырғасының биіктігі 8 м-ге жетеді. Шеңберленіп салынған бұл құрылыстың диаметрі 40 м-ге жуық. Іші 4 бөлікке бөлінген. Археологтар халцедоннан жасалған әшекей — қиялдан туындаған жануармен соғысып жатқан патша немесе Құдай бейнеленген гемма, дандан (піл сүйегінен жасалған тарақ) сынықтарын, лазуриттен жасалған моншақ, алтын жүзік пен сырғалар, үш алтын қоңырау, темір тіліктерден тұратын сауыт қалдықтарын тапты. Әдетте, мұндай сауыттарды атты жауынгерлер — ауыр қаруланған салт атты-катафрактарлар киген.

Шырық-рабатта жүргізілген қазба жұмыстары қаланың патшалар жерленген қасиетті жер маңында пайда болып,

V немесе VI ғасырдың соңында салынғанын және сақ-апазиаттардың орталығы болғанын көрсетеді.

Байпақов К. Қазақстанның ежелгі қалалары. Алматы, Аруна, 2005. 19—22-бб.

ҮЙСІНДЕРДІҢ МАТЕРИАЛДЫҚ МӘДЕНИЕТІ

Үйсіндердің қыстақ-қоныстарынан, зираттарынан табылған қыш ыдыстар, олардың қыш ыдыстарын жасауда үлкен шеберлікке жеткенін дәлелдейді. Үйсіндерде ыдыстар үш түрге бөлінген: асханалық, ас үйлік ыдыстар және сұйық заттарды таситын, сақтайтын ыдыстар. Ыдыс дайындау әдістерінде ерекшеліктер бар. Құм толтырылған матадан істелген кескін-қалыпқа, қолмен жапсыру арқылы жасалған. Оны ыдыстардағы мата қалдықтарынан білуге болады. Ыдыс қабырғалары белдеу болып жапсырылған, қосылған жерлері аса шеберлікпен тегістелген. Қабырғалары түрлі бояу қабатымен көмкерілген. Кейбір асханалық ыдыстар қыштан өте сапалы жасалған.

Ас үйлік ыдыстардың бірі — сапасы да, күйдірілуі де төмен, сазбалшықтан қалың етіп жасалған қазандар. Олар өртүрлі сыйымдылықта және ұстайтын құлақшасы да өртүрлі, жапсырылған немесе өріп жасалған.

Ыдыстардың ішінде сирек кездесетін түрлері де бар, солардың бірі — ұстайтын құлағы және құятын шүмегі бар шәйнекке ұқсас ыдыс, цилиндр (сопақша) тәрізді ыдыс, су таситын құмыра. Кейбір ыдыстар өрнектелген. Сүйектен, мүйізден қаусырмалар, пышақтың сабы, бойтұмарлар жасаған.

Үйсін зираттарынан металдан жасалған заттар да табылып отыр. Олар темір, қола, алтын мен күмістен бірнеше қайтара өңдеп жасаған. Темірден пышақ, екі жағы да өткір қанжар, түйреуіш, шашқыстырғыштар жасаған. Қола мен мыстан орақ, сонымен қатар айна, алқа, сырға, шашқыстырғыштар жасаған. Әшекей заттардан сақина тәрізді иіп, түрлі тастар орнатылған сырға, бір жағында құс мүсіні салынып әшекейленген шашқыстырғыш бар. Жұқа, нәзік етіп өңделген жапырақ алтыннан сақина, сырға, киімді әдемілеуге арналған жапсырмалар жасалған.

Үйсіндерде зергерлік өнердің кейінгі даму кезеңінде түрлі тастармен безендіру (инкрустация) әдісі кең таралған. Ақтас I зиратынан осы әдіспен жасалған алқа табылды. Алқа

жапырақ алтыннан жарты ай сияқты бейнеленген. Жақтауы, бүгілген жерлері ұсақ бидай дәні секілді, ал сыртқы жағы дәннің сызықтары сияқты әшекейленген, ішкі ортасына қарай төрт ұяшықта қызыл сары түсті асыл тас (сердолик) орнатылған. Моншақтар асыл және жартылай асыл тастардан жасалған (сердолик, гранат, бирюза).

Үйсіндердің әшекей заттарға бай зираты Алматы маңындағы Қарғалытау шатқалынан табылды. Олардың ішінде екі өркешті түйе және таутеке бейнеленген сақина (перстень), адамды талап жатқан тышқан бейнеленген сырға және көптеген жапсырмалар. Бұл әшекейлердің бәрі алтыннан жасалып, көгілдір ақықпен (бирюзамен) безендірілген.

Ерекше назар аударарлық жай, археология ғылымында “Қарғалы диадемасы” деп аталған диадема.

Бұл ұзындығы 35 см, ені 4,7 см екі бөліктен тұратын, бедерлі алтын тілік. Диадеманың шөп тәріздес тор көздерінде аңдар, адамдар, құстар бейнеленген. Олар солдан оңға қарай белгілі ретпен орналасқан. Алдымен басы артқа қайырылған марал, одан кейін маралдың ұрғашысы, аралығында ұшқан құс, одан кейін үстінде адам отырған қанатты жолбарыс, адамның басы артқа қараған, қолымен өсімдіктен ұстап тұр, келесі тұғырдың үстінде қанатты ат тұр. Екінші бөлікте алдымен бейнеленген атылуға дайын тұрған айдаһар, үстінде адам отыр, сол қолымен айдаһардың мүйізінен ұстаған. Олардың төбесінде құс ұшып жүр және қанатты аттар бейнеленген. Кейінгі бейнелер ұшқан құстар, үстіне адам отырған, қатты жүгірген ешкілер, аю, төбелерінде ұшқан құстар, арқардың үстіне мінген құс-адам, оның қолында гүл. Жануарлардың көздері қызыл-сары түсті асыл тастан (сердолик) және қоңыр-қызыл түсті (альмандин) тастан жасалған, денелері көгілдір ақықпен (бирюзамен) безендірілген.

Диадема өте жоғары шеберлікпен жасалған көшпелілер колөнерінің үлгісі. Диадемадағы бейнеленген көріністер өзіндік ерекше сипаттамасы бар “аспан” және “жер” әлемінің байланысын, шамандық әдет-ғұрыптарды бейнелейтін ұғым. Зираттағы заттар мен диадема б.з.д. I—II ғасырларына жатады.

Ақишев К. А., Байпақов К. М. Вопросы археологии Казахстана. Алма-Ата, Мектеп, 1979. С. 81-82.

ҚОРҒАНДАРДЫҢ САЛЫНУЫ МЕН ЖЕРЛЕУ ДӘСТҮРЛЕРІ

Орталық Қазақстанның кең сахарасын ерте темір дәуірінде пішімі жағынан біртекті, орнықты зират құрылысының үлгісін қалдырған тайпалар мекендеген.

Сарыарқаның батысы мен шығысын, солтүстігі мен оңтүстігіндегі ашық дала мен таулы өңірлерді қоныстанып, өзен жағалауларын жайлап, бұл тайпалар екі түрлі қорған ескерткіштерді тұрғызған. Оның бірі — тастан немесе топырақ араластырып үйілсе, екіншісі — тас, топырақ, сонымен қатар монументальді құрылыстардан тұрады. Ғылыми әдебиетте бұл қорғандарды онша сәтті қолданылмайтын “мұртты қорғандар” деп атайды. Орталық Қазақстан өңірінде орын тепкен өзге ескерткіштерге қарағанда “мұртты қорғандар” үлкен зират болып саналмайды. Бір қорымда көп болса 10—15 қорған орналасқан. Қорғандардың екі түрінің арасалмағы бұл қорымдарда бірді беске немесе онға шаққандай, яғни 10 кәдімгі қорғаны бар қорымда, тас қатары (мұрты) бар бір қорған кездеседі. Әрине, бұл арақатынас Орталық Қазақстанның барлық жеріне тән емес. Екінші типті қорғандары бар ірі қорымдар Орталық Қазақстанның таулы өлкесінің Ұлытау, Шет, Ақтоғай және Қарқаралы аудандарының жерінде жиі кездеседі. Осы аталған аудандарға іргелес жатқан шеткері шалғай өлкелерде олардың саны біртіндеп азая береді.

Жалпы айтқанда, “мұртты қорғандардың” орналасқан аясы анық: батысқа қарай оның шекарасы Ұлытау мен Есілдің басын, солтүстігінде — Көкшетаудың Шортанды және Бурабай көлдерін, шығыста — Баянауылдан әрі Шыңғыстауға дейінгі таулы-қыратты өлкені қамтиды. “Мұртты қорғандардың” оңтүстік шекарасы — Балқаш көлінің солтүстік атырабы мен Бетпақдалаға тіреледі.

Сонымен қатар, біз нұсқап отырған меже ескерткіштердің ең бір шоғырланған тұсы, бұл жерден тыс өлкелерде де осы типті қорғандар болуы ғажап емес. Мәселен, Еділ бойынан осындай қорған ашылғаны белгілі. Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу жерінде де бірнеше қорғандар анықталды. Бұл ескерткіштердің өзгеше құрылымы — Тасмола мәдениетін сақ-скиф заманындағы басқа да мәдени үлгілерінен ерекше бөліп алуға мүмкіндік беретіні белгілі. Енді осыған тоқталсақ.

Осы күні “мұртты қорғандардың” күрделі жерлеу кешенінің айғағы екендігі және оның бірнеше нұсқадан тұратыны зерттелді. Ол өте көлемді ортаңғы тас қорғанын және шығысқа қарай немесе қашықтау орналасқан кіші

қорғаннан тұрады. Осы кіші қорғаннан шығысқа қарай жал болып жалпақтығы — 1,5—2 м және ұзындығы — 20—200 м, кейде одан да көп, екі қатар тас құрылыс жасалған. Тас жал жартылай доға болып созылып, басы мен аяғында дөңгелек қорған тектес тас үйінділермен аяқталады. Сонымен, “мұртты қорған” дегеніміз — үш құрамдас бөліктен тұратын, адам жерленген үлкен қорған, аттың қаңқасы және қыш ыдыстар сақталған кіші қорған және тас жолдар.

Тасмола мәдениеті — сақ-скиф этникалық қауымдастығы тұғызған ең көрнекті үлгілердің бірі. Ол мәдениеттің ең кең тараған жері далалық өлке. Қорғандар, негізінен, тастан көтерілген, тұтас ру-тайпалардың қалыптасуымен ғана пайда болса керек. Қорғандардан табылатын бағалы заттар шектеулі. Көбінесе атөбзелі: ер-тұрман немесе жылқы сүйектері кездеседі. Жалдың соңындағы кішкене қорғандарда жанған оттан қалған күл қабаты бар.

Негізгі қорғанға керек-жарақтарымен бірге адам жерленген, ал кіші қорғанда адам жерлейтін шұңқыр жоқ, бірақ ол жерден көмілген аттың қаңқа сүйегіне қоса жекелеген сүйектері (бас, аяқ сүйектері), ал шығыс жағына қарай кей жерден екі қыш ыдыс табылып отыр. “Мұртты қорғандардың” мұндай көп тараған түрінен басқа екінші бір түрі де кездеседі. Ол қосарланған қорған. Кіші қорған шығыс жағында емес Оңтүстік жағына орналасқан және көлемдері бірдей. “Мұртты қорғандардың” тағы бір түрі — ол кіші қорған, үлкен қорғанның ең биік жеріне салынған және бір үлкен үйіндінің астында екі қорған салу дәстүрі де кездеседі.

Қорған үлгілері әртүрлі болғанымен, салынған құрылыс бөліктері барлығында бірдей: адам жерленетін қорған, ат қаңқасы, не жеке сүйектері, қыш ыдыстары бар төменгі қорған және тас қатарлар (мұрттар) міндетті түрде шығысқа қарай бағытталған.

Жиналған деректер Орталық Қазақстандағы өмір сүрген ежелгі тайпалардың (б.з.д. VII—III ғғ.) жерлеу ғұрыптарының ерекше болғанын көрсетіп отыр. “Мұртты қорғандарды”, яғни негізгі үлкен қорған, оған жапсарлас ерекше ғұрыппен салынған құрылысты бір тұтас кешен деп қарау керек. Тас жолдардың (мұрттардың) салыну ерекшеліктері әлі де жұмбақ болып отыр.

Маргулан А. Х., Ақишев К. А., Қадырбаев М. К., Оразбаев А. М.
Древняя культура Центрального Казахстана. Алма-Ата,
Наука, Каз.ССР, 1966. С. 307—311.

ШІЛКІТІДЕН ШЫҚҚАН ЕРТЕ САҚ АЛТЫНЫ

“Мәдени мұра” бағдарламасының аясында соңғы жылдары осы Шілікті даласында сақ дәуірінің 2 үлкен, 3 кішкене обасы зерттелді. 2-Шілікті қорымының №1 обасынан көп алтын түйме-қапсырмалар табылды.

Бұл қорымдағы №1 оба басқа обалардан өзінің көлемі жағынан ерекше, оның диаметрі 100 метрге жуық, биіктігі — 7,9 м. Оба үш қабаттан тұрады. Бірінші қабаты топырақ пен қиыршық құм, екінші қабаты үйінді тас, оның астында қабырғасын екі қатар самырсын қарағайынан өрген ағаш қабірхана. Қабірхана ұзынша келген төртбұрышты құрылыс, ол ұзына бойымен шығыстан батысқа қарай созылып жатыр. Қабірхананың ішкі пошымы жатқан бөшке сияқты, оның қабырғасы ортан беліне қарай кеңіп, төбесіне қарай қайта тарылады. Қабірхана еденінің аумағы 33,6 м². Ағаш бөренелерден салынған қабірхананың шығыс жақ беті пирамидаға ұқсас.

Алтын әшекей заттар қабірхананың шығыс бөлігінде, мөлшермен 12 шаршы м аумақта, қалыңдығы 1,8 м топырақтың әр қабатынан шықты.

2-Шілікті қорымының №1 обасынан барлығы 4262 дана алтын заттар табылды. Оның 153 данасы — мөлінің маскасы бейнесінде, 36 данасы — бүркіт-самұрық бейнесі, 20 данасы — бұғылар, 38 данасы — қасқыр (аю) түрінде, бір түйме-қапсырма бесжұлдыз, бір қапсырма арқар бейнесінде. Сонымен қатар 23 дана қоңырауша түріндегі, 63 дана кеңірдекше түріндегі, 17 дана алтын тілікше, 8 дана алтын сым, 107 дана жартышар сияқты салпыншақтар, 2793 дана миниатюралық кесеге ұқсас құлақшалы салпыншақтар, 143 ұсақ кеңірдекше тізбе, 859 шығыршық тізбе табылды.

Арқар түріндегі қапсырма. Бұл әшекей түрі жалғыз-ақ. Құйылған саф алтын. Табылған заттардың ішіндегі ең ірісі де, салмақтысы да. Бұл — киімге тағылатын қапсырма-әшекей. Оның арт жағында үлкен екі ілгегі бар. Арқардың көзі, құлағы, тұмсығы, аузы, тұяқтарына көкшіл ақық тас орнатылған. Кеудесінің аса салбырамай, мүйізі жарты айланып біткеніне және бұдырларының аса томпақ болмағанына қарағанда мұнда жас күлжа бейнеленген. Мойнының, алдыңғы екі қолының, санының, жағының бұлшық еттері теуіп тұр. Тұяқтары тігінен қадалған. Бірденеден секем альп, ытқып кетуге дайындалып тұрған жануардың түрі. Өте өдемі мүсін, дене арасалмағы (пропорция) жақсы сақталған.

Сақ-скиф өнерінде арқар жиі кездеседі. Ол бізге Алтайдағы Пазырық обасынан /1/, Минусин ойпатындағы Тағар мәдениеті заттарынан /2/, Солтүстік және Орталық Қазақстан ескерткіштерінен /3/, Тува жеріндегі Аржан обасынан /4/ белгілі.

Бесжұлдыз түріндегі әшекей қапсырма да бір-ақ дана. Алтыннан жасалған дөңгелек тінге бесжұлдыз орнатылған. Бесжұлдыздың жан-жағы және ортасы сүйек пен мүйізден, жұлдызшалары лазуриттен (минералды көк тас). Жұлдызшаның шеттері мен дөңгелек тіннің айналасына алтын жіпсе салынған. Бесжұлдызы бар дөңгелек түймешенің артқы жағының ортасында түймелік бар. Біздіңше сақ-скиф ескерткіштерінің бірнешеуінен ақ бесжұлдыз белгілі. Оның бірі — Ольвиядан /5/ табылған сырғаның ортасындағы, екіншісі — Симферополь түбіндегі /6/, үшіншісі — таштық кезеңнің Уйбат қорымынан /7/ табылған бесжұлдыз. Дегенмен бұл бесжұлдыздар өзінің жасалған материалының қымбаттығы, әшекейдің әдемілігі жағынан Шіліктіңікіне жетпейді.

Мәлін бейнесіндегі қапсырма-түйме. Мұндай әшекей 153 дана. Бұл өзінің композициясы жағынан өте күрделі әшекей. Онда үш тұрық, үш мағына бар. Әшекей алыстан қарағанда мәлін (мысық) тектес жыртқыштың бет-бейнесін елестетеді. Сондықтан біз бұл әшекейді шартты түрде “мәлін бейнелі әшекей” деп атадық. Ал енді әшекейге үңіліп қарасақ, оның бір-біріне тұмсығын түйістіріп, беті мен мүйізі анық көрініп тұрған екі таутекенің бейнесінен құралғандығын байқауға болады. Таутекелердің көзіне, тұмсығына, аузы мен құлағына көк ақық тас (бирюза) орнатылған. Таутекелердің мойны мен бетінің бұлшық еттері сыртқа теуіп тұр, жануарларда бір ішкі күйзеліс, шиыршық ату белгісі бар. Сондықтан да олардың көздері өте үлкейіп, дөңгеленіп, шарасынан шығып, танаулары желбіршектеніп кеткен. Ішкі арпалыстың, экспрессияның белгісі бар. Таутекелердің мүйіздеріндегі белдеулер өте анық, олар әр мүйізде жетеуден. Ал енді осы құйма алтыннан жасалған әшекей затты бір қырынан қарасаңыз тура қалықтап ұшып келе жатқан альп бүркітті (құсты) елестетеді. Бүркіттің басы, көзі, тұмсығы анық бейнеленген. Таутекелердің бұлшық еттері, тарам-тарам болған мойындары бұл әшекейді қырынан қарағанда құстың қанатына айналады. Бүркіттің қанаттары жайылған, басы мен топшысының арасы — желкесі томпайып біткен, асқан қайраттылықты танытып тұр.

Әшекейдің арт жағында үш түймелік бар. Екеуі таутекелердің басының тұсында да, ал үшіншісі — құстың кеуде тұсында. Осы үш түймелік арқылы әшекей өзінің тағылған қалпын өзгертпейді. Бұл әшекей сақ-скиф өнер бұйымдарында бұрын соңды кездеспеген.

Бұғылар деп аталатын әшекейлер. Саны — 20. Құйма әшекей. Әшекейдің тінін екі бұғының мойны, басы және мүйіздері құрайды. Екі бұғы мойнынан бір-бірімен жымдасып кеткен, бастары екі жаққа қарап тұр, өзара қосылып кеткен мүйіздері бір композиция құрап тұр, бейне бір мәуелі талдың бұтақтары сияқты. Бұғылардың аузы, мұрны, құлағы көк ақық таспен безендірілген. Өрбір бұғының мүйізі төрт саладан тұрады. Мойындарын көтеріп, тұмсықтарын аспанға қарай шүйіріп, құлақтарын қағып тұрғанына қарағанда бұғылар бірденеге құлақ түріп, тосып тұрғанға ұқсайды. Оның үстіне жануарлардың дене бұлшық еттері сыртқа теуіп, сіресіп тұр. Меніңше бұл әшекейде сақтардың туу, өсіп-өнуімен байланысты дүниетанымы бейнеленген. Бұғылардың денесінің түйіскен жеріндегі ойық ұрпақ тарайтын мүше, қосылған мүйіздер — мәуелі өмір бөйтерегі. Жалпы, сюжет туу және өсіп-өну идеясын бейнелейді. Әшекейдің артқы жағында үш түймелігі бар. Бұған ұқсас екі бұғының мүйіз түйістіріп тұрған бейнесіндегі алтын әшекей кезінде Жетісудан табылған Жалаулы көмбесінің ішінде болған. Осы уақытқа дейін Жалаулы көмбесінің көп заттарының мезгілі белгісіз болып келген. Енді біз Жалаулы көмбесіндегі алтын бұғылардың мөлшерлі заманын анықтай аламыз.

Бүркіт түріндегі әшекей-қапсырма. 36 данасы табылды. Құйма саф алтын. Қанатын жайып-қомдап, мойнын ішіне алған бүркітті елестетеді. Тұмсығының үсті дөңестеу. Көздері дөңгелек, үлкен. Денесінің үстіңгі жағы және қанаты мөлшермен жалпы ұқсастырылып бейнеленген, ол томпайып келіп, сүйірленіп бітеді. Жыртқыш құстың денесінің төменгі жағы, аяғы, құйрығы да нобайлап қана берілген, тырнақтарының ұшы дөңгеленіп біткен. Зер сала қараған кісіге құстың аяғын шағып жатқан жыланның басын, денесін көруге болады. Жыланның иірілген денесі бір жағынан құстың бауыр жақ бөлігін де құрап тұр.

Шілікті алтын заттары сақ-скиф дүниесінің басқа аудандарынан (Тилля-Тепе, Әмудария көмбесі, Қаратеңіз жағалауы) табылған алтын заттарға қарағанда көнелеу. Бұл

жағдай скиф-сақ аң стилі өнерінің алғашқы шыққан отаны деген біздің түсініктерімізге өзгеріс енгізуі мүмкін.

Сақ-скиф дүниесінің басқа көпшілік алтын әшекейлерінен Шілкті алтынының ерекшелігі — ол құйма алтын және сапасы өте жоғары. Бұл алтын заттар жай әшейін өлген адаммен бірге қоюға арналған ғұрыптық зат емес, бұл әшекейлер — патшаның тірісінде жиынға, мерекелерге киетін киімі.

Төлеубаев Ә.Т. Қазақстанның мәдени мұрасы.
Алматы, Эдельвейс, 2006. 165—169-бб.

IV тарау. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ЭТНОГЕНЕЗИ

ХАЛЫҚТЫҢ ҚАЙТА ТҮЛЕУІ

Түріктер ежелден мал өсіретін далалық халық болатын. Үлкен Алтайдың оңтүстік беткейлеріндегі әуелгі тұрағы оларды дала кеңістіктерін пайдалану мүмкіндіктерінен айырмады, ал ормандар оларға негізгі кәсіптері — көшпелі мал шаруашылығына тек қосымша өріс ретінде қызмет етті. Тауға тықсырылған олар өз тұрмыстарының негізі — мал табындарын ұстау дәстүрлерін сақтап қалды, бірақ өзен аңғарларының солтүстік беткейлері мал жайылымдарының көлемін тарылтып тұрды. Осыдан мал санының қысқармауы мүмкін емес еді, сөйтіп түріктер өздерінің азық-түлік табу көздерін аң аулаумен, әйтсе де қаумалап емес, өте тиімді дала төсіндегі аңшылықпен және көп еңбек сіңірілетін — орман ішіндегі жұмыспен толықтырып отыруға мәжбүр болды. Жаратылыс құбылысы Сібір теріскейінікі тәрізді соншалықты қатал келетін Алтай таулы өлкесінің ауа райына төтеп беру де мол күш-қайрат жұмсауды талап етті.

Нәтижесінде халық жаңа сапаға ие болды, бірақ бұрынғы мүмкіндіктерінен айырылып қалды. Жауынгер көшпелі малшылардан бостандық сүйгіш отырықшы малшылар шықты. Түйіндеп айтқанда, түріктер телестерге айналды. Бұл үлкен өзгеріс IX ғасырдың орта шенінде болды. Ол кезде телестер Қытайда елшілік ұстауды ескірген, оның үстіне мағынасыз күш жұмсауды талап ететін дәстүр деп есептей бастады. Әйтсе де осынау шағын халық әлі де өзіне-өзі қорған бола алатын еді. Наймандар телестердің иелігіндегі жерді шығыс және батыс жағынан қусырғанына қарамастан, оларға таулы Алтайдың шығыс бөлігін басып алудың сәті түспеді. Бұл “Юань чаомишиде” 1207 жылы Жошы хан жаулап алған егеменді тайпалардың қатарында телестердің

еске алынуынан да көрінеді. Телестердің дербестігі осымен тоқтатылады.

Құрықандар — якуттердің арғы ата-бабалары, ал хакастар — қырғыздардың ұрпағы болғандығын айқындадық деп есептесек, онда қытай мағлұматтары бізді таңғалдырмауға тиіс: бұл екі тіл сөздік құрамы жөнінен де және фонетикасы бойынша да бір-бірінен ерекшеленеді, сондықтан “бұратаналар” жайында мәліметтер жинаған, тіл білімінен хабары жоқ қытай офицерлеріне бұл айырмашылық грамматикалық құрылымның ұқсастығынан өте мәндірек болып көрінуге тиіс еді. Сондықтан құрықандарды тайпалардың телестік тобынан бөліп көрсетуге негіз жоқ.

Тұрмыстық, идеологиялық және әлеуметтік қатынастардың күрделілену үдерісі жүріп жатқан бұл кез телестіктердің даму дәуірі болды. Осы дәуірде талай батырлар дүниеге келді. Олардың бір бөлігі тарихи ескерткіш үшін мерт болды, бірақ өзі жөніндегі мәліметтер қытай шежіресіне түскен кейбіреулерінің есімдері ұрпақтары үшін сақталып қалды.

Сібірде жүргізілген археологиялық жұмыстар құрықандардың кең тараған ауданына археологиялық “күрімші мәдениеті” сәйкес келетінін белгілеуге мүмкіндік берді. Оның географиялық орталығы ол кездері жағалауларына халық жиі қоныстанған Байкал болды, ал құрықандар кең тараған негізгі облыс Ольхон аралын қоса Ангара мен Ленаның Байкалға дейінгі жоғарғы ағыстарын қамтыған-ды.

Құрықандар едәуір жоғары сапалы темір балқытып, құралдар соға алды, орны осы уақытқа дейін сақталып қалған бекіністер мен қалалар салды, жылқының тамаша ұлан-ғайыр үйірін өсіріп, қыш ыдыс жасай алды. Олардың өнері қырғыздардың өнерін, киімдері мен жазулары — түріктердің киімі мен жазуын еске түсіреді.

Телес тайпалары өздерінің бүкіл тарихы бойына тұрғылықты жерлерін талай рет өзгерткен. VII ғасырдың орта шеніндегі олардың орналасуы мына тұрғыда көрінеді.

Хангай тауларында батысындағы Цзабхан өзені мен шығысындағы Орхонның басталар жері аралығында долаңғы-төлеңгіттер; Селенгі өзенінің бас жағында — сыгезгілдер; Селенгі мен Орхон аралығында — тунлотонгрлар; Селенгі мен Орхонның сағаларында — пугубуттар; Толой мен Орхон аралығындағы далалықтарда —

ұйғырлар; Керуленнен солтүстікке қарай Хэнтей мен Хинган аралығында — байегу-байырқулар; Селенгі өзенінің аңғарында, пугудан батысқа қарай — сыгтер; байырқудан оңтүстікке қарай — байыстар; Забайкальде — гулигань-құрықандар; Алашан тауларында — аде-эдиздер; Ордостан батысқа қарайғы далаларда хуньдар мен кибилер өмір сүрген.

Телестік тайпалардан солтүстікке қарай, жоғарғы Енисей алабында — қырғыздар, ал шығыс Забайкальде бізге белгісіз тайпа — гюйлобтар тұрды.

Шығыс Хангайдағы Отукен құл-құтандары арасына талқандалудан аман қалған түркіттер күштеп қоныстанған болатын. Бірақ олар онда, сірә, көп болмаса керек. Соларға жетім-жесір болып келіп қосылған түріктердің көп бөлігі Ордостан солтүстік пен шығысқа қарай Инь-шань тау тарамына дейін орналасқан-ды. Гоби шөлі бейне бір теңіз сияқты солтүстік қоныстарды оңтүстік қоныстардан бөліп тұрды, бірақ қай жағында болсын көшпелілерді қытай уәлилері басқаратын.

Жоңғария мен Жетісуда мынадай халықтар өмір сүрді. Қара Ертіс пен Ұрынғы алаптарында — қарлұқтар; Орталық Тянь-Шаньдағы Іле бойында — түркештер, ал олардан батысқа қарай — шүніштер; оңтүстік-батыс Жоңғарияда — нешеттер; Манас өзені мен одан шығысқа қарай — құлыштар; Оңтүстік Жоңғарияның шығыс бөлігінде — басимдер (басмалдар) және сол жерде — ортаазиялық хундардың жұрнақтары — шатолар.

Келтірілген бұл мәліметтерге қосымша орхондық жазу 710-711 жылдары түркештер соғысқан кеңгерес халқы туралы хабарлайды. Бұлар өздерінше атауы қаңғар болған печенегтерден басқа ешкім де емес. Олар Сырдарияның төменгі және орта ағысы бойын мекендеді.

Қара Ертістегі қарлұқтар мен Сырдариядағы печенег-қаңғарлардың аралығында дәл сол кездері қыпшақтар қоныстанып алған кең дала жатты. Осы күнгі Қазақстанның далалық өңірінің Дешті Қыпшақ — Қыпшақ даласы деп аталуы, міне, осыдан. Мұнда қыпшақтар қаңғарлармен (қаңлы) араласып кетіп, шығыста — қыпшақтар, Еуропада — командар, ал Ресейде половцылар деген атпен әйгілі болған халықты қалыптастырды. Оңтүстікке таман Сырдария мен Әмударияның төменгі ағысы аралығында түріктендірілген арийліктер, парфияндардың ең жақын туыстары — түрікмен-

дер немесе гуздар өмір сүрді. Осы айтылғандармен Орталық Азияның тек неғұрлым ірі тайпалық бірлестіктері тамамдалады. Майдаларының кейбіреулерін біз, мысалы, аздар, чиктер, абарлар деген және басқа аттарынан білеміз. Сірә, көптеген ұсақ тайпалар Қытай сияқты Еуропа палеоэтнографтарының назарына ілінбей қалған болар. Бұған өкінудің қажеті жоқ, өйткені тарихта өз рөлін атқарғандар тарих оқиғаларының жылнамасында жазылып қала алды.

Гумилев Л. Көне түріктер. А., Білім, 1994. 259—264-66.

Аммиан Марцеллин¹

ҒҰНДАР ТУРАЛЫ

Ғұндардың шыныққаны соншалық, оларға оттың да, адамның төбеті шабатын етіп әзірленген тамақтың да керегі жоқ, олар жабайы өсетін шөптердің тамырымен, қандай малдың болса да шала піскен етімен қоректенеді, етті олар аттарының сауырына, өздерінің беліне байлап жүріп, оны аздап кептіріп алады. Олар ешқашан қандай болса да үйді паналамайды. Оларда қамыспен болса да жабылған лашықты көре алмайсың. Олар таулар мен ормандар арасында көшіп жүреді, суыққа, аштық пен шөлге төзуге бесігінен бастап үйренеді... Ешқандай қалыпқа салмай тігетін аяқкиімі олардың жүруін қиындатады. Сондықтан жаяу соғысқа жарамайды; оның есесіне оларды өздерінің төзімді, бірақ көрер көзге сүйкімсіз көрінетін аттарына құйып қойғандай деуге болады және көбінесе олар әйелдерше отырып алып, өздерінің дағдылы шаруаларын атқарады. Күндіз-түні аттан түспейді, сауда-саттығын да ат үстінде жүріп жасап, сонда отырып ішіп-жейді, аттың иілген мойнына еңкейіп ұйықтайды және қатты ұйықтайтыны сонша, тіпті түс те көреді. Олардың елеулі істер жайында кеңесуіне тура келгенде, олар мәслихатты да ат үстінде отырып жүргізеді. Олар өздеріне қатаң патша билігін жүргізу дегенді білмейді, бірақ өздерінің қайсыбір ақсақалдарының кездейсоқ басшылығына көніп, жолында кездескендердің бәрін қиратып кетеді... Олардың ешқайсысы егін екпейді және ешқашан соқа ұстап көрмеген. Белгілі тұрақты мекені де, үйі де, заңы да немесе тұрақты тұрмыс салты

¹*Аммиан Марцеллин* — рим офицері және тарихшы (330—400 жылдар).

да жоқ, олар мәңгілік қашқындар сияқты, киіз үйлерімен көшіп, өмірін соларда өткізеді; олардың әйелдері өздерінің киім-кешектерін тоқиды. Балаларын есейгенше емізеді. Қайда туғанын сұрасаң, олардың ешқайсысы жауап қайтара алмайды; ол бір жерде бойға бітіп, ол жерден қашықта туған, одан да қашықта өскен.

Прошлое Казахстана в источниках и материалах
(Под ред. С.Д. Асфендиярова, П.А. Кунге. Алма-Ата;
М., Казкрайиздат, 1935. Сборник 1. — С.12—14.

Геродот

МАССАГЕТТЕР ТУРАЛЫ

... Массagetтердің киім киісі мен тұрмыс-салты скифтерге ұқсас. Олар атқа салт мініп және жаяу жүріп шайқасады. Соғыстың екі әдісін де біледі; садақ тартып та, найзамен де шайқасады; әдетте, айбалтамен де қаруланған. Олардың барлық заттары алтын мен мыстан жасалған; бас киімдері, белдіктері және орамалдары алтынмен безендіріледі. Олар аттарға арналған өмілдіріктерді де мыстан жасайды, керісінше, жүгенді, ауыздықты және құйысқанды алтынмен әшекейлейді. Темір мен күмісті олар мүлде қолданбайды, олардың елінде алтын мен мыс мол болғанымен, өлгі металдар жоқ...

... Олар еш нәрсе екпейді, үй жануарлары мен Аракс өзенінен аулайтын мол балықты тамақ етеді. Олар сүт ішеді. Құдайлардан Күнге ғана табынып, оған құрбандыққа жылқы шалады. Бұл құрбандықтың мағынасы барлық Құдайлардың ең жүйрігіне ең жүйрік жануар лайық дегенге келіп саяды.

Прошлое Казахстана в источниках и материалах
(Под ред. С.Д. Асфендиярова, П.А. Кунге. Алма-Ата;
М., Казкрайиздат, 1935. Сборник 1. — С. 12—14.

Страбон

САҚТАР МЕН МАССАГЕТТЕР ТУРАЛЫ

Бұрын Қара теңіздің, Дунайдың, Адрияның жағасында тұрған халықтар — гиперборейлер, сарматтар, аримасптар, ал Каспий теңізінің арғы жағында тұратындар — сақтар

мен массагеттер деп аталған, бірақ Кирдің массагеттермен соғысы туралы айтқанмен, олар туралы еш нәрсені дәл айта алмайды...

Массагеттер тек Күнді ғана Құдай деп санайды және оған құрбандыққа жылқы шалады... Оларда күміс жоқ, темір аз, бірақ қола мен алтын өте көп.

Жазықта тұратын олар егіншілікпен айналыспайды, қайта номадтар, скифтер сияқты мал бағып, балық аулап тіршілік етеді. Өйткені бұл халықтардың бәріне тұрмыс салты және олардың зираттары ортақ, мінез-құлқы бірдей, олардың бәрі де дөрекі, жабайы, жаугер, бірақ турашыл және уәдесінен таймайды.

Прошлое Казахстана в источниках и материалах
(Под ред. С.Д. Асфендиярова, П.А. Кунте. Алма-Ата;
М., Казрайиздат, 1935. Сборник 1. — С. 11–14.

ЭТНИКАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМ

Көшпелілерге тән этникалық құрылым мәселесі құпиясы мол қазына толы, жұмбақ сандық тәрізді нәрсе. Бұл құпияны жете түсіну үшін, ең алдымен, әрине, жалпы көшпелі өлем туралы қалыптасқан көзқарас, терең зерттеулер қажет екені анық. Көшпелі өмір салтының қайнар көзі алдымен қоршаған табиғи орта. Сол ортаға байланысты көшпелі қауымдар белгілі бір шаруашылық-мәдени түр қалыптастырады. Екіншіден, көшпелілер қауымы тек саяси-әлеуметтік құбылыс қана емес, сол ортаға бейімделген, барлық құрылымдық қасиеттері жақсы жетілген этникалық организм құрады. Этникалық құрылымға қажетті көптеген факторлар көшпелі қауымның өз ішінде туындап, белгілі бір тәртіпті жүйеге айналады. Көшпелі этностың қасиеттері әлеуметтік, шаруашылық, саяси сипаттарының тасасынан көзге түсе бермейді, себебі жалпы көшпелілерге тән нәрсе біртұтастық, синкреттілік. Яғни көшпелілердің этникалық, әлеуметтік, саяси, т.б. сипаттары бір-бірінен бөле жаруға келмейді. Көшпелілердің барлық болмысы табиғи ортамен гармониялық қарым-қатынастар түзу үстінде пайда болған тұтас дүние.

Тарихи жағынан зерттелгенмен, этникалық мәселелері сараланбағаны — ғұн кезеңі. Тарихи дәуір биігінен қарасақ, ғұн деген ел — алдымен рулардың бірлестігі. Этникалық құрылымда рулар көп болғанымен, деректерде үш үлкен өулеттің аты аталады — Хуянь, Лань және Сюйбу. Бірақ

негізгі мемлекеттік шаруаларда 24 ұлыстың көп қызмет атқарғанын көреміз. 24-ке бөліну әкімшілік басқару жүйесінің көрінісі. Сол кездегі Орталық Азия өлкесін мекендеген түркі-моңғолдың рулары түгелімен ғұн қарамағында болды. Сол себептен де этникалық топтасу үдерісі әлсіз жүрді. Ғұн қарамағындағы амалсыз бағынған елдер өз бетімен мемлекет құруға, этникалық тұлғасын сақтауға пейілді болды. Ғұн мемлекетінің күйреу себептері де осы сияқты этникалық тиянақсыздықтарына байланысты. Ақыры б.з.д. 71 жылы ғұн қарамағындағы үйсін рулары қытайлармен бірігіп кетіп мемлекеттің тас-талқанын шығарды. Ғұн уақытында қалыптасқан этникалық тұтастық идеясын кездестіре алмаймыз. Тек Мөде шаньюдің “Жер — мемлекеттің негізі” деп аталатын қағидасы ел бірлігінің іргетасын меңзейді, ал этникалық жағынан тек тотемдік ортақ сенімдер ғана бар.

Ғұн этникалық бірлестігі мәжуси дінін ұстанды. Мемлекеттің гүлденген кезінде де қоғамдық дәстүрлер мәжусилік сенімдер ықпалынан шыққан жоқ. “Шанью таңертең шыққан Күнге, кешке Айға табынды, өртүрлі ырымға сенеді. Бүкіл ел болып бесінші айда Лунь тауында жиналып, аталарының аруақтарына, көкке, жұлдыздарға, рухтарға құрбандық шалады. Жаңа жылдың бірінші айында таңдаулы елбасы, ақсақалдар шанью ордасына қасиетті белгіге жиналады” дейді қытайлық жылнамада. Басты сенімдердің ішінде аруаққа сиынудың аталуы да әр рудың өзінің қасиет көретін ата-бабалары бар екенін және оның этникалық топтасуға қолайлы еместігін жорамалдауға болады. Рулар арасындағы этникалық ерекшеліктер, әр рудың өзінің сепаратистік нысанасының бөлектігі ғұн қауымының ыдырауына алып келген басты фактор.

Дәстүрлі этникалық құрылымдарға тән бір ерекшелік — рулардың өзара аға, іні тәртібімен туысуы. Тек ұсақ рулар ғана емес, үлкен рулық бірлестіктер мен одақтар да осы жүйемен жақындасады. Егер бұл қатынас орнықпаса, онда ол саяси бірлестік қалпында ғана қалады және қашан да ыдырауға ыңғайланып тұрады. Б. з. д. VII ғасырда сақтар Египет еліне жорықтан қайтты. Геродоттың айтуы бойынша, бұл жорықта сақтар 28 жыл жүрген. Өз жеріне қайтып келсе елді құлдар билеп алған. Бұл Алпамыс батыр жырындағы — Ұлтан құлдың Алпамыс жорықта жүрген кезде ел

билігін алып қоюы сюжетіне өте ұқсас. Құлдар мен сақ әйелдерінен туған ұрпақ Таврия таулары мен Меотида көліне дейінгі аралықта ор қазып бекініп алған, бірнеше рет соғысып сақтар жауларын жеңе алмапты-мыс. Сол кезде скифтердің ішінен бір данагөй айтыпты: “Оу, скифтер, бізге не болған? Өз құлдарымызбен соғысып, өзіміз де қырылып, оларды да қырғаннан не пайда? Тастандар найзаларын мен садақтарыңды, алыңдар қолдарыңа қамшыларыңды. Оларға біз қару көтерсек, олар өздерін бізге теңбіз деп ойлайды, бізбен бір туғанбыз дер, ал қолдағы қамшыны көрген соң құл екендері естеріне бірден түсер, түскеннен кейін бізге қарсы тұра алмайды”. Бұл сөзден кейін скифтер өз құлдарына қарсы қамшымен ұмтылыпты, құлдар болса майдан даласын тастап қашып кетіпті делінеді бұл аңызда. Бұл әңгімедегі “құлдарды” бағынышты рулар тұрғысынан түсінген дұрыс.

Ғұндар заманынан белгілі бір дәстүр рулардың тотемистік қатынастар арқылы туысуы. Оған негізгі себеп әр рудың өзінің желеп-жебеуші иелері болады. Ерте дәуірде көбінесе аң-құс осы міндетті атқарған. Біз қарастырып отырған ғұн қауымдастығында да этникалық туысудың бір кепілі тотемдік жүйені кездестіреміз. Ғұндардың аңыздары осы тәртіптің негізінде генеалогиялық қарым-қатынас пайда болғанынан хабар береді. Көшпелілердің этникалық тұтасығына бұл шарт та қажет болса керек.

Шежіре бойынша түрік-ғұнның атасы *Со* (Сақ — *Ж. А.*) деп аталатын жұрт. Ол жер ғұн ордасынан терістікке қарай орналасқан. Епиней-шетудің бабасының анасы қасқыр екен, өте қасиетті адам болыпты. Екі әйелі бар еді — бірі түн иесінің, бірі — қыс иесінің қыздары. Біріншісінен төрт ұл туды, үлкені аққуға айналып кетті, *Ки-Ко* дегені *Кем* мен *Апу* өзендерінің арасында жұрт болды, үшіншісі *Шу-Си* өзенінің жағасында патшалық құрды, ал үлкен ұлдары *Нәділуша Шу-Си-Ши* тауларын мекен етті. Сол таудағы ел таңғы шық түсіп, суық ұрғанда көп бейнет көрді. *Нәділуша* оларға от жағуды үйретті, суықтан жанын сақтап, тамағын тауып берді. Сол себепті ақсақалдар оған билікті берді, бағынды. Ол кісінің тұқымы түрікке алғаш хан болған *Тумын еді*”. Алдымен, Қытай жылнамашыларының *Со* деп отырғаны — көне сақтар болуы тиіс сияқты, екіншіден аққу түрік тайпаларына ортақ белгілі тотем, үшіншіден аңыздың

кеңістігі түрік жұртына сәйкес келеді. Бұл аңызда жалпы аңыз тудыру табиғатына сай генеалогиялық сатылардан аттап кету бар. Мәселен, сақтан бірден түрікке өту.

Қытай тарихшысы Чжан Цянь үйсіндер жайында былай деп әңгімелейді. “Күнбидің әкесі ғұндардың батысындағы бір иелікке басшы болды. Үлкен юэчжилер оған шабуыл жасап жерін тартып алды, өзін өлтірді, халық ғұндарға қашып барды. Күнбидің мұрагері жас сәби еді, оны құндақтап әкеле жатқан адам азық іздеп, баланы шөптің үстіне қойып кетті. Қайтып келіп қараса, баланы қасқыр емізіп, ал қарға тұмсығымен ет тістеп үстінде ұшып жүр екен. Ғұн шаньюі баланы жақсы көріп, тәрбиеледі”. Тек қана рудың тұтас ұраны ғана емес, түркі сенімдеріндегі қасқыр бейнесі өте күрделі образ және идеологиялық символ. Оның шырқау шегі қасқыр атқаратын Тәңірі мен Жер-су арасындағы дәнекерлік функциясы. Қазақтағы “Иттің иесі болса, бөрінің тәңірісі бар” делінетін мәтелдің түп негізі түркі дәуірі тұсындағы табиғи сенімдердің жұрнағы болса керек.

Түркінің қасқырдан шығу әңгімесі мазмұны жағынан ғұн кезеңінің этногониялық дәстүрінен айырмашылығы жоқ. “Түріктің аталары шамасы ғұндардан оқшауланған бір бұтақ болар, — дейді шежіре. — Оларды көршілері шауып елдің бөрін қырып жіберіпті, тек он жастағы бала ғана аман қалған екен. Жаулары оны өлтіруге қимай, қол-аяғын жаралап көлдің басына тастап кетіпті. Оны көрген қасқыр... өлгі балаға ет әкеліп тұрады, солай аман сақтайды. Жігіт болған шағында оның тірі екенін естіген жаулары оны өлтірмек болып іздейді, бірақ көк Тәңірі оларды көтеріп биік таудың қуысына әкеледі. Осы жерде қасқыр ана ұл туады”. Түріктің келесі бір аңызында өсіп-өнген түрік елін тау шатқалынан алып шығатын, жол көрсететін, жаңа қонысқа бастайтын қасқыр екенін көреміз.

Сонымен, ерте көшпелілердің генеалогиялық аңыздары адам мен табиғат арасына қамал орнатпаған, қайта бір-бірімен жалғастығы мол етіп суреттейді. Ел негізін салушы тұлға әлсіз, жарымжан, сонымен қатар бойында қасиеті бар төңірден, шаньюдан немесе әртүрлі күдіретті аңдардан қамқорлық көруші. Осы аңыздарға байланысты айтылатын тағы бір жайт, үйсіннің алғашқы Күнбиінен он ұл туды делінсе, түрік туралы да осы санды байқаймыз. Батыс Түрік қағанаты кезінде он оқ бұдұн аталғаны да қисынға келеді.

Жалпы, түрік-моңғол тарихында этникалық құрылымның бір үлгісі оңға барып тіреледі, бұл таза этникалық болмауы да мүмкін. Тотемдерге келсек, көшпелі тарихнаманың тамаша негізін салған Рашид ад-Дин “онғондарды құрметтеу әлі де түркі-мұңғылда берік сақталып отыр. Олар әр рудың иесі деп аң-құстарға сенеді. Оларды ауламайды, тамаққа қолданбайды” деп тотемдік түсініктерге тоқталып өткен. Көшпелілер арасында жүріп жатқан перманентті этникалық қозғалыс, ру басшыларының ықпалды-ықпалсыз болуы сыртқы орта мен көрші мемлекеттердің саясаты көне түріктердің этникалық сипатының негізгі көзі.

Артықбаев Ж. XVIII ғ. қазақ этнографиясы: этнос және қоғам. Павлодар, ЭКО, 1995. 57–62-бб.

*Гардизи*¹

ҚИМАҚТАР ТУРАЛЫ

... Осыдан кейін Ертіс өзеніне келеді, сол жерден қимақтар елі басталады. Өзеннің екі жағында жабайы жылқылар жайылып жүреді, кейде олардың бір жерде мыңын немесе екі мыңын көруге болады. Олар жабайыланып кеткен патша жылқысынан шыққан, өсіп-өніп жатыр. Бұл жылқыны арқанмен, болмаса ұстай алмайсың, оларды ұстап алғаннан кейін оған мініп, бас үйретеді. Олар бас үйретуге көніп, адамдарға үйренісіп кетеді.

Ертіс — үлкен өзен, егер өзеннің бергі бетінде біреу-міреу тұра қалса, оны арғы бетінен тани алмайсың... Өзеннің суы қарауытып жатады. Оларда аласа құрылыс жоқ, жұрттың бәрі орманда, сай-сала және далада өмір сүреді, бәрінің де сиыры мен қой отары бар, түйе жоқ, егер қайсыбір көпес мұнда түйе әкелсе, ол мұнда бір жыл да өмір сүрмейді, түйе осындағы шөпті жесе болғаны өліп қалады.

Оларда тұз жоқ, егер әлдебіреу мұнда бір түйір тұз әкелсе, ол үшін ақ тышқанның терісін алады. Жазда олар бие сүтін ішеді, мұны олар қымыз деп атайды. Қысқа арнап олардың әрқайсысы өз шама-шарқына қарай қойдың, жылқының немесе сиырдың кептірілген етін дайындап алады. Бұл елде қар қалың түседі, жауған қарға найза бойламайтын кездер болады.

¹ *Гардизи* — X ғасырдағы араб тарихшысы.

Қыстыгүні олар жылқыны алыстағы елге, Оқтау деген жерге айдап апарды. Олардың жер астында қыс кезіне арнап ағаштан жасаған суаты бар, қар қалың түскен кезде олардың жылқысы осы суды ішеді, өйткені олар табиғи суатқа бара алмайды. Қимақтардың аулайтын аңдары — бұлғын мен ақ тышқан; олардың бастықтарының атағы — Бамал-Пөйгу (немесе Ямал-Пейге).

Прошлое Казахстана в источниках и материалах
(Под ред. С.Д. Асфендиярова, П.А. Кунте. Алма-Ата;
М.: Казкрайиздат, 1935. Сборник 1. — С. 30—34.

ЖҮЗДЕР ТУРАЛЫ

Тағы бір мәселеге көңіл аударғым келеді. Жүз — тарихи-өлеуметтік категория. Ол байтақ қазақ сахарасында ғасырлар бойы қалыптасқан көшпелі шаруашылықтың жер ыңғайына қарай орналасуына байланысты экономикалық мұқтаждықтан туған. Өрбір тайпалық одақ қыс қонысын, жаз жайлауын көшпелі тіршіліктің өзіндік ерекшелігіне орай құрған. Екінші фактор ел қорғау, отан қорғау, жер қорғау мүддесінен туындаған.

Үшіншіден, жеті атаға дейін қан араластырмай, тұқым тазалығын сақтау арқылы этностың генетикалық қорын аман алып қалуға бағытталған. Бұл болса, белгілі бір географиялық шеңберде, белгілі бір ортада ортақ бүкіл-халықтық бақылауға алынған. Үш жүз бола отырып, қазақ елінің тәуелсіздігін, қазақ жерінің тұтастығын қорғаған. Ортақ тіл, діл, атамекен халықтық бірлікке, мүдде бірлігіне қызмет еткен.

Жүз туралы сөз болғанда тағы бір еске алар жайт — ол мемлекеттік функцияны да орындаған. Жүз ішінде даудамай, көші-қон жолдары, рулар арасындағы қарым-қатынас аймақтық дәрежеде шешілген. Жүзаралық мәселелер — жер, қоныс, ел қорғау, қазақ жерінің тұтастығы, әскери жасақ, ортақ қолбасшы, хандар сайлауы, т.б. ел, халық дәрежесіндегі мәселелер де келісіліп отырған. Сонымен бірге үш жүз көрші мемлекеттермен қарым-қатынасты бірігіп, ұлттық биіктіктен барлай шешкен.

Сондықтан қазақ халқындағы жүз мәселесі, әлдебір дүмбілез атқамінерлер айтып жүргендей, “жүзшілдік”, “жүзшіл” деген ұғымнан ада жай. Жалпы, қазақ этносы — біртұтас этнос. Қазақ атаулы елін, руын сұрағаны болмаса, ешқапан

жүзге бөліп көрмеген, бір-біріне атам қазақ бір қазақтың баласы деп қараған.

*Арғынбаев Х., Мұқанов М., Востров В. Қазақ шежіресі
хақында. А., Ғылым, 2000. 9-10-бб.*

Фальк И.

“ҚАЗАҚ” ТЕРМИНІНІҢ ШЫҒУ ТЕГІ ТУРАЛЫ

Қазақтар (қырғыздар) ежелден жеке үш ордаға, яғни топқа (*Horden* немесе *Orden*), ал әрбір орда он центурийге немесе мыңдықтарға бөлініп келді. “Кердер”, дала адамдары — қазақтар Үлкен Орданы осылай атайды (*Koerder*). Қалған екі орда өздеріне “Қыр қазақ” деген ат алды, бұл “қыр” — шөл және “қазақ” — батыл деген сөздерден шыққан.

Полное собрание ученых путешествий по России.
СПб.; Изд. при Имп. АН. 1925. —Т. 7. С.7.

БАТЫС ҚАҒАНАТЫ

Кейінірек мұсылмандар түріктермен жолығыса жүріп олардың өз айналасындағы халықтармен ортақ тіл таба білетін ғажайып қасиетін атап өтеді. Олар бұл қасиетін жаңа елге жеңушілер есебінде ме, әлде мейман есебінде ме, жалдамалылар немесе әскери тұтқын — құл есебінде ме — әйтеуір ұдайы көрсетіп отырған, кез келген жағдайда олар басқа халықтардың өкілдеріне қарағанда, іс-әрекеттің барша саласындағы жоғарылаушылықты (карьераны) ойдағыдай жасайтын болған.

Басшылық етуге үміткерлер ішінен екі тайпа одағы ерекшеленіп көзге түседі: олар — Жетісу мен Батыс Жоңғариядағы дулы мен Батыс Тянь-Шаньдағы Ыстықкөл өңірін мекендейтін нушебилер еді. Осынау одақтың әрқайсысы бес тайпадан тұратын, содан да болар, Батыс қағанатын кейде “он тайпа” деп те атайтын, бұл осы тайпалар одағының күллі мемлекет үшін маңызының зор болғанын ерекше бөліп көрсетеді. Бұл атпен бірге “жабғы-түріктер” деген ат та кездеседі, бұл Батыс қағанатта тұратын түркілерде Бумын ханның тұсында Істемидің жабғы болғанын ескеріп, осылай атап кеткен. Гөп мемлекет туралы болған күнде осы екі ат бірінің орнына бірі жүре береді, бірақ екеуінің қатар болуы — түркілер мен “он тайпаның” түріктері арасындағы айырмашылық VII ғасырда әлі жойылмағанын көрсетеді.

Гумилев Л. Көне түріктер. А., Білім, 1994. 146-147-бб.

ЕЖЕЛГІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭТНИКАЛЫҚ ТАРИХЫ

Қазақстанның ұлттық-ұлыстық түп-тегінің мәселесі күрделі де қиын әрі отандық тарихнамада жете зерттелмеген тақырып. Мұндай жағдай қалыптасуының әр алуан объективтік себептері де бар. Шынында, қазақтар елі — Қазақстанның түп тарихының тамыры мыңдаған жылдарға кетеді де, қазақтардың төл тарихы бес-алты ғасырмен ғана есептеледі. Қазіргі Қазақстанның аумағына қазақтардың тек XIV—XV ғасырларда ғана қоныстанғаны туралы пікір бір қарағанда құлаққа ерсі де сияқты. Сонда олар басқа жақтан көшіп келген жұрт болып саналады ғой. Ал олар қайдан шыққан — бұл жағын тарих ұшты-күйлі ұмыт қалдырған.

Мұндай көзқарастың ғылыми да, тарихи да сипаты жоғы бесенеден белгілі. Әлбетте, қазақ халқының тарихы соңғы бес-алты ғасырмен шектелмесе керек. Өйткені ол осынау жерде атам заманнан бері қоныс теуіп, өмір сүрген ұлттар мен ұлыстардың тікелей мұрагері, қандас ұрпағы екенінде дау жоқ. Олардың дербес халық болып қазіргі атын алуы ғана сол XIV—XV ғасырлардың бағдары. Мұның өзі де XV ғасырдың екінші жартысында Орталық Азияның саяси сахнасына Қазақ хандығы атты жаңа мемлекет шығып, “қазақ” деген тың сөз халықтың төл атауына айналғандығына байланысты. Демек, қазақ халқының тарихы түп-тамырымен көне дәуірге тереңінен бойлап, Ежелгі Қазақстанды мекендеген тайпалық топтар мен қауымдастардың шежіресінен арна тартады. Сөз жоқ, олардың кейбіреуі қазақ халқының тікелей ата-бабасы.

Қазақстанның ежелгі тарихын, оның ұлттық, ұлыстық жағын зерттегенде, әсіресе, төменгі қағидаларды назарда ұстаған абзал. Олар:

1) қазақ халқының қалыптасуындағы Қазақстанның ежелгі тұрғындарының еуропеоидтік (парсы тілдес) және монғолоидтық (түркі тілдес) топтарының санғасырлық біте қайнасуының нәтижесін;

2) тарихи үдерістегі түпкілікті және кірме тұрғындардың жалпы ұлыс (этнос) құрудағы орнын айқындай отырып, тарихнамалық әділет өлшемін сақтау қажет;

3) қазақ халқының ұлттық тегіндегі түркі (хұндар, түркілер, оғыздар, қыпшақтар) нышанының шешуші рөлін

мойындаумен қатар, монғолдық нышандарды да жоққа шығаруға болмайды.

Ермұқанов Б. Қазақстан: тарихи-публицистикалық көзқарас. А., Ғылым, 2000. 3—5-бб.

АЛАША ХАН ҺӘМ ОНЫҢ БАЛАСЫ ЖОШЫ ХАН ТҰРАСЫНАН ҚАЗАҚ АРАСЫНДА БАР СӨЗ

Шежіренің һәм елдің айтуынша қазақтың әуелгі ханы Алаша хан деген болған екен. Түркі халқының бәрі де өздерін өзінің батырларының не хандарының есімімен атамақ рәсім екен. Сол себепті қазақтар өзін “алаш” деп, яки “алаштың халқы” деп атаған. Мұны қазақтың мақалы да көрсетіп тұрады. Мәселен, “Алаш алаш болғалы, Алаша хан болғалы” деген қазақтың мақалы бар. Қазақтар һәм қайсыбір Сібірдегі ноғай халықтары “Алаштың азаматымыз” деп айтады өзін-өзі. Бұл сөздерге қарағанда, бір күндерде қайсыбір ноғай халқы һәм қазақ халқы бір хан болып тұрған деп ойлауы мүмкін. Қиыншылық болған уақытта қазақ һәм ноғайлар бір-біріне “Алаштың азаматы біз емеспіз бе!” деп айтады. Алаша ханның кім екенін, оның қайдан шыққаны туралы былайша айтады: Алаша хан Бұқар ханының баласы екен. Бұқар ханның баласы көп болғаны. Хандық орынды жалғыз-ақ үлкен баласына береді екен де, өзгелеріне бір-бір облыс қана билеп тұруға қалдырған. Алаша кенжелерінің бірі — мінезі бұзық, өзі күшті, әжет ер бала болып туған. Ол бір шаһарға бас болып тұрғысы келмей, толық хан болғысы келіп, Бұқарда толық хан бола алмайтын болған соң, өзге жерден хандық іздеуді ойлап, бөтен жаққа баруға әкесінен рұқсат сұрайды. Әкесі оған рұқсат ете қоймады. Анау ыңғайы келген жерде сұрай береді. Ақырында, әкесі қасына қол жиып алып, бөтен жақтан өзіне бақ іздеуіне рұқсат береді. Алаша хан маңына көптеген батырлар жиылды. Осы әскерімен Алаша хан көп жерді аралап жүріп, қаншама мәнәт көріп, ел кезіп жүріп, қазақ ішіне келген екен. Олар көп құрмет тұтып, меймандостық көрсетіпті.

Қазақ халқы өзіне ұнаған соң Алаша хан осында қалған. Қазақ сол уақытта көшпелі ел екен. Жан-жағындағы көршілес халқымен өштес, атыс-шабыс бола береді екен. Батыр, өзі шешен, зейінді адамды өздеріне бастық тағайындап, қазақтар соның айтқанына ұйиды екен. Біраздан кейін

Алаша хан ерлігін де, шешендігін де, зейіні барлығын да көрсетті. Қазақтар оны одан әрі құрметтей бастады. Ғәм кешікпей-ақ әскери қолбасшы сайлады. Өзінің қолымен Алаша хан әрқашан жауды жеңе берген. Әрі-беріден соң қазақтар оны хан қойған. Алаша ханның аты өзге екен, “Алаша хан” деп қазақтардың қойған аты.

“Киргизская степная газета” — 1897. №13, 14, 18.

САҚТАР МӨДЕНИЕТІ

Қытайдың және басқа да елдердің тарихшылары үйсіндердің қазақтың негізгі тегі екендігін растайды. Әйтсе де үйсіндер Іле өзені бойын көне заманнан мекендеп келген халық емес, олардың бағзыдағы мекені Дунь Хуань мен Цилян-Шань тауының аралығында болатын. Кейін тек б.з.д. 160 жылдардың айналасында ғана олар сол өлкеден үдере көшіп, Іле бойына келген. Үйсіндердің алдында бұл өлкені сақтар мен йүзейлер мекендейтін. Сондықтан “Ханнама. Батыс өңір баянында”: “Үйсіндердің бұл қонысы бұрын сақтардікі болатын, йүзейлер Сақ қағанын бұл арадан ығыстырып шыққасын, ол оңтүстікке Шуан-дуға асып кетті де, бұл жерде йүзейлер қалды. Кейін үйсін Күнбиінен жеңілгесін, йүзейлер Бактрияға кетті де, бұл жер үйсіндердің қол астында қалды. Әйтсе де үйсіндердің ішінде сақ, йүзейлерден қалған тұқым да бар” делінген. Бұдан біз үйсіндер Іле бойында елдік құрған замандарда олардың арасында сақтардан кіріккен тектің де едәуір болғанын байқаймыз. Бүгінде қазақтың арғын, қыпшақ тайпаларының құрамында “жерсақ”, “бессақ”, “борсақ”, “қарсақ” деген рулар бар. Осындағы “сақ” жалғауы қытай тарихындағы “сайжоң” — “сақ” деген атаумен төркіндес келеді. Бұл сақтардың айна-қатесіз қазақ ұлтының түп-тұқияны екендігін дәлелдейді.

Сол себепті кей ғалымдар “қазақ” этнонимі Каспий теңізі өңірінде жасаған “каспийлер” мен Іледария бойында өмір сүрген сақтардың — осы екі халық атының геоэтникалық тұрғыдан бірігуінен келіп шыққан деп есептейді. Бұл да сақтардың қазақтың этникалық тегімен бұрыннан қатысты екендігін зердеге салады. Б.з.д. III ғасырдан б.з. V ғасырына дейінгі үйсіндердің археологиялық мүрделеріне, әсіресе, олардың антропологиялық белгілеріне талдау жасаған кезде

олардың бас сүйегі домалақ, маңдайы шығынқы, көз аясы терең, мұрны сүйір, атжақтылау екені байқалған. Бұл сақтарға тән типке жақындайды. Ендеше сол дәуірде — сақтар мен үйсіндер белгілі деңгейде этникалық тоғысуды бастан кешірген. Шыңжаңның Құттыби ауданындағы Қаңжна-Шымынзы (Қызыл-Қысан) деген жерден жартас суреттерінің табылуы ежелгі сақтардың антропологиялық бейнесін анықтауға көп септік етті. Ондағылар тегіс ат жақты, қою қасты, дөңгелек көз, қыр мұрынды, оймақ ерін болып келеді. Бұл — ерте заманда Тянь-Шань (Еренқабырғаны) мекендеген сақ қауымының бізге дейін сақталып келген негізгі келбеті.

Ал осыған қарап, кейінгі кездегі сақ-үйсін араластығынан туындайтын антропологиялық бейнені түспалдап көріңіз.

40-жылдарда Лобнор өңіріндегі бірнеше байырғы қабірлерге археологиялық қазба жұмыстары жүргізілген-ді. Ауа райының құрғақ әрі өте ыстықтығына байланысты, онда сақталған адам мәйіттері сол қалпында сартап болып кеуіп қалған. Оларға қоса көмген дүниелер де көп бұзылмаған. Жерленгендер бастарына көбіне шошақ төбелі киіз қалпақ (бөрік) киіп, бөріктерінің төбесіне қауырсын қадаған күйінде жатыр. Жерлеушілер оларды жалаңаш күйінде текеметке орап, аяқтарына құрым етік кигізіп, қасына әртүрлі ағаш мүліктер мен жебе-садақтарын қойыпты. Зерттеуші Стейн бұл адамдардың ерекшелігі қазіргі күнде Тарым ойпатындағы халықтардың нәсілдік құрылымын ең көрнекілендіретін факторлардан байқалады деп есептейді. Хуань Вэньби мүрделердің пішін бейнесіне, әсіресе, олардың шошақ бөріктерінің ерекшеліктеріне қарап, оларды сақ қауымынан деп есептейді. Бірде оның “Жергілікті роландықтар мен сақтарда белгілі байланыс жоқ деуге болмайды” дегені бар. Ағылшын ғалымы Бейли: “Б.з.д. II ғасырдың алдында бір қауым сақ елі Қотан аймағына келіп қоныстанған әрі осындағы жергілікті халыққа билік жүргізген. Қотан — сол сақ қауымының Қотанда құрған қағанаты” деп жазады.

Парсы жұртының байырғы көне сына жазуымен жазылған тас ескерткіштерінде ертеде Қара теңіз бен Индүкүш, Тянь-Шань тауларының арасындағы ұлан-байтақ даланы мекен еткен сақ қауымын үш үлкен топқа бөледі. Біріншісі — Хаомаварға сақтары, яғни “хаомавар” дейтін ағаш жапырағына төу ететін сақтар. Бұлар Ферғана ойпаты мен Памир үстіртін мекендеген. Екіншісі — Тиграхауда сақтары, яғни шошақ бөрікті сақтар, бұлар Қырғызстан мен

Қазақстанның далалық аймақтарын — Памир үстірті мен Алтай жотасынан тура солтүстікке Тянь-Шань, Алтай таулары — Ташкент, Талас, Шу, Іле және Балқаш көлінің шығыс жағын қамтыған аумақты мекендеді. Үшіншісі — Парадарайа сақтары, яғни теңіздің ар жағындағы сақтар, бұлар Өмударияның терістігін, Арал теңізінің шығыс жағын, Соғдиананы (Мәуереннахрды, яғни Өмудария мен Сырдарияның арасын — *ауд.*) мекендеген.

Ежелгі парсы жұрты Иран үстіртінің солтүстігін мекендеген ғажайып қауымдардың бәрін “сақтар” деп атаған. Сондықтан тарих атасы Геродот: “Парсылар мұқым скифтердің бәрін сақтар деп атайды”, — дейді. Ал Геродотқа келсек, ол кең-байтақ Еуразия даласының Карпаттан Қаратеңізге, одан Каспий мен Орталық Азияға дейінгі бөлігінде өмір сүрген көшпелілерді түгелдей *скифтер* деп атаған. Бірақ осы скиф жұрты да бірнеше түрге бөлінеді. Мысалы, Геродот Дон өзенінен шығысқа қарай мекендеген скифтерді сарматтар (сарматайлар) деп атады. Ол “Сарматтардың тілі скифтердің тілімен бірдей”, — дейді. Бұдан сарматтардың да скиф халқының бір бөлігі екенін байқауға болады. Ол тағы Каспий теңізінен Сырдарияға дейінгі жердегі көшпелілерді массагеттер дей келіп, “массагеттер, біздің естуімізше, соғысқа шебер, батыр халық екен. Олар сонау күн түбіндегі Алоксес өзенінің (Сырдарияның) бойында тұрып, ессодондармен тіресетін көрінеді, біреулер оларды да скифтердің бір тобы деседі”, — дейді. Іс жүзінде парсылардың Бехистун мәңгі тасына бөдізделген жазудағы сақтар мемлекеті де “теңіздің ар жағында, ондағылар да бастарына шошақ төбелі бөрік киеді”. Сондықтан Ксенофонның оларды “массагет сақтары” деуінде де негіз бар.

Су Бэйхай (қытай тілінен аударған Т. Зәкеңділді).
Қазақ тарихы, А., 2000. №1.

ҚЫПШАҚТАР АРАСЫНДА “ҚАЗАҚ” СӨЗІНІҢ ПАЙДА БОЛУЫ ТУРАЛЫ

... Сонымен бірге, қазақ этногенезінде қыпшақтардың елеулі рөл атқарғанын айрықша атап өткен жөн. “Қазақ” сөзінің өзі де қыпшақтар мекендеген аймақта шыққан деп есептеуге толық негіз бар. “Қазақ” терминінің алғашқы таралу аймағы Шығыс Дешті Қыпшақпен, яғни қазіргі Қазақстан аумағымен байланысты...

...Қазақ атауының күмән тудырмайтын алғашқы рет қолданылуы 1245 жылы Египет мамлюктері мемлекетіндегі қыпшақтар арасында құрастырылған көне қыпшақ шығармасында (түркі-араб сөздігі) кездеседі. Онда қазақ сөзіне “еркін”, “азат адам” деген мағына берілген. Аталған семантика *қазақ* сөзіне әу баста әлеуметтік мән беріліп, оның әке шаруашылығына мұрагер болып қалмаған (түркі қоғамында мінәрат деп аталған салт бойынша мүлкінің негізгі мұрагері кенже ұл болады да, үлкендері жеке шаңырақ көтереді), негізінен, өз руын, қоғамын уақытша тастап, соғыс жорықтары арқылы күн көретін үлкен ұлдарға қарата айтылған деп есептеуге болатынын білдіреді. Сондай-ақ *қазақ* түсінігі XIII ғасырдан да ертерек пайда болған деп болжам жасау да шындықтан алшақ кетпейді, бірақ оның дәл хронологиясын дәлелдейтін нақты дерек жоқ. Дегенмен бұл тұрғыдан келгенде, жазба деректерде жанама мәліметтер кездеседі.

Қазақтану үдерісі жалпыға ортақ сатылы сипатта болды. Ол түркі тайпалары арасында да, араб шығысы қоғамында (салук) да, Батыс Еуропада (Норвег викингілері) да, Русьте (кезбелер) де көрініс тапты. Әр жағдайда да терминологиялық өзгешелік болғанымен осы әлеуметтік құбылыстың түпкі мәні бар екендігі байқалады.

Қазақтану үдерісінің уақыты мен қызметін сипаттайтын қызғылықты деректер X ғасырдағы араб географы Ибн әл-Факихтың шығармаларында кездеседі. Оғыз ханзадасы Балқық Ибн Жабғьға байланысты сюжеттің мазмұны былай болып келеді: “Менің бабаларымның бірі, — деді Балқық, — сол кезде патшалық құрып отырған әкесіне ренжіп, бөлініп кетеді. Ол өзіне серік етіп достары мен жасақтарын, қарақшылық (салук) жасауды ұнататын басқаларды да ертіп алды”. Қазақтың осы классикалық сипаттамасы Сырдарияның төменгі ағысында оғыз билеушілері жабғьлар тарихымен байланысты, оларды кейбір анықталған деректер бойынша IX ғасырға нақты жатқызуға болады. Ибн әл-Факих арабша “салук” терминінің оғызша синонимін келтірмеген. Бәдәуилерде тайпадан өз орнын таба алмай, өздері жеке топ құрып, тонаушылықпен айналысатын адамдарды “салук” деп атаған. Терминдердің ерекшеліктеріне қарамастан, қазақтың институты өртүрлі, бірақ бір типті көшпенділердің екі қоғамында (оғыз және араб) мағыналық жағынан сәйкес екендігі айқын білініп тұр.

Осының бөріне қарағанда, Ибн әл-Факих “қазақ” терминінің орнына арабтың “салук” сөзін қолданған деп тұжырымдауға болады. IX—X ғасырларда оғыз түркімен қоғамында қолданылып келген “қазақ” түсінігі қыпшақтар арқылы бізге жетіп отыр. Мұндай тұжырым оғыздар мен қыпшақтардың сан ғасыр бойы этносаяси және этномәдени тұрғыдан тығыз байланыста жатқандығы нәтижесінде генетикалық, тіл, әлеуметтік және шаруашылық-мәдени жақындық пайда болғандығы туралы деректен ғана шығып отырған жоқ, сонымен қатар қосымша жазба деректер материалдарынан да кездеседі. XIII ғасырдағы Қорасан түрікмендерінің антропонимі құрамында “қазақ” термині кездеседі. “Данишкеде-и Маққұл у Манқұл” кітапханасындағы бір қолжазбада айқын қолтаңбамен “бұл қолжазбаны Билял бин Жабраил бин Мұхаммед Әли ат-Түрікмени әл-Қазақи сатып алды, хижраның 660 жылы”, яғни 1262 жыл деп жазылған. Бұл жалқы есімдегі “әл-Қазақи” сөзін осы түрікменнің қандай этникалық топқа жататынын білдіретін сөз ретінде қабылдаған дұрыс. Әл-Қазақи терминінің “түрікмен” этнонимімен қатар қолданылуы бұл жерде оның Египеттің қыпшақ-араб сөздігіндегі “қазақ” терминіне әлеуметтік мағына емес, этникалық сипат беріп тұрғандығын көрсетеді. Бұл есімде екі бірдей (ат-Түрікмени және әл-Қазақи) этникалық сипаттағы сөздің кездесуі ерекше жағдай болып табылмайды. Сол дәуірдің жазба еңбектерінде бір адамның есінде екі түрлі этнонимді білдіретін сөздердің кездесуіне мысалдар бар, мәселен, Сайф ад-дин Барлас ат-Татари.

Қарастырылып отырған Билял бин Жабраил ибн Мұхаммед Әли ат-Түрікмени әл-Қазақи жалқы есімі Қорасан түрікмендері арасындағы Шығыс Дешті Қыпшақтан шыққан қыпшақ қазақтары өкілінің аты болса керек. Түркімен-Оғыз арасында “әл-Қазақи” деп өзіндік формасындағы термин қолданылмаған, олар бұл терминді “әл-Қазахи” деп жазар еді, яғни олардың фонетикалық ерекшеліктеріне байланысты “әл-Қазахи” сөзінің үшінші буынындағы “қ” әрпі “х” дыбысы болып өзгереді. Хорезм-Қорасан жазбаларына жататын Рашид ад-дин Раб-и Рашидтың қаламынан шыққан “Вақфнаме” деп аталатын жазбаша құжатта этникалық сипаттағы “қазахлу”, “қазахлар” деген аттардың кездесуіне қарағанда, қазақтар Қорасан аймағында белгілі бір топ құраған сияқты.

Назарларыңызға ұсынылып отырған материалдан XI—XII ғасырлардағы Дешті Қыпшақты мекендеген Қыпшақ қоғамында “қазақ” деп аталған этникалық топ болғандығы туралы қорытынды жасауға болады. Сонымен қатар Қыпшақ хандығында жеке қыпшақ халқының қалыптасу үдерісі де жүріп, оның қорытынды кезеңін моңғол шапқыншылығы бөліп кетті. Дегенмен XI ғасыр мен XIII ғасырдың бас кезінде далалық жерлер мен елді мекендері, қалалары бар диқаншылық дамыған сулы алқаптарды мекендеген қыпшақ тайпаларының бірнеше шаруашылық-мәдени типтер және қоғамдағы өмір-тұрмыстық біртұтас жүйесі шеңберінде бірлесуі қазақ халқының қалыптасуында аса маңызды кезең болды. XI—XII ғасырларда қыпшақ хандығындағы этникалық үдерістердің даму негізінде қазақ халқының этникалық ұйытқысы қалыптасты.

Кәмеков Б. Қазақ тарихы. А., 1994. №1, 19-20-бб.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ШЫҒУ ТЕГІ, ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ “ҚАЗАҚ” АТАУЫ ХАҚЫНДА

Қазақ халқының шығу тегі мен қалыптасуы тарихи ұзақ мерзімді қамтитын аса күрделі мәселе. Бұл екеуін бір-бірінен принципті түрде ажырата білу керек. Мұның ішінде қазақ халқының қалыптасу үдерісін алып қарасақ, соңғы кезге дейін ең аз зерттелген мәселе деп қарауға болады. Мұның себебі ретінде Қазақстан аймағының ежелгі және орта ғасырлардағы тарихының, өндіргіш күші мен өндірістік қатынастарының жеткіліксіз зерттелгенін айтуға болар еді. Қазақ тілінің қалыптасуы да басы ашылмаған күйінде қалуда. Мұнымен бірге, палеоантропологиялық, антропологиялық мағлұматтардың да септігі шамалы.

Халықты қалыптастыруға белсенді үлес қосқан нәсіл компоненттерін анықтаудың ғылым үшін маңызы зор екені белгілі.

Кейбір тарихшылар қазақ халқының құралу, қалыптасу кезеңін — Алтын Орданың ыдырауы, Жошы әулеттерінің билікке таласқан тартыстарымен байланысты түсіндіргісі келеді. Немесе қоғамдық тарихи дамумен қатысы жоқ құбылыс ретінде баяндамақ болады. XV ғасырдың орта шенінде Ақ Орда тағының мұрагерлері Жәнібек пен Керей хандардың Қозыбасы тауына көшіп келуі, Әбілқайыр ханнан ірге аударуы қазақ халқын құраған, қалыптастырған оқиға

деп қарады, бұл, әрине, тарихи объективті жағдайға үстірт баға берген, нанымсыз қисын еді.

Зерттеушілердің енді бір тобы Орталық Азиядан араб шапқыншылығы кезінде ірге аударған қолөнерші, егінші қауымды қазақ халқының қалыптасуына елеулі үлес қосқан этникалық ұйытқы деуді ұнатқандай. Мұнда Қазақстанның ежелгі көшпелі тайпалар рөлі бүркемеленді. Бұл жағдай халықтың құралу, қалыптасу жөніндегі нақты тарихын анықтауды мүлде қиындатып жіберді.

Қазақ халқының шығу тегін тек Қазақстан ғана емес, күллі Орталық Азия ғалымдары арасында алғаш көтерген және тұңғыш зерттеген адам әрі соған саналы өмірін арнаған профессор Мұсатай Бекболатұлы Ақынжанов болды. Ол өзінің “Қазақ халқының шығуы мен қалыптасуы” деген диссертациясы негізінде 1957 жылы “Қазақтың тегі туралы” деген кітабын шығарды. Бұл монографиясында автор өзіне дейінгі орыс, грек, араб, парсы, қытай, моңғол, түркі жазба деректеріне және археологиялық, антропологиялық мағлұматтарға сүйене отырып, қазақ халқының көне дәуірден бергі шығу тегі мен қалыптасу мәселелеріне ғылыми талдау жасады...

... Осыған орай тағы бір мәселе — қазақ атының шығуын оның қалыптасу сәтімен байланысты қарастыру дер едік. Шынында, қазақ термині жөнінде жазба деректер нақты ештеңе айта алмайды. Б.з.д. эллин-грек және қытай авторлары *кас*, *хэс* ұлысы туралы үзік-үзік хабар жеткізеді. Орхон-Енисей жазуында *қаззақ ұлымы* — қазақ ұлым деген мәтін бар көрінеді. X ғасыр саяхатшысы Әбу Дулф “Он оқбодындарды” кейде *қазлақ* атайтынын жазады. Тұран елі тарихының терең білгірі Әбілқасым Фирдоуси “Шаһнама” дастанында Афрасиаб патша “Көк теңіздің терістігінде отырған *қазақ жұртымды жіберіп шапқызамын*” деп Иран шаһын қорқытады. Бұған қарағанда, ақынның қолында қазақ аталған ел туралы мағлұмат болғаны ғой. Византия тарихшылары Кавказдың теріскей етегін қоныстанып отырған қыпшақтарды *қазақия* ұғымына сыйғызған. Бұдан кейінгі мәліметтерде: қазақылық, қазақ, қазақ болу, қазақ боп кету сияқты сөз тіркестері көбейе береді де, XIV ғасырда “*ноғайлы-қазақ ауыр жұрт*” деген күрделі этникалық термин ауыз әдебиеті нұсқаларында көп кездеседі. “Ноғайлы-

қазақтың айырылысуы” деген сарын, күй сақталған. Мұндағы ноғай, ноғайлы жұрты, қазан, қырым татарлары — Ставрополь өлкесінің патша қаһарына ұшырап, Түркияға ірге аударып кеткен түркі тілдес тайпалары. Моңғолдың белгілі ғалымы Дамдэнсүрен *хасаг терген — қасагарба* — сөзіне терең мән беріп, бұл арбаны өз заманында қазақтар қолданғанын құптайды. Бір ой жүгіртетін мәселе, “з” әрпінің болуына қарамай, моңғолдар да, қытайлар да қазақ атауын “хасаг” деп жазатыны. Бұлар қазақтың түпкі атын дұрыс сақтап жазып отыр ма деген ой келеді. Ал славян, орыс жұрттары барлық кезде қайсақ деп жазудан танбай келді. Мұның да ғылыми мәні бар болса керек. Қай-кей — парсы тілінде патша дегенді білдірген. Академик А.Бернштам, М.Ақынжанов, т.б. қазақ атауы “қас”, “сақ” екі сөздің бірігуінен шыққан дейді. Көне түркі тайпаларының ұғымында еркін жүрген адамды қазақ деген.

Хасенов Ә. Қазақ тарихының бес мың жылдық баяны. А., Ана тілі, 1996. 135—143-бб.

ҚАЗАҚТАРДЫҢ ШЫҒУЫ ТУРАЛЫ

... Көшпелі түркі-моңғол халықтары алғашқы кезде экономикасы, тұрмысы мен тілі жағынан жат Түркістанның отырықшы халықтарына — тәжіктер мен арабтарға өздерін қарама-қарсы қойды. Содан кейін көшпелі халықтар отырықшыланып, тәжіктермен араласа келе, көшпелілер өздерінен қол үзіп отырықшыға айналған, сөйтіп “сарт”, яғни саудагер атанып кеткен руластарына қарсы тұрды. Өйткені көшпелінің “сарттан” негізгі айырмашылығы тілінде емес, тіршілік қаракетінде еді. Оның үстіне “сарт” деген сөз көшпелі халықтың табиғатына бір түрлі жат естілетін. Кейін, ұлы орыс отаршыларының тіліне ауысқан кезде, бұл кірме сөз анық жиіркенішті, балағаттау мағынасына ие болды. Бұдан әрі қалың көшпелілер бұқарасынан оқшауланып шыққан өзбектер де отырықшылана келе өздерін көшпелі “қазақтарға” қарсы қоя бастады.

Көшпелі тайпалардың бұрынғы қазақ-өзбек-ноғай бірлестігі сол халықтардың аумақтық, экономикалық, тілдік және басқа өзгерген тұрмыстық белгілеріне сәйкес енді жеке-жеке құрамдас бөлшектерге бөліне бастады. Сөйтіп қазіргі

Қазақстан жерін мекендеген көшпелі рулар “қазақ” деген атпен таныла бастады. Олар оңтүстікте — отырықшы тұрмысқа ауысқан өзбектермен, тәжіктермен солтүстігінде — Мәскеу патшалығымен, шығысында — Моңғолия, Шыңжаң көшпелілерімен шекаралас болды. Сол кезеңде көршілес аймақтардағы феодалдық езгі мейлінше қатал, тағылық сипат алған еді, сондықтан етек-жеңі кең, еркін жатқан қыр еліне қашып паналау да көп болды. “Еркін”, “азат адам” деген мағынаны білдіретін орыстың “казак” сөзі де осыдан келіп шыққан. Орыс тіліне бұл сөз Шығыстан енген, сондықтан “қазақ” деген сөзбен төркіндес болуы да ғажап емес.

Сонымен біз Орта және Орталық Азияның тарихи даму барысын қалпына келтіріп елестетуге және соның негізінде өртүрлі этникалық топтардың ұлт болып қалыптасу жолында бастан кешкен эволюциясын анықтауға талап қылдық. Біз бұл үдерістің үш кезеңнен өткенін байқадық.

Бірінші кезең. Азия далаларын, оның ішінде қазіргі Қазақстан жерін мекендеген халықтар қоғамдық дамудың белгілі бір сатысында бірлесіп өмір сүрген. Ол кезеңнің өзіне тән белгісі — ұлттық шекаралардың мейлінше тұрақсыздығы және айқын еместігі, ол халықтардың ылғи аралас-құралас болып, кейде “жұтылып”, “жойылып” кетіп жатуы. Түркі, моңғол, қаңлы, керейт, найман, қарақытай, үйсін және тағы сол сияқты түркі-моңғолдардан қалған көне халық, одақ, тайпа, ру аттары — сол дәуірлердің айғақтары.

Екінші кезең. Далалық шығыс және батыс аймақтары ажырай бастайды. Аумақтарда, экономика мен тілде жаңа өзгешеліктер және солармен байланысты халықтардың жаңа топтары (батыста — татарлар, қазақ-ноғай-өзбек одағы, “сарттар”, тәжіктер; шығыста — моңғолдар, буряттар және ойраттар) пайда болады.

Үшінші кезең. Халықтардың жаңаша топтасуы бой көрсетеді: ноғайлар бөлініп шығып, Солтүстік Кавказға қарай қоныс аударады, өзбектер Түркістанға кетеді, қазақтар Қазақстан далаларында қалады.

Кеткен халықтар да, қалғандары да жағдайдың өзгеруіне қарай, белгілі бір аумақта шектеліп, экономикадағы, тіл мен тұрмыстағы өзгерістер күшейген сайын, неғұрлым тұрақты ұлттық белгілерге ие бола бастайды. Бұрынғы кезеңдерден

тек ескі тарихи атаулар ғана қалып, олардың өздері де талай өзгерістерге, бұрмалауларға ұшырайды. “Түрік” деген атақ Осман сұлтанның бастауымен сонау алыстағы Кіші Азияға кеткен түрік руларында қалады (Анадолы түріктерінің “осман” деген ескі аты содан шыққан). Еділ бойында орын теуіп қалған түркі-моңғол рулары “татар” атанады, т.б. Қазіргі Қазақстан далаларында тұйықталып қалған халық өздерін “қазақ” деп атайды.

Алайда ұлт болып бірігу үдерісі мұнымен аяқталған жоқ. Ресей капитализмінің жаулап алуының ықпалымен буржуазиялық-ұлттық қалыптасу басталады. Бірақ империалистік жүйе жағдайында бұл үдеріс толық жүзеге асырылмады, мешеулік жойылған жоқ, қайта күшейе түсті.

Аспандиярұлы С. Қазақ тарихы. А., 1993. №1. 37-38-бб.

БАЙЫРҒЫ ТҮРКІЛЕРДІҢ ЕЛ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

Байырғы түркі мәтінінде “мемлекет” деген атауды “ел”, “іл” деген сөзбен берген. Демек, алдыңғы ағаларымыз бұл атауды “племенной союз”, “конфедерация” деп мемлекет емес өншейін бір тайпалар бірлестігі, жабайы тайпалардың қатардағы одағы ретінде түсініп, осылайша аударған. Көне түркілерде “мемлекет” деген болды-ау деген ойға бармаған. Ал осы атаумен қатар аталып, көбінде бірге жазылып келген “төр” деген атауды жоғарыдағы ағаларымыз (В.В.Радлов, В.Томсен, П.Мелиоранский, В.Рамстед) өзінің тура мағынасымен аударудан қашып, “установление”, “закон”, “порядок”, “суд” (қараңыз: КТ б. 1, 3, 31) деп аударса, кейде ол атауды аудармастан тастап кетіп отырған (БҚ. 36; БҚ. X в. 9, 10). Көне түркі мәтініндегі мағынасы тайға таңба басқандай айқайлап тұрған соң кейде амалсыздан мойындап “ел”, “іл” атауын “государство — мемлекет”, “төр — власть” деп аударуға тура келген. Осылайша 1200—1270 жылдар бойына өшпеген, өзгермеген мәтіндер өзін мойындамайтын зерттеушілерін де мойындатқан.

Күлтегін мәтінінде:


Үзе Көк теңрі,
Асыра иағыз иер қылынтұқда,
Екі ара кісі оғлы қылынмыс.
Кісі оғлынта үзе ечүм апам

Бұмын қаған, Істемі қаған.
 Олурмыш
 Олурпан түрк бодунын елін,
 Төрүсін
 Туға берміс, ісі берміс.

*Жоғарыда Көк Тәңірі,
 Төменде қара жер
 жаралғанда,
 Екеуінің арасында адам
 Баласы жаралған.
 Адам баласы үстіне
 басын қосты (жинақтады).
 Барлығы жеті жүз ер (сарбаз)
 болды.*

... Жеті жүз ер бас қосқанда
 елін аңсаған, қағанын аңсаған
 халыққа, құлданған, күнденген халыққа,
 Түрк төрінен (өкіметінен) айырылған халыққа,
 Ата-бабам төрін (өкіметін)
 құрып, орнықтырды.
 Төлес, Тардуш қанатқа (бөліп),
 иағу Шад (ат) берді
 Қағанатты Тардуш, Төлес қанатқа бөліп,
 басшыларына иабғу, шад лауазымы сайланғанын
 мәлімдеген...

Жоғарыдағы жүйені сұлбамен көрсетсек:



Сартқожарлы Қ. “Егемен Қазақстан”, 16 қазан, 2001.

V тарау. КӨШПЕЛІЛЕР ӨРКЕНИЕТИ

ШАРУАШЫЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

Кіші және Орта жүздердің Сарыарқаға келіп қысқы қонысқа орныға бастауы XVIII ғасырдың басындағы ауыр оқиғалармен тығыз байланысты. 1708, 1717-1718, 1723—1725 жылдары түйдектелген жоңғар соққысы қазақтардың есін жиғызбай, амалсыз қоныс аударуға мәжбүр етті. Қазақтың ірі ру бірлестіктері ыдырап, әркім өз басының қарекетімен кетті. Қоныс аудару, негізінен, екі бағытта болған сияқты: бірі Ходжент, Самарқанд, одан әрі Бұқара. Бұл жылдар қазақ шаруашылығы әбден күйзеліп, мал мен басқа зор шығын әкелді. Қалмақ шабуылы табиғат қуаңшылығымен астасып кедейленуге, қайыршылыққа ұрындырды. Апат тек қазақпен ғана шектелген жоқ, көрші елдерге де ауысты. Деректерде: “Самарқандта ұлы аштық басталып, қала тұрғындарының бәрі тамақ іздеп шұбырып кетті. Жеті жыл бойы қала қаңырап бос тұрды. Қалада тірі мысық пен ит қалған жоқ” немесе “Хиуада барлық қоныс, егіндік жер босап қалды. Көне Үргеніште бар-жоғы 40 үй қалды” деп Мауереннахр өлкесінің берекелі қалаларын да жоқшылық басып кеткенін ашына жазады.

Қалаларда басталған апатқа көшпелілердің қоныс аударуының тікелей қатысы бар екенін төмендегі үзіндіден де көреміз: “Бұқарада аштық басталды, ел қолындағы азықты, малды жеп тауысты. Атақты Бұқара елтірісінің көзі жойылды. Көшпелілерден запы болған қала басшылары, ел иелері оларға қымбат сыйлықтар беріп, қайткен күнде де басқа қоныс іздеуді өтінді”.

Қоныс аударудың екінші бағыты солтүстік өлке еді. Қазақ түсінігінде терістік жақтың бәрін — Арқа деп атайды. Терістікке қарай жылжу башқұрт, құба қалмақ, телеуіт, орыс казактары сияқты жауынгер ұлыстармен қанды

қақтығыстарға алып келді. Өздері жұтап келген ел жаңа көршілерімен оңай тіл табыса қойған жоқ. Тарихи деректер XVIII ғасырдың басында терістік өлкесінде қоныстану мәселесі көп қиындықтармен жүргенін көрсетеді. Арқа жерін жаз айларында емін-еркін жайлағанымен, көрші башқұрт, қалмақ сияқты елдермен арада белгілі бір шекараның болмауы да орнығудың ауырлауына себеп болды. Оның үстіне 1717 жылы Әбілқайыр ханға бағынышты қазақтардың Қазан губерниясына дейін шабуыл жасап, Новоишимск деген қаланы тонап алуы, көп тұтқынды айдап әкелуі, 1720 жылы көрші түркі-моңғол ұлыстарымен болған соғыстар солтүстік аймақты игеруге қолайлы болған жоқ. XVIII ғасырдың басында қазақ пен қалмақ арасындағы бірнеше қантөгіс соғыстардың негізгі себебі — Түркістан бойындағы қоныстар үшін болған талас екені анық. Жоңғарияның батыс алқапқа Жетісу мен Жиделі-байсын қалаларына бағытталған жорықтарын тоқтатуға немесе біржолата сағын сындыруға, сөйтіп Түркістан өлкесінен қуып шығуға қазақтың не ынтымағы, не күші жетпеді. Бірнеше ғасыр бойы күресіп, Жоңғарияны жеңе алмасын сезінгеннен кейін ғана қазақ рулары амалсыз қысқы қонысты солтүстіктен сайлай бастады.

Қонысты жаңадан сайлаудың ауырлығы көп болғаны сөзсіз. Тевкелев 1748 жылғы жазғы кездесу кезінде шақшақ балуан Бөгенбайға “1730 жылдары жан-жақтағы жаулардың шабуылынан ұлы жүз Ташкент немесе Ходжентке, Орта жүз Самарқандқа аумап па еді. Кіші жүз бөрінен де өрі — Хиуа мен Бұқараға тығылып еді ғой. Қазыбек би төрт мың үйлі арғын-қаракесекті бастап Арқаға келгенде көбі жаяу емес пе еді? Ақ шағала киіз үй деген жоқ, қара құрым киіз үйдің өзі жақсыларға қат еді ғой. Көпшілігінде бар болғаны бір ат, 5—10 қой, сиыр малы атымен жоқ болатын” деп қатты айтып, табалауы негізінен шын, болған оқиғалармен астасады. Ал қазақ деректеріне қарасақ, ауыр шақта Сарыарқаны тандау, ең алдымен, шаруашылық мүддесінен туған деуге келеді. Қазыбектің қызы әкесін жоқтағанда осыған ерекше тоқталады: Сырдың бойын жаратпай, Қазақтың ұлын көндіріп, мал өсірер орын деп — Қоныс әпердің Арқадан.

Тек 1740 жылдары ғана ел солтүстік алқапта орныға бастады. Кіші жүздің жазғы жайлауы Жайық пен Елек

өзендерінің бойын қамтып, Теке, Үйшік, Орынборға дейін барды, қысқы қоныс Сырдың төменгі ағысы мен Әмудің Аралға құятын тұсына дейін. Қоныстың бір шеті Хиуа жері, Маңғышлақ тұтас, Жем бойы, Борсық құмы ноғайлының жайлы өлкелерін қамтыды. Тек XVIII ғасырдың ортасына қарай Кіші жүздің көп елі, соның ішінде Жетіру мен Байұлының рулары аздап Жайық бойындағы көлдерге, Қалдығайты, Бұлдырты сияқты өзендерге қыстай бастады. Соның өзінде әртүрлі жаугершілік оқиғалар, барымта рулардың қысқы қонысын орнықтыра қойған жоқ. Орта жүз баласы XVIII ғасырдың 40-жылдары жаз жайлап Орға дейінгі жайылымдарға келді. 1742 жылы Орынбор губернаторы И.Неплюевке жазған хатында Әбілқайыр хан: “мен Кіші жүзбен Сырдың бойындамын, ал Орта жүз рулары Сізге жақын” деуінде осындай гөп бар. Орта жүздің қысқы қонысы — Бұрғыз, Торғай өзендері, Сарысу мен Үш Кеңгір бойы, Шуға дейінгі жерлер. Бірсыпыра рулар қысқы қонысқа Сырдың орта ағысына Түркістан өңіріне қайтып жүргені де осы уақыт. 1740 жылы қоныстың тарлығы, екінші жағынан қара қалмақтан төнген қауіп Орта жүз руларының батысқа қарай жылжып — соның ішінде сарыжетім-шақпақтардың Жайыққа дейін жақындауына, қалған рулардың Қобда мен Орға төнуіне себеп болды.

1750 жылғы этносаияси жағдайдың өзгеруі Орта жүз руларының шығыс алқапқа жылжуына, жоңғар руларынан қалған қонысты игеруіне мүмкіндік жасады. Орта жүздің арғын, найман, керей, уақ елдері Ертістің бойында қыстап, тіпті одан да асып Құлынды даласына өтуі, белсенді жылжыған топтардың Алтай мен Тарбағатайды өрлеп кетуі, негізінен, 1740 жылдардан бері болған оқиғалар. Ал Ұлы жүзге келер болсақ, олардың ата қоныстары Ташкенттен шығысқа қарайғы жерлер, Қоқанмен шекаралас алқаптар, Алатау аңғарлары қолдарынан шыққан жоқ, XVIII ғасырдың 50-жылдарынан бастап Жоңғариядағы аласапыранға байланысты Ұлы жүз Жетісу өлкесін қайтарып алды.

XVIII ғасырдағы қазақ елінің шаруашылық кеңістігін дәл меңзеп берудің көптеген қиыншылықтары бар. Ел жаугершіліктен қолы тимеген шақта жер бөліс мәселесі билер деңгейіне өте сирек көтерілсе керек. Ш.Уәлиханов нағашысы Мұса мырзамен бірге Батыс-Сібір басшыларына жазған хатында “Ертеде қазақтың барлық тіршілігінің, күн-

көрісінің қайнар көзі мал болған. Мал шаруашылығы талаптарына байланысты біз өмірімізді реттедік. Біздің ата-бабаларымыздың жазға лайықтаған белгілі бір жаз жайлаулары, не қысқа тұрақты мекендері болған жоқ. Ешқандай қашықтықты алыссынбай, бір жерде жұт болатын болса, өкелеріміз оны тастап басқа бір жайлы қоныстарға көшіп кете беретін. Кіші жүздің қазағы жазды Орынбор түбі мен Мұғалжар тауларында жайлап жүрсе, қысты Сыр бойында, Қарақұм мен Борсық құмда өткізетін. Орта жүз қазақтары бір жаздың ішінде Семейден Троицкіге барып және кейін оралып үлгеретін. Тіршіліктің осындай жобасымен өмір кешкен уақытта жұт жылдарының дәл қазіргідей қатерлі болмауы да түсінікті” дейді. Ш.Уәлиханов ертеде деп, әрине, ең алдымен, XVIII ғасырдағы қазақ шаруашылығының рөлін айтып отырғаны күмәнсіз.

Артықбаев Ж. Қазақ этнографиясы: Этнос және қоғам. XVIII ғасыр. Қарағанды, 1995. 21—23-бб.

БАҚСЫЛАР (ДІН)

Қазақтар алдын ала болжаушы, сәуегейді бақсы дейді. Бақсылар алдын ала болжап, айтатын болжамын өздерінің рухы атынан айтады. Бақсылар өздеріне хабар беріп тұратын, болжайтын рухтарын кейіннен келген мұсылман дініне ыңғайластырып, періште деп те атайды... . Халық періштенің әулиелігіне сенбесе де және оны жын деп атаса да, олардың кереметтігіне сенеді. Періштелердің кереметтігінен адам әртүрлі ауру, бақытсыздыққа душар болады деген түсінік бар. Ал бақсылар болса сол жындардың сүйіктісі, сондықтан да бақсы өзінің жындарына жамандықты жасатпайтын нұсқаулар беріп тұрады. Десе де, әлі күнге дейін бақсының құдіреттілігіне сенетіндер көп. Шақыратын жындарына қарай бақсылар да үлкен, орташа, ұсақ болып жіктеледі, сондықтан олардың жасайтын кереметтіктері де әрқилы. Ұлы бақсылар барлық аурулардан да жаза алады, қарынды тіліп операция жасайды, әйелдердің аман-есен босануына болысып, албастыларды рухымен сескендіреді, қуалайды, керемет ойындармен өзінің рухын шақырып, бал ашады. Үлкен бақсылардың белгілері мынадай істермен көрінеді: ойын кезінде қылышты қарнына салып қояды, қылыштың сабына дейін жұтады, қып-қызыл қыздырылған темірді жалайды, балтамен кеудесін шапқылайды. Осының

бәрі ертедегі Қорқыт әулиеден мұра болып қалған сарын мен қобыз күйінің сүйемелдеуінде өтеді. Бақсылар осы ойынын — құдіретті істерін орындау үшін көмекке жын рухтарын шақырады. Өрбір жынның аты болады. Ойын үстінде, яғни зікір салғанда, бақсы уақыт өткен сайын алабұртып, әбден шегіне жеткенде әл-дәрмені бітіп құлайды. Біраз уақыттан соң орнынан тұрып, жындарының не айтқанын сөйлеп береді...

Бақсылардың бұл ісі, әрекеттері — нағыз өнер. Кейбір бақсылардың ойын үстінде маңдайында, бетінде темір инелер пайда болып, ал тырнақтары пышаққа айналады. Бақсының жын рухтарының аттары болады, жекелеген индивидум ретінде қажетті кезде өз бақсыларының алдында: әйел, шал, қожа және қыз бейнелерінде келіп тізіліп тұрады — олар сарықыз деп аталады.

Барлық бақсылар да қамшыны екі саусағының арасында, тепе-теңдікте ұстап, ойын көрсете жүріп сөйлейді — бал ашады. Бақсылардың бәрі де балгерлер.

Рухы бар, арқалы әйелдерді Елті деп атайды, олар да бақсы.

Уәлиханов Ш. Бес томдық таңдамалы шығармалары.

1-том. А., Жазушы, 1985. 157-158-бб.

КӨШПЕЛІ ҚАЗАҚТАРДЫҢ ӘСКЕРИ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

Әскери өнерге мынадай нәрселерді жатқызамыз:

- 1) әскердің құрылымы және әскер түрлері;
- 2) әскерді басқару және әскери лауазым жүйесі;
- 3) әскерді қару-жарақпен, азық-түлікпен қамтамасыз ету әдістері;
- 4) әскери дайындық өткізу, әскери байқау әдістері;
- 5) майданда әскери шеп құру, айқасты жүргізу тәсілдері;
- 6) соғысты жүргізу тактикасы;
- 7) қорғаныс жүргізу тәсілдері;
- 8) әскерді марапаттау, атақ беру жүйесі;
- 9) батырлардың жекпе-жегін (жауынгерлердің жеке айқасын) өткізу әдістері;
- 10) қарулардың жеке түрлерін қолдану тәсілдері;
- 11) әскерді қаржыландыру, т. б.

Көшпелі халықтардың әскери жүйесі туралы сөз болғанда көбіне олардың оң қанат, сол қанат, орта (қол) болып шеп құруы айтылады және әскердің он санының негізінде

құрылғаны ғана сөз болады. Тереңдеп зерттесек, бұл түсініктердің жеңіл, таяз көзқарас екенін байқауға болады. Көшпелі халықтардың әскери жүйесі бұдан әлдеқайда кең де күрделі құбылыс...

... Түрік қағанатында да халық оң қанат, сол қанатқа бөлініп, “телес” және “тардуш” деп аталатын (Гумилев, 60-б.). Моңғолдар да Шыңғысхан кезінде жоңғар және баруңғар (сол қанат және оң қанат деген сөз) болып бөлінді (Рашид ад-Дин. 1952, 266-б.). XVII—XVIII ғасырларда қазақ жеріне шабуыл жасаған моңғол рулары (қалмақ, ойрат, дербеттер) осы сол қанатқа, жоңғарға жататын рулар (жоңғарлар) болатын. Қадырғали Жалайыри еңбегінде де, Ресей ішіндегі Қасым хандығында да рулар осылай оң қанат, сол қанат болып екі топқа бөлінгені айтылады (Сыздықова, 1989, 239-б.). Егер халықтың, мемлекеттің осы екі бөлігінің біреуі жеке мемлекет болып кетсе, ол да өз ішінде осылай екі қанатқа бөлінген. Мысалы, Батыс Түрік қағанатында да оның халқы (он оқ будун) бес оқ нушиби (сол қанат) және бес оқ дулу (оң қанат) болып екі топқа бөлінді. Сол сияқты, Шыңғысхан империясына кірген Жошы ұлысы, кейін Алтын Ордада халықтың оң қанат, сол қанатқа бөлінуі сақталып отырды. Халықтың оң қанаты мен сол қанатының басшылары хан тағының оң және сол жағында отырған. Көріп отырмыз, халықтың ханға сәйкес оң және солға бөлінуі, мифтік ұғым бойынша әлемнің әлемдік оське сәйкес оңға, солға бөлінуіне негізделген. Әр қанатқа кіретін рулардың әрқайсысы мың, не түмен (он мың) әскер шығаруға міндетті болды да, олар шығарған әскерлер де оң қанат әскері және сол қанат әскері болып аталды. Осы екі қанат әскерінен таңдалынып алынған атақты батырлардан хан жасағы (жеке гвардиясы) құрылатын.

Ахметжанов Қ.С. Жараған темір кигендер. А., 1996. 179-б.

СЫҒАНАҚ

Қашқарлық Махмұт XI ғасырда оғыздардың Сырдарияны “угуз” өзені деп атағанын мәлімдеген, ал гүздер қалаларына ол Сауран, Сығанақ, Сүткент, Қарашық және Қарнақ қалаларын жатқызған. Оның картасында “гүздер қалалары” алқабы Қарашық қаласынан оңтүстікке қарай, Сырдария өңірінің орта белінде көрсетілген.

Сығанақ қаласы туралы алғашқы рет X ғасырдың жазба деректерінде айтылған, ал XI ғасырда оны Махмұт Қашғари оғыз қалаларының ішінде атап өткен.

XII ғасырда Сығанақ қыпшақ мемлекеттік бірлестігінің астанасы болады.

XIII ғасырда тарихшы Джувайниде сығанақтықтардың моңғолдарға көрсеткен қарсылығы нәтижесінде қаланың 1220 жылы талқандалуы жөнінде суреттеген. Ол Жошы әскерлерінің Сырдария бойымен төмен жылжи отырып, бір қаладан кейін бір қаланы алып отырғанын жазады. Жошыға жергілікті екі саудагер Хасан-қожа мен Әли-қожа еріп жүрген. Хасан-қожа қала тұрғындарын берілуге көндіру үшін Сығанаққа жіберілген, бірақ олар сатқынды өлтіріп, жауға қарсылық жасайды. Жеті күн бойғы шабуылдан кейін ғана Сығанақ қаласы басып алынып, тұрғындары түгелдей қырылған.

Талқандалғанына қарамастан, Сығанақ қайта салынып, ол туралы XIII ғасырдың орта шенінде Гетумның суреттемесінде “Сығанақ” ретінде атап көрсетілген.

Біртіндеп қала қайтадан Сырдария өңіріндегі ірі саяси және экономикалық орталыққа айнала бастайды. XIV ғасырда Сығанақ Ақ Орданың астанасы болады; онда әсіресе Ерзен хан мен Орыс хан тұсында мешіттер, хан сарайы, басқа қоғамдық ғимараттар салынды. XV ғасырдың 20-жылдары біраз уақыт қала Ұлықбектің әкімдігінде болған, ал 1446 жылы қаланы Әбілхайыр хан билеп алған. 80-жылдары қаланы Мұхаммед Шайбани, ал одан соң қазақ ханы — Бұрындық иемденген. Содан кейін ол қолдан қолға ауысқан: XVI ғасырдың 50—60-жылдарында оған өзбек хандары ие болған, олардың артынан сол ғасырдың соңында қала қазақ хандықтарының қол астына өтеді.

XVI ғасырдың бас кезінде, Рузбиханның айтуынша, қаланың біршама әлсірегені, тұрғындар санының азайғаны байқалған, ал ежелдегі Сығанақ “жайқалып тұрған, үй-жайлар және өңделген бау-бақшалармен қоршалған, азық-түлікке бай және қазақ халқы үшін маңызды сауда орны болған. Түркістан аймақтары мен Мауереннахрдан, Шығыстан бастап Қашқар, Хотан шекараларынан келген саудагерлер Сығанаққа сол жерлердің тауарларын алып келіп, Дешті елдерімен сауда жасаған”. Сығанақ өзінің архитектуралық ескерткіштерімен, әсіресе Көк-Кесенемен белгілі болған. Зерттеушілердің пікірі бойынша, бұл кесене — Әбілхайырдың қабірі, ал оның немересі Шайбани хан XVI ғасырдың басында Тимуридтер патшалығын құлатқан.

Ортағасырлық Сығанаққа сөзсіз сәйкес келетін Сунақ-ата қаласының қалдығы Төменарық теміржол стансысынан солтүстік-батысқа қарай 20 шақырым жерде, қазіргі Түркістан—Қызылорда автомобиль жолынан 1,5 шақырым оңға қарай орналасқан. Жобасында көне қала бесбұрыш формалы болып келген. Оның топографиясында ішкі қамал мен шахристан оңтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан. Шахристанның өлшемдері: солтүстік жағы — 250 м, батысы — 360 м, оңтүстігі — 250 м және оңтүстік шығысы — 450 м, солтүстік шығысы — 350 м, қаланың жалпы ауданы 20 га шамасында. Ішкі қамалдың ауданы 7,2 га. Бұл — қаланың жақсы бекітілген бөлігі. Мысалы, қамал қабырғасы болған дуалдың биіктігі 6-7 м-ге дейін жетеді. Бес бұрышында үш-үштен сыртына шығыңқы тұрған дөңгелек мұнаралары болған. Қала аумағына кіретін жер екеу болған, батыс және солтүстік қабырғаларының ортасында 20 м алға қарай шығып тұрған қабырға кесінділерімен бекітілген ішкі қамал қақпасы шығыс жағындағы қабырғасының солтүстік-шығыс бұрышына жақын жерінде орналастырылған.

Сығанақтың айналасы Сырдариядан Төменарық және Бұзғыл-Ұзақ арқылы тартылған арналармен және Қаратаудан ағатын Мыңбұлақ, Шолақ, Арсланды, Қызылтал, Келте-Шалғыз тау өзендерінен тартылған арықтармен суарылатын айдалған жерлер. Сол арналар мен арықтар көне қала маңайында әлі күнге дейін сақталған.

Қала басқа да көптеген Сырдария қалалары сияқты, XIX ғасырдың орта шенінде иесіз қалған, бірақ осы күнге дейін бұл және Сырдарияның басқа қалалары туралы, Ұлы Жібек жолы бойындағы ірі сауда орталығы жөнінде халық аңыздары мен ертегілері сақталған.

Байпақов К., Нұржанов А. Ұлы Жібек жолы және ортағасырлық Қазақстан. А., Қазақстан, 1992. 90, 95—97-бб.

ЖЕТІСУДАҒЫ ҚАЛАЛАР

Ұлы Жібек жолының Жетісу өңірінде орналасқан ең белгілі қалалары Жаңа қала (Новокент), Қызылөзен қаласы. Қытай кірешілері Синчэн (Жаңа қала) шаһары туралы VII ғасырдың басында-ақ дерек қалдырған.

Ертедегі Қызылөзен қаласының орнына жүргізілген зерттеулерді қорытындылай келе, олардың қала дамуының

негізгі белестерін, аумағының өсу жайын болжамдауға мүмкіндік туғызатынын, ұзын қабырғалар мен олардың ішіндегі құрылыстардың мәнін түсіндіріп беретінін атап айтуға болады. Храмдар мен зираттарды аршу жұмысы қала тұрғындарының идеологиялық түсінігі туралы мәлімет береді, жаңадан табылған материалдар — орта ғасырлардың бас шенінде өмір сүрген қала тұрғындары, зороастризм, христиан, манихей, будда және мұсылман діндерін қатар ұстанған Жетісудың осынау қаласының қилы-қилы этникалық бейнесін жасап береді.

Жетісудағы Жаңақала туралы әңгімені қорытындылай келе, сол жерден табылған тағы бір олжаны сипаттай кету керек сияқты. Ол Жібек жолындағы қалалардың мәдени байланыстарына тағы да ой жүгіртуге мүмкіндік береді.

Бұл арада әңгіме қыш бұйымдарды әшекейлеуге арналған саз қалып туралы болмақ. Ол қала орнындағы қамалдың маңынан табылған. Нобайы — ұзындығы 7 сантиметр, төрт бұрышты қыш кесек, ұштарында әлдебір бейнелер бедерленген дөңгелек және шаршы пішінді қалақшалары бар. Дөңгелек қалақшада айналасында он бір нүктесі бар күн сәулелері, ал екіншісінде оңға қарай кетіп бара жатқан нар бейнеленген.

Бейнелер зерлеу тәсілімен берілген, соған орай олардан алынған бастырма шығыңқы бедерлі болып шыққан. Осы сияқты түйе бейнелі таңбалардың көбінесе VI—VIII ғасырларда көп болғанын есепке алсақ, аталған қалыпты орта ғасырдың бас шеніне жатқызуға болады.

Түйе бейнесі Қазақстан мен Орталық Азия тұрғындарының идеологиясында үлкен рөл атқарған. Ол күдіретті билеушіге “жеңіс пен найзағай Құдайы Веретрагнаға теңелген”.¹

Түйе бейнесі мифологиялық және әсемдік тұрғысынан белгілі бір дәрежеде тарихи, мағыналық және көркемдік даму жолынан өткен. Бұл арада біз үшін, негізінен, Жетісудың көршілес мәдени-тарихи аудандарымен этносаяси байланыстарын түсінуге, ең алдымен, Жетісу мен Соғды арасындағы дәстүрлі қарым-қатынасты айқындай түсуге жол ашатын өулеттік сипаттың мәні зор. Осынау жануардың Жетісудағы ең көне бейнесі қала дәуірінен қалған тастағы таңбаларда кездескен.

¹Брагинский И. С. Из историй таджикской народной поэзии.

Конус пішінді тұғыры бар, ортасында бастарын түйістіріп тұрған түйелер бейнеленген дөңгелек табақша түріндегі сақтардың жұпар тостағаны Жетісудан¹ бастау алады.

Алматы маңындағы Қарғалыдан табылған біздің заманымыздың I—II ғасырларына жататын қабірден шөгіп жатқан түйелер бейнеленіп, ақық таспен зерлендірілген екі алтын сақина шыққан.

Ақбешімдегі будда ғибадатханасын аршу негізінде VIII ғасырда жасалған, бетінде бастарына төж, үстеріне салтанат киімін киген еркек пен әйел бейнеленген өрнекті алтындатқан 7 қапсырма табылған. Еркек пен әйелдің көкке қарай көтерілген алақандарында шөккен түйенің мүсіні бар². Қараханидтердің бірлесе билеуші хандары Бограхан деп аталған. Богра — қос өркешті түйе деген сөз.

Түйені пір тұтудың сарқыншақтары Жетісуда ұзақ сақталды, қазақтар түйені ең бағалы құрбандық деп есептеген.

Қырғыздардың батырлық эпосы “Манаста” түйе кейіпкердің ең сенімді көмекшілері мен қорғаушыларының бірі ретінде көрінеді. Дұшпандарына Манастың астында аузын арандай ашқан арыстан, сырт жағында айдаһар тұрғандай, ал төбесінен тырнақтары найзадай құс ұшып, жанында қара басты ақ бура шауып келе жатқандай көрінген. Манас өлгеннен кейін оның желаяқ желмаясы 12 жыл бойы тізерлеп, иесінің басына тағзым етіп тұрған.

Орталық Азияда түйеге табыну мен оның бейнелерінің кең тарауы сақ-юечж³ тайпаларының көшіп-қонып жүруімен байланысты.

Көпке белгілі Бұқара билеушілері теңгелерінің бір жақ бетінде жүріп келе жатқан түйе, екінші бетінде ат тұғыры бейнеленген. Бұл теңгелер V—VI ғасырлар шамасында жасалған⁴.

Жетісу өңіріндегі аттары кеңінен мәлім ортағасырлық екі қала өрі Жібек жолындағы аса ірі орталық болып саналатын Суяб пен Баласағұн қашаннан-ақ зерттеушілердің назарын аударып келеді. Суяб — Батыс Түрік және

¹Кызласов Л. Р. Археологические исследования на городище Ак-Бешим в 1953-1954 гг. Труды КАЭЭ, Т. 5. М., 1958. С. 207—209.

²Аргынбаев Х. А. Народные обычаи и поверья казахов, связанные со скотоводством. “Хозяйственно-культурные традиции народов Средней Азии и Казахстана”. М., 1975. С. 123, 175.

³Вайнберг Б. И. Удельный чекан раннесредневекового Кердера. Антропология и культура Кердера. Ташкент, 1975. С. 105, 115.

⁴Шишкин В. А. Варахша. Ташкент, 1963. С. 67, 203.

Түркеш қағанаттарының астанасы, ал Баласағұн — қарахандтар мен қара қытайлардың саяси орталығы болды. Суяб жайында ең көне, сонау VII ғасырдың бірінші жартысы мен VIII ғасырдан қалған деректер Қытай мемлекеттерінде сақталған. Будда тәуіпшісі Сюань Цзянь 629 жылы Үндістанға бара жатқан сапарында Жетісуды басып өтеді. Суе өзенінің маңында ол бір қалаға кез болады. “Оның аумағы 6-7 ли. Онда түрлі елдерден келген көпестер мен соғдылар тұрады екен. Топырағы қызыл тары мен жүзім өсіруге қолайлы. Суеден тура батысқа қарай бір-бірінен бөлек ондаған жеке қалалар орналасыпты”. Бұдан әрі Сюань Цзянь Жетісу қалаларының тұрғындарын, олардың дәстүрлерін, киімдерін, әдет-ғұрыптарын сипаттап, сөзінің соңында бұл қалаларда диқандар мен саудагерлердің тұратынын жазған. Сюань Цзяннің жүріп өткен жолы Суябтың батысындағы қалалардың атын атап, олардың арақашықтықтарын көрсетіп берген. “Тан әулетінің тарихы” атты еңбекте келтірілетін сапар бағытымен сәйкес келеді.

Деректерге (көне Тан тарихы) сүйенсек, 677 жылы қытайлар батыс түркілерге қарсы жорық ұйымдастырып, Дучжи қағанды тұтқындап, Суе (Суяб) шаһарына жөнелтеді.

Байпақов К., Нұржанов А. Ұлы Жібек жолы және ортағасырлық Қазақстан. А., Қазақстан, 1992. 153—157-бб.

ҚАҒАНАТ ІШІНДЕ

Өкімет пен халық. Қытай мәліметтеріне қарағанда, елге ханды жариялаудың күрделі рәсімі болған: бекзаттар оны ақ киізге отырғызып, күн жолының ыңғайымен қаумалаған қалың жұрттың құттықтаған айқай-қиқуы үстінде шеңберді тоғыз рет айналып шығады.

Мемлекеттің ханнан кейінгі бірінші адамы жағбы болған. Түптеп келгенде, жағбы — ханның бас уәзірі, бұл қызметке көбінесе хандық құрып тұрған әулеттің мүшесі сайланатын болған. Мәселен, Елхан Бумынның кезінде жағбы шенін оның туған інісі Істеми алған. Бірақ жағбы тақтың мұрагері деп есептелмеген. Мұрагер, атқаратын қызметіне қарамастан, “тегін” деп аталған. Қарауында билейтін еншілі жерсуы бар тектес ханзада “шад” деп аталған. Мысалы, кейін хан болған Сымо, өгей деп күдіктенгеннен соң Шад бола алмай қалған.

Мән-маңызы төменірек шендерді Ашин тұқымына жатпайтын кісілер алған, бірақ барша қызмет мұра етіп қал-

дырылып отырған. Міне, осы негізге жүгінсек, түркіт қоғамы ақсүйектер қоғамы болған деп жорамал жасаған жөн.

Түркіт қоғамында еріктілер мен тектілерге қоса, әскери тұтқындардан тұратын құлдар мен күндер де болған. Олар, негізінен, әйелдер болса керек. Істеми хан 569 жылы Земархқа қырғыз халқынан бір күнді тарту етеді. Жорық сәтті болған кездері Қытайдан күндерді сан мыңдап айдап қайтатын болған: мәселен, Чулохан 619 жылы Бин-Чжоуды басып алғанда, “қаладағы күллі әйелдер мен қыздарды жаппай айдап кеткен”, ал Атрпатақан қаласының (628 ж.) адамдарын шетінен ұстап өкеткендері Таяу Шығыс есінде сақталып қалған. Тіпті тұтқындарды бөлісу кезінде таласып қалғаны үшін Уйғу-шад тақтан айырылған. Демек, түркіттер құлшылықтың не екенін білген. Бірақ бұл арада: көшпелі шаруашылықта құлдар қалай, қай түрде пайдаланылған? — деген сұрақ туады. Құл, егер ол мүгедек болмаса, кез келген уақытта қожасының атын мініп қашып кете алды, сөйтіп ол қып-қызыл зиян болып шығады. Тегі, құл мен күннің жағдайы онша жаман болмаса керек, шынында да мұны анықтай түсетін сөз де бар. 486 жылы Шаболио ханға Суй үйінің вассалы болуды мойындаңыз деген ұсыныс жасалады. Шаболио: “Вассал” деген не сөз?” — деп сұрайды. Оған: “Суй патшалығында “вассал” біздегі “құл” деген сөзбен бірдей”, — деп түсіндіреді. Хан сонда: “Мен Көк перзентінің құлы болғанымна қуаныштымын”, — деп жауап береді де, елшіге сыйлық ұсынып, өз қуанышын білдіреді. Осы үзінді бізді: “біреудің құлы болуда тұрған қандай қуаныш” деген ойға қалдырады.

“Бүгіннен бастап Қытай императорының құлысың” дегенді естігенде, әсілі, Шаболио хан көкейінде өзге бірдеңе тұрған тәрізді. Құл сөзі айдай анық кіріптарлықты білдірсе де, біз соны дәлме-дәл аударып жүрміз бе? Қытайлардың “құл” сөзінің баламасы деп “*nu*” емес, “*tch' in*” деп есептегені тегін емес, Н.Я. Бичурин оны “вассал” деп, ал Ст. Жюльен — “*sujet*” — бодан деп аударған. Сәтіне орай, Орхон жазуларының кейбір мәтіндері “құл” сөзінің маңызын дәлелдеп, мәселені анықтауға мүмкіндік береді. Күлтегіннің “Үлкен жазуында” былай делінеді: “табғач будунқа бағлик уры оглын күл болту, силик қыз оглын кюнг болту...”, яғни “табғаш халқына бек ұлдары құл болды, пәк қыздары күң болды”. Бірақ сол кездері түріктер Гоби шөлінің түскей бетіндегі иен далада өз тұрмыс-тірлігімен жүріп-тұрып жатқан Тан империясының қытай тұрғындары пайдаланатын

көп жеңілдіктерін олар да пайдаланатын, жортуыл-жорықтарға қатысып, қызмет мансабы өсіп жоғарылап, өз үйлеріне қоржындарын толтырып, олжа алып қайтатын. Олар жат жұрттың алдиярына бағынатын айғағы ғана болмаса, ешбір әлеуметтік қанауға ұшырамаған секілді.

Енді басқа бір мәтінді алайық:

“(Елтеріс қаған)... елсіреген, қағансыраған халықты, күн болған халықты, түркі иелігінен айырылған халықты атабаба мекеніне қайтарып, елде қатаң тәртіпті қайта орнатты”. *Мұнда тағы да жеке бастық еркіндіктен айырылғаны емес, тек жат жерлікке бағынғаны ғана ашып айтылады.*

* * *

Ашин өулетінің қағанатындағы әлеуметтік құрылымның айрықша бір белгісі әскери және тайпалық құрылысты ұштастырып-ұластыру әрекеті болған. Орталық Азияда осындай жұптастықты іс жүзіне бірінші болып асырған халық — түріктер.

Даму сатылары. Түрік қағанатына кіретін көшпелі тайпалардың қоғамдық дамуының сатылары туралы мәселе — аса қиын, күрделі мәселе, егер біз, бірінші жағынан, түркіттермен және екінші жағынан, олар бағындырған қисапсыз көп тайпалар арасын анықтап бөліп алмасақ, оны тіпті долбарлап та шешу мүмкін емес. Бұған қоса ескеретін бір жайт, өзінің 110 жылдық дербес тіршілігінде қағанат едәуір дәрежеде қалыпты жағдайда дамиды, сол себепті де VII ғасырда түркіт қоғамы ішіндегі қарым-қатынас VI ғасырдағы қарым-қатынастан әлдеқайда басқаша болатын.

А.Н.Бернштам, көне түркіттердің қоғамдық құрылысы “қарапайым феодалдық қарым-қатынастың ерте құрылған түрі болып табылады” деген қорытындыға келеді. Оның бұл шешімі іс жүзіндегі мәліметтерге де, сондай-ақ тағылық-әскери демократияның дамуын өртүрлі фазаға бөлген, XIX ғасырдағы неміс, ағылшын және американдық (Л.Г.Морган) ғалымдарының жасаған барлық теориялық антропологиясына да қайшы келеді.

Тағылықтың жоғарғы сатысы темір кенін балқытудан басталады да, әріптік жазуды ойлап тауып, оны сөз шығармашылығын жазуға қолдану нәтижесінде нағыз өркениетке айналады. Оған қаһармандық дәуірдегі гректер, Римнің негізін салардан сәл бұрынғы итальян тайпалары, Тациттің германдықтары мен викингтер заманындағы нормандар

жатады. Жоғарыда баяндалған жайттың барлығы түркіттерді осы сатыға жатқызуға негіз болады.

Тағылықтың жоғарғы сатысын сипаттай келіп, Энгельс оның мынадай белгілерін атап көрсетеді: “Барша мәдениетті халықтар өзінің қаһармандық дәуірін — болат семсер дәуірін бастан кешіреді”. Мұны темірді балқытып, өңдеген түркіттерге де қолдануға болады. “Байлық тез көбейеді, бірақ жеке адамдардың байлығы ретінде көбейеді”. Міне, бұл құбылысты біз жаздық. “Құлдық енді қоғамдық жүйенің құрамды бөлігі болып табылады”. Құлдықты түркіттер осынау даму кезеңінде өз басынан өткерді. Міне, тап осындай соғыстар мен жортуылдар себептері, өз қолдарында әскери және азаттық қызметтерді біріктіріп ұстайтын шенеуніктердің орасан зор жүйесі — жағбылар, шадтар, түтүктер және басқалары тек соғыс үшін ғана жасалғандығы, олардың қызметтерді мұра етіп қалдыру секілді айрықша ерекшеліктері болғандығы хабарланды. Еуропаның ерте кезеңдегі материалдары мен деректерінде тонаушылық соғыстары жоғарғы әскербасының, сол сияқты оған бағынатын әскербасылардың өкіметін күшейте түседі... патша өкіметін мирасқа айналдыру, асылтектілер мирасқорлығының негізі қаланады.

Апшин өулетінің мемлекеті, міне, қандай болған. Ол рулық құрылысты жалмап, жұтып қойған әскери демократия сатысында тұрады және оның найзасының ұшы өзінің қанау объектісі болып табылатын көршілеріне қарсы кезеулі тұратын. Тонаушылар мен тоналушылардың арақатынасында бітіспес қайшылықтар жататын; Апшин мемлекетінің сырттай Спартакқа ұқсайтын да кезі бар-ды, бірақ бұл одан әлденеше есе қуатты да үлкен еді.

Гумилев Л.Н. Көне түріктер. А., Білім, 1994. 51—53, 61—63-66.

ҮЙСІНДЕР ТУРАЛЫ ҚЫТАЙ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІНЕН ҮЗІНДІЛЕР

Үйсіндердің үлкен гуньмосы Чигу қаласында тұрады, Чан-Аньнан 8900 ли жерде, үй саны 120 000, жан саны 630 000, әскері 188 800... Шығысында протектордың тұрған жеріне дейін — 1721, батысында кангюйлердің қонысы Фаннаға дейін 5000 ли. Жері жазық, шөбі мол; ауа райы жаңбырлы өрі салқын. Тауларда қылқан жапырақты орман және мань ағашы өседі. Егіншілікпен шұғылданбайды, су мен шөп жайына қарай малымен көшіп жүреді; әдетте, хундармен

араласып тұрады. Бұл иелікте жылқы көп; байларда олар 4-5 мыңға дейін жетеді. Халқы қатал, жалпы алғанда, жаугершілікке бейім. Бұл иелік ең күшті иелік деп саналады.

Бұрын ол жауларға тәуелді болған, кейіннен күшейіп, олардың өз елшілігіне бағынғысы келмеген. Шығысында — хундармен, солтүстік батысында — Кангюймен, батысында — Даваниямен, оңтүстігінде әртүрлі тұрақты иеліктермен шектеседі...

...Үйсін гуньмосы (қытайлардан) қауіптен бастап, атпен (Қытайға) елші жібереді, бұл орайда Қытай ханшасына үйлену арқылы туыстасуға тілек білдіреді. Аспан ұлы өз шенділерінен кеңес сұрады, сөйтіп, олардың пікірімен келісіп, ең алдымен, “Қытайға тарту-таралғысымен елшілер жіберсін, ал содан кейін ханшаны жіберемін”, — деді. Үйсін гуньмосы мың жылқы жіберді. Юань-Фын басқаруына (б.з.д. 107 жылда) қытай сарайы оның әйелдігіне ханша ретінде князьдың қызын жөнелтті, оған күйме, киім-кешек ханшалық заттар, қасына төрелер мен бірнеше әтектер қосып берді; аттандырғанда өте көп сыйлық берді. Үйсін гуньмосы оны екінші әйел етті. Хун ханы да гуньмоға өз қызын берді, оны гуньмо бірінші әйелі етті. Оның иелігіне келген соң ханша өзіне арнап сарай салғызды. Ол гуньмомен үш айда бір рет кездесіп, оған арнап той жасап отырды; бұл орайда оның жақындары мен шонжарларға заттар сыйлап отырды. Гуньмо көрі болатын және қытай тілін білмейтін. Зеріккенде ханша мынадай өлең шығарды:

Мені ұзатты ата-анам,
Жат жұрттық санап балаға,
Патшасына үйсіннің —
Қиыр шет, бөтен далаға.
Тұратын үйі — лашық,
Қалқалап киіз кереді,
Жейді үнемі ет асып,
Сүт қана етер қорегі.
Сағындым ғой, туған жер,

Қайтарса саған кетер ем,
Құс болып ұшып жетер ем.

(Аударып жариялаған Н.Я.Бичурин).

Прошлое Казахстана в источниках и материалах
(Под ред. С.Д. Асфендиярова, П.А. Кунте. Алма-Ата;
М.: Казкрайиздат, 1935. Сборник 1. — С. 11—14.

ҚАЗАҚТАРДЫҢ ҚОҒАМДЫҚ ҚҰРЫЛЫСЫ ТУРАЛЫ

Билік ететін ұсақ әміршілері көп қалмақтармен салыстырғанда, сансыз көп қырғыз халқы шексіз еркін өмір сүреді. Өрбір қырғыз еркін мырза сияқты өмір сүреді, сондықтан да қырғыздар басқа жаулар сияқты қорқынышты емес. Алайда әрбір ұрпақтың немесе аймақтың өз басшысы болады, оған бір буыннан тарағандардың бәрі өз еркімен құлақ асады. Өз қарауындағы бағыныштыларының саны көп адамдар хан және сұлтан деп аталады. Сондай-ақ оларға қарасты басқа да шенді адамдар, атап айтқанда, би деп аталатын дворяндар; әулетке сыйлы қарт адамдар, қожалар және тағы да мырза дейтіндер бар. Ресей империясы белгілеген және одан айлық алып тұратын шекаралық Кіші қырғыз ордасы ханының өзінің ерікті адамдарына жүргізетін билігі көп емес және ол өзіне бағынатындардың өз байлығымен және сыйлығымен қаншасын қарата алса, оған соншасы бағынады. Оның оларды соттауға да құқы жоқ; бірақ әр жылы старшындар мен әрбір әулет немесе ұрпақ басшыларының үш жиналысы болады, болған даулар сонда шешіледі.

Паллас П. С. Полное собрание ученых путешествий по России. СПб. Изд. при Имп. АН. 1975 — Т. 1. С. 578-579.

Олардың атақты және бай адамдары қарапайым адамдар сияқты тұрады; сондықтан да олардың қосындарын әйелдерге, балаларға және құл-күндерге арналған киіз үйлер санының көп болуына, ал олардың өздерін, атқа мініп келе жатқанда, еріп келе жатқан адамдардың көп болуына қарай білуге болады. Халыққа олар туысынша қарайды: дегенмен де ерікті адамдар болғандықтан және кез келген адам тез байыса, нақ сондай атақты адамға айналатындықтан, қарапайым адамдар атақтыларға онша көп жалбақтай бермейді: олардың киіз үйлерінде шақырмаса да қатар отырып алады, тамақты бірге жейді, ойына келгенін айтады және олардың бұйрықтарынан өздеріне пайдалы көрінгендерін ғана орындайды. Олар ханға, рас, қатты бағына қоймаса да, алайда қасиетті адам сияқты ерекше құрмет көрсетеді. Кіші орданың Ресей бекіткен бұрынғы ханы Нұралы ақылды, әділетті болған, оның өзінде 1000 жылқыдан, 400 ірі қарадан, 200 түйеден тұратын табыны, 4000-дай қойы және бірнеше жүз ешкісі болды, сондықтан ол байлығы жағынан қарағанда орташа адам деп саналды; оның үстіне табын-

дарын көбейтуге және сол арқылы атақ әперуі тиіс болған бекзадалардың көп болуы себепті, өз отбасы, құл-құтандары көп болуы және басқа адамдардың жиі келуі жағдайында қой көп шығын етілгендіктен, ешқандай табысы болмаған ол өзіне көп байлық жинай алмай-ақ қойды; алайда басқаларының бәрінен жақсы ордада тұрды, мұнда оған Ресейден алып тұратын тартулары көмектесті. Оның қонысында киіз үйлер көп болды, олардың көпшілігі әдемі безендірілген еді. Оның өзі мен отбасы қымбат маталар мен барқыттан киім киді. Оның жанындағы старшындар кейде көп, кейде аз және сол сияқты болып отырды. Халық ханның өзін тақсыр хан, тақсыр патшам, оның зайыптарын жай ғана ханым, бекзадаларды тақсыр сұлтан, ал қыздарын ханымқай, яғни хан қызы деп атайды...

Георги И. И. Полное собрание путешествий ученых по России. СПб. Изд. при Имп. АН. 1975 — Т. 2. С. 135—137.

VI тарау. ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДА МЕМЛЕКЕТТІЛІКТІҢ ПАЙДА БОЛУЫ, ҚАЛЫПТАСУЫ, ДАМУЫ

МЕМЛЕКЕТТІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Әлеуметтік жіктелу әлеуметтік қайшылықтарды туғызды. Тайпа ақсүйектерінің байлықтары мен артықшылықтары кедейлер мен құлдардан қорғап, күзетуді қажет етті. Алғашқы халық өкіметі түріндегі дәстүрлі рулық-тайпалық органдар бұл үшін жарамсыз болды. Олар өкімет билігін ұйымдастырудың жаңа формаларына орын беруге тиіс еді.

Мұндай ұйымдардың алғашқы бастамалары құпия одақтар болды. Көптеген тайпаларда құпия одақтар негізінен алғанда бай адамдардың одақтарына айналды, өйткені бұларға ену ірі заттай немесе ақшалай жарналарды, тойдуман жасауды және т.б. талап етті. Бірқатар жағдайларда, мәселен, Батыс Африка елдерінде құпия одақтар ру-тайпаларды түгелдей дерлік билеп-төстеді және қоғамдық тәртіпті сақтау, сот істерін жүргізу, соғыс пен бейбітшілік мәселелерін шешу функцияларын иемденіп, қуатты руаралық және тайпааралық ұйымдарға айналды.

Рулық-тайпалық жоғары топқа көсемнің ең жақын туған-туыстары мен аға жасақшыларға бірте-бірте орын беруге тура келді, бірақ өзінің меншігін мықтап қорғауға ынталы бола отырып, ол жаңа үрдістерге батыл қарсылық көрсетпеді. Сонымен әскери демократия органдары рулық-тайпалық ұйымдардан барған сайын қол үзе берді, өз халқына қарсы бағытталған үстемдік ету мен езгі органдарына айналды.

Әскери демократияның ашық таптық демократияға айналуымен мемлекеттік немесе саяси құрылыстың қалыптасуы аяқталды. Мұның аса маңызды сипаты тікелей халық-

пен үйлеспейтін, одан бөлінген, ерекше, күштеу аппараты бар қоғамдық өкіметтің пайда болуы еді. Әдетте, бұл әскери демократияның түбірінен трансформацияланған органдары болатын. Ірі тайпа одақтарының әскери көсемі әміршіге — князьге, патшаға, ханға және т.б. айналды. Оның төңірегіндегілер ақылшылар, қостаушылар болып алды. Жасақ әскерге айналды, мұның көмегімен мемлекет өзінің негізгі функцияларын: қаналушы бұқараның қарсылығын басып, соғыс жүргізуді жүзеге асырды. Мемлекеттік өкімет билігінің ерекше органы өзінің сөзсіз тармағы — түрмелер мен сот орны болды; сот ісін билеп-төстеушінің өзі де, сондай-ақ оның көмекшілері мен мұрагерлері де жүргізе алды.

Мемлекеттік құрылыстың екінші бір аса маңызды сипаты халықтың рулық-тайпалық емес, аумақтық қағида бойынша бөлінуі еді. Өлі де болса, кейде олардың аттарын сақтағанымен, бұрынғы рулық-тайпалық өлшемдермен сай келмейтін округтер, болыстар және т.б. өмірге келді.

Перициц А.И., т.б. Алғашқы қоғам тарихы.

А., Ғылым, 1974. 177-178-бб.

ҒҰН МЕМЛЕКЕТІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

Ғұн мемлекетінің басында шаньюй тұрған, оның аудармасы “ұлылар ұлығы” (II, 46-б). Оның бодандарына қарсы қойылған хан еместігі атынан-ақ көрініп тұр, ол басқа да тең құқылы жиырма төрт рубасы арасындағы біріншісі. Шаньюйдің билігі — өкіметі мол болған, бірақ шексіз емес. Оның билігін ру ақсүйектері — рубасылары шектеп отырған, олардың әрқайсысының қол астында жалпы саны 2 мыңнан 10 мыңға дейін қарулы салт атты сарбаздары болған (әрине, шартты түрде). Өуелде шаньюй сайланатын сияқты көрінеді (бәлкім, қытайлар сол себепті де Модеге дейінгі мұрагерлік жоралғысын анықтау ісінде қиналған шығар).

Кейінірек, жүре келе, сайлау іздері таққа отырғызу рәсімдерінде де (“қойған”), сол сияқты, сирек те болса (102 ж. “оның ұлы тым жас болғандықтан да ғұндар оның кіші ағасын шаньюй етіп қойды...” (II, 71-б.), сайлану фактілерінде сақталып отырған; мұндай жайттар жаңа шаньюйді сайлау үшін 85 және 60-жылдары князьдер жиналысы шақырылған кезде де қайталанған (II, 84-б.). Бірақ сайлау институтының шартты ғана мәні бар еді. Тақ-

ты мұра етіп қалдыру тым кейінірек әдетке айналды. Шаньюй тақты баласына жиі-жиі тапсырып отырса да, өкіметті берудің басты түрі — өсиет қалдыру болған. Менінше, біз бұл арада бұрынғы әдет-ғұрыптың бірте-бірте өзгеріп кеткенін байқаймыз, мұның мәнісі — сайлаулар емін-еркін өтпей, біртіндеп марқұм болған шаньюйдің талабын жай ғана мақұлдай салу рәсіміне айналды деген сөз еді. Өскери және дипломатиялық қызметтеріне қоса, діни-ғибадат міндеттері де шаньюйдің мойнында болатын: жылма-жыл құрбандық шалынатын ғимарат шаньюй қосыны қасында болды және оның өз басы күн сайын екі мәрте күн мен айға ресми түрде табынатын.

Мөденің дәуірінде ғұндардың текті үш руы болған: Қоян, Лан мен Сюйбу (II, 49-б.). Қоянның түрік сөзі екені бесенеден белгілі; Сюйбу да — “өлке” деген түрік сөзі; Лань — қытай сөзі, “орхидеяны” білдіреді. Ежелгі заманда ол қытайлардың ұлттық гүлі болған (76, 29—4-бб.). Осынау үш рудың үйлесуінен ғұндардың шыққан тегінің ізін айырып білуге болады: Шун Вэйден — Ланьдар шыққан, ал Қоян мен Сюйбу баяғы заман хуларының ұрпақтары. Қытайлар қоян руының бастаушысын князь (гун) демей, ван деп атаған, бұл осы рудың мөлшерін шаньюйдің туысқандарынан жоғары қойғандық. Шаньюйлер шыққан ру Си Лююань-ди деп аталған (94, S 57; 112, S 53). Жоғарыда көрсетілген әулеттер өкіметті бөліп билеген, өйткені шаньюй әйелдерді аталған рулардан алған, ал мемлекеттегі жоғары шендер мұра етіліп қалдырылған, яғни тек атақты кісілер меншігінде болған, мәселен, мемлекеттік сот тек Сюйбу руынан ғана тағайындалған.

Гумилев Л. Хұндар. А., Білім, 1998. 83-б.

АШИН РУЫНЫҢ ҰЛЫ МЕМЛЕКЕТІН ҚҰРУ (545—581 жж.)

Түріктерге 545 жылы келген елші қуанышпен қарсы алынады. Ондағылар “Бүгін бізге ұлы мемлекеттен елші келді, ұзамай біздің мемлекетіміз де өрге өрлейді” деп бірін-бірі құттықтай бастады. Осынау елеусіз фактінің өзінен жужандар өктемдігі түріктерге ауыр тигені бостандық жолындағы қашса құтылмайтын соғыстан олардың тайсалмайтыны айқын көрінеді.

Халқының көңіл күйіне бейімделген Бумын өз алдияры — жужан ханына адал еместігін танытып, Батыс Вэй астанасы

Чаньанға жауап ретінде көп тарту-таралғымен елшілер аттандырады. Сөйтіп, өз мырзасының жауымен одақ құрады. Алайда бұдан жужандармен арақатынасы үзілмейді. Тегі, келіссөз аса құпия жағдайда жүргізілгенге ұқсайды. Осынау елшілер түрік мемлекетінің Батыс Вэй және оның мұрагері Бэй-Чжоу империясының одақтасы ретінде, 550 жылдан бастап Бэй-Ци әулеті бекіп алған Солтүстік Шығыс Қытайға қарсы бағытталған Шығыстың саясатын алдағы ширек ғасыр бойына белгілеп береді. Алайда әлемдік саясатқа араласқан Бумын, өзі кіріптар болып отырған жужандарға қарсы күресуге әлі де әлсіз екенін анық түсінген. Бумын сол себепті де әрі одақтас, әрі бағынышты рөлін адал орындауға бел байлады.

Батыс теле рулары жужан құлдығынан зар илейді. Ақырында, олардың төзімі таусылады: олар көтеріліске шығып, жужандардың жүрегіне соққы беру үшін Батыс Жонғариядан Холхаға аттанады. Жорықтың өте нашар ұйымдастырылып, уақыт есебінің нашар жүргізілгені сондай, оны жоспарлы ұйымдастырылған соғыстан гөрі, халықтың ашу-ызасының еркінен тыс бұрқ етіп көрінуі деп болжаған дұрыс тәрізді. Тарих тіпті көтеріліс көсемдерінің аттарын да сақтамаған. Телелер жарты жолға жеткен кезде, Гоби Алтайының шатқалдарынан үстеріне көк сауыт киіп, қарағай найзаларын ұстаған жарау атты түркі сарбаздары сап түзеп, қатар-қатарымен шыға береді. Телелер соққы бір бүйірден беріледі деп ойламаған және өздерінен өмірде жамандық көрмеген түріктермен емес, жексұрын жужандармен соғысқысы келген. Сол себепті де олар дереу Бумынға мойынсұнатынын білдіреді, ал анау бұларды қабылдап, осы арқылы жужандарға қарсы екінші рет сатқындық әрекет жасауға тырысқан.

Ұлан далада мойынсыну екі жаққа да міндет жүктейтін ұғым. Егер қарауыңда елу мың киіз боданым болсын десең — онда олардың тұрғындарының тілегін орындауың керек. Өйтпесе бодандарыңнан да, өз басыңнан да айырыласың. Телелер тек бір-ақ нәрсеге — жужандардың көзін құртуға ынтызар болатын. Ал Бумын оларды ордасына қабылдаған кезде мұны жақсы білген. Мұндай тілек өз руластарының көкейінде де бар, ендеше соғыс болмай қоймайды. Өз бодандарының тілегін хан да қолдайды. Сол себепті оқиға да жедел қарқынмен дамыды.

Жужандардың талқандалуы. Жужандармен арада жанжал тудыру үшін және сонымен бірге бұл тартыстың айып-

кері болып көрінбеу үшін Бумын арандату әрекетіне барады. Ол жужан ханы Анахуанның қызына үйленбекші болып ханға сөз салады. Дала дәстүрі бойынша бұл онда ханмен иық тірестіріп шыға келер еді, ал хан абыройын төккісі келмесе, бұған келіспеуге тиіс. Қаһарына мінген хан оған дөрекі жауап қайтарады: “Әй, сен менің телмірген теміршімсің (түріктер жужандарға темір балқытып беретін), маған мұндай көргенсіздік жасауға дәтің қалай барады!”. Хан бетін қайтарған соң Бумын жәбірленуші болып шыға келеді, оған керегі де сол. Ымыраға келу жолын кесіп тастау үшін ол жужан елшісін жазалауға өмір етеді. Енді осы арада оған Батыс Вэй үйімен жасаған одағы бірден кәдеге асты. Ол дереу Вэнь-димен қайтадан келіссөз жүргізіп, 551 жылдың жазында қытай ханының қызы Чанлені әйелдікке алады, бұл оның көшпелілер арасындағы абырой-беделін арттыра түседі. Тосыннан шабуыл жасаудың артықшылығын пайдалануға тырысқан Бумын 552 жылдың қысында жорыққа шығады да, жужандарды толығынан жеңіп шығады. Анахуань өзін-өзі өлтіреді, ал оның ұлы Яньлочен одақтасы циліктерге қашып кетеді.

Бумын елхан лауазымын алады, бірақ 552 жылдың соңында қайтыс болады. Таққа оның баласы Қара Ыссық хан деген лауазыммен отырады.

Жужандарды жеңгеннен кейін, түріктер өздерінің көшпелі көршілеріне қарсы әрекеттер жасауға кіріседі. Сонымен, 554 жылы жеке бектерден империя құрылған жыл болды. Теріскейде Цигу мемлекеті жаулап алынды.

Гумилев Л. Көне түріктер. А., Білім, 1994. 26-27, 29-66.

ТҮРІКТЕР ӨЗ ҮЙНДЕ

Түріктердің жалпы тарих сахнасына ала шыққан мамандығы темір өндіру ісі болатын. Олардың аңызға айналған арғы атасы Ашина теріскейге қашып келіп, “жужандарға темір өндіреді”, 546 жылы жужан қағаны Анахуань түріктер көсемін: “Менің темір қорығатын тұтқыным” деп, түріктердің басты кәсібін айрықша атайды.

Археологиялық барлау ісі түрік металлургиясының VI—IX ғасырлардағы жәдігерлерін тапқан. Алтайдан сол кезеңдерге жататын тайыз апандар, үңгірлер сияқты темір өндіру ісінің іздері кездескен. Темір балқытып алу әдісі — сазды үрлеу. Темір қышқылы көміртегі қышқылымен химиялық

жол арқылы қосылғанда, ол кәдімгідей күйтіне келіп, кеуекті құйма металл болып шығады. Кеуек темірдің сапасы қазірдің өзінде домналық темірден артық саналады.

Жоғары сапалы темірге алтайлық ұсталар бір жүзді пышпақ, балта-шоттар, үзеңгілер мен ауыздықтар, семсерлер мен наркескендер, найза мен жебе ұштарын, сол сияқты қазанның екі түрін — аспалы және тағанды қазандар жасайтын болған. Металдарды өндіріп, өңдеу ісі сол заманда қазіргі Тува жерінде жүргізілген. Сонда тек темір ғана емес, алтын мен күміс те, қалайы мен мыс та өндірілген.

Қырғыз қағанатының кіндігін құрған Хакасияда темір көптеген жерде өндірілгенге ұқсайды. Қарағай ормандары атаулының бөрінен ертедегі темір балқытатын пештер орны кездеседі. Алтай тауындағы сияқты бұл арада да еңбек құралдары мен қару-жарақтары — семсерлер мен қанжарлар, сол сияқты ат ер-тұрмандарының бөлшектері жасалған.

Түріктер тұстас-тұрғылас болған Аңғар өңірі құрықандарының мәдениеті де көз тартады. Әуелгі кезде 1912—1914 жылдары археологиялық қазбалар нәтижесінде олар “құрымша ұсталары” деген атақ алады, ал А.П.Окладников олардың құрықандар екенін анық дәлелдеді. Құрықандардың құйма темірі құрамының 99,45 пайызы таза металл, сол себепті де ол өте берік, өңдеуге, шындауға қолайлы болған. Олар бұдан пышпақ, найза мен жебе ұштарын жасаған, тесілген қазан түбін жамаған. Сонымен бірге құрықандар мал шаруашылығымен айналысқан. Тіпті жасанды суару қондырғыларын пайдаланып, егін еккен.

Бір өкінішті жері, орта ғасырдағы көшпелілердің кен өндіру ісі жүйелі түрде зерттелмеген. Бірақ біздің қолымызда бар жазба деректерде: түріктер әлемдік тарих сахнасына, Орталық Азияда бірінші болып темірді өнеркәсіптік жолмен өндіру ісін игерген халық ретінде шығады. Темір көшпелілерге бұрыннан да белгілі болған. Бірақ оны халықтың жапшай қолдануына жеткізген тек түріктер ғана болды. Земарх өзіне темір сатқысы келген түріктерді алғаш көргенде оған қайран қалып, “бұлар мені әдейі шатастыру үшін жасап тұр екен” деп күмәнданады.

Металлургияны дамыту түрік хандарының қалың әскерін қайта қаруландырып, сауытты салт аттылардан таңдау-

лы да пәрменді бөлімдер — қытай бастау-дерегінде айтылатын фулилерді (яғни бөрілерді — өздерінің шыққан тегі бөрі болған соң осылай атаған) құрған. Оларда да ер қаруы — мүйіз садақтар, көк сауыттар, найзалар, қылыштар мен шоқпарлар түгел бар еді.

Эрмитажда түрік сайыпқырандарын бейнелейтін тас мүсіндер сақталған. Осынау мүсіндердің кейінгі уақытқа (VII ғасырдың соңы мен VIII ғасырдың басы) жататыны жылдары көрсетіліп белгіленгенімен, оларда бейнеленген қару-жарақ VI ғасырдың аяқ кезінен кейін онша өзгермеген шығар деп ойлауға болады. Өйткені бұл уақыт ішінде мәдени дәстүр қайта алмасқан жоқ. Бұл мүсіндер Тұрпанға жақын жердегі қытай бекзатының мазарынан (Тұйық Мазар, Тұйық патқалындағы қорым) табылған. Мұндай олжаны тағы да Тұрпанның маңындағы Астана қыстағынан А.Стейн табады. Жаяу әскер мен атты әскерлерде көлікпен жүруге бейімделген киім киеді. Бұдан түріктерде жаяу әскердің жауынгердің айрықша түрі ретінде болмағаны байқалады. Әскери киім-кешек — баскиім мен сауыттан тұрады, ал біріншісі металл қаңылтырмен көмкеріліп, қоңыр-қызыл жиегі сеңсең сияқты жиектелген қазіргі қазақ құлақшынына ұқсайды. Сарбаздар биік, жағасы иекке дейін жететін шекпен киген. Шекпеннің етегі тізені жауып тұрады және оң жағынан түймеленеді. Оның өңірі сыртына шыққан. Шекпеннің үстіне металл пластиналардан құралып, қоңыр-қызыл түспен жиектелген сауыт киген. Сауыт тізеге дейін жететін шолақ, белі жіңішке белбеумен буылады.

Гумилев Л. Көне түріктер. А., Білім, 1994. 64-65-бб.

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ

Қазақ хандығының тарих сахнасына мағлұм бола бастау кезеңін анықтаудың ғылыми да, саяси да мәні зор. Әсіресе, дербестікке қол жеткізіп отырған бүгінгі таңда оның маңыз, мәртебесі тіпті арта түспек. Осы тұрғыдан қарағанда, бұл мәселенің қай дәрежеде түсіндіріліп келгенін анықтап алу қажет. Бұл мәселенің тарих ғылымында әртүрлі себептерге байланысты қанағаттанарлық дәрежеде зерттелмей келгені мәлім. Бұған, ең алдымен, қуаттап, қуәландырушы жазба деректердің тапшылығы, үзік-үзік жеткен хабарламалар-

дың жартымсыздығы себеп болса керек. Осыған орай айтқанда: “XV ғасырдың 40-жылдарында Жәнібек пен Керей деген екі сұлтанның Арал даласынан Шу өзенінің бойына көшіп келуі қазақ хандығын құрғызған тарихи оқиға болды” деген уәж үстем болып келді (Қазақ КСР тарихы, А., 1957, 143-бет). Қазақ энциклопедиясы: “Шу мен Талас өзендерінің алқаптары Дешті Қыпшақтан қашып шыққан ру-тайпалардың мекеніне айналды... XV ғасырдың соңы — XVI ғасырдың бас кезінде Жетісуда Қазақ хандығы құрылды” (6-т., 261-бет) деп тұжырымдады. М.Х.Дулати бойынша: “...Дешті Қыпшақта Әбілқайыр хан билік жүргізді. Ол Жошы өулетінен шыққан сұлтандарды қудалап, тыныштық бермеді. Жәнібек және Керей хандар қашып Моғолстанға келді. Есен-Бұға хан оларды жақсы қабылдап, Шу мен Қозыбасы деген жерлерді берді. Бұл кезде олар мұнда тыныштық өмірді өткізіп жатқанда Әбілхайыр хан өліп, Өзбек ұлысында тартыс-талас туды. Ұлыс бодандарының көбі Керей, Жәнібек ханға келіп қосылып, бұлардың халқы 200 мың адамға жетті... Қазақ сұлтандары 870 (1465-1466) жылдары билік құра бастады” (Тарих-и Рашиди, 2-дәфтар). “Керей және Жәнібектер... біраз уақыт жеке тұрмыс кешті. Содан оларды қазақтар деп атады...” (Көрсетілген кітап). Бұрынғы құдіретті Алтын Орда XV ғасырдың орта шенінде Қазан (1439), Қырым (1449), Сібір, Әбілхайыр (Өзбек), Қазақ (Моғолстан шекарасында), Ноғай, Астрахан сияқты 7 иелікке бөлініп кетті (М.Тынышпаев. “Материалы к истории киргиз-казахского народа”, Ташкент, 1925. С. 42). “1419 жылы Едіге би өлген соң Алтын Орданы Ұлық Мұхаммед биледі. Алтын Орданың Шығыс қанатын билеп тұрған Барақ хан (Орыс ханның немересі, Керей, Жәнібектің әкесі) оған қарсы күресті. Бірақ 1428 жылы Кіші Мұхаммедпен болған шайқаста қаза тапты. Кіші Мұхаммедтен 1432 жылы ойсырай жеңілген Ұлық Мұхаммед терістікке кетіп, 7 жылдан кейін Қазан хандығын құрды. Осы кезде Шайбани өулетінен шыққан Әбілхайыр Өзбек ордасында өзін 1428 жылы Хан деп жариялап, күшейе бастайды. 1456 жылы Әбілхайырмен жанжалдасқан Барақ ханның ұлдары Керей мен Жәнібектер Моғолстанға көшіп кетті. Қазақ аңыз бойынша, бұл жанжалға арғын Дайырқожа бидің қыпшақ

Қобыланды батыр қолынан қаза табуы, Әбілхайырдың Қобыландыдан құн өндіріп бере алмауы себеп болған (М.Тынышпаев. Көрсетілген кітап, 42-43-беттер). Бұл тарихи оқиғаны башқұрт халқының көрнекті тарихшысы Ахмед Зәки Уәлиди былай түсіндіреді: “Барақ хан өлтірілген соң (1428), Көкорда мен Ақордада Шайбани әулеті Махмұд-қожа хан мен Әбілхайыр күшейеді де, Барақ ұрпағын қуғындай бастады. Әбілхайыр олардың елдерін өзіне қаратты. Әбілхайырдың күшеюі Есен-Бұға ханға ұнамады. Сондықтан Есен-Бұға Барақтың балаларына өз иелігінен жер берді. Жәнібек пен Керей... Әбілхайырға разы болмаған халықты алып, Есен-Бұға жаққа көшіп кетті. Сол заманда қазақ деп аталатын Ақ Орда халқын жиып... қуатты “Қазақ хандығын құрды. Керей хан, Жәнібек сұлтан мәртебесінде тұрды” (Түрік-татар тарихы. Қазан. 1915. 112-бет).

Қазақ хандығының құрылуы тарихи әдебиеттерде осы көлемде ғана баяндалады. Бұдан мынадай сауалдар туындайды. Қазақ хандығының шаңырақ көтеруі 1465-1466 жылдар мөлшері деп алсақ, бұл тарихи шындықты көрсете ала ма? Екінші, Керей мен Жәнібектің елі неліктен “Қазақ хандығы” деген атты қабылдады, неге басқаша айтылмады? Үшінші, Шу-Талас бойына қазақ атанған ел қашып-пысып келді ме, жоқ басқадай себептері бар ма еді?

Мұнда көңіл бөлегін бір нәрсе, хандықтың құрылуы туралы дерек тек болжам, ешкімді қанағаттандыра алмайды. Өйткені дәл осы жылы хандық құрылмаған, Керейдің Қозыбасы тауында билік құрған уақытының алғашқы жылдары ғана айтылып отыр. Бұл жыл-дерегін мөлшермен болса да ұсынып отырған М.Дулати. Автор бұл оқиғаның басы-қасында болмаған. Өзіне дейінгі кейбір жазба деректерге, не ауызша аңыздарға негізделген. Анығырақ айтқанда, Дулати (1499—1551) бұл туралы оқиға болып өткеннен бір ғасыр кейін жазған. Сондықтан хандықтың құрылған кезін нақтылай түсеміз десек, Барақ ханның 1428 жылы қаза табуын ойдан шығармау керек. Екінші бір жыл-дерек — Ұлық Мұхаммедтің 1419—1437 жылдары Алтын Орда тағында отыруы және 1445 жылы қайтыс болуы. Үшінші жыл-дерек — 1456-1457 жылдары Керей ханның билікке таласқан жанжал уақыты. Осы бір жыл-деректерді

ескергенде, Барақ хан өлген соң Ақ Орда тағы иесіз қалды деген ешбір дерек сақталмаған, бұдан шығатын қорытынды, әкесі өлген соң үлкен ұлы Керейдің таққа отыруы шүбәсіз құбылыс. Оның хандығы Ақ Орда деп аталды ма, жоқ Қазақ Ордасы деп аталды ма, бұл арасы беймәлім. Бірақ Алтын Орданың ыдырау кезінде оның халқы ноғай және қазақ этностарынан тұрғанын орыс дерекшілері де, қазақ аңыз-жырлары да қуаттайтынын еске алсақ, онда Қазақ хандығы деп аталуы әбден мүмкін. Айталық, “... Қырымның, Қазанның... татарлары өздерін XV—XVI ғасырларда қазақпыз деп атайтын” (Вельяминов-Зернов. “Исследования о Касимовских царях и царевичах”, 1864, Ч. 1, С. 74) десе, бұл дәуірді қазақтар ноғайлы-қазақ заманы ретінде еске алады. Бұдан Ақорда, Алтын Орда халқының көпшілігі қазақ атанған ел екеніне көз жетеді. Мұны қазақ аңызындағы ноғай-қазақтың айырылысу жыры да құптайды. Бұл жырда:

Орманбет би өлгенде,
Он сан ноғай бөлгенде,
Саназар батыр жауынан
Жаралы болып келгенде, —

деп басталады. Сонда бізге Орманбет бидің немесе тарихи Ұлық Мұхаммед ханның өлген жылы — 1445 жыл — белгілі. Дәл осы мезгілден бастап қазақ атанған ру-ұлыстар Еуропа даласынан атамекеніне ат басын бұрғаны айқын көрінеді. Ноғайлар (татарлар) бірнеше ұсақ хандықтарға бөлініп сонда қалады да, қазақтар ежелгі мекені Қозыбасы — Шу-Талас өңіріне кеп бірақ тоқтайды. Бұл көштің басында, әрине, Ақ Орда тағының ханы Керейдің тұрғаны анық. Бұлар Қозыбасы тауына, бұрын атап келгеніндей, Қазақ хандығы атағымен жетті. Өзбек ордасы да, Моғолстан мемлекеті де оларды сол атымен қабылдады. Қазақ аты бұған дейін күллі әлемге белгілі есім болған, сондықтан да Керейге ерген ұлыстар өздерін қазақ атына қосуға ешбір қарсылық білдірмеген...

... Шу бойында ту тігудің тарихи және сол дәуір талабына сай шарттары болған. Оның ең маңыздысы — Шу-Талас

өңірі — заман-заманнан қазақ жұртының ата-бабалары өсіп-өнген ескі мекені. Тіпті, басқасын айтпағанда, ежелгі қаңлылардың Битянь (Бөйтік), Үйсіндердің Чигу (Шұға), Шу, т.б. астаналары, орта ғасырдағы Тараз, Баласағұн, Суяб, Шігілкент, т.б. қалалар осы өңірде болды. Бұған қоса, Моғолстан құрамында жүрген қазақ ұлыстары — дулат, қаңлы, керейіт, арғын (аргинуд) руларымен күш біріктіру мақсаты да кезекте тұрды. Осы арқылы қазақ хандығының дербестігін нығайту сынды ұлы мұратқа жету көзделді.

Алтын Орданың ыдырау дәуірін былай қойғанда, моңғол шапқыншылығына дейін-ақ, қазақ ұлысы болғаны жөнінде мағлұмат бар. Мұндай хабарды Шайбанидің сарай тарихшысы Рузбехан Исфаһани жеткізеді: “Өзбектерге үш түрлі халық жатады. Бұлар Шыңғысханның қол астында болған халықтардың ең тамаша жақсылары. Бүгінгі күні бұлардың бірі — Шайбаниге қарасты тайпалардың бәрі, барлығы... Екінші бір халық — қазақтар. Бұлар күші мен ержүректігі жағынан бүкіл жержүзіндегі даңқты халық. Үшінші бір халық — маңғыттар. Бұлар Астрахан патшаларына жатады. Барлық осы үш халықтың хандары өзара жауласуда” — деп жазады (“Мехман-намә Бұхара”). Келтірілген дерек Шыңғысханға дейін-ақ өзбек, қазақ, маңғыт (ноғай) ұлыстарының бар екенін дәлелдеп тұр. Мұндағы “Шайбаниге қарасты тайпалар” деп отырғаны Әбілхайыр ордасының халқы — Өзбек ұлысы, яғни өздерінше айтқанда 32 баулы өзбек елі. Маңғыттар деп отырғаны қазақтар ноғай атайтын, кейін Алтын Орда құрамында қазақ ұлыстарымен әскери одақта тұрған ноғайлар, орыс деректеріндегі татарлар.

Бұл дәуір қазақтар есінде бертінге дейін “Ноғайлы-қазақ ауыр жұрт” тарихи атауымен ұмытылмай келген. Бұл үш халықтың түптің түбінде туыс екенін шежіре деректері де жоққа шығармайды.

Бұған қарағанда қазақ ұлысы моңғолдар жаулап алғаннан бұрын-ақ бар ел. Бірақ сол кезде қазақ есімімен хандық болды ма, жоқ па, ол арасы әлі зерттей түсуді күтуде. Сондықтан қолда бар мағлұматтарға сүйене отырып, моңғол шапқыншылығынан кейінгі қазақ мемлекетінің шаңырақ көтеруін Ұлық Мұхаммед хан өліп, қазақ ұлысының жеке-леніп шыққан, содан былайғы жерде не Әбілхайыр ордасына,

не Моғолстан мемлекетіне бағынбай дербес өмір кешкен 1445 жылдан бастау керек-ау деген ой қорытуға болады.

Хасенов Ә. Қазақ халқының бес мың жылдық баяны.

А., Ана тілі, 1996. 171—175-бб.

ТӘУКЕ ХАННЫҢ ЗАҢДАРЫ

“ЖЕТІ ЖАРҒЫ”

1. Бірінші орында кек алу заңы. Қан үшін қан төгілуі керек, зақым келтірілсе, сондай зақым келтіріп өш алу керек.

2. Ұрлық, тонау, күш көрсету, әйелдерді зорлау өлім жазасына кесіледі.

3. Бұл шешім бойынша өлтірілген адамның туыстары қанішерді өлтіруге құқылы. Егер кімде-кім біреудің қолын, аяғын, құлағын не басқа мүшелерін кессе, өзіне де сондай жаза қолдану керек. Бірақ сот, шағымшылар үкімді жеңілдетуге құқылы. Ондай жағдайда таза төлеммен ауыстырылады. Өлтіруші өмірін “құнмен” сатып алады: өлген адам еркек болса — 1000 қой, әйел болса — 800 қой басы. Сол сияқты, зәбірде де өз құны болған. Айталық бас бармақ кесілсе айып — 100 қой, шынашақ — 20 қой, т.б.

4. Кімде-кім сұлтан немесе қажыны өлтірсе, ол 7 адамның құнын төлейді. Егер біреу сұлтанды немесе қажыны сөзбен мұқатса, ол 9 малдың құнын төлейді, егер ұрып-соқса — 27 мал басын беруге тиіс.<...>

18. Ұсталған ұры ұрлаған заттың құнын үш тоғыз, яғни 27 етіп қайырады. Оны “айбана” деп атайды. Егер мал ұрланған болса, қайтарылған түйеге бір адам құлдыққа қоса беріледі, жылқыға қоса бір түйе, қой болса, бір жылқы қосылады. 100 түйенің құны 300 жылқы немесе 1000 қой.

19. Кімде-кім ұрлық үстінде кісі өлтірсе, ол екі қылмысы үшін жауап береді. <...>

25. Ұрыс-тартысты шешіп, үкім шығарушы тек ханның өзі немесе болыс пен ауылнайлар, талапкер мен айыпкер тұратын ауылдың үлкендері. Сонымен бірге екі жақ өздері тағайындаған екі адам әділ үкім шығару үшін қатысады.

26. Егер айыпкер адам сотқа сенбесе, басқа қазы тағайындалады.

27. Егер жауапкер сотқа келмесе немесе үкіммен шығарылған ақшаны төлей алмаса, құн туыстарынан немесе ауылынан алынады. Бірақ олар шығынын әділ сот арқылы қылмыстыдан өндіріп алуына болады.

28. Қылмысты анықтау үшін екі, кейде үш куәгер керек болады. Егер куә етуші болмаса, істі ант арқылы шешеді. Бірақ талапкер де, айыпкер де өздері үшін ант беруге құқы жоқ. Олар үшін тек өте әділ және адал басқа адамдар ант беріп, істі растайды. Егер ешкім айыпталушы үшін ант бермесе, ол адам сотталады. Әйелдер, қызметшілер мен құлдар куәлікке тартылмайды.

30. Егер айыпты адам сот шешімін орындамаса немесе ауыл төрағасы істі қараудан бас тартса, сөйтіп қылмыстыларды қорғайтын болса, талапкер өз ауылы үлкендерінің рұқсатымен барымта жасауға, яғни туысқандарын, жақын көршілерін жиып, зөбір жасаған адамның еліне барып, малын айдап кетуіне болады. Ауылына келісімен өзінің өрекеті туралы бастығына мәлімдеуі керек. Бастық әкелінген малдың ұрланған мал басына сай пара-пар екендігін өз көзімен көреді.

Бұл заңдарға қосымша Тәуке ханның мынадай шешімдері бар:

31. Хан өзі және оның сұлтандары мен ақсақалдары, ру басшылары жыл сайын күзде далалық орталық ордада бас қосып, халықтық істерді талқылауы керек.

32. Жиналысқа келген әр халықтың қару-жарағы болуы керек. Қарусыз адамның дауыс беруге құқығы болмаған, оған жастардың орын бермеуге құқығы бар.

33. Қару тағуға жарайтын әр адам (сұлтандардан басқа) ханға, халық басқарушыларына жыл сайын мал-мүлкінің 20-дан бір бөлігін салық ретінде төлеп тұруы заңды болған.

34. Әр ұрпақ, ру, бөлімшелер өз таңбасын (елтаңбасын) иемденуі керек. Малды, мүлікті сол мөрмен таңбалап, кімдікі екені белгілі болып тұруы керек.

Левшин Л. И. Қырғыз-қазақ ордалары мен далалары.

(Академик М. Қ. Қозыбаевтың редакциясымен.)

Айқап. А., Жеті Жарғы, 1996. 360—370-бб.

КҮЛТЕГІН

(Үлкен жазу)

1. Жоғарыда Көк төңірі
Төменде қара жер жаралғанда
Екеуінің арасында адам баласы
Адам баласын басқаруға ата-бабам жаралды.
Бумын қаған, Істеми қаған
отырған.
Отырып, түркі халқы елін, заңын
Ұстай берген, иелік еткен.
2. Төрт бұрыштың бөрі жау еді.
Өскер жүргізіп
Төрт бұрыштағы халықты
Көп алған, бөріні бейбіт қылған.
Бастығын жүгіндір
Тізеліні бүктірген
Ілгері Қалдырқан қойнауына дейін
Кері — Темір қақпаға дейін қондырған.
3. Екі арадағы қарусыз көк
түркілерді
Осылай қоныстандырған екен.
Білгіш қаған еді, алып қаған еді,
Бұйрықтары да белгілі еді,
Өздері алып болған екен.
Бектері және халқы түзу еді.
Сол үшін елін сонша билеген екен.
Елді ұстап, заңды жасаған,
Өздері ажалдарынан қаза болған.
.....
5. Содан соң інісі қаған
болды.
Ұлы да қаған болды.
Сонан соң інісі ағасындай болмады.
Ұлы қандай (өкесіндей) болмады.
Біліксіз қаған отырған екен
Бұйрығы және біліксіз екен,
Бөрі де теріс болған екен.

6. Бектерінің халықтарының
түзу еместігі үшін
Табғаш халқының алдауына
иланғаны үшін,
Өтірігіне көнгендігі үшін
Інілі-ағалының дауласқанынан
Бекті-халықтың жауласқанынан
Түркі халқы елдігінен жойылды.
7. Қағандығынан айырылды
Табғаш халқына бек ұлдары
кұл болды.
Сұлу қыздары күң болды.
Түркі бектері түркі атын тастап,
Табғаш бектердің табғаш атын ұстап,
Табғаш қағанға бағынды.
Елу жыл жұмысын-күшін жұмсады.
.....
11. Былай депті:
“Түркі халқы жоқ болмасын”, —
дейін,
Халық болсын, — дейін
Қаным Елтеріс қағанды,
Шешем Елбілге қатынды
Тәңрі төбесіне ұстап,
жоғары көтерген екен.
Қаным қаған он жеті ер жиыпты,
Сыртта жортып жүр дегенді есітіп,
.....
12. Шетте жүр дегенді есітіп,
Қаладағы тауланды
Таудағылар төмендеді.
Жиналып жетпіс ер болды
Тәңірі күш бергені үшін
Қаным қаған әскері бөрідей еді
Жаулары қойдай еді.
15. Қырық жеті жолы соғысқан
Жиырма соғыс жасаған.

Төңірі жарылқағаны үшін,
Елдігін елсіретті
Қағандығын қағансыратты.
Жауын бейбіт етті.
Тізеліні бүктірді.
Бастыны жүгінтті.
Занды құрап

16. Ұша барды
Қаңым қағанқа бастап,
Баз қағанның бабалы қойылды.
Оның елінің үстіне
Етім қаған отырды
Етім қаған болып,
Түркі халқын және көркейтті,
көтерді.
Жарлыны бай қылды
Азды көп қылды.
17. Етім қаған отырғанда,
Өзім тардуш халқына шад болдым.
Етім қағанмен бірге Жасыл өзеніне
Шантуң жазығына дейін соғыстық
Кері—Темір қақпаға дейін соғыстық.
Көгменнен аса Қырқ аз жеріне
дейін соғыстық
.....
26. Ең болмаса, бай халыққа
отырмадым. Ішкі ассыз.
Сырты тонсыз
Әлсіз нашар халыққа отырдым.
Інім Күлтегінмен сөйлестім
Қанымыз, бабамыз құраған
халықтың
Ата даңқы жоқ болмасын, — деп.
27. Түркі халқы үшін
Түн ұйықтамадым
Күндіз отырмадым,
Інім Күлтегінмен бірге
Екі шадпен бірге

Өліп-тіріліп құрадым.
Сонша үлкейтіп
Бірлескен халықты от-су(сыз) қылмадым,
Мен өзім қаған болғанда.

29. Онда төңрі жарылқады
Бағым болғаны үшін,
Үлесім болғаны үшін,
Өлімші халықты тірілттім.
Жалаңаш халықты бай қылдым.
Аз халықты көп қылдым,
Тату елге жақсылық қылдым.
30. Төрт бұрыштағы халықты
Көп бейбіт еттім,
Жаусыз қылдым
Бөрі маған бағынды.
Ісін-күшін жұсап сонша,
жұртты жиып.
Інім Күлтегін өз ажалынан қайтыс болды
Қаңым қаған өлгенде,
Інім Күлтегін жеті жаста қалды.

.....

53. Он оқ оғлым, түргіс қағаннан
Мақраш таңбашы, Оғыз білге
таңбашы келді.
Қырқ аз қағаннан Тардуш Ынаншы Чор келді.
Жай орнатуға, өрнек салынған жазулы тасты
орнатуға
Табағач қағаны шебері Чаң Сенүң келді.
Күлтегін қой жылы(ның) он жетінші күні өлді.
Тоғызыншы айдың жиырма жетісінде жерледік.
Жайын, өрнегін, жазулы тасын мешін жылы
жетінші айдың жиырма жетісінде көптеп бітірдік.
Күлтегін өлгенде қырық жеті жаста еді.
Тас... Мұнша шеберлерді, елтеберлерді келтірді.

Айдаров Ф. Орхон ескерткіштерінің мәтіні.
А., Ғылым, 1990. 56—61, 64, 71-66.

БІЛГЕ ҚАҒАН (МОГИЛЯН) ЕСКЕРТКІШІНІҢ МӘТІНІ
(Қазақша аудармасы)

24. Үстімізде көк төңірі он жеті жасымда таңғуттарға қарсы соғыстым. Таңғут халқын жауладым. Ұлын, әйелін, жылқысын, дүниесін сонда алдым. Он сегіз жасымда.

25. Алты чуб (алты баулы) соғдаққа қарсы соғыстым, халқын сонда жауладым. Табғаштық Он тутуқ бастаған бес түмен (бес мың) әскер келді. Ыдуқ баста соғыстым. Ол әскерді сонда жоқ қылдым. Жиырма екі жасымда табғашқа қарсы аттандым.

26. Чача сеңүн (бастаған) сегіз мың әскермен соғыстым. Әскерін сонда қырдым (түгел өлтірдім). Жиырма алты жасымда чик халқы қырқ азбен бірге жау болды. Кем (өзенінен) өтіп, чиктерге қарсы соғыстым. Әскерін жеңдім. Жиырма жеті жасымда қырқ азға қарсы соғыстым, Сүңгі бойы қарды аршыдым.

29. Мұңсыз емін-еркін көшіп жүрген қарлуқ халқы жау болды. Тамақ ұйық баста соғыстым. Қарлуқ халқын қырдым (өлтірдім), сонда жаулап алдым (Отыз екі) жасымда басмыл, қарлуқ жиналды (Оларды) қырдым, өлтірдім. Тоғыз оғыз менің халқым еді.

Айдаров F. Орхон ескерткіштерінің мәтіні.
Ғылым, А., 1990. 82-83-бб.

ҚАЗАҚ ЖЕРІНДЕ ТҰРАТЫН ТАЙПАЛАР ТУРАЛЫ

... Мен сізге айтайын, олар бие сүтін ақ шарап төрізді ішеді; шемиүс (қымыз) деп атайды және өте дәмді.

Қарулары садақ, семсер және шоқпар; садақ тартудың шебері болғандықтан оны жиірек қолданады... Әдетте тамаша және ерлікпен соғысады.

Өзгелерге қарағанда кезбе келеді: қажет болса, айлық жолға ешбір азықсыз шыға береді; өзі бие сүтімен, аң етімен қоректенсе, аты жолдағы шөпшен отығады, оған бола жолға арпа, сұлы алып жүрудің қажеті жоқ. Өз билеушісіне тақ тұрады; қажет болса қару-жарағымен түні бойы бүкіл түнді ат үстінде өткізуге бар, ал аты от шала береді. Қиындық пен мұқтаждыққа кімнен де болса төзімді, шығыны аз, жері алып, патшалық бағындыруға ең қабілетті халық.

Алыс жолға, соғысқа аттанғанда артынып-тартынбай, екі тері ыдыс (торсық) пен ет асатын қыш ыдыс, жауыннан бас сауғалайтын кішкене шатыр алады. Сізге айтайын, олар азық-түліксіз, өз атының тамырын тесіп жіберіп, содан

жүрек жалғап, осылай он күн бойы жүйткі береді. Олардың өзімен алып жүретін қою, қамыр сияқты құрғақ сүті де (қатықты айтып отырса керек) бар. Оны суға езіп ішеді.

Соғыста былай женеді: қашуға арланбайды және сол қалпында артына қайырылып атады. Аттары иттен өрмен үйретілген, нағыз басбілгі. Қашып бара жатып құғыншы дұшпанның өзін де, атын да нысанаға дәл алып, бетпе-бет тұрғандай соғысады; сөйтіп бас сауғалады деп жаңсақ ұққан жаудың қатары сирегенде қайта оралып, батырлық, ерлікпен жаудың тас-талқанын шығарады.

Мына басылым бойынша берілді: “Книга Марко Поло о разнообразии мира, записанная пизанцем Рустикано в 1298 г.” о р. х. А-Ата, Наука

Казахской ССР, 1980. Гл. XX. С. 81-83. Орыс тілінен тәржімалаған Аюбаева Әлия. А., 1992. 3-4-бб.

Мұхаммед Хайдар Дулати

“ТАРИХ-И РАШИДИ” ШЫҒАРМАСЫНАН

I

...Шыңғысханның төрт ұлы болды. Ол әлемді осы төрт ұлына бөліп берді. Өрбір ұлының ұлысы жаулап алынған өлемнің халық мекендейтін мәдениетті елдері мен шөл даласының төрттен бір бөлігі болды. Тарихи шығармалардың “Төрт ұлыс” (ұлыс арса’ а) сөз етілетін жерлерінде нақ осы төрт бөлік айтылады. Ғалым мырза Ұлықбек тарих жазып, оны ол “(Ұлыс арса’ а) деп атады.

Осы төрт ұлыстың біреуі — моғол (ұлысы). Ол екі бөлікке бөлінді: біреуі — моғолдардың¹, екіншісі — шағатайлардың² бөлігі. Бірақ осы екі бөлімше өзара жауласу себебінен бір-бірін кемсіткен атпен: шағатайлар моғолдарды “жете”³, ал моғолдар шағатайларды “караунас”⁴ деп атайды. Бабыр патшаның ұлдары болып табылатын шағатай патшаларын қоспағанда, шағатайлардан қазіргі уақытта бірде-бір адам қалған жоқ. Ал шағатайлардың орнына олардың мұрасындағы қалалар мен уәлаяттарды (басқа) адамдар иеленіп

¹ *Моғолдар* — Моғолстанның түркітілдес көшпелі халқы. Моғол халқы XV ғасырдың соңы — XVI ғасырдың басында ыдырап, оның жекелеген бөліктері қазақ, қырғыз, ұйғыр, өзбек, лобнор халықтарының құрамына кірді.

² *Шағатайлар* — Меуереннахрдың көшпелі және жартылай көшпелі түркі тайпалары. Темір мен оның ұрпақтары әскерлерінің негізгі бөлігін беріп отырды.

³ *Жете* — қарақшылар, кезбелер.

⁴ *Караунас* — дүбәрә.

алды. Ал моғолдардың Тұрпан мен Қашғар шегінде отыз мыңдайы қалды, ал Моғолстанды өзбектер (қазақтар) мен қырғыздар басып алды. Қырғыздар да моғол тайпасы болғанымен, олардың (моғол) хақандарына қарсы жиі көтеріліс жасағанына байланысты олар моғолдардан бөлініп кеткен. Барлық моғолдар мұсылман болды, олар діндар адамдарға айналды (санатына кірді). Ал қырғыздар бұрынғысы сияқты, дінсіз күйінде (билігінде) қалды. Олар моғолдардан осы себепті бөлінді.

II

МОҒОЛСТАН МЕН ОНЫҢ ШЕКАРАЛАРЫН СУРЕТТЕУ

“...Қолда бар шежірелер мен бұрынғы авторлардың еңбектерінде Моғолстанның шекаралары көрсетілмеген, (сондықтан) қазір оларды ешкім білмейді... Алайда қазір Моғолстан деп аталатын аумақтың ені мен ұзындығы 7-8 айлық жол (қашықтық) болып табылады.

(Моғолстанның) шығыс жағы қалмақтар жерімен шектесіп жатыр және Барс-көлді¹, Емелді², Ертіс өзенін (қамтиды). Солтүстігінде ол — Көкше теңізбен³, Буммен және Қараталмен⁴, батысында — Түркістанмен және Ташкентпен, оңтүстігінде — Ферғана уәлаятымен⁵, Қашғармен, Ақсумен, Шалашпен және Тұрпанмен шектеседі... Осы жердің бәрінің о шеті мен бұ шеті жеті-сегіз айлық жол болады.

Олардың көпшілік бөлігінің — тау мен дала (сахара) — өте әдемі әрі саф таза екені сонша, мен оларды суреттеуге сөз таба алмай отырмын. Оның таулары мен даласында көлдердің көп екені сонша, олардың атауларын ешкім де есінде сақтап қала алмайды. Мұндай көлдер Моғолстаннан басқа еш жерден кездеспейді, ал оларды суреттеуге тіл жетпейді.

Моғолстанның көпшілік жері климатының жаз кезінде мейлінше қоңыржай болатыны сонша, егер жеңіл киімі (шекпен) болса, адамға басқа ешқандай киімнің қерегі жоқ. Егер (өзіңе) бір (жылы) нәрсе кисең, климаттың жылы болуы себепті оны ауыр сезінесің.

¹ Барскөл көлі.

² Тарбағатайдағы Емел өзені.

³ Көкше теңіз — Балқаш көлі.

⁴ Қаратал өзені — Балқаш көліне оңтүстігінен құяды.

⁵ Уәлаят — ел, аймақ, провинция.

Алайда (Моғолстанның) кейбір бөлігінде климат суық деуге жақын.

Моғолстанда үлкендігі жөнінен Джейхунға¹ ұқсас ірі өзендер көп, олардың ішінде Іле, Емел, Ертіс, Чуйлық² және Нарын бар. Бұл өзендер Сырдариядан ешбір кем түспейді. Бұл өзендердің көпшілігі Көкше теңізге (көліне) құяды, ол Моғолстан мен Өзбекстанның арасында орналасқан және оларды бөліп жатыр.

XV—XVIII ғасырлардағы қазақ хандықтарының тарихы жөніндегі материалдар. (Парсы және түрік шығармаларынан үзінділер. Құраст.: С. К. Ибрагимов, Н. Н. Мингулов, К. А. Пищулина, В. П. Юдин). А., Ғылым, 1969, 216-217; 219-66.

Махмұд бин Әмір Уәли

**“БАХР ӘЛ-АСРАР ФИ МАНАКИБ ӘЛ-АХЙАР”
ШЫҒАРМАСЫНАН**

*(Қайырымды адамдардың жоғары қасиеттері жөніндегі
құпиялар теңізі)*

Әбілқайыр хан Дешті Қыпшақ уәлаяттарында өз ағаларының балаларын жеңіп шыққан кезде, Жошы ханның ұлы Тоқай-Темір хан ұрпақтарының кейбіреулері, мысалы, Керей хан мен Жәнібек хан..., бағыну мен мойынсұну шегінен шығып, отанынан кетіп қалуды жөн көрді (Бабаларынан) мұраға қалған елінен бас тартып, олар жат жерге (апаратын) жолға шықты. Мойындауға лайықты бір топ адаммен олар Моғолстанға баратын жолды таңдап алды.

Ол кезде Моғолстан уәлаяттарында Шыңғысханның ұлы Шағатай ханның ұрпақтарынан тарайтын Уәйіс ханның ұлы Иса-Бұқа хан билік етіп тұрған еді. Ол кезде Әмір Темір көрегеннің ұлы Мираншахтың ұлы Сұлтан Мұхаммед мырзаның ұлы Әбу Са'ид мырза Ирактан жоғарыда аталған ханның бауыры Жүніс ханды шақырып, оған қамқорлық көмек пен қолдау көрсетіп, оны өз бауырына қарсы аттандырған еді; осы себептен Иса-Бұқа хан басқаруының іргетасы шайқала бастаған болатын, (сондықтан) аталған хан Жәнібек хан мен Керей ханның келуін адамдар (үшін) ізгілік пен жақсылықтың нышаны деп білді. Осыдан кейін

¹ *Джейхун* — Әмудария өзені.

² Шу өзені.

ол ханзадалардың ақ пейілмен келуін құрметпен және мақұлдай отырып қабылдап, оларға Моғолстанның Иса-Бұқа (хан) (иелігі) мен Жүніс ханның иелігі аралығында жатқан батыс өлкесін берді. Бұл жер Шу және Қозыбасы деген (атпен) мәлім.

Жәнібек хан мен Керей хан әлгі аумаққа барып ұзақ уақыт аялдаған кезде Әбілқайыр ханнан безіне бастаған билеушілер (де), әскерлер (де) солардан пана тапты. Әсіресе Әбілқайыр хан өлгеннен кейін, Дешті Қыпшақ уәлаяттарында тәртіпсіздіктер туған кезде өзбек жауынгерлерінің (кошунат-и өзбек) көп бөлігі ханзадалар құдіреті туының астына жиналды. Олар Моғолстанға келгеннен (кейін) (ең) басынан бастап-ақ уақытын қалмақтар мен қырғыздарға шабуыл жасап, (оларды) талап-тонаумен өткізгендіктен және аймақтың шет жақтарында қарақшылықпен айналысқандықтан, бұл халыққа (тайифаға) қазақ деген ат тағылды. Ол кезде Керей хан әмірші деп аталған еді.

Иса-Бұқа оның тірі кезінде (оған) жоғарыда аталған хандардың (көрсеткен) көмегі мен қолдауының арқасында Жүніс хан өркөкіректік үзенгісіне бұзақы аяғын сала қойған жоқ.

Иса-Бұқа хан (бұ) дүниеден (о дүниеге) қайтқан кезде Жүніс хан¹ татулық пен бірауыздылық жолына түсіп, сүйіспеншілік пен достық негіздерін қыз алысқан туыстықпен және құдандалы болумен нығайтты: Әбу Са'ид мырзаның ұлы Омар-Шайхы мырза өлгеннен кейін ол өзінің (қызы) Михр (Сұлтан) Нигар ханымды Жәнібек ханның ұлы Әдік сұлтанға күйеуге берді. Осындай әдіспен екі жақ бірігіп, достық пен одақ арқауын нығайтты.

Керей хан өлгеннен кейін оның үлкен ұлы Бұрындық хан патшалық етуге кірісті, ал Жәнібек ханнан кейін басқару тізгінін Жәнібек ханның Қасым ханнан үлкен ұлы Әдік сұлтан қолға алды. Ал дүниежүзі елдерінің төбесінде Шағыбек хан құдіретінің туы көтерілген кезде Әдік сұлтан Иракқа кетіп, ол да сонда өлді, ал Жүніс ханның қызы және Әдік ханның әйелі болған Михр-Нигар ханымды Жәнібек ханның ұлы Қасым хан өзіне әйел етіп алды. Осыдан кейін

¹ *Жүніс хан* — Уәйіс ханның үлкен ұлы, 1455 жылы туған. Әкесі қайтыс болғаннан кейін өзінің інісі Иса-Бұқаның Моғолстандағы билік үшін күресте бақталасы болды. Інісі қайтыс болғаннан кейін Жүніс Моғолстанның батыс бөлігіне орнығып алды, ал шығыс бөлігінде Иса-Бұқаның ұлы Дост-Мұхаммед билік етті.

Қасым ханның Дешті Қыпшақ уәлаятында өз билігін нығайтып алғаны сонша, оның армиясында екі жүз мыңнан астам атты әскер болды.

Қасым хан Шайбани ханмен көп соғысты...

Қасым ханнан кейін оның ұлы Мамаш хан патшалық етті. Ол бір шайқаста тұншықтырылып өлтірілді...

XV—XVIII ғасырлардағы қазақ хандықтарының тарихы жөніндегі материалдар. А., Ғылым, 1969. 352-353-бб.

Рузбехан

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАЛАЛАРЫ ТУРАЛЫ (XVI ғ.)

Сығанақ — Дешті Қыпшақтағы ең соңғы салынған егіншілікті елді мекен. Бұл қала ерте заманда өте гүлденген қала болған, айналасына үлкен құрылыстар салынып, жайқалып егін өскен, алуан түрлі өнімдер мол және қазақ халқы үшін сауда орны болған; ол өзінің көлемділігімен және бейбіт халқымен де мәлім. Онда бір кездерде халықтың көп болғаны сонша, базарға күн сайын тең-тең отын артылған бес жүз түйе келсе де, кешке қарай олардың сатылмаған бірде-біреуі қалмайтындығы сенімді деректемелерден белгілі...

Мұнда ең жақсы садақтар мен жебелер, сондай-ақ әдемі тауарлар Дешті Қыпшақ пен Астраханнан әкелінеді. Еділге дейін созылып жатқан Дешті Қыпшақ үшін Сығанақ бірден-бір сауда орны болып табылады. Дешті Қыпшақта өндірілетін тауарлар тікелей осында келіп түседі, өз кезегінде, оған қажетті тауарлар да Түркістаннан, Мауереннахрдан, Қашғар мен Хотаннан осында әкелінеді. Осы себепті де Сығанақ барлық уақытта көпестер қаптап жүретін жер болып табылады. Мұнда барлық елдердің тауарлары әрқашанда жеткілікті мөлшерде болады...

Сайрам да ғажайып қала: ашық далада тұр, әдемі де көңілді, климаты жақсы, төңірегінде жабайы ешкілердің отары, қой отарлары жайылып жүреді; барлық жерден қаз-қатар өскен бәйтеректер көрініп тұрады. Қала биік қорғанмен қоршалған, өз кезегінде оның айналасынан ор қазылған; ол қазақтардың шабуылына қарсы тұрғызылған. Сайрамның көркі арабтарға да, парсыларға да мәлім.

Йасы — Түркістанның басты қаласы, айналасы кең және көк желекке малынып тұрады. Мұнда барлық жерден тауарлар әкелініп, осында сатылады. Оған көпестер келіп, саяхатшылар сол арқылы өтеді.

Ахмет Йасауидің кесенесі — бүкіл дүниежүзіндегі ең іргелі құрылыстардың бірі. Кесененің архитектурасынан адамзат өнері қайран қалдырып, сүйсіндіреді: оның күмбезінің биіктігінен пирамиданың өзі де аласа, онымен Сана қаласындағы Яман қорғаны да теңесе алмайды.

Прошлое Казахстана в источниках и материалах
(Под ред. С.Д. Асфендиярова, П.А. Кунте. Алма-Ата;
М.: Казкрайиздат, 1935. Сборник 1. С. 108—111.

Рузбехан

ҚАЗАҚТАРДЫҢ ҚАЛАЙ КӨШЕТІНІ ТУРАЛЫ (XVI ғ.)

Нақты мәліметтерден қазақ хандарының түйе және ат жегілетін арбалармен көшіп жүретіні аңғарылады. Көшкен кезде арбалар бірінің ізімен бірі жүреді, бұл арбалардың көп екені сонша, аялдау үшін тоқтаған кезде бірімен-бірі араласып, жүздеген моңғол ташына созылады. Қазақтар қаншалықты бай болса, соншалықты ержүрек те, ұрыста біреуі он адамға қарсы шайқасып, не жеңіп шығады, не мерт болады. Олардың көшіп жүретін жерлері Итальян ағысын бойлай Дешті Қыпшақтың ішкі жағында созылып жатыр, көшіп-қону екі айдан астам уақытқа созылады: жол-жөнекей жабайы аңдарды аулап, олардың терілерін жинайды. Қазақтардың қысқы қыстауы Сырдария бойында: қыстаулары өзенді жағалай орналасып, үш жүзге жуық ташқа дейін созылып жатады.

Прошлое Казахстана в источниках и материалах
(Под ред. С.Д. Асфендиярова, П.А. Кунте. Алма-Ата;
М.: Казкрайиздат, 1935. Сборник 1. С. 108—111.

ҚАЗАҚТАРДЫҢ ҚОҒАМДЫҚ ҚҰРЫЛЫСЫ ТУРАЛЫ

... Әрбір орда бірнеше болыстарға (аймақтарға) бөлінді, ал болыс өз кезегінде неғұрлым ұсақ бөлімшелерге — ұлыстарға, яғни буындарға бөлінді. Олардың бәрінде өз атақтылары, текті “ақсүйек” әулеті бар. Қатардағы ақсүйектерден ерекше текті әулеттер және ақырында, қырғызша сұлтан деп аталатын князьдер бөлініп шыққан. Осы ақсүйектердің алғашқы екі табынан ұлыс старшындары сайланады;

аймақтардың басшыларының бәрі князьдерден шыққандар. Қыстақтарға және болмашы тұрақтарға келетін болсақ, мұндайларға староста етіп “қара сүйектерді”, яғни қара халық болып табылатын қырғыздарды да сайлауға болады. Бұл — жалпы ереже бойынша бір әулеттен тараған туыс ұрпақтарды, аталастарды немесе неғұрлым алыс туыстарды жинақтайтын шағын қоныстар. Мұндай үлкендерді қырғыздар ақсақал дейді, бұл сақалының ақтығын айтқаны. Болыстарды немесе аймақтарды айтпағанның өзінде, ұлыстардың басшыларын да халық сайламайды, ақсүйектер ғана сайлайды, бұл орайда сайлаудың өзін ханның бекітуі керек. Бұл қызметтерге жалпы ереже бойынша әкелерінің орнына ұлдары отырады, бірақ басшыға халықтан қандай болса да түсім алу көзделмеген және оның олардан азды-көпті ерекше құқы жоқ. Басшы дегеніміз — аймақтағы ең бай, ең құрметті адам ғана, оның абызы. Міне, сондықтан да жергілікті басшылардың қолындағы биліктің барынша формалды да болмашы екендігіне қарамастан, олардың ықпалы зор болды және сондықтан да олар хандардың қолындағы күшті басқару құралына айналды, ол солар арқылы көп іс тындырды.

Фальк И. Полное собрание ученых путешествий по России. СПб.; Изд. при Имп. АН, 1875. — Т. 3.

ҚАЗАҚ ХАНДЫҚТАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ

(Мұхаммед Хайдар Дулатидің “Тарих-и Рашиди” шығармасынан)

“...Ол кезде Дешті Қыпшақта Әбілқайыр хан билік етті. Ол Жошыдан тараған сұлтандарға көп әбігер келтірді. Жәнібек хан мен Керей хан одан Моғолстанға қашып кетті, Иса-Бұқа хан оларды ықыласпен қарсы алып, Шу және Қозыбасы¹ өңірін берді, ол Моғолстанның батыс жақ шетіндегі өңір еді. Олар сол жерде рақат өмір сүріп жатқан кезде Әбілқайыр хан өлгеннен кейін өзбек ұлысы бүліне бастады; (онда) көп ұрыс-керіс басталды. (Оның бодандығының) көпшілік бөлігі Керей хан мен Жәнібек ханға көшіп кетті, сөйтіп олардың маңына (жиналған адамдар) саны екі жүз

¹ Шу және Қозыбасы өңірі — Моғолстанның батысындағы Шу өзенінің аңғары мен Дарғанға қарсы Қордайдағы таулы жайлау.

мың адамға жетті. Олар өзбек-қазақтар (өзбек-қазақ)¹ деп аталып кетті. Қазақ сұлтандары сегіз жүз жетпісінші жылдан² билік ете бастады...

Тоғыз жүз қырқыншы жылға³ дейін қазақтар Өзбекстанның көпшілік бөлігінде толық билеп-төстеді. Керей ханнан кейін хан Бұрындық болды. Содан соң Жәнібек ханның ұлы Қасым⁴ хан болды; ол өз билігін Дешті Қыпшаққа таратты. Оның армиясында (лашқарында) миллионнан астам адам болды. Бұл жұртта Жошы ханнан кейін одан құдіретті (хан) болған емес. Одан кейін хан оның ұлы Мамаш болды. Содан соң оның (Қасым ханның) немересі Тахир хан болды. Осы Тахир ханның кезінде қазақтар көп тақсірет тартты. Одан кейін оның інісі Бұйдаш хан болды. Бірақ Бұйдаш ханның кезінде қазақтардан небары жиырма мың ғана қалған еді. Тоғыз жүз қырқыншы жылдан кейін ол, (яғни Бұйдаш хан) да өліп, қазақтар мүлдем жойылып кетті⁵...

Қысқартып айтқанда, Иса-Бұқа хан дәуірінен бастап Рашид ханның⁶ заманына дейін моғолдар мен қазақтар

¹ Өзбек-қазақтар. XV ғасырдың соңы — XVI ғасырдың басындағы шығыс деректемесінде XV ғасырдың 50-жылдарында Керей мен Жәнібектің бастауымен Моғолстанға (Жетісуға) қоныстанған және кейіннен бірігіп, Арал өңіріндегі далаға қайтып оралған көшпелілерді сонда қалған өзбек рулары осылай деп атаған. Махмұт бен Уәлидің еңбектерінде XVI ғасырлар үшін тек қана қазақ деген термин ғана қолданылады.

² 1465-1466 жж.

³ 1533-1534 жж.

⁴ Қасым сұлтан (Қасым хан) — қазақ ханы, Жәнібек ханның ұлы, 1518 жылы қайтыс болған.

⁵ Бұл арада 1533 жылдан кейінгі деректемелерде қазақтар туралы бұдан әрі хабарлар болмағаны айтылып отыр.

⁶ Өбді ар-Рашид хан — шағатай тұқымы, Сұлтан Ахмет ханның ұлы Сұлтан Са'ид ханның баласы. Сұлтан Са'ид хан 1514 жылы Мырза Өбүбөкір доғлаттан Қашғарияны тартып алып, онда шағатай тұқымынан тараған хандар басқарған жаңа мемлекет құрды, ол деректемелерде Моғолия деп аталды. Өбді ар-Рашид хан 1510 жылы туып, 1569 жылы өлген. Ол шағатай тұқымы хандарының шайбанидтермен жауластығын тоқтатып, қазақтарға қарсы солармен одақ жасасты; ал қазақтарға қарсы оның өзіне бағынышты моғолдар үшін маңызды мал шаруашылық базасы болған қазіргі Қырғызстанның аумағы жолында табанды күрес жүргізді. 1537 жылы оның әскері қазақтарды ауыр жеңіліске ұшыратты. ("XV—XVIII ғасырлардағы қазақ хандықтарының тарихы жөніндегі материалдар", 517-518-бб.).

арасында достық және бейбіт (қатынастар) болды, бірақ оларды Рашид сұлтан күйретті...

СУЛТАН АХМЕТ ХАННЫҢ ҰЛЫ СУЛТАН СА'ИД ХАН ТУРАЛЫ ХИКАЯ

“...Көктем туысымен (Сұлтан Са'ид) хан Дешті Қыпшақтың өміршісі (падишах) болған Қасым ханға барды. Ол кезде оның (Қасым ханның) әскерінде үш жүз мың адам бар еді. Қасымның (ханның) (Сұлтан Са'ид) ханға сый-құрмет көрсеткені сондай, ол мұны кейіннен көптеген жылдар бойы еске алып жүрді. “Хан ол жақтан қайтып келгеннен кейін ол мені өз қатарларымның арасынан ерекше бөліп алып, мені өзіне күйеу бала етті”. Бұл екінші кітапта суреттелген. Тоғыз жүз жиырмасыншы жылы¹, көктемнің бас кезінде, өзбектің барлық ұлы сұлтандары барлық адамдарымен және сансыз көп жер қайысқан қолымен Әндіжанға бет алды, (Сұлтан Са'ид) хан қарсыласу үшін қолайлы кезі емес деп санап, жау әскері Ферғананың шегіне жетпей-ақ Моғолстанға кетіп қалды.

...Келесі жылы² Мұхаммед қырғыздың Түркістан мен Сайрамға шабуыл жасап, мұсылмандарды талап-тонауына байланысты діни сезімі (итермелеген) ханның бойында осы ауыр қылмысы үшін (оны) жазалау тілегі пайда болды. Ол Мұхаммед қырғызға олардың (яғни Мұхаммед қырғыз бен қырғыздардың) ислам адамдарына істегені үшін шабуыл жасап, оған және қырғыз халқына ол (яғни Сұлтан Са'ид) хан нақ соны, тіпті одан да зорын істеді. (Сұлтан Са'ид) хан Мұхаммед қырғызды ұстап алып, оған құлдық қамытын кигізді. Ол он бес жыл бойы³ тұтқында қала берді.

Тоғыз жүз жиырма сегізінші жылы⁴ (Сұлтан Са'ид (хан) өзінің) кіші ұлы Рашид сұлтанды Моғолстанға аттандырып, бүкіл Моғолстан мен қырғыздарды бағындырды. Моғолстанда Рашид сұлтанды көп адам қолдады. Бірақ сайып келгенде былай болды: маңғыттардың (манкгит) шабуыл жасауына байланысты өзбек-қазақтардың Дешті Қыпшақта қалуы мүмкін болмады. Олар Моғолстанға көшіп барды. Оларға қарсыласу мүмкін болмады да, Рашид сұлтан өз адамдарымен Қашқарға қайтып оралды.

¹ 1514 ж.

² 1517 ж.

³ Дұрысы: бес жыл бойы.

⁴ 1521-1522 жж.

**ҚАЗАҚТАР ЖАҒДАЙЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ, ОЛАРДЫҢ
ПАТШАЛАРЫ, ОЛАРҒА БҮЛІ АТТЫҢ НЕЛІКТЕН БЕРІЛГЕНІ
ТУРАЛЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚҰЛАУЫ (ТУРАЛЫ) ХИКАЯ**

Әбілхайыр хан Дешті Қыпшақты өзіне толық бағындырып алған кезде, Жошы әулетінің кейбір сұлтандары оның тарапынан (төніп келе жатқан) апат лебін асқан сақтық сезіммен аңғарып, оның алдын алмақ болды. Және (осы мақсатпен) бірнеше сұлтандар — Керей хан, Жәнібек хан және сол сияқтылар — азын-аулақ адамдарымен Әбілхайыр ханнан қашып, Моғолстанға келді.

Бұл кезде Моғолстанда хандық ету кезегі Иса-Бұқа ханға тиген еді. Иса-Бұқа хан оларға ерекше қамқорлық пен құрмет көрсетіп, олардың қоныстануына Моғолстанның бір шетінен жер бөліп берді, олар сол жерде сенімді қауіпсіздікке ие болып, есен-сау жүріп жатты.

Әбілхайыр хан қайтыс болғаннан кейін Өзбек ұлысында өзара қырқыс басталды; мүмкіндігі болғанның бәрі қауіп-қатерсіз және тыныш өмір іздеп, Керей хан мен Жәнібек ханға кете берді. Осының нәтижесінде олар едәуір күшейіп алды.

Сөйтіп олар (Керей мен Жәнібек) әуелі өздерінің саны көп халқынан қаша көшіп, айырылып, бірсыпыра уақыт бойы дәрменсіз болып, қашып көшіп жүрді, сөйтіп олар қазақ деп аталды да, біржола осы атаумен аталатын болды.

...Керей ханнан кейін хандық ету оның ұлы Бұрындық ханға көшті. Жоғарыда аталған Қасым хан Жәнібек ханның ұлы еді. Ол әкесінің үлгісімен Бұрындық ханға барлық жағынан бағынып, айтқанынан шықпады. Керей ханның Бұрындық ханнан да басқа ұлдары бар еді. Жәнібек ханның да Қасым ханнан басқа ұлдары болды, оның ішінде Әдік сұлтан да бар еді. Жүніс ханның төртінші қызы Сұлтан-Нигар ханымды (оның бірінші күйеуі) Мырза Сұлтан Махмұт — Сұлтан Әбу-Са'ид мырзаның ұлы қайтыс болғаннан кейін Әдік сұлтанға қосты.

Ташкентті тонаған кезде¹ Әдік сұлтан Шағыбек ханнан қазақтарға қашып кетті, оған Сұлтан-Нигар ханым да еріп барды. Нақ сол күндерде Әдік сұлтан қайтыс болды да, сол кезде ханымды әмеңгерлік жолымен Қасым хан өзіне (әйел етіп) алды. Әдік сұлтан өлгеннен кейін Қасым ханның ықпалы күшейгені сонша, Бұрындық ханды қуып жіберді;

¹ 1503 жыл.

ол Самарқанға кетіп, жат жерде қайтыс болды. Қасым хан бүкіл Дешті Қыпшақта толық билеушіге айналып, Жошы ханнан кейін әлі ешкімде болмаған атақ пен күш-қуатқа ие болды, оның әскерінің саны мыңнан асып түсті.

924 жылы¹, ол қайтыс болғаннан кейін, қазақ сұлтан-дары арасында қырқыс басталды. Қасым ханнан кейінгі хан оның ұлы Мамаш хан болды. Ол шайқастардың бірінде буын-дырылып өлтірілді.

Осыдан кейін хан тағына Әдік сұлтанның ұлы Тахир хан отырды. (Тахир) өте мейірімсіз адам болғандықтан, оның төрт жүз мыңға жуықтайтын адамдары кенеттен одан сырт айналып, бытырап кетті. Ол (Тахир) қырғыздар арасында жалғыз қалып, мейлінше бақытсыз (кедейлік) жағдайда өлді. Моғолстанда тағы да отыз мыңға тарта адам жиналып, оларға Тахир ханның бауыры Бұйдаш хан болды. Бірақ тағдырдың құбылмалылығы былай болып шықты: осы халықтан жер бетінде ешкім қалмағанына, міне, қазір төрт жыл болды.

(Тоғыз жүз) отызыншы жылы² қазақтар миллион адам еді, ал (тоғыз жүз) қырық төртінші жылы³ бұл қауымның жер бетінде ізі де қалмады.

XV—XVIII ғасырлардағы қазақ хандықтарының тарихы жөніндегі материалдар. А., Ғылым, 1969. 213-214, 221—223, 531-бб.

¹ 1518 жыл.

² 1523-1524 жж.

³ 1537-1538 жж.

VII тарау. КӨШПЕЛІЛЕРДІҢ РУХАНИ МӘДЕНИЕТІ. ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНЫҢ ДАНАЛАРЫ

КҮЛТЕГІН ЕСКЕРТКІШНІҢ МӘТІНІ

(Кіші жазу)

1. Теңрідей теңірде болған
Түркі білгіш қаған
Бү шақта отырдым
Сөзімді түгел есіткіл
Соңымдағы інім-жиенім, ұлым
Жақын руым, халқым
Оңымда — шад апат бектер,
Солымда — тарқандар бұйрық
бектер Отыз.
2. Тоғыз оғыз бектері, халқы
Бү сөзімді жақсы есіт
Қатты тыңда.
Ілгері — күн шығыста
Оң жақта — күн ортада
Кейін — күн батыста
Сол жақта — түн ортасында
Соның ішіндегі халықтың көбі
Маған бағынды, халықты осынша.
3. Көп еттім. Ол енді кексіз.
Түрік қағаны Өтукен қойнауында отырса,
елде мұң жоқ.
Ілгері Шантуң жазыққа дейін
соғыстым.
Тибетке кішкене жетпедім.
Батыста Сырдария өзенін кеше.
4. Темір қақпаға дейін соғыстым
Терістікте Байырқы жеріне
дейін соғыстым.

Сонша жерге дейін жүргіздім.
Өтүкен қойнауында игі йе жоқ еді.
Елді ұстайтын жер осы.
Өтүкен қойнауы еді.
Бу жерде отырып, табғач халқымен.

5. Дұрысталдым. Алтын, күміс, өнімді, жібекті сонша шексіз беріп жатқан табғач халқы сөзі тәтті, қазынасы асыл еді. Тәтті сөзін, асыл қазынасын беріп, алыс халықты өзіне жақындатқан еді...

.....
10. Жоқ кедей халықты көп көтердім.
Кедей халықты бай қылдым.
Бу сөзімде өтірік бар ма?
Түркі бектері, халқы, бұны есіттің.
Түркі халқын жиып
Ел еткенінді мұнда айттым.
Жаңылып, көшкенінді және сонда айттым.

11. Айтар сөзім болса,
Мәңгі тасқа жаздым.
Бұған қарап білің
Түркінің ендігі халқының
Бектер
Таққа (құмар) бектер
Сіз жаңыласыздар ғой.
Мен мәңгі тас... (орнаттым)
Табғаш қағаннан шебер (бедізші).
Өрнектеттім. Менің сөзімді бұзбады.

12. Табғаш қағаны іштегі бедізшісін (шеберлерін)
жіберді.

Оларға ерекше жай салдырдым.
Іші-тысын ерекше өрнектеттім
Тас тоқыттым.
Көңілдегі сөзімді... айттым
Он оқ ұлына, татына дейін
Мұны көре біліңдер.
Мәңгі тас тоқыттым (қалаттым).

13. Бу аялдама болса,
Енді ол аялдама болса,
Сол аялдама жерге
Мәңгі тас тоқыттым (қалаттым),
жаздым.

Оны көріп солай біліңдер

Ол тасты қалаттым.
Бұ жазуды жаздырған —
Йоллығ тегін туысы.

.....

БІЛГЕ ҚАҒАН (МОГИЛЯН) ЕСКЕРТКІШНІҢ МӘТІНІ

14. Өзің жақсы жасайсың үйіңде болсаң, мұңсыз боласың. Соң табғаш қазғаннан бөдізшілер көп келтірдім. Менің сөзімді бұзбады. (Маған табғаш қағаннан) бөдізшілерін жіберді. Оған түрлі тасты орнаттырдым, іші-сыртын өрнек-теттірдім, Тас орнаттым. Көңілдегі сөзімді...

17. .../батыстағы/ он оқ ұлына және жатқа /бөгде елге/ дейін мұны көре білің. Ескерткіш тас тұрғыздым... жерге / өз орнына/ орнаттым, /оған/ жазу жаздым, бұл ... тас күмбезін... Білге қаған жазуын Йоллығ тегін жазды. Мұнша Қүмбезді, жазу өрнегін /түркі/ білге Қаған туысы /мен/ Йоллығ тегін айдан артық төрт күн отырып, жаздым, өрнек-тедім.

Айдаров F. Орхон ескерткіштерінің мәтіні.
А., Ғылым, 1990. 53—56; 90-91-66.

ӨЛ-ФАРАВИДІҢ “ҚАЙЫРЫМДЫ ҚАЛА ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ КӨЗҚАРАСТАРЫ ТУРАЛЫ ТРАКТАТЫНАН” (IX—X ғғ.)

Адамның бірлестік пен өзара көмекке зәрулігі туралы

Жаратылысында әрбір адамға өз тіршілігі үшін және ең жоғары кемелділік дәрежесіне жету үшін көп нәрсе керек, ал мұны ол жалғыз жүріп таба алмайды және бұған жету үшін ол қандай да бір адам қауымын қажет етеді, осы қауымдағы адамдардың әрқайсысы оған қажетті нәрселердің жалпы жиынтығынан қандай да бір затты тауып беріп отырады. Оның бер жағында әрбір адам өзінен басқа екінші адам жөнінде де нақ осындай күйге түседі. Міне, сондықтан да, бір-біріне көмектесіп отыратын, біреуі екіншісінің өмір сүруіне қажетті нәрселердің бір бөлігін тауып беріп отыратын көптеген адамдар бірлестіктері арқылы ғана адам өзінің жаратылысына сай кемелділік дәрежесіне жете алады. Осындай қауымның барлық мүшелерінің іс-әрекеті жиналып келгенде, олардың әрқайсысына өмір сүру үшін және кемелділікке жету үшін керекті нәрсенің бәрін тауып беріп отырады. Міне, сондықтан да, адамзат индивидтері көбейе

түсіп, жержүзіндегі әртүрлі мекендерге қоныс тепті, осының нәтижесінде адам қоғамдары пайда болды...

Әлеуметтік философия. Хрестоматия. (әл-Фараби. *Философиялық трактаттар*). Ақыл кітабы. А., 1997. 322-б.

АЗАМАТТЫҚ ҒЫЛЫМ ТУРАЛЫ

Азаматтық ғылым еріктен туған әрекеттер мен мінез-құлық түрлерін зерттейді; осы әрекеттер мен мінез-құлықты туғызатын қасиеттерді, ниет-құлықты, туа біткен сапалар мен мінездерді зерттейді; осылардың жасалу мақсаттарын зерттейді; бұлар адамда қандай болуы керек, қандай болуы тиістілігіне қарай олар адамда қалай орналасуы керек екенін зерттейді; адамда осыларды сақтау әдістемесін зерттейді. Мақсаттар былайша бөлінеді: бұл әрекеттер не үшін жасалады және әрекеттердің нақ осы түрі не үшін қолданылады.

Бұл ғылым осылардың қандайы шын бақыт болып табылады, ал қандайы шындығында осылай болмаса да, қиялдағы бақыт болып табылады. Шын бақыттың бұл өмірде болуы мүмкін емес, осы өмірден соң келетін басқа өмірде ғана болады, ал бұл айтып отырғанымыз — о дүние. Қиялдағы бақытқа келсек — бұл, мысалы, байлық, дәреже, рақат — бұлардың бәрі де осы өмірдегі мақсат.

Азаматтық ғылым осы әрекеттер мен мінез-құлықтың арасын ажыратып қарайды. Бұл ғылым, мысалы, шын бақыт дегеніміздің не екенін түсіндіреді: бұл игілік, рақым және лайқаттылық, ал осыдан басқаның бәрі зұлымдық, жексұрындық және күнәһарлық.

Адамға осы қасиеттердің даруына негіз болатын нәрсе белгілі тәртіптегі қалалар мен халықтарға тән және бірлесіп пайдаланылатын лайқатты әрекеттер мен мінез-құлық. Ол (бұл ғылым) әлгіндей әрекеттер мен мінез-құлық белгілі бір әдіспен басқарғанда, осы әрекеттерді, мінез-құлықты, сапаларды, қасиеттер мен ниет-құлықты қалалар мен халықтар арасында нығайта түсетіндей етіп басқарғанда ғана жоғалып кетпес үшін, сол қалалар мен халықтарда осы қасиеттерді сақтағанда ғана болатынын түсіндіреді. Бұлай басқару үшін осыларды нығайтып, баянды етілген тәртіпті сақтау үшін сол әрекеттерге итермелейтін белгілі бір жұмыстың жүргізілуі немесе соған қабілеттің болуы шарт. Міне, осы жұмыспен қабілет дегеніміз, патшалық немесе жоғары өкімет билігі, мұны адам не деп атаса да өз еркі. Ал саясат осындай жұмыстың негізі болмақшы.

Басқарудың екі түрі болады: басшылықтың бірі — әрекеттерді, мінез-құлықты, ерік қасиеттерін шындай түседі, осылардың арқасында шын бақытқа қол жетеді және бұл өзі қала мен халықты қайырымшылдықпен басқару болып табылады. Осылай басқаруға бағынатын қалалар мен халықтар қайырымшыл қалалар мен халықтар болып табылады.

Басқарудың екінші түрі — қалаларда шындығында бақыт болып табылмайтын, қиялдағы бақытқа қол жеткізетін әрекеттер мен қасиеттерді нығайтады; мұндай басқару — наданшылдық басқару.

Басқару көптеген қосымша түрлерге бөлінеді, мұның ерқайсысы алға қойған мақсатына қарай әртүрлі аталады.

Бұл өзі сонымен бірге сол басқарудың көздейтін мақсаттары мен міндеттеріне де қарай бөлінеді. Мысалы, егер басқару байлықты көздейтін болса, онда бұл опасыз басқару деп аталады: егер ол дәрежені мақсат етсе, онда бұл мансапшылдық басқару. Егер басқару әлде бір басқа мақсатты көздесе, онда оны сол мақсатына қарай басқаша атайды.

Бұл (осы ғылым) қайырымшыл патшалық билігінің мынадай екі күштен құралатынын түсіндіреді:

1) әмбебап заңдардың күші;

2) азаматтық істердегі ұзақ практиканың арқасында, өзіне бағынған қалаларда мінез-құлықтар мен адамдарды басқарудың тәжірибесі нәтижесінде және ұзақ тәжірибе мен бақылау негізінде қол жеткен тәжірибесі арқасында адамның жинайтын күші.

Әлеуметтік философия. Хрестоматия. (әл-Фараби. *Философиялық трактаттар*). Ақыл кітабы, А., 1997. 190—193-бб.

АСАНҚАЙҒЫ

(XV ғасыр)

Асанқайғы атанып кеткен Хасан Сәбитұлы 1361—1370 жылдар аралығында Еділ бойында туса керек. Тарихи аңыздар Асанның әкесі саятшы екен дейді. Революциядан бұрын жасаған қазақ тарихшыларының еңбектеріне қарағанда, Асан Алтын Орда ханы Ұлұғ-Мұхаммедтің ықпалды билерінің бірі болады. XV ғасырдың 20-жылдарында Ұлұғ-Мұхаммед Ордан қуылғанда Асан өз әміршісімен бірге кетеді. Көп ұзамай Қазанда билік құрған Ұлұғ-Мұхаммедтің ақылгөйлері қатарында болған ақын, хан өлген соң Дешті

Қыпшаққа қайтып оралады. 1450 жылдарда Әбілқайыр ұлысындағы тартыс кезінде Керей, Жәнібек сұлтандарды жақтайды. 1456 жылы Шу алқабында Қазақ ордасы құрылған кезде Асан жаңа мемлекеттің ұраншысына айналады. Сірә, Асан қазақтардың бұрынғы Көк Орда жеріндегі үкімі артып, қазіргі Қазақстанның орталық және солтүстік-батыс алқабын қайтадан иеленген уақыты — 1465 жылы әлі тірі болса керек. Аңыз бойынша, ақын Сарыарқада — Ұлытауда дүние салыпты.

* * *

...Қырында киік жайлаған,
Суында балық ойнаған,
Оймауыттай тоғай егіннің
Ойына келген асын жейтұғын,
Жемде кеңес қылмадың,
Жемнен де елді көшірдің.
Ойыл деген ойынды,
Отын тапсаң тойынды,
Ойыл көздің жасы еді,
Ойылда кеңес қылмадың,
Ойылдан елді көшірдің.
Елбең-елбең жүгірген,
Ебелек отқа семірген,
Екі семіз қолға алып,
Ерлер жортып күн көрген,
Еділ деген қиянға,
Еңкейіп келдің тар жерге,
Мұнда кеңес қылмадың.
Кеңестің түбі нараду...

* * *

Нәлет бізге жүріске,
Еділ менен Жайықтың
Бірін жазға жайласаң,
Бірін қысқа қыстасаң,
Ал қолыңды маларсын
Алтын менен күміске!..

* * *

Құйрығы жоқ, жалы жоқ, құлан қайтіп күн көрер,
Аяғы жоқ, қолы жоқ, жылан қайтіп күн көрер!?
Шыбын шықса жаз болып, таздар қайтіп күн көрер,
Жалаңаяқ балапан, қаздар қайтіп күн көрер!?

* * *

Ай, хан, мен айтпасам білмейсің,
Айтқанымға көнбейсің.
Шабылып жатқан халқың бар,
Аймағын көздеп көрмейсің.
Қымыз ішіп қызарып,
Мастанып, қызып терлейсің,
Өзіңнен басқа хан жоқтай
Елеуреп неге сөйлейсің?!
Қорған салдың бейнет қып,
Қызметшің жатыр ішіп-жеп.
...Оны неге білмейсің?!
Қатын алдың қарадан,
Айырылдың хандық жорадан,
Ел ұстайтын ұл таппас,
Айырылар ата мұрадан!
Мұны неге білмейсің?!
Құладың құстың құлы еді,
Тышқан жеп жүнін түледі, —
Аққу құстың төресі
Ен жайлап көлді жүр еді.
Аңдып жүрген көп дұспан
Елге жау боп келеді:
Құладың қуды өлтірсе —
Өз басыңа келеді!
Құлың көп сені өлтірер,
Осыны Асан біледі,
Мұны неге білмейсің?
...Тіл алсаң іздеп қоныс көр,
Желмая мініп жер шалсам,
Тапқан жерге ел көшір,
Мұны неге білмейсің!?
...Ай, Жәнібек, ойласаң,
Қилы, қилы заман болмай ма,
Суда жүрген ақ шортан
Қарағай басын шалмай ма,
Мұны неге білмейсің!?
Қош-аман бол, Жәнібек,
Енді мені көрмейсің!

* * *

Бұл заманда не ғаріп?
Ақ қалалы боз ғаріп,
Жақсыларға айтпаған
Асыл шырын сөз ғаріп.
Замандасы болмаса,
Қариялар болар тез ғаріп.
Қадірін жеңге білмесе,
Бойға жеткен қыз ғаріп.
Ел жағалай қонбаса,
Бетегелі бел ғаріп.
Қаз-үйрегі болмаса,
Айдын-шалқар көл ғаріп.
Мүритін тауып алмаса,
Азғын болса пір ғаріп.
Атажұрты бұқара
Өз қолында болмаса,
Қанша жақсы болса да,
Қайратты туған ер ғаріп.

* * *

Есті көрсең кем деме,
Бөрі түйғын табылмас.
Қарындасын жамандап,
Өзіңе туған табылмас.
Адам әзіз айтар деп
Көңіліңді салмағыл.
Нәпсі алдаушы дұспанның
Насихатын алмағыл.
Бақыты оянған ерлердің
Әрбір ісі оң болар.
Дәулеті күнге артылып,
Не қылса да, мол болар.
Тазылары түлкі алып,
Қаршығасы қаз іліп,
Сөз сөйлесе жөн болып,
Не десе де жарасар.
Бай, байсын деп ат қойып,
Ел аузына қарасар.
Арғымаққа міндім деп,
Артқы топтан адаспа.

Күнінде өзім болдым деп,
Кең пейілге таласпа.
Артық үшін айтысып,
Достарыңмен санаспа.
Ғылымым жұрттан асты деп,
Кеңессіз сөз бастама.
Жеңемін деп біреуді
Өтірік сөзбен қостама.

Бес ғасыр жырлайды. (Құраст.: *Байділдаев М.,
Мағауин М.*) 1-том. А., Жазушы, 1989. 22—24-бб.

ҚАЗТУҒАН ЖЫРАУ

(*XV ғасыр*)

Қазақ әдебиеті төлбасыларының бірі — Қазтуған жырау Сүйінішұлы шамамен XV ғасырдың 20—30-жылдарында Еділ бойында, қазіргі Астрахан облысының Красный Яр қаласының маңында туды. Көшпенді шонжарлар әулетінен шыққан Қазтуған Еділдің салалары Ақтұба, Бозан бойын жайлаған түркі тайпаларының рубасы көсемі, әскербасы, батыры болды. Дешті Қыпшақта XV ғасырдың ұзына бойына созылған бұлғақ кезінде оның кімдерді жақтағаны, не істегені белгісіз. Тек ғасырдың екінші жартысында өз қарауындағы рулармен бірге Еділден ауып, Қазақ ордасының құрамына өткендігін білеміз. Сірә, бұл қазақтардың қазіргі Қазақстан жерінің орталық және батыс бөлігін түгелге жуық қайта иеленіп, біршама күшейген шағы, яғни 1460—1480 жылдардың арасы болса керек. Жыраудың бұдан кейінгі өмірі туралы дерек сақталмаған.

МАДАҚ ЖЫРЫ

Бұдырайған екі шекелі,
Мұздай үлкен көбелі,
Қары ұнымы сұлтандайын жүрісті,
Адырнасы шайы жібек оққа кірісті,
Айдаса қойдың көсемі,
Сөйлесе қызыл тілдің шешені,
Ұстаса қашағанның ұзын құрығы,
Қалайылаған қасты орданың сырығы,
Билер отты би соңы,
Би ұлының кенжесі,

Буыршының бұта шайнар азуы,
Бидайықтың көл жайқаған жалғызы,
Бұлұт болған айды ашқан,
Мұнар болған күнді ашқан,
Мұсылман мен көуірдің
Арасын өтіп бұзып дінді ашқан
Сүйінішұлы Қазтуған!!!

* * *

Белгілі биік көк сеңгір
Басынан қарға ұшырмас,
Ер қарауыл қарар деп,
Алыстан қара шалар деп;
Балдағы алтын құрыш болат
Ашылып шапсам дем тартар,
Сусыным қанға қанар деп;
Арғымақтың баласы
Арыған сайын тың жортар,
Арқа мен қосым қалар деп;
Ақ дария толқын күшейтер,
Құйрығын күн шалмаған балығым,
Ортамнан ойран салар деп;
Азамат ердің баласы
Жабыққанын білдірмес,
Жамандар мазақ қылар деп!

* * *

Алаң да алаң, алаң жұрт
Ақала ордам қонған жұрт,
Атамыз біздің бұ Сүйініш
Күйеу болып барған жұрт,
Анамыз біздің Бозтуған
Келіншек болып түскен жұрт,
Қарғадай мынау Қазтуған батыр туған жұрт,
Кіндігімді кескен жұрт,
Кір-қонымды жуған жұрт,
Қарағайдан садақ будырып,
Қылшанымды сары жүн оққа толтырып,
Жанға сақтау болған жұрт.
Салп-салпыншақ анау үш өзен,
Салуалы менім ордам қонған жер,
Жабағылы жас тайлақ
Жардай атан болған жер,

Жатып қалып бір тоқты
Жайылып мың қой болған жер,
Жарлысы мен байы тең,
Жабысы мен тайы тең,
Жары менен сайы тең,
Ботташығы бұзаудай,
Боз сазаны тоқтыдай,
Балығы тайдай тулаған,
Бақасы қойдай шулаған,
Шырмауығы шөккен түйе таптырмас,
Балығы көлге жылқы жаптырмас,
Бақасы мен шаяны
Кежідегі адамға
Түн ұйқысын таптырмас.
Қайран менің Еділім,
Мен салмадым, сен салдың,
Қайырлы болсын сіздерге
Менен қалған мынау Еділ, жұрт!..

Бес ғасыр жырлайды. (Құраст.: *Байділдаев М.,
Мағауин М.*) 1-том. А., Жазушы, 1989. 27—29-бб.

ДОСПАМБЕТ ЖЫРАУ

(*XVI ғасыр*)

Доспамбет жырау XV ғасырдың 90-жылдарының орта шенінде Азау қаласында туды. Сол кезде Донның төменгі ағысын, Азау маңын мекендеген Кіші орданы билеуші әскери шонжарлар тұқымынан шыққан болашақ жырау заманы мен ортасының талабына сай тамаша тәрбие алып өскен сияқты. Доспамбеттің бүкіл Дешті Қыпшақты жақсы білгені, Стамбұл мен Бақшасарайда да болғаны сахара тұрмысымен қатар, мұсылман кенттерінің жайына да қаныққаны аңғарылады. Өз заманындағы талай әскери жорыққа қатысқан жауынгер жырау туыстас түркі тайпаларының арасындағы көп қырқыстың бірінде, 1523 жылдың бас кезінде Астрахан түбінде қаза табады. Өмірмен қоштасқан сәтінде Доспамбеттің жасы әлі отызға да толмаған еді.

* * *

Қоғалы көлдер, қом сулар
Қоныстар қонған өкінбес.

Арыстандай екі бұтын алпайтып,
Арғымақ мінген өкінбес.
Кілең бұздай кілшейтіп,
Көбелер киген өкінбес.
Жұпарын қардай боратып,
Арулар құшқан өкінбес.
Торы төбел ат мініп,
Той тойлаған өкінбес.
Құрама шапшақ көп қымыз
Құйып ішкен өкінбес.
Екі арыстап жау шапса,
Оқ қылқандай шаншылса,
Қан жусандай егілсе,
Аққан судай төгілсе,
Бетегелі Сарыарқаның бойында
Соғысып өлген өкінбес!

* * *

Қалаға қабылан жаулар тигей ме,
Қабырғадан дұспан жалдап жүргей ме,
Қатарланып, қарланып,
Қайран ер қарт күреңге мінгей ме!
Қабырғадан қараған
Достым менен дұспаным:
“Апырым, ер Доспамбет!” дегей ме!..

* * *

Айналайын Ақ Жайық,
Ат салмай өтер күн қайда,
Еңсесі биік боз орда
Еңкеймей кірер күн қайда,
Қара бұлан терісін
Етік қылар күн қайда,
Күдеріден бау тағып,
Кіреуке киер күн қайда,
Күмбір, күмбір кісінетіп
Күреңді мінер күн қайда,
Толғамалы ақ балта
Толғап ұстар күн қайда,
Алты құлаш ақ найза
Ұсынып шаншар күн қайда,
Садақ толған сайгез оқ

Масағынан өткеріп,
Басын қолға жеткеріп
Созып тартар күн қайда!
Кет-Бұғыдай билерден
Кеңес сұрар күн қайда,
Еділдің бойын ел жайлап,
Шалғынына бие біз байлап,
Орындықтай қара сабадан
Бозбаламен күліп, ойнап,
Қымыз ішер күн қайда!

Бес ғасыр жырлайды. (Құраст.: *Байділдаев М.,
Магауин М.*) 1-том. А., Жазушы, 1989. 30—33-бб.

ШАЛКИІЗ ЖЫРАУ

(1465—1560 жж.)

Қазақ жыраулық поэзиясының атасы — Шалкиіз Тіленшіұлы 1465 жыл шамасында Жайықтың шығыс бетінде дүниеге келді. Жыраудың әкесі, сірә, сахара феодалдарының бірі болса керек, ал шешесі кейін Кіші жүздің ұйытқысы болған, орыс деректерінде Сыртқы орда аталатын ұлыстың өмірі Мұса бидің қызы екен. Болашақ жырау үш айлығында анасынан айырылады да, нағашы әжесінің қолына беріледі. Сөйтіп, Шалкиіздің Дешті Қыпшақ жерін жайлаған түркі руларының бірінен екіншісіне көшкен бір ғасырға жуық сапары жөргектен басталады. Мұсылманша жақсы білім, сахара салтымен тамаша тәрбие алған Шалкиіз қай атырапта өсіп, ер жетті — бұл жағы белгісіз. Тек айдынды аламан ғана емес, арқалы жырау ретінде де даңқы шыққан Шалкиізді 1490 жылдарда Ноғайлы өміршісі Темір бидің төңірегінен көреміз. Шығармаларына қарағанда, осы кезде жырау бірде өміршісінің нөкері қатарында Қырым, Терістік Кавказ, Дон бойын тегіс аралап шығады. Алайда төкаппар жырау Темірмен үнемі жарастық таба бермеген. Темір өлгеннен кейінгі жерде жырау (төрізі, осы уақытқа дейін өзімен қырбай болып жүрген) Мұса ұрпақтарымен қайта табысады. Өз заманындағы саяси күрестердің ешқайсысынан сыртқары қалмаған Шалкиіз Ноғайлыда XVI ғасырдың 40-жылдары басталған Жүсіп пен Исмайылдың әйгілі тартысы кезінде Жүсіп партиясын жақтайды. Алайда, дұшпандары тарапы-

нан қуғынға, достары тарапынан күндеуге ұшыраған жырау көп ұзамай нағашыларымен біржолға араздасып, Қазақ ордасына қайта өтеді. Шалкиіз бір ғасырға жуық жасап, 1560 жылдарда қайтыс болды деп шамаланады.

* * *

Алаштан байтақ озбаса,
Арабыдан атты сайлап мінбен-ді!
Күлікке тастай болып тимесе,
Үстіме көбе сайлап кимен-ді!
Күмістен екі қолтық жоқ болса,
Сыпайышылық сүрмен-ді!
Алғаным ару болмаса,
Алдыма алып сүймен-ді!
Дулығамның төбесі
Туған айдай болмаса,
Батыршылық сүймен-ді!

* * *

Жебелей жебе жүгірген
Ерлердің арғымақтан игі малы болар ма,
Жағаласса жыртылмас
Ерлердің жеңсізден игі тоны болар ма,
Дулығалы бас кескен
Ерлердің алдаспаннан игі қолы болар ма!

* * *

Жапырағы жасыл жаутерек
Жайқалмағы желден-дүр,
Шалулығы белден-дүр,
Төренің кежігуі елден-дүр,
Байлардың мақтанбағы малдан-дүр,
Ақ киіктің шабар жері майдан-дүр,
Кешу кешмек сайдан-дүр,
Батыр болмақ сойдан-дүр,
Жалаңаш барып жауға ти,
Тәңірі өзі біледі,
Ажалымыз қайдан-дүр!

Бес ғасыр жырлайды. (Құраст.: *Байділдаев М.*,
Мағауин М.) 1-том. А., Жазушы, 1989. 35-36-бб.

ЖИЕМБЕТ ЖЫРАУ

(XVII ғасыр)

Жиёмбет жырау XVI ғасырдың соңғы ширегі — XVII ғасырдың алғашқы жартысында өмір сүрген. Алшын руын ежелден билеген ірі феодалдар тұқымынан шыққан. Жиёмбет Еңсегей бойлы Ер Есімнің Кіші жүздегі ел басқарушы биі, әскербасы батыры қызметін атқарады. Есімнің көрші халықтармен арадағы соғыстарына қатысады, ерлігімен, іскерлігімен танылады. Жиёмбет, әсіресе 1620 жылғы ойраттармен арада болған соғыста қазақтардың жауды ойсырата жеңуіне мұрындық болады. 1627 жылы Қазақ ордасы құрамынан бөлініп, өз алдына тәуелсіз хандық құрғысы келген Ташкент ханы Тұрсынның көтерілісін басу кезінде де Жиёмбет елеулі рөл атқарды. Жыраудың інісі Жолымбеттің бір жеңілтек ісін сарайды қорлау деп санаған Есім бұл мәселеге Жиёмбеттің өзін де іліктірді. Жырау ойраттармен шекара шығыс бетке айдалды. Кейбір деректерге қарағанда, Жиёмбет сол айдауда өлді, енді бір деректер бойынша, жырау 1643 жылы Есім хан дүниеден өткен соң, туған жеріне қайтып оралады.

* * *

Өмірің қатты Есім хан,
Бүлік салып бұйырдың,
Басын бер деп батырдың,
Қанын ішіп қанбаққа,
Жанын отқа салмаққа,
Атадан жалғыз мен емес,
Хан ие, ісің жол емес,
Жолбарыстай Жолымбет
Құрбандыққа қол емес.
Жол тосып алып кегіпті
Қалмақтан алмақ сыйынды,
Қаһарыңды басқалы
Қалын елім жиылды.
Бастап келген өзге емес,
Жиёмбет сынды биіңді.
Малын салып алдына,
Өр саладан құйылды,
Он екі ата Байұлы
Бір тәңірге сыйынды.

* * *

Еңсегей бойлы ер Есім,
Есім, сені есірткен
Есіл де менің кеңесім.
Ес білгеннен, Есім хан,
Қолыңа болдым сүйесін,
Қолтығыңа болдым демесін.
Ертеңгі күн болғанда,
Елің кеңес құрғанда,
Айналып ақыр табарға
Есіктегі ебесін,
Сонда ханым не десін,
Мен жоқ болсам, Есім хан,
Ит түрткіні көресің,
Жиёмбет қайда дегенде
Не деп жауап бересің?..
Сіздің естен кеткенмен
Біздің естен кеткен жоқ:
Қалмақтың Бөрі ханы келгенде,
Соқыр бурыл байталға
Сонда бір жайдақ мінгенсің...
Қалмақтың Бөрі ханы келгенде,
Қаланың қасы бүлгенде,
Хандар қалаға қылаған,
Сұлтандар суға сылаған,
Қаз мойынды ханыша
Қалада тұрып жылаған...
Тал шарбаққа мал сақтап,
Тас қалаға жан сақтап,
Тасқан екен мына хан!
Қайырылып хайыр қылғуға
Қылғаның жоқ ұнаған.
Қайратым қанша қайтса да,
Мұныңа, ханым, шыдаман!
Арқаға қарай көшпемін,
Алашыма ұран десермін.

Бес ғасыр жырлайды. (Құраст.: *Байділдаев М.,
Мағауин М.*) 1-том. А., Жазушы, 1989. 51—53-бб.

МАРҒАСҚА ЖЫРАУ

(XVII ғасыр)

Марғасқа жыраудың өмірі мен өнернамасы туралы нақты деректер сақталмаған. Біз тек оның Есім ханның жорық жырауы болғанын, 1627 жылы Тұрсын ханның бүлігін басуға қатысқанын ғана білеміз. Алайда біздің заманымызға жеткен санаулы жыр жолдары оның қазақ поэзиясындағы көне дәстүрді жалғастырушы от тілді, орақ ауызды жырау болғандығын көрсетеді. Марғасқа Есім ханның өмірі мен ерлік істері суреттелетін жеті мың жолдық “Еңсегей бойлы Ер Есім” атты тарихи жырды алғаш жырлаушы деп шамаланады.

* * *

Ей, Қатағанның хан Тұрсын,
Кім арамды ант ұрсын,
Жазықсыз елді еңіретіп,
Жер төңірісіп жатырсың.
Хан емессің, қасқырсың,
Қара албасты басқырсың,
Алтын тақта жатсаң да
Ажалы жеткен пақырсың!
Еңсегей бойлы Ер Есім
Есігінде келіп тұр:
Алғалы тұр жаныңды,
Шашқалы тұр қаныңды!

Бес ғасыр жырлайды. (Құраст.: Байділдаев М.,
Мағауин М.) 1-том. А., Жазушы, 1989. 55-56-бб.

АҚТАМБЕРДІ ЖЫРАУ

(1675—1768 жж.)

Ақтамберді жырау Сарыұлы 1675 жылы Оңтүстік Қазақстанда, Қаратау бойында ауқатты отбасында дүниеге келді. Болашақ жырау жамағайын туысы Бердіке деген батырдың қолында өседі. Ақындық талантын тым ерте, 10-11 жасында танытқан Ақтамберді 17 жасынан бастап қазақтардың Орталық Азия хандықтарымен арадағы соғыстарына қатысады. Өзінің жанкешті ерлігімен, ақыл-айласымен көпке танылады. Талай рет өлім аузынан қалады. Бірде тіпті жортуылда жау қолына түсіп, өлім жазасы

орындалар қарсаңда ғана қашып құтылады. 1723 жылы қазақтар ойраттардан ойсырай жеңіліп, бүкіл Оңтүстік және Шығыс аймақтан айырылған шақта Ақтамберді атақты батыр, Орта жүздің рубасы ақсақалдарының бірі еді.

Батыр жырау өзінің белсенді ісімен де, жалынды жырымен де жоңғарға қарсы күресті ұйымдастырушылардың бел ортасында болды, қазақ жасағының алдыңғы сапында шайқасты. Жоңғар мемлекеті біржола талқандалып, жаудан босаған шығыс бетке қайта қоныстану кезінде Ақтамберді қазақ руларын атамекенге біржола орнықтыру ісінде зор қызмет атқарды. Батыр жырау тоқсан үш жасында, 1768 жылы қайтыс болады. Жыраудың жартылай құлаған күмбезі бұрынғы Семей облысы, Абай ауданы, “Жданов” совхозының шегіндегі Жүрек Жота деген төбенің басында тұр.

* * *

Жағалбай деген ел болар,
Жағалтай деген көл болар,
Жағалтайдың жағасы
Жасыл да байтақ ну болар.
Атадан алтау туғанның
Жүрегiнiң бастары
Алтын менен бу болар.
Атадан жалғыз туғанның
Жүрегiнiң бастары
Сары да жалқын су болар,
Жалғыздық, сені қайтейін!..

* * *

Жел, жел есер, жел есер,
Жекендейін саусылдап.
Ораздының ұлы өсер,
Өрісінде малы өсер,
Ағайыны тел өсер,
Бақыт қонса басына
Жақсылармен тең өсер.
Баласы өсіп жетпесе,
Сөзі көпке өтпесе,
Жал-құйрықсыз жалғыздар
Олай-бұлай боп кетсе,
Әкесі сорлы қор болар.

* * *

Кәрі ақсайды ақылдан,
Ер ақсайды жақыннан,

Қазір әлсіз болсам да,
Үмітім бар ақырдан.
Жасым жетіп он беске
Кірер ме екем кеңеске,
Бұғана қатып, бел бекіп
Ерегескен дұшпанмен
Шығар күн туса күреске!

* * *

Дұшпаннан көрген қорлығым
Сары су болды жүрекке.
Он жетіде құрсанып,
Қылыш ілдім білекке.
Жауға қарай аттандым
Жеткіз деп Құдай тілекке!

* * *

Көк көгершін, көгершін,
Көкқұтан ұшар жем үшін,
Тем, тем үшін, тем үшін,
Тең құрбыдан кем үшін,
Теңкиген қара саба жоғы үшін,
Көк шекпенін бөктеріп,
Ерлер жортар мал үшін,
Тұтам емшек бие үшін,
Қатын-бала қамы үшін,
Әркім өзі талпынбақ,
Басына бітер бағы үшін.

* * *

Салпаң да салпаң жортармын,
Сары азбанға қосымды артармын,
Торлаусыз өскен құланмын,
Мезгілсіз жусап өрермін,
Байраққа біткен құрақпын,
Саусағым жерге түсірмен,
Жапанға біткен терекпін,
Еңсемнен жел соқса да теңселмен,
Қарағайға қарсы біткен бұтақпын
Балталасаң да айырылман,
Сыртым құрыш, жүзім болат,
Тасқа да салсаң майырылман!

Бес ғасыр жырлайды. (Құраст.: Байділдаев М.,
Мағауин М.) 1-том. А., Жазушы, 1989. 57—59-бб..

ТӘТІҚАРА АҚЫН

(XVIII ғасыр)

Тәтіқара Қостанай өңірінде, Сарыкөл маңында туып-өскен. Ақын келдей ортадан шыққан және бір кезде Абылай ханның сүйіктісі болғанына қарамастан, өмір бойы жоқшылық тақсіретінен құтыла алмаған тәрізді. XIX ғасырдың орта шенінде қазақ халқының басынан өткен ұрыс-соғыстарға қатардағы жауынгер ретінде қатысқан Тәтіқара көне заман батырлары, олардың ел қорғаудағы ерлік істері туралы, жұрттың рухын көтеретін үлкенді-кішілі жырлар айтумен қатар, өз жанынан күнделікті әскери өмірге қатысты, жауынгерлерді қиындықтарға мойымауға, ерлікке, күреске үндеген өлеңдер шығарып отырған. Тәтіқара, әсіресе, 1756 жылы қазақ жерінің шегіне кірген Цинь басқыншыларына қарсы күрес күндерінде туған өлеңдері арқылы мәшһүр болады. Біздің заманымызға қарбалас шақтарда, отжалында туған Тәтіқара суырып-салма өлеңдерінің кейбір жұқаналары ғана жетті.

* * *

Қамыстың басы майда, түбі сайда,
Жәнібек Шақшақұлы болат найза,
Алдыңнан су, артыңнан жау қысқанда,
Ер жігіттің ерлігі осындайда.
Бөкейді айт Сағыр менен Дулаттағы,
Деріпсәлі, Маңдайды айт Қыпшақтағы,
Өзге батыр қайтса да бір қайтпайтын
Сары менен Баянды айт Уақтағы.
Ағашта биікті айтсаң, қарағайды айт,
Жігіттік, ерлікті айтсаң, Бөгембайды айт,
Найзасының ұшына жау мінгізген
Еменәлі Керейде ер Жабайды айт.

* * *

Кебеже қарын, кең құрсақ,
Артық туған Абылай,
Көтере көр бұл істі.
Көп қытайдың жылқысы
Тұрымтайдай құнысты.
Жау жағадан алғанда,
Ит етектен алғанда,

Ер Абылай қорыққан жоқ,
Әншейін еңкейе бере жылысты.
Бәсентиін Сырымбет
Оқ жіберіп ұрысты.
Ақыл қалмас қашқанда,
Дегбір қалмас сасқанда,
Баяндай ерді көрмессің
Бұрылып жауды шанышқанда!..

* * *

Кеше тоқыраулы судың бойынан,
Тоқал терек түбінен,
Ніл дарияның басынан,
Құмкент шөрінің қасынан,
Перінің қызы Перизаттан туған,
Қара Мерген атасы,
Сөзімнің жоқ қатасы,
Кеше бұл тұрымтайдай ұл еді-ау,
Түркістанда тұр еді-ау,
Әбілмәмбет ағаңа
Қызметші боп жүрген ұл еді-ау,
Үйсін Төле билердің
Түйесін баққан теріс аяқ құл еді-ау!
Дәл жиырмаға келгенде
Ақ сұңқар күстай түледі,
Азуын тасқа біледі,
Дұшпанға табан тіреді.
Үш жүздің баласы
Ақылдасып, қолдасып,
Хан көтеріп еді,
Үш жүздің баласын.
Бір баласындай көрмеді.
Ат құйрығын сүзіндер,
Аллалап атқа мініңдер,
Хан-талау қылып алыңдар!

* * *

Ассалаумағалейкүм, жайсандар мен қасқалар,
Адам көңілін жоқтық шіркін басқалар,
Түзде жүрсем батырмын,
Үйге келсем пақырмын.
Таңертеңгі ішкен шалап,

Қарында емес, қуықта,
Ажал шіркін алыста емес, жуықта.
Түссендер, міне, қара лашық,
Түспесендер — жолың ашық!..

Бес ғасыр жырлайды. (Құраст.: *Байділдаев М.,
Мағауин М.*) 1-том. А., Жазушы, 1989. 70-71-бб.

ҮМБЕТЕЙ ЖЫРАУ
(1706—1778 жж.)

Үмбетей жырау 1706 жылдар шамасында туған. Болашақ жыраудың әкесі Тілеу — қаһармандық жырларды, ескі аңыздарды, билердің шешендік сөздері мен нақылдарын, жақсы шежіре, сонымен қатар халықтық музыка мұрасына да жетік, дәулескер қобызшы, ел ішінде абыз атанған адам екен. Үмбетейдің өмірдегі, өнердегі мектебі — өз әкесі мен сол іспеттес көненің көздері арқылы дәріс алған. Ақындық қабілеті ерте байқалған Үмбетей өз ауылдастарының, кейде тіпті ағайын-туғандарының теріс істерін әшкерелеген өткір тілді өлендердің авторы ғана емес, ескі этикалық жырлардың білгірі ретінде де танылды. Алайда өзіне көне жырауларды үлгі тұтқан Үмбетей уақыт оза келе философиялық-дидактикалық толғауларға ден қояды. Сырт жаулармен күресте аты шыққан батырларды мадақтау да жырау өнернамасындағы өзекті тақырыптардың біріне айналады. Осындай жырлар Үмбетейді үлкен атақ-даңққа бөлейді.

* * *

Ей, Ақтамберді, Қабанбай!
Суытпа босқа түсінді,
Қайрама онша тісінді,
Сырт тазасы не керек,
Тазарт әуелі ішінді.
Салмақтасаң айта ғой,
Хан алдында күшінді.
Елімді иесіз деймісің,
Ерімді киесіз деймісің,
Алты арысқа білдірмей,
Басып жеймін деймісің?!
Батпан, батпан мінің бар,
Қабынбай бітім қылыңдар.

БЕКБОЛАТ БИГЕ

Мен пайғамбардан бастасам, —
Өңгімеге кетермін,
Едігеден бастасам, —
Ертегіге кетермін.
Келтесінен қайырсам —
Сөз түбіне жетермін.
Енді сізге не дермін:
Бай болмаған бай болса,—
Жайламаған сай қоймас,
Би болмаған би болса,—
Айтылмаған сөз қоймас,
Хан болмаған хан болса—
Қанамаған ел қоймас.
Баласын мақтар бас жаман,
Қатынын мақтар қас жаман.
Алыстағы дұшпаннан,
Андып жүрген дос жаман,
Бір бие бітпей бие болмас,
Бір түйе бітпей түйе болмас,
Өз малын кізнеген,
Кісі малын іздеген,
Түбінде өз малына ие болмас!

ЖАУҚАШАРҒА

Бұрала біткен емендей
Қисық туған адамсың.
Бұл мінез, бұл қылықпен
Қайдан абырой табарсың.
Ындыны жаман жетеуің
Қашты әне жалт беріп,
Қалған мына екеуін
Қольыңа ал ант беріп.

Жол атаң “енем баласы”
Жатырқауды білмейді,
Ортайса да шарасы
Арамдыққа жүрмейді.
Кісіні көрсең есікке,
Жүгіре шық, кешікпе,

Қарсы алмасаң мейманды
Кесір болар несіпке!

БҰҚАРҒА

Үй сыртында ақра тау,
Панасы жоқ болса,
Бұл шіркіннің несі тау.
Кетеген болса — түйең жау,
Тебеген болса — биең жау,
Ұрысқақ болса — ұлың жау,
Керіскек болса — келінің жау.
Үйіндегі ұлың жаман болса,
Есіктегі құлмен тең,
Қойнындағы қатының жаман болса,
Қаңтардағы мұзбен тең,
Кей сорлының қатыны
Күндіз ауру, түнде сау,—
Арқаңа артқан түзбен тең!

Сәл бөгеліп барып:

Жылға сай батпақ болса, өте алмассың,
Жастан шыққан жүйрікке жете алмассың,
Дүниенің жүзінде осы қиын—
Жаман деп өз үйіңнен кете алмассың.
Бөйбішең аю болса, аса алмассың,
Қару болса, әй деуге бата алмассың,
Мейманға оттың басы болса суық,
Еліңе жақсы жігіт атанбассың.
Қосағың қоса ағармас қосақ екен,
Құдайым осылай да қосады екен,
Тоты құс жарқанатқа пенде бопты,
Бұқарым, айтар мінің осы-ақ екен.

Бес ғасыр жырлайды. (Құраст.: *Байділдаев М.,
Мағауин М.*) 1-том. А., Жазушы, 1989. 74-75-бб.

БҰҚАР ЖЫРАУ (1668—1781 жж.)

Қазақ поэзиясының тарихындағы ең соқталы тұлғалардың бірі — Бұқар жырау шамамен 1688 жылы туған. Жыраудың әкесі Қалмақан батыр жеке басының ерлігімен

аты шыққан адам болса керек. Жыраудың қайда оқығаны, қандай өмір мектебінен өткені туралы нақты деректер жоқ. Біз тек оның тым ерте көтеріліп, Тәуке тұсында-ақ хан төңірегіндегі ықпалды билердің бірі болғанын білеміз. Алайда Бұқардың Тәукеден соңғы өміршілермен тіл табыса алмағаны аңғарылады. Жырау кедейшілікке ұрынады. Тұңғыш биограф Мәшһүр Жүсіптің айтуына қарағанда жөне өз шығармаларынан да көрінетіндей, Бұқардың тіпті сауып ішер малы, мініп түсер аты да болмаған. Ал өмірінің соңғы кезеңінде Бұқар арқалы жырау, ақылшы ғана емес, мемлекет істеріне елеулі ықпал етіп отырған қабырғалы биге, өз заманының ұраншысына айналады. Жырау бір ғасырдан астам жасап, 1781 жылы қайтыс болады. Сүйегі Баянауылда, Далба тауының етегінде.

ТІЛЕК

Бірінші тілек тілеңіз,
Бір Аллаға жазбасқа.
Екінші тілек тілеңіз,
Ер шұғыл пасық залымның
Тіліне еріп азбасқа.
Үшінші тілек тілеңіз,
Үшкілсіз көйлек кимеске.
Төртінші тілек тілеңіз,
Төрде төсек тартып жатпасқа.
Бесінші тілек тілеңіз,
Бес уақытта бес намаз
Біреуі қаза қалмасқа.
Алтыншы тілек тілеңіз,
Алпыс басты ақ орда,
Ардақтаған аяулың
Күнінде біреуге
Тегіннен-тегін олжа болмасқа.
Жетінші тілек тілеңіз,
Желкілдеген ту келіп,
Жер қайысқан қол келіп,
Сонан сасып тұрмасқа.
Сегізінші тілек тілеңіз,
Сегіз қиыр шартарап
Жер тұлданып тұрмасқа.
Тоғызыншы тілек тілеңіз,
Төреңіз тақтан таймасқа,
Тоқсандағы қарт бабаң

Топқа жаяу бармасқа.
Оныншы тілек тілеңіз,
Он ай сені көтерген,
Омыртқасы үзілген,
Аязды күнде айналған,
Бұлтты күнде толғанған,
Тар құрсағын кеңіткен,
Тас емшегін жібіткен,
Анаң бір аңырап қалмасқа.
Он бірінші тілек тілеңіз,
Он бармағы қыналы,
Омырауы жұпарлы,
Исі жұпар аңқыған,
Даусы құдай саңқыған,
Назыменен күйдірген,
Құлқыменен сүйдірген,
Ардақтап жүрген бикешің
Жылай да жесір қалмасқа.

* * *

Ел бастау қиын емес,
Қонатын жерден көл табылады.
Қол бастау қиын емес,
Шабатын жерден ел табылады.
Шаршы топта сөз бастаудан қиынды
көргем жоқ.

* * *

Қара құлам жүйрік деп,
Құланы жақтай бермеңіз,
Жебе тисе мерт болар,
Мерт болған соң ет болар.
Жаңғызға зорлық қылмаңыз,
Жағасынан алмаңыз,
Өзіңіздей жақсы сындарға,
Анау деген ат болар.
Қара құла арыса,
Майы қалың бесті артық,
Баласы жоқ қатыннан
Лақтаған ешкі артық.
Жалғыз туған жігіттен
Сырым тікен тал артық,
Жарлы болған жігіттен
Бесіктегі бала артық.

* * *

Ай не болар күннен соң
Күн не болар айдан соң,
Құлпырып тұрған бәйшешек
Қурай болар солған соң.
Хандар киген қамқа тон
Шүберек болар тозған соң,
Еңсесі биік кең сарай
Мортық болар бүлген соң.

Бес ғасыр жырлайды. (Құраст.: *Байділдаев М.,
Мағауин М.*) 1-том. А., Жазушы, 1989. 81—83-бб.

ЖІБЕК ЖОЛЫ

Керуен сауда. Эфталиттер мен Солтүстік Қытай патшалықтарын күйреткеннен кейін, түріктер саяси ғана емес, экономикалық күдіретке де ие болды, өйткені Батыс пен Шығыс қосып жатқан ұлы керуен жолы солардың қолына келіп түседі.

Бұл жолы Чаньаннан басталып, қыраттардан ылдиға түсетін сансыз өзен-бұлақтармен суарылатын толып жатқан алқаптар арқылы Наньшань жоталарын қуалап тарта беретін. Жолдың бұл бөлігі жеңіл еді, бірақ сосын қу мекиен шөлді басып, Хами көгалды аймағына жету, одан асып, Люкчун шұңқыры табанымен Тұрпанға бару оның ең қиын кезеңі саналатын. Осынау екі көгалды аймақ және көршілес бірнеше гүлстан жайлар Гаочан кінәздігін құрайтын, оны өздерінің жаңа отанына әбден үйреніп алған, бір кездегі қытай әскери қоныстанушыларының ұрпақтары мекендейтін.

Гаочаннан бастап жол екіге айырылған. Оның бір тармағы Тянь-Шаньның төскей жоталарын жиектей жүріп, Қарашар, Куш пен Ақсу арқылы Ыстықкөлді жанай отырып, Шу өзені алқабына түсіп, содан Талас алқабы Аспарадан барып бір-ақ шығатын. Жолдың екінші теріскей тармағы да Гаочаннан басталып, Оңтүстік Жоңғарияны жағалап, Үрімші, Манас, Күркіреусу мен Еренқабырға тауы арқылы жүріп барып, Іле өзенінің алқабына түсіп, сосын түстікке қарай тартып, Орталық Азияға бет алатын. Бұлардан басқа тағы бір қиын жол бар-ды, ол Тянь-Шань асуларын асып, Қарашардан Жұлдыз алқабы арқылы Іле аймағынан келіп шығатын, бірақ ол жолмен жұрт өте сирек жүретін.

Орталық Азияда керуендер тыныс алатын. Ең ірі бекет — тасымал орталығының бірі — Пайкент болатын. Жол одан әрі Хорасан арқылы Рей мен Хамаданнан өтіп, Византия бекінісі Несевия (Низив) арқылы Сирия мен Константинопольге қарай кететін. Қытай теңізінен Парсының шекарасына дейін 150 күн жүру керек болатын, ал осы арадан Рим шекарасындағы Низибке дейін тағы 80 күн жүру керек еді.

Сауда-саттық қазандай қайнап жататын және тиімді болатын, бірақ шынайы шаруашылықпен күн көретін халық бұқарасына қызмет етпейтін, тек сән-салтанат жиһаз-мүліктеріне мұқтаж, әлеуметтік сатының биігіндегі бай-бағландарға қызмет ететін. Қытайлар, мәселен, Ираннан тек өз патшайымдары үшін аса қымбат тұратын қас пен көз сүрмелерін алдыратын, сол сияқты Вавилон кілемдері сирек кездесетін мүлік еді. Ақырында, Қытайға Сирияның табиғи да жасанды асыл тастары, Қызыл теңіздің інжу-маржандары, Сирия мен Египеттің маталары, Кіші Азияның есірткі нашалары жеткізілетін. Бірақ сауданың ең маңызды мүлкі — жібек болатын, ол Еуропаға Августың заманынан бері түсіп тұрған. Византияның жібекке деген мұқтаждығы аса зор-тұғын, өйткені ол хан сарайы мен ақсүйектердің қажетіне ғана емес, тұз тағыларымен қарым-қатынаста, мәселен, көмекші әскер жалдаған кезде валюта есебінде пайдаланылатын.

Эфталиттерді талқандағаннан кейін, соғдылар түрік ханының боданына айналады. Олар көптен бері Шығыста да, Батыста да жылпос делдал және көпес ретінде әйгілі болған-ды. Эфталит қожайындарын түріктерге алмастырғаннан олар ұтпаса, ұтылған жоқ, себебі олар Азияның ішкі аймақтарына ешбір кедергісіз және ештеңеден қауіптенбей-ақ бара беретін. Өздерінің басы артық жібектерін сатуға ұмтылған түріктер сияқты, жібекпен сауда жасау ісін мейлінше кеңейтуге соғдылар да мүдделі-тұғын.

Маних деген соғды. Соғды көпестері эфталиттердің күйретілгенін өздерінің баюының басы деп есептеген. Шығында да, Қытайға баратын жол ашық та қауіпсіз болатын, ол түріктердің өздері тонап алған немесе салықтан түскен жібектерін қайда қоярын білмейтін, сол себепті де арадағы дәнекер-делдал бұрын болып көрмеген дәрежеде байып кетеді. Міндет — тек жібекті Византияға жеткізу ғана, бірақ ол жөнінде парсы шахымен келісу керек. Истеми хан өз тарапынан жаңа бодандарының тілегін орындауға

тырысады, себебі бұл оның көңілдес-жақындарының мүдделерімен сәйкес келіп жатқан. Сондықтан да хан Маних деген соғдының өзін Хұсрау Ануширванға, шалымды соғдылар қолында жиналып қалған мол жібек қорын Иран арқылы алып өтуге рұқсат сұрау үшін өкілетті елші етіп жіберу жөніндегі тілегін шын ықыласымен мақұлдайды. Елші тіпті парсы шахынан саудаға қатысу жөнінде, яғни жібекті сатып алып, оны Батысқа апарып қайта сатуға ұсыныс жасайды. Мұндай шараны жүзеге асырған күнде соғдылар тауар бағасы жөнінен аздап шығындалса да, оның айналымын молайтып, пайдаға шаш-етектен кенелер еді.

Әлбетте, парсы үкіметі мұндай мәмілеге көнбес, өйткені бүкіл жібек қорын Византияға өткізіп жіберетін болса, енді бірнеше жылдан кейін Евфрат бойында жалдамалы әскер қара құрымдай қаптап кетер еді, оған тойтарыс беруге күллі Иранның күш-қуаты жетпес еді. Ал жібекті ел ішінде пайдаға асырайын десе, оған Иран жұртының сатып алу қабілетінің төмендігі бөгет болады. Византия императорының Батыс саясатын жүргізу үшін жібек қалай қажет болса, парсы шахы жібекті сатып алып, өзінің шығыс саясатын жүргізуге қажет алтыннан айырылады.

Қытай және керуен жолы. Түріктер мен соғдылар, парсылар мен гректер үшін соншалық пайдалы болған сауда-саттықтан, енді жібектің шығатын көзі — Қытайдың не табатынын байқап көрелік. Еңбекқор қытай шаруалары осынау құнды тауарды өндіргенімен, оны өздері мүлде пайдаланбады десе де болғандай, өйткені алым-салық көп болды және олар ұдайы жиналып отыратын. Жібекке айырбастап алынатын бай жиһаз патша сарайының қажетін қанағаттандырудан артылмайтын және ішкі базарда елеулі рөл атқармайтын. Мұның үстіне олар шетке шығарылатын жібектен едәуір арзан болатын, сол себептен де Қытай үшін бүкіл сауда, тұтас алғанда, зиянды болатын. Бірақ Бэй-Чжоу үкіметі осы жағдайды өзгерте алмады, дұрысы, өзгертуге жүрегі дауаламады, өйткені оның саяси табыстары түгелімен түрік хандарының іс-әрекеттеріне тәуелді болды; Бэй-Ци мен Тогон түріктердің көмегі арқасында ғана талқандалған, ал бұған қоса ол енді Оңтүстік Қытайды бағындыруға тиіс, ал бұл іс тым қамсыз болмаса — мүмкін емес. Сонымен бірге естен шығармайтын бір нәрсе, Бэй-Чжоу өулетінің тегі қанша айтқанмен, қытайдан емес, сәнбиден шыққан және Солтүстік Қытайдың аса ірі жер иелену-

шілеріне айналып, қытайланып кеткен сәнбидің текті дәулетті адамдарына сүйенеді. Баяғы “бұрымды” тобалардың ұрпақтары өздерінің тілі мен әдет-ғұрпын ұмытып кеткенін, байырғы қытайлар үшін олардың “жексұрын жабайылар, өздерін құлдыққа салғандардың жұрағаттары” екенін айтудың қажеті де бола қоймас.

Гумилев Л.Н. Көне түріктер. А., Білім, 1994. 40—43, 49-66.

ОҒЫЗНАМА

...Енді бұ шақта оң жақта Алтын қаған деген бір қаған бар еді. Осы Алтын қаған Оғыз қағанға елші жұмсап жіберді. Көптен-көп алтын, күміс тартып, көптен-көп жақұт сияқты сирек тас, көп асыл жиназдар жинап жіберіп, Оғыз қағанға сый-сияпат берді, аузына қарады. Жақсы бекпен достық қылды. Онымен ынтымақта болды. Сол жағында Ұрұм деген бір қаған бар еді. Осы қағанның шеруі (әскері) қалалары көптен-көп еді. Осы Ұрұм қаған Оғыз қағанның жарлығына көнбей, бағынғысы келмеді. Бұл сөзді қабыл алмаймын деп, жарлыққа мойынсұнбады. Оғыз қаған қаһар шашып, оған қарсы аттанбақ болды. Шерумен аттанып, туларын көтеріп кетті. Қырық күннен соң Мұзтау деген таудың етегіне келді. Шатырларын түсіріп, шоқ болып, ұйып тұрды. Таңертеңгі шақта Оғыз қағанның шатырына күн сияқты бір жарық түсті. Ол жарықтан көк бурыл, көкжал әйдік бір арлан бөрі шықты. Осы бөрі Оғыз қағанға тіл қатып былай деді: “А-а, ай, Оғыз, сен енді Ұрұмға аттанып барасың. А-а, ай, Оғыз, мен алдында жүріп отырамын”, — деді. Тағы одан соң Оғыз қаған шатырын жинатып, жүріп кетті. Шерудің алдында көк бурыл, көкжал бір арлан бөрінің жүріп отырғанын көрді. Ол бөрінің артынан қадағалап жүріп отырды. Бірнеше күндерден соң көк бурыл, көкжал бұл әйдік арлан бөрі тоқтай қалды. Оғыз да шерумен бірге тоқтады. Мұнда Итіл өзені деген бір үлкен өзен бар еді. Итіл өзенінің жағасында бір қара тау маңында ұрыс басталды. Оқпен, сүңгімен, қылышпен шайқасты. Шерулердің араларында көп жойқын ұрыс болды. Ел-жұрттың көңілінде көптен-көп қайғы орнады. Шайқас, ұрыс сондай жаман болды. Итіл өзенінің суы қып-қызыл сіп-сіңгірдей болды. Оғыз қаған жеңді. Ұрұм қаған қашты. Оғыз қаған Ұрұм қағанның

қағандығын алды, ел-жұртын алды. Ордасына өлідей, тірідей көп олжа түсірді. Ұрұм қағанның бір қарындасы (інісі) бар еді, Ұрысбек деген. Ол Ұрысбек ұлын тау басында(ғы) терең өзен ортасында жақсы бекінген қалаға жұмсады. Енді қаланы қорғау керек, — деді.

Оғызнама (Қазақ тіліне аударғандар: Ә.Дербісалиев, М.Жармұхамедов, Ә.Күмісбаев.). А., Ғылым, 1986. 40-41-66.

Йасауи

ДИУАНИ ХИКМЕТ

- 651*. Залымдарды айыптама, залым өзін.
652. Арсыз болсаң өтпейді халыққа сөзің.
653. Дүние малын түгел бердім, тоймас көзің,
654. Сараңдарды қараңғыға жаптым, міне.
679. Тарихат жолы қатты, телміріп көзім талды,
680. Басым қатты, Пірмұған құяр балды.
681. Пір етегін тұттым көңілде шырақ жанды,
682. Рәсуә болып жол кезіп жүрдім, міне.
683. Тарихтың жолы болар ауыр азап,
684. Бұл жолда талай ғашық болды топырақ.
685. Ғашық жолына кім түссе халі хараб,
686. Жарандардан жол мәнісін білдім, міне.
735. Бір күні жетіп ажал уақыты жуық келсе,
736. Саған, маған асыл Отан үкім етсе.
737. Өлмей тұрып жан ашуы азабын тартса,
738. Қай бетіммен хазіретке барам, міне.
739. Сырлас болған серіктерің тозып кетті,
740. Дау-дамаймен о дүниеге озып кетті.
741. Жарға соққан дариядай тасып кетті,
742. Қай бетіммен хазіретке барам, міне.
743. О, құдірет, күндіз-түні қылмай тағат,
744. Хақ расул үмбет үшін жемей нығмет.
745. Ішпек-жемек нәсібі—қайғы-қасірет,
746. Қай бетіммен хазіретке барам, міне.
763. Дүние боқ соңыңнан итше жорттым,
764. Іздеп оны артынан күн-түн құдым.
765. Өмірін тұтпай хақ жолына көзім жұмдым,
766. Қайда барам, иә, достар, қайтем, міне?

* Өлең жолдарының тұсындағы сандар Қ.А.Йасауи шығармасының “Өлеуметтік философия” хрестоматиясындағы орналасу ретін білдіреді — (Құраст.)

767. Нәпсі шайтан тұтқын қылды адам ұлын,
768. Түйедей ғып байлап алды екі қолын.
769. Білмеудің несі қиын оң мен солын,
770. Уа, дариға, қасірет шегіп барам, міне.
771. Дүниеде жоқ мендей бір сұм мен бәле,
772. Болмады риза Құдай мен халық және.
773. Енді болды ақырында жүзім қара,
774. Уа, құдірет, неге солай болдым, міне?
775. Құрметтеген ғазіз жанды білмедім мен,
776. Ашық көңіл әзірсің деп тұрмадым мен.
777. Қара жүзім құдіретіңе бұрмадым мен,
778. Иә, раббым, не қылсаң да келдім, міне.
783. Ей, достар, наданменен жолдас болып,
784. Бауырым күйіп, жаннан тойып, өлдім, міне.
785. Тура айтсам да теріс жолға мойнын бұрар,
786. Қан жұтып қасірет уына тойдым, міне.
787. Наданменен өткен өмірің тозақ болар,
788. Надан барса тозақ та одан қашар.
789. Наданменен тозаққа қылма сапар,
790. Наданмен қазан айындай солдым, міне.
935. Мүсәпірлік басқа түссе жетіледі піспегендер,
936. Дана қылар, мықты қылар өмір жолынан өтпегенді.
937. Тапса тағам, кір тон киер жетпегеннен,
938. Соның үшін Түркістанға келдім, міне.
939. Ғаріптікте жүз болсын тұрар мейман
940. Тақ пен бақтың бақшасы да болар зындан.
941. Ғаріптікте құл болған Махмұт сұлтан,
942. Ей, жарандар, кезбеліктен күйдім, міне.
1203. Ел, дүние, халқымызда қайырым жоқ,
1204. Патша менен уәзірлерде әділет жоқ.
1205. Дәруіштердің дұғасында қасиет жоқ,
1206. Түрлі бәле халық үстінде жауды, достар.
1207. Ақырзаман ғалымы зальым болды,
1208. Ізгі тілегін үзбеген ғалым болды.
1209. Алланы айтқан дәруіштің жолы болды,
1210. Ғажап сұмдық замана болды, достар.
1211. Қиямет күн жақындады, қалғаны жоқ,
1212. Құл Ахмет сөзінде жалғаны жоқ.
1213. Өзін-өзі көтеріп мақтаған жоқ,
1214. Насихатын халыққа айтып кетті, достар.
1307. Пасық, зұлым басқан жері таза болмас,
1308. Ораза, намаз қаза қылып, масуақ салмас.
1309. Расулалла сүндеттерін көзіне ілмес,

1310. Күннен-күнге күнелары артар, достар.
 1311. Дүниеқорлар малын көріп мақтан қылар,
 1312. Менмендіктен ол Құдайға күпір болар.
 1313. Өлер кезде ол иманнан жүрдай болар,
 1314. Жан берерде қасірет шегіп кетер, достар.
 1315. Дүниеқоңыз мал жиғанды көзбен көрдім,
 1316. Өлер кезде қалайсың деп жақын келдім.
 1317. Шайтан айтты: иманына қолым салдым,
 1318. Жан шығарда жылай-жылай кетер, достар.
 1331. Ақиқаттың дариясына шомған кісі,
 1332. Өзі мұңлық, көңілі сынық, көзде жасы.
 1333. Қорлық, зарлық, машақат қой дәйім ісі,
 1334. Дидарына ынтызар боп табар, достар.
 1335. Шындыққа ғашықтардың нәпсісі өлі,
 1336. Үш жүз алпыс төрт, жүз қырық төрт сопы,
 1337. Сөзі төтті, мінез-кұлқы жүз мың түрлі,
 1338. Бұ дүниені соқыр тиынға сатар, достар.
 1339. Білгір ғашық болам десең азап тартқыл,
 1463. Сауық-сайран құрғандарға дүние харам,
 1464. Ел-жұрт, дүние-мүліктен кешті тамам.
 1465. Таң сәріден хаққа сиынып жылар дәйім,
 1466. Одан кейін сауық-сайран салды, достар.
 1467. Сауық-сайран құрған ғашық өзін білмес,
 1468. Ессіз жүріп дүние малын қолға алмас.
 1469. Жүз мың адам тақсыр десе мақтана алмас,
 1470. Дүние теуіп, сауық-сайран салды, достар.
 1471. Дүние таппай сауық-сайран құрған адам,
 1472. Хақты айтпай хақ жолынан сыртта қалған.
 1473. Дәруішпін дер дүниеқоңыз жаны жалған,
 1474. Дүние үшін сауық-сайран құрды достар.

Өлеуметтік философия. Хрестоматия. (Йасауи Қ. А.
 Диуани Хикмет.) Ақыл кітабы. А., 1997. 194—197-бб.

ЖҮСПІ БАЛАСАҒҰНИ

- 3468*. Бұл дүние сені өзіне қатты қызықтырады.
 Саған барлық айыбы тамаша болып көрінеді.
 3469. Сен оған таңырқама. Нақыл бар:
 “Қайсы нәрсе сүйікті болса, айыбы да сүйікті”.

* Өлең жолдарының тұсындағы сандар Ж. Баласағұни шығармасының “Ежелгі дәуір әдебиеті” кітабындағы орналасу ретін білдіреді — (Құраст.)

3470. Дүние сүйікті болғаны үшін бүкіл айыбы
Саған игілік болып көрінеді, ей, елден
асқан қымбаттым!
3471. Бұл (дүниені) сүйген кісі не дейді, тыңда.
Сүйгенге сүйіктісінің айыбы — игіліктің алды.
3472. Сүюшінің нышаны бұл: көрініп тұрған
Сүйіктінің айыбы игілік болып (есептеледі),
ей, ардақтым.
3473. Өзіңнің дүниені сүйгеніңнің белгісі бұл
Қанша айыбын (көрсен де), көңілің игілікке
санап тұрады.
3474. Маған бұл дүниені не үшін мақтайсың?
Мен саған оның айыбын айтып берейін.
3475. Атамыз (күнә жасап) жазып еді, құдай қинады
Ерікті жаратушы бұл дүниені түнек қылды.
3476. Түнекті не үшін тілеп-қалайсың?
Құт-береке, тілегенің жұмақ ішінде (емес пе?!)
3477. Алла тілекші құлын озық етейін десе,
Оған дүние бермейді. (Сөйтіп) жолын тазартады.
3478. Бұл дүниенің бақыты ізгі емес,
Алладан алыстатады, жұтады.
3479. (Адам) байыса, көрмейсің бе, халықтың төбесінен
қарайды.
Кедей болса, көңіліне кішіпейілділік енеді.
3480. Құдай мен деуші — кісінің есуасы,
Дүниені тілеп алды, ит тәрізді өлді.
3481. Көрмейсің бе, адам жалаңаш туады, жалаңаш
көміледі.
Дүние жинау не үшін керек? Қайта тастап
кеткен соң.
3482. Ей, өлетін (пенде), сен несіне алданадың,
Өзің екі күндік қонақ бола отырып.
3483. Тірілердің өлуге жаратылғанын білесің.
Өз уақытын бағып, (өне) өлім күтіп тұр.
3484. Дүние қақпасын ашты. Тағы бір қақпа —
Өлім қақпасы ашылды. (Оған) барша халық
кіреді.
3485. Өзің екі күндік жалған үшін
Көріп тұрып жаныңды (отқа) күштеп күйдірме!
3486. Баянсыз дүние опасыз бақытымен айналып тұр.
Нені берсе, (соны) тез қайтып алады.

3487. Тіршілік береді, көрмейсің бе, (берген)
затын қайта жейді.
Күн сайын басқа бір үнмен өзіне шақырып
тұрады.
3488. Көре білсең, дүние көлеңке төрізді,
Іздесең қашады, қашсаң сені іздейді.
3489. Мынаған мегзейді, енді байқап көр, бұл сөзді
Мұның мағынасын түсін, ей, көңілі түзу (кісі).
3490. Кім іздесе, бұл дүние қашады.
Және қашсаң, кейін сені қуады.
3491. Және де дінге өш бұл дүниенің заты
Озбыр дүние дінді жейді, байқап көр, мұны.
3492. Бұл дүние безеніп, өзін (жақсы) көрсетеді.
Жасанған келін сияқты, өзіне желіктіреді.
3493. Бұл қартаң жүзді (шырайлығы) көңіл бере қойсаң,
Жағаңды ұстайды. Күнде (құлағыңнан) сөзі
кетпейді.
3494. Және де ісі баянсыз, мінезі опасыз,
Бегіменен толық үш ай (да) тұра алмайды.
3495. Кімде-кім дүниеге көңіл байласа,
Тіршілігі оған ауыр тауқымет әкеледі.
3496. Шын тіршілік нәзік қыз сияқты,
Оны жаман іске қосуға болмайды.
3497. Барлық ізгі (нәрсеге) байқап көр, тіршілік — сын.
Оны сен жиіркенішті етпегін, ей, батырым.
3498. Бұл дүние мүлкінде үш (сипаттан) басқа жоқ,
Тегінде адал, яки шүбелі, яки арам.
3499. Бұл дүние сүйіндірсе, ақырын көр, сүргінге
ұшыратады.
Мал-мүлкімен қызықтырып, тез абыройсыздық
әкеледі...
3588. Өгдүлмиш жауап берді, айтты: “Бұл сөзіңді
Түсіндім. Сен (дұрыс) айттың, ей, бақытты жан.
3589. Бұл дүниенің жағдайы қанша солай болса да,
Тіршілік жолын өзіңе ащы етпе.
3590. Бұл кең дүниені өзіңе қолдан жасап тар етпе.
Күнәлі құлына Алланың өз шапағаты бар.

Ежелгі дәуір әдебиеті. А., Ана тілі, 1991. 108-109-бб.

ДҮНИЕНІҢ ӨЗГЕРІШ ТҮРАТЫНЫ ЖАЙЫНДА

- Бұ дүние — бір керуен сарай-ды,
Кететіндер түсіп, содан тарайды:
Алғы тізбек көшіп ұзап кеткенде,
180*. Келіп түскен соңы соған қарайды.
Зыр жүгіріп қу дүние қуамыз,
Ашкөзденіп, пайданы ойлап туамыз.
Келсе байлық — өсер, тасар, баз кешер,
Бір күндері болып қалар қу аңыз.
185. Мал көздеме, ойлама аздың тақ-тұғын,
Бүтін киім, ойла тамақ тоқтығын.
Бай-кедейлік бір Алланың ісі ғой,
Деме “кемдік” пайда, мүлік жоқтығын.
Дүниеде ішіп-жеген, бір киген
190. Басқасы — әуре, қасы-көзі кіртиген.
“Егінжай” деп дүниені еңбек ет —
Депті Расул бұл да — ақыл ғой бір түйген.
Құр күйбеңі бұ жалғанның ез етер,
Шадыман шақ ескен желдей тез өтер.
195. Жас қартайып, жаңа ескіріп, күш қайтып,
Қуатты бел бүгілетін кез жетер.
Бүгін барың ертең жоқ қой жалғанда,
Игілігің әлдекімге қалғанда.
Көрікті өңір көмір болып өшеді,
200. Түгел тасып төгіледі толған да.
Қанша ел болып халқы жатқан сыйыспай,
Бәрі кетті, жері қалды қуыстай.
Қанша дана, қанша болды философ —
Мыңнан бірі қалды ма бір уыстай.
205. Күлім қағар бұл дүние, ым жасар,
Өз қолымен балын беріп, у қосар.
Ең әуелі бал жегізіп дәндетіп,
Іле-шала сол тостақпен зәр тосар.
Тәтті жесең — бар ащыға сол кеніш,
210. Бір рақат әкеледі он реніш.
Ей, үміткер, оңай келер олжадан,

* Өлең жолдарының тұсындағы сандар А.Йүгінеки шығармасының “Әлеуметтік философия” хрестоматиясындағы орналасу ретін білдіреді — (Құраст.)

Қашан айтты бұл дүние “ал сен іш!”
Сұр жыландай дүние алдап-суларды,
Сырты жылтыр, ішінде оның у бар-ды.
215. Жылан жұмсақ, пейілі — зұлым, арам, лас,
Сенбе, алыс жүр, құрт осындай құларды.
Сырт қараса, бұл дүние тәтті аса,
Мың бәле бар ішкі сырын қаттаса,
Нағыз басы сол болады қатенің ...

Әлеуметтік философия. Хрестоматия.
Ақиқат сыйы. А., 1997. 96—98-бб.

әл-Фараби

МӨДЕНИЕТ ЖӘНЕ АДАМГЕРШІЛІК

Біздің жақсы ақыл-парасат туралы айтқанымыз жөн. Алдымен біз жақсы ақыл-парасат туралы әңгіме етеміз, ал содан кейін жақсы ақыл-парасатқа жетудің әдісі туралы сөз етеміз. Адамның білуіне тиісті барлық нәрселерді ол жақсы ақыл-парасат арқылы таниды, біледі, — деймін мен. Ақыл-парасаттың екі түрі болады: бірінші түріне тән қасиет тек білу ғана, бірақ әрекет бұған тән емес. Мысалы, біз дүние жаратылған деп, Алла-тағала — біреу деп білеміз немесе сезім арқылы қабылданатын көп нәрселердің себептері туралы білеміз. Екіншісінің қасиеті білу және әрекет ету болып табылады. Мысалы, ата-ананың сүйіспеншілігі жақсы қасиет, сатқындық — жаман (қасиет), әділеттік — жақсы (қасиет), немесе, мысалы, медицина денсаулыққа жеткізеді. Білім мен әрекет тән болған (түрі) — ақырына дейін жеткізіліп аяқтаушы әрекет. Егер бұл нәрселерді білудің қасында әрекет болмаса, онда ол білімде негіз жоқ, мақсат жоқ. Ал (ақыл-парасаттың) білім бар да, әрекет жоқ болатын (түрі) тек білімде ғана ақырына дейін жеткізіліп аяқталады. Осы екі түрдің әрбіреуі қайсыбір өнерлерді қамтиды.

Тек қана білім тән болатын, ақыл-парасат (түрі) әрекет үстінде жүзеге асыруға емес, танып-білуге жағдай туғызатын өнерлер арқылы ғана сол білімге ие болады.

Ал білім мен әрекет тән болатын ақыл-парасаттың (түрі) басқа да өнерлерге ие болады... Мұның бірінші түрі арқылы біз тек ғылыммен танысамыз. Екінші түрі арқылы біз не істеуге болатынын және соны істеуге қабілетіміздің бары-жоғын білеміз.

Не істеу (керек екені) және соған қабілетіміздің бары-жоғы жөнінде біліп алуымызға жағдай туғызатын өнердің екі түрі бар. Мұның бірінші түріне адамның қалаларда пайдаланатын өнері жатады; мысалы: медицина, сауда, егіншілік және өнердің осы сияқты түрлері. Екінші түріне жататындар — адам өзінің жүріс-тұрысында пайдаланатын өнерлер. Бұл — ең абзалы. Осының арқасында ізгі және адал әрекеттер ашылады. Осы үш өнердің үшеуі де белгілі бір адамшылыққа тән мақсаттарды көздейді, яғни ол адамға тән мақсатқа ие болады.

Адам мақсатының үш түрі болады: жағымды, пайдалы және тамаша түрлері. Пайдалы мақсат не ұнамды, не тамаша болып келеді. Қалаларда бар өнерлерде пайдалы мақсат бар. Ол жүріс-тұрысты сипаттайтын (өнерлер) және сауда жүргізуде қабілеттілікті көрсететін өнердің көздеген мақсаты тамаша, өйткені адам осылардың жәрдемімен білім алады және шынайы ақиқатқа жетеді. Ақиқатты білу және шынайы білім — бұл сөзсіз тамаша нәрсе. Барлық өнер атаулының мақсаты не тамаша, не пайдалы мақсат.

Демек, өнер екі түрге бөлінеді; біреуінің мақсаты — тамаша көркемдікке ие болу, екіншісінің мақсаты — пайдаға ие болу.

Тек тамаша көркемдікке жетуді мақсат ететін өнер *философия* деп немесе, абсолюттік мағынада айтқанда, *даналық* деп аталады.

Мақсаты пайда көру болып табылатын өнерде, абсолюттік мағынада айтқанда, даналық деген атқа лайықты ештеңе де жоқ. Бұл өнерлердің қайсыбірін, философияға ұқсатып, кейде осылай да атап жүреді. Көркемдіктің екі түрі, атап айтқанда, тек білім және білім мен әрекет болғандықтан, философия өнері де екі түрге бөлінеді: мұның бір түрі арқылы дүниеде бар заттарды, адам әрекеті дарымайтын заттарды танып, сол туралы білім аламыз. Тамаша көркемдікті жасау қабілеті, атап айтқанда, дәл осы екіншісінде болады. Бұл өзі практикалық және азаматтық философия деп аталады.

Теориялық философия ғылымдардың үш түрін қамтиды: 1) математика; 2) физика; 3) метафизика. Ғылымның осы үш түрінің әрбіреуі тек тануға жататын дүниедегі заттардың қайсыбір түрін қамтиды. Осы үш ғылымның әрқайсысы қамтитын дүниедегі заттардың әрбір түрін бұл арада егжей-тегжейлі қарастырып жатудың қажеті жоқ. Математикаға арифметика, геометрия және астрономия кіреді.

Азаматтық философия екі түрге бөлінеді. Оның біреуі арқылы жақсы әрекеттерді тудыратын және осы әрекеттердің себептерін (анықтау) қабілетін тудыратын жақсы әрекеттер мен мінез-құлықтарды танимыз. Осының арқасында тамаша нәрселер өзіміздің қасиетімізге айналады. Бұл (түр) — этикалық өнер деп аталады.

Екінші (түрі) қағидаларды, қағидалар дегенде, қалалар тұрғындары сол арқылы тамаша көркемдікке және сол көркемдікке ие болу, оны сақтай білу қабілетіне жететін қағидаларды біліп алуды қамтиды. Бұл түр — саяси философия деп аталады.

Философия өнері тарауларының жиынтығы осылай. Бізге тамаша көркемдік тән болған күнде ғана біз бақытқа жететін болғандығымыздан, ал тамаша көркемдік философия өнерінің арқасында ғана бізге тән болатын болғандықтан, осыдан лажсыз туатын қорытынды, атап айтқанда, біз философияның арқасында бақытқа жетеміз. Оны біз жақсы ақыл-парасат арқылы меңгереміз.

* * *

Адам өмір сүре бастағаннан-ақ жаратылысында болатын оның бойындағы қабілетке келетін болсақ, бұл қабілетке адам жүре келе ие бола алмайды. Ал енді адамдағы басқа күйді алатын болсақ, бұл күйге адам тек жүре келе ие болады. Бұл күй екі түрге бөлінеді: осы күйдің біреуінің арқасында адамда не тек қана жақсы ақыл-парасат немесе тек қана жаман ақыл-парасат болады, ал екіншісінің арқасында не тек қана жағымды әрекеттер мен жан аффектілері немесе тек қана жағымсыз әрекеттер мен жан аффектілері болады.

Жағымды немесе жағымсыз ақыл-парасат тудыратын күйдің түрі тағы да екіге бөлінеді. Оның біреуінің арқасында жағымды ақыл-парасат туады және мұның өзі ақыл күші деп аталады, екінші түрінің арқасында жағымсыз ақыл-парасат туады, бұл ақыл кемдігі және кешелік деп аталады.

Жағымды немесе жағымсыз әрекеттер мен жан аффектілерін тудыратын күйдің түрін мінез-құлық деп атайды. Мінез-құлықтың арқасында адам жағымды да, жағымсыз да әрекеттер жасайды.

Адамды бақытқа жеткізетін әрекеттер мен ақыл-парасат жоғарыдағы шарттарға байланысты болғандықтан, ал мұның бірі барлық жерде де әр кезде де болуға тиісті нәрсе болып табылатын болғандықтан, нақ сол кезде және сол

жағдайларда осы әрекеттер мен осы ақыл-парасатты тудыратын тағы да бірденелер қалай да болуға тиісті; бұған екі жағдайдың бірі тән; адам осының арқасында жағымды әрекеттер мен жағымды ақыл-парасатты барлық жағдайда да тұрақты ете алады. Адамның туа біткен қасиетіне екі жағдайдың екеуі де тән болады, ал осының артынан жүребара бойға даритын қабілет пайда болады, бұған осы жағдайлардың біреуі ғана — әрекеттер мен жан аффектісін тудыратын жағдай ғана тән. Мүмкін, тек осылардың арқасында ғана бізде бақытқа жеткізбей қоймайтын жағымды мінез-құлық пен жағымды ақыл-парасат пайда болатын шығар. Осылардың арқасында бақытқа жетуіміз үшін ақыл-күшіміз еш уақыт жоғалмайтын немесе оңайлықпен жоғалмайтын бойға біткен қасиетімізге айналады.

Жағымды мінез-құлық пен ақыл-күші болып, екеуі біріккенде — бұлар адамшылық қасиеттер болып табылады, қасиеттер дегенде біз әрбір нәрсенің игілікті жағы, соның өзінің және оның әрекеттерінің абзалдығында және жетілгендігінде деген мағынада айтамыз. Егер осы екеуі (жақсы мінез-құлық пен ақыл-күші) бірдей болып келсе, біз өз бойымыздан және өз әрекеттерімізден абзалдық пен жетілгендікті табамыз және осы екеуінің арқасында біз ізгі, игілікті және қайырымды адам боламыз: біздің өмір бейнеміз қайырымды, ал мінез-құлқымыз мақтаулы болады.

Енді біз жақсы мінез-құлықтың қалайша біздің қасиетімізге айналатынын қарастырамыз. Содан кейін дұрыс қабылдау күші ненің арқасында біздің қасиетімізге айналатынын қарастыруға көшеміз. Қасиет деп мен ешқашан жоғалмайтын немесе қиындықпен жоғалатын қасиетті айтып отырмын.

Біз мінез-құлық сапаларының жағымдысы да, жағымсызы да жүребара пайда болады дейміз. Адамда қалыптасқан мінез-құлық болмаса, онда ол жағымды немесе жағымсыз мінез-құлыққа тап болғанда, қарама-қарсы мінез-құлыққа өз еркімен көшіп кетуі мүмкін.

Әлеуметтік философия. Хрестоматия. (әл-Фараби. *Әлеуметтік-этикалық трактаттар.*) Ақиқат сыйы. А., 1997. 180—185-бб.

КҮЛТЕГІН ЕСКЕРТКІШІ

Күлтегінің үлкен жазуы екі тақырыптық баяндаудан: 550 жылдан бастап 718 жылға дейінгі түріктер тарихынан және Күлтегінге арналған некрологтан тұрады. Баяндау

Білгеханның өзінің атынан айтылады, бірақ оны ең дұрысы Иоллығ-тегін жазған. Идеологиясы жағынан алғанда үлкен және кіші жазулардың мағыналары бір тектес.

Бірінші баяндау дүниенің жаратылуынан басталады; сонан соң алғашқы хандардың сіңірген еңбектері мен Бірінші қағанаттың құлауы жөніндегі еске түсіру кетеді. Түріктерді Тан империясына бағындыру тарихы мейлінше қысқа, бірақ айқын айтып берілген және бір сөйлеммен Фунян көтерілісі жайында еске салынған. Осыдан кейін құтқарушы Ілгеріхан көрінеді; автор оған деген мақтау сөздерін аямайды. Қапаған ханның соғыстарына тым аз көңіл бөлінген. Ал бұдан соң “қағанға байланысты опасыздық” жасаған, сөйтіп, оның “ұшып кетуіне”, яғни өлуіне кінәлі болған халыққа ақыл айту орын алады. Мәтін Білгеханның өзінің сіңірген еңбектерін (әскери жағынан гөрі, ішкі құрылым саласындағы) әңгімелеумен біткен. Тағы да 720 жылғы соғыс туралы бір ауыз сөз айтылмаған. Сондықтан мәтін 720 жылға дейін құрастырылған деп есептеу керек. Бірақ онда жаулардың қатарында қидандар мен татаптар еске алынғандықтан, үлкен жазу кіші жазудан және Тоныкөк жазуларынан соң бір жылдан кейін, яғни 718-719 жылдары жазылған-ау деп ойлауға болады.

Сонымен бірге жазуларда VIII ғасырдағы түріктер мәдениетін біздің көз алдымызға елестететін көптеген мәліметтер бар. Олардың діні, тарихтық және географиялық танымы, олардың идеалдары, ұстанымдары, ең ақырында, жауынгерлік әдіс-тәсілі мен оны ұйымдастыру жүйесі жазуларда қытай мәліметтерінен асып түсетіндей жеткілікті бейнеленген. Жазуларды құрастыру кезінде қандай да бір жайттар жалпыға мәлім әрі талас тудырмайтын болғандықтан, олар жайында әңгіме барысында еске салынады да, сол арқылы деректерді әдейі бұрмалаушылыққа жол берілмейді. Бұларға сенуге болады, сондай-ақ жазулар негізінде түріктер мәдениеті мен идеологиясының очеркін құрастыру қиын емес.

Гумилев Л. Көне түріктер. А., Білім, 1994. 34—36-бб.

ДІН ЖОЛДАРЫ

Жібек жолымен діни сенімдер де таратылды, ал әр алуан дін уағызшылары (миссионерлер) өздерінің діндерін теңіздің арғы бетіндегі елдерге де ала барды. Үндіден Орталық Азия мен Шығыс Түркістан арқылы будда діні, ал Сириядан, Иран мен Арабтан әуелі христиан діні, артынша ислам діні таратылды.

Зерттеушілердің пікірлеріне қарағанда, будда діні Қытайға Үндіден Орталық Азия арқылы енген. Бұл діни ағым біздің дәуірімізге дейінгі I ғасырдың орта шенінде тараған. Шығыс Түркістан мен Қытайда будда дінінің таралуына орта-азиялық діни хадисшілер мен дін уағыздаушылар, әсіресе соғдылар мен парфияндар, қаңлылар маңызды рөл атқарды. Шамасы Шығыстағы Қушан мемлекетінің саяси мақсаттары әсер еткен болуы керек, будда діні біздің дәуіріміздің II—III ғасырларында өте белсенді түрде таралды.

Ерте орта ғасыр дәуірінде будда дінін тарату міндетін, негізінен, соғдылық діни уағызшылар атқарды. Будда дінінің Орталық Азияға таралуында да, тұтастай алғанда, осы соғдылықтар маңызды жұмыстар жүргізді. “Бодисатва” сөзі орта парсы, ұйғыр тілдеріне соғды тілінен енді. Шығыс Түркістанның будда дініндегі түркі сөз тіркестеріндегі терминдерге талдау жасап көргенде, олардың соғдылардың аралық дәнекерлігі арқылы алыс-берістен туған сөздер екені көрінеді. Жапонияның Нара қаласындағы будда шіркеуі Кареджиден соғды жазуы табылған. Будда ескерткіштері Жібек жолының Орталық Азияның қиып өтетін күретамырларында тұрған қалалардың көпшілігінен табылған. Қаратөбедегі Термезден I—III ғасырларда салынған будда сопыханасы (монастырь) көп жылдардан бері қазылып жатыр. Соғдының Санзар алқабында жеке басқа (дінге) табыну ғимараты болған. Мервтегі ескі қираған Гуяр қаласынан да будда ескерткіштері ашылды. Будда мозалының төбесі тегіс жабылған. Оның шығыс жағындағы қақпа бетіне тұрғын және шаруашылық жайлары орналасқан. Олардың құрамында төрт бұрышты жобамен салынған шағын шіркеу бар. Дәліздің ұзына бойы қабырғасына орнатылған тастабандар мен суфаларға монументті мүсін салынған. Ғимаратқа кіреберістің екі жағында қосқатар баспалдақты тұғыр-тастар болғанға, ал олардың үстінде аяғын еденге түсіріп жіберіп отырған Будда мүсіндері болғанға ұқсайды. Ғибадатхананың еденінен Будданың суреті бейнеленген, алтын жалатқан икон жапсырмасы табылды.

Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу қалаларында VII—VIII ғасырларда несториандық діни ілім кең етек алды. Көптеген қалаларда христиан шіркеулері болды. Шамасы, христиан дінін түрік патриархы Тимофей (780—819) кезінде, сірә, қарлұқ жабғысы арқылы қабылдаған болса керек. Өйткені IX—X ғасырлар қарсаңында қарлұқтар айрықша көп аймақтарды өз билігіне қаратып, Тараз бен Меркеде христиан

шіркеулері жұмыс істеді. Сырдария бойындағы қалаларда да христиандар тұрды.

Іле алқабындағы Қаялықта өздерінің шіркеуі, сондай-ақ өз қонысы болған христиандар жайлы Вильгельм Рубрук хабарлайды. XIV ғасырда Ыстықкөл жағасында әулие Матвейдің денесі шірімей сақталған христиан софыханасы (монастырь) болғаны мәлім.

Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан қалаларынан несториандарға байланысты табылған олжалар жазба ескерткіштердегі мәліметтердің анықтығын жеткілікті түрде айқындай түседі. Бұған ескі Ақ-Бөшім қаласы жұртынан аршып алынған христиан шіркеуінің қалдықтары жатады. Оның құрылысы тең төрт бұрышты жобамен салынып, төбесі күмбезбен жабылған, тік бұрышты ауласы бар.

Жамуқат және Навақат қалаларындағы мазарлар кешенін қазған кезде күміс, қола крестерімен қоса жерленген христиандар бейіттері табылды. Ал Красная Речка (Қызыл өзен) атты ескі қала жұртынан кездейсоқ нефрит кресі табылғаны да белгілі. Қираған ескі Төрткөлтөбе қаласынан табылып, Шараб қаласында жасалған деп ұйғаруға келетін тас келі Шымкент қаласы музейінде сақтаулы тұр. Онда христиан таңбалары — крест пен көгершін бейнеленген.

Байпақов К., Нұржанов А. Ұлы Жібек жолы және ортағасырлық Қазақстан. А., Қазақстан, 1992. 30—35-бб.

АРУАҚТАР НЕМЕСЕ ОНҒОНДАР — ӨЛГЕН АТА-БАБАЛАРДЫҢ РҰХЫ

“Сыртқы әлем — ол табиғат, ішкі әлем — ол адамның мәңгі жасайтын рухы, осы екі ұғымның құбылысы — кесәпат сеніміндегілер идеясының қайнар көзі”, — дейді Банзаров. Сыртқы әлем — күн, ай, жұлдыздар мен жер — алғашқы нанымның күдіретті күштері деп саналса; осындай негізгі нанымдарға қоса жанама — көмекші нанымдар да: тау, өзен-су, т. б. болды. Сонымен, шамандық жаратылысты күдіретті күш деп таныды. Аспан — көк төңірі күдіреті деп бейнеленгенімен, Құдай — Алла дәрежесінде емес еді. Адам көкке, күн мен айға өзінің үстінен басқарып тұрған күш есебінде табынғанымен, оның әсерін мойындамауға болмайды, жарық дүниедегі олардың үстемдігі адам баласы туғаннан өлгенге дейін-ақ деп түсінді. Адам табиғаттың аясында ғана дүниеге келіп — туып, соның ғажап, тосын қаһарынан өледі. Өлген

сәттен бастап жаратылыс пен табиғаттың үстемдігі кілт үзіліп, оның өзі аруаққа — онгонға, барлық күдіретті күштерден тәуелсіз кейіпке айналады. Өлген адамның о дүниедегі хал-ахуалы жерлегендегі, жерлегеннен соңғы ырым-жоралардың салт-санаға тән, бұзылмай орындалуына байланысты еді. Егер өлгеннен кейінгі ырым-жоралар дұрыс орындалса, онда өлген адамның рухы рақат күйге түсіп, өз үрім-бұтақтары мен туған-туысқандарына шапағатын тигізіп, жебеп жүреді, ал олай болмаған жағдайда жауығып, аруағы қарғап-сілейді. Сондықтан осы салт-санаға, тірілердің түсінігінше, аспан-көк күдіреті алаламайтындай, қызғанышсыз кеңпейілділікпен қарайды. Шамандық діндегі халықтарда христиан дініндегілерге қарағанда күнә болмайды, себебі адам күнә жасаудан қорқады, күнәһар болса малы азаяды, ал ауруға шалдықса, шамандық діндарлық кесірге жеткізеді; кесір дегеніміз — мал-жанның құрып кетуі, ауру-індеттің жағалауы, қысқасы — бақытсыздық жайлайды. Өлгенді шығарып салудағы ырым-жораның бұзылуы, артынша бақытсыздық әкеледі, ал өлген адам болса, барлық жаза, бақытсыздықтан азат, рухы еркіндікте деп есептелінеді.

Ұлылар мен мықтылар өлгеннен соң да күдіретті, аруақты, ал ұсақ-түйек күйкі тіршіліктің сүйе де, күйе де білмейтін пенделері өлгеннен соң да рухсыз, әрекетсіз қалады-мыс. Шыңғысхан өлгеннен соң да, Құдайдай күдіретті, ел табынатын аруақты болған деседі. Қазақтарда аруақты қастерлеу салты қазіргі күнге дейін өз күшінде. Олар басына қауіп төнгенде, мұсылмандардың әулие-әмбиелеріне сиынатын аруағын көмекке шақырады. Өмірдегі барлық сәттілікті аруақтардың көмегі — жебеуі деп түсінеді.

Қазақтар аруақтарға бағыштап төрт түліктің қайсысын болсын құрбандыққа шала береді. Мінәжат етіп, аруақтардың басына (моласына) барып түнейді, сол жерде құрбандық шалады, өзінің қолы жетпей жүрген көкейкесті арманын өтеуді тілейді, мысалы, баласы жоқтар бала сұрайды. Аруаққа арнап құрбандық шалғанда, қазақтар “аруақтың батасы тие берсін немесе аруаққа бағыштадым” деп айтады. Ерте замандарда белгілі ұлы адамдардың моласы көп көзден жасырылатын, дұшпандары арамдап, қорламауы үшін немесе адам аяғы баспайтындай қастерленіп (табу), қорық ұйымдастырылады, бағып-қағылады (готтарда — Аларих, скифтерде — Дарий). Қазіргі қазақтарда өлгендерге күмбезді

мазар орнату балаларының қасиетті борышы. Бұрынғы обаларды қазір күмбезді мазарлар алмастырған. Ескі обалар мен кейінгі күмбезді мазарлар — қазақтардың ең қасиетті, бас иіп аруаққа құлшылық ететін орындары.

Хун және қидан, т. б. шамандық діндегі көшпелілердің өз патшаларын жерлеудегі салты жайлы Қытай жазбаларындағы деректер бізге дейін сақталып жетті. Моңғолдарға барған Еуропа саяхатшылары жерлеудің сондай салттары кумандар (қыпшақтар) мен моңғолдарда да сақталғанын айтады. Егер сол көне салтты қазақтардың салтымен салыстырсақ, олардан тамаша ортақ идеяны, тіпті ортақ салт-сананы табамыз.

Шамандар аспан тәңірі мен рухтың жердегі қолдаушы адамдары есебінде саналды. Шаман сиқырлық қасиеттермен қоса білікті, талантты, басқалардан мәртебесі жоғары: ол ақын да, күйші де, сөуегей және емші, сегіз қырлы, бір сырлы адам болған. Қазақтар шаманды бақсы дейді, ол сөз моңғолша оқытушы, ұйғырлар бахшы десе, түрікмендер осы атаумен өздерінің ақындарын атайды. Кумандар шаманды *қам* деген, Сібір татарлары да дәл солай атайды.

Ем. Ем — науқасты емдеу, аурудан сауықтырудың іс-амалы.

Аурулар, шамандардың пікірінше, дене қимылы салдарынан емес, тәңірінің күдіретінен, жын-ібілістерден, дұға оқып таза жүрмегендіктен киелі ауруларға шалдығады. Ондай киелі ауруларды әдет-ғұрыпты, ырым-жораны және ем жасауды жақсы білетін аруақты адамдар ғана, тек шамандар ғана емдейтін болған. Кейбір аурулардың иесі болады, ондай ауруды иелі ауру немесе жын-шайтанның шалдығынан болған дейді.

Қазақтарда барлық аурулар ауыр науқас, жеңіл науқас болып екі категорияға жіктеледі.

1. *Ұшық* (дененің қалтырап қызуы, ауызға күлдіреп жара шығады — ұшық шығу), ұшынбақ, жеңіл-желпі аурулар санатына жататындар: адамның жүрегі айниды, басы ауырады, денесі ысиды. Ұшық, қазақтардың пікірінше, тамақтан болады — тамақтан ұшынады. Қазақтардың тамақты далада ішпеуі, түнге қарай тамақтың бетін жауып қоюына қарағанда, олар өздерінің ескіден келе жатқан нанымынша, түнде жүретін ібілістер тамақты арамдап кетеді деп қорқады. Ұшықты ырыммен емдейді, ол емдерді *ұшықтамақ* (суық суды адамның бетіне бұрку) дейді.

2. *Қағынды* — ауру, бұл аурумен ауырғанда адамның қатты науқас екені түр-түсінен, сырт бейнесінен айқын байқалып тұрады. Қағындыны да ырыммен емдейді, ол ырым-емді қақпақ дейді. Емнің атының өзі айтып тұрғандай, денеге жабысқан ібілістен қағып тазарту керек. Ұшықпен ауырған адамның бетіне үш рет суық су, сонан соң ыстық су бүркеді. Ал қағындыға шалдыққан адамды жаңа сойылған малдың өкпесімен сабалайды.

Қазақтар ревматизмді *сарп-аруақ* дейді, бұл ауру ескі жұрттарда (ескі жұрттағы ескі молаларды айтып отыр) абайлап жүрмегендіктен болады. Ревматизмнен сақтану үшін, ауырған жерге іштен (аттың тұяғын тағып жүру керек) ... тағып жүру керек, оны қырғыздарға байлатса, ем қонады деседі...

...Судан шошынғандардың емі — қырық үйдің қырық қазанының құлағын (тұтқасын) тістеуі керек. Ал Қазан татарлары болса, қырық үйден қырық жапырақ нан жинайды.

От. Отқа табыну, бұл жөнінде Банзаров өте дұрыс пікір айтқан: “Шаман дініндегі халықтар отқа табыну ғұрпын парсылардан алған, көк төңірі, Хормуздағыдай. Бұл пікір жөнінде Банзаровпен толық келісеміз, бірақ бір халықтан екінші халықтың әдет-ғұрыпты қабылдауы, оның ойланғанындай тар көлемде емес, анағұрлым аумақты көлемде болған. Жалпы, көкке табыну болсын, күнге, айға, жер бетіндегі табиғат жаратылыстарының жекелеген түрлері: тауға, өзен-суға, асыл тастарға, ағаштарға, т. б. болсын — о баста бүкіл әлемге табыну шамандықта тұрпайылау — қарадүрсіндеу болды. Жақсылық және жамандық төңірі, отқа табынушылық, мүмкін, шамандық өнердің өзі де (тек шамандық қана емес) парсылардан келген шығар, аспан туралы дуализмше: аспанның көгі — материя, ал мөңгілігі — төңірі... Барлық шамандық салттың ішінде отқа табыну қазақтарда әлі өз күшінде. Қазақтар отты әулие деп санайды, осы әулие атауымен мұсылман тақуаларын да атайды. Аса жоғары құрметтеудің белгісі ретінде қазақтар моңғолдар сияқты отты *ана* деп атайды. Отта тазартушы қасиет бар деп түсінеді, екі оттың арасынан өткізіп тазартады, осы тазартуды қазақтар *аластау* дейді. Қыстаудан көшкенде, олар көшті екі оттың арасынан өткізеді. Ел алдында ант берген адам да отпен тазалануға тиіс.

Қазақтарда от — үйдің киесі, шамшырағы, сондықтан да жаңадан түскен жас келіншек үлкен үйдің отына тағзым

етуге (сәлем етуге) тиіс. Бұл салт (жаңа түскен жас келіншектің отқа тағзым етуі) моңғолдарда неке қию үдерісінде жасалады. Моңғолдарға қарағанда, қазақтардағы отқа табыну үдерістері ұмытыла бастағаны сезіледі. Жаңадан түскен қалыңдықты сол ауылдың әйелдері бірінші қайын атасының үйіне кіргізеді. Қалыңдық босағаны аттай салысымен тізе бүгіп, сәлем етеді, содан соң қалыңдықты жұмсақ биязы болсын деп... , ошақтағы отқа май тамызады, сол кезде жас келін отқа еңкейіп: от-ана, май-ана, шапағатыңды тигізе көр... дейді. Осы кезде қалыңдықтың жанындағы әйелдер қолдарын отқа қыздырып, қалыңдықтың бетін сипайды.

Жас нәресте дүниеге келгенде де, дәл осылай баланы отқа жақындатып, жалбарынады. Қазақтар отты қасиетті деп санайды, отқа түкіруге болмайды, үстінен аттауға болмайды. Тіпті өшіп қалғанда да аттауға болмайды.

Қазақтар... отқа табынып, оттың қаһарынан қорыққан, сол оттың қаһарымен анттасқан... . Көптеген аурулар оттың киесінен болады деп түсініп, сондықтан оттың киесімен емдейтін болған. Осындай отпен емдейтін аурулардың қатарына сарп та жатады. Сарп кезіндегі — аяқтың сырқырап ауруы, қазақтардың ұғымында, ескі жұртта абайламай жүргеннен, моңғолдарда да дәп осылай ұғынады. Тіпті, осы сарпқа байланысты моңғолдарда аңыз да бар: Иргене-хон қойнауынан шыққанда қоңыраттар басқа, қарсылас тайпалардың асылдарын таптап, содан аяқтары қақсап — сарп ауруымен ауыратын болған деседі.

Отқа құрбандық ретінде қазақтарда май қолданылады. Ал құрбандық шырақтары немесе балауыз шамдар ақ мақтадан, не қытайдың көк түсті қағаз матасына май сіндіріп, ортасына шиден жіңішке сабақ қойып жасалады. Шырақтың ұзындығы бір шынтақ болады. Мақтадан жасалған шырақтар өлген адамның ғана басына қойылады, әр күнде оннан, төрт күнде қырық шырақ жағылады. Кейбір ауруларды шаман емдегенде де ақ және көк шырақтар үштен жетіге, тоғызға дейін қойылады.

Қазақ бақсы-балгерлері. (Құраст.: *Ж. Дәуренбеков, Е. Тұрсынов.*) А., Ана тілі, 1993. 12—17-бб.

ҚҰРБАНДЫҚҚА ШАЛЫНАТЫН МАЛ ТУРАЛЫ

Құрбандыққа барлық малды шала береді, соның ішінде көбіне еркек малды сояды. “Шора” атты поэмада батырдың

өйелі: “Түйеден — нарды, жылқыдан — айғырды, сиырдан — өгізді, қойдан — қошқарды алып, Тәңірімнен ұл сұрап барайық”, — дейді.

Ислам дінінің салты бойынша құрбандықты тек Аврам пайғамбарды еске түсіру құрметіне — құрбан айтта ғана мал сойылады. Ал қазақтар болса кез келген қиындық басына түскенде, Тәңірінің атына, малды құрбандыққа шалып... аруақтарының басына барып, мінәжат ете береді. Мұндай ислам дінінен ауытқитын құрбандықтарды, ертедегі пұттық діннің көріністерін бүркемелеу үшін садақа, құрбандық деп атайды.

Құрбандыққа нар түйе сою болған іске үлкен мән беру болып саналады. Құрбандыққа шалынатын түйе ақ нар болуға тиіс. Қазақта “Ақ түйенің қарны жарылды” деген қанатты сөз бар. Бұл қанатты сөз үлкен мерекелерде айтылады. Мысалы, жақын адамдардың жорықтан немесе алыс сапардан оралғанында, көптен бала көрмей зарыққандардың үйінде мұрагер дүниеге келгенде, шамасы садақа, құрбандық есебінде болса керек. Осындай мереке-қуаныштарға шынпейілділік пен салтанаттылық мән беру мақсатында, шынында да, ерте кездерде түйенің қарнын жаратын болған, ал қазір құрбандыққа түйені өте сирек сояды.

Құрбандыққа шалынатын қой ақ түсті, басы сары... немесе ақ, басында қасқасы болуға тиіс... әдетте, құрбандық малды сояр алдында, қазақтар өздерінің батасында малдың түр-түсін атай кетеді. “О, аруақ, ай мейіз, аша тұяқты бағыштадым немесе жұпар (мускус) иісті, бауырсақ, тілік құлақты, екі тісті арнадым”, — деп... Малдың жоғарыда аталғандай белгілері түр-түсі болмаса, отардың ішіндегі ең атаулысын сояды. Моңғолдар да отқа табынғанда “ақ сарыбас” деп айтады.

Қазақтар басына жамандық төнгенде, көбінесе жылқы, мал ішіндегі өздері онша жақсы көрмейтіндерін атайды. Сояр алдында, дәп бір ем жасап жатқандай, садақаға аталған малдың аузын түкірігімен сілекейлейді.

Қазақ бақсы-балгерлері. (Құраст.: Ж. Дәуренбеков, Е. Тұрсынов.) А., Ана тілі, 1993. 17-18-бб.

АНТ

1. “От соқсын мені”.
2. “Көк есегің болайын”, кейде олар “екі дүниеде желкемнің шұқырын көрмей кетейін”, т.б. “о дүние мен бұ дүниеде”...

3. “Инк депші” — инк деп айтшы! Бұл сөз Рашид ад-Диннің айтуынша, бата — бата беру, осы сөзбен аруақты көмекке шақырады.

Қырғыздарда “Майнекен болайын”¹ деген өздерінің анты бар. Біздің ойымызша, Майнекен деген өзінің қырсық-қыңыр іс-әрекетімен аты шыққан біреу, немесе ар-намысқа тиетін, адамды қорлайтын кәсіп иесінің аты. Дегенмен бұл антты көпшілік басына күн түскенде қолданады.

Бұрым — әдет-ғұрыптың бір түрі. Шаман дінінде осы әдетті сақтау жамандықтың бетін қайтарады, ал ырымды бұзу адамға қайғы-қасірет әкеледі. Бір сөзбен айтқанда, еуропалықтар осындай ырымды діндарлық, соқыр-наным дейді, ал осы салт-сана шамандық сенімдегі дәстүрлі әдет-ғұрыптың құрамдас бөлігі. Бұрым халықпен бірге көптен жасап келе жатқан әдет-ғұрып болып саналады, ал аян, лепес, жақсылық нышаны есебінде де жасалады. Мысалы, әйелі үнемі қыз тауып, ұл көрмей жүргендер, игі ниетпен, ең соңғы қызына Ұлтуған деген ат қояды. Майкөт деп те атайды, артынан ұл туса екен деп.

Енді біз әдет-ғұрыпта ең көп қолданылатын ырымдармен танысамыз.

1. Жылқы малының бірі табынды өгейсіп, жатырқап, шеттей берсе, иесі сол жылқының жалынан бір талын жұлып алып, аузына салып сілекейлеп, қалтасына салып қояды, бұл ғұрыпты сілекейін алу деседі.

2. Біреуге (кемтар адамға) көйлегін садақаға бергенде, бір түймесін не бауын алып қалады.

3. Төрт түлік малды сатқанда немесе сыйлағанда, жылқының жүгенін, ноқтасын, түйе мен сиырдың будасын, бүркіттің томағасын, иттің қарғы бауын бермей, алып қалады. Орыс ертегілеріндегі сиқыршы (чародейка) қажет кезінде ат, ит, қыран кейпіне түсе қояды, сол сиқыршының иесіне мені жүгеніммен, қарғы бауыммен, томағаммен сатпашы деген өтініші бар.

4. Тамақ шайнап үйге кіру жаман ырым, ал үйден ауызды қимылдатып (тамақ шайнап) шығу жақсы ырым, “Досыңның асын қасыңдай іш, қасыңа барарда қанып іш”. Егер үй иесі біреудің тамақ шайнап үйге кіріп келе жатқанын байқаса, қайткен күнде де, аузындағысын далаға түкіртеді.

¹ *Майнеке* — кейіпсіз, жарымжан бейнесі. Майнеке болайын — Майнекедей болайын, ант ұрсын мені.

Қонақтар үйге кірерде, есікті үй иесі ашады, ал шығарда олай етуге (есікті ашуға) болмайды.¹ Кейбір қазақтардың өздеріне ғана тән ырымдары болады. Ондай адамдар жаман ырымдардың кәделерін тез біле қояды, сондай-ақ жақсы ырымды да жақсы біледі: үнемі соңғысын жасауға — жібермеуге тырысады. Қазақтардың кейбіреулері баскиімін ешкімге, ешқашан кидірмейді, себебі жаман ырым деп түсінеді.

Қазақтар, әсіресе, жорық, барымта кезінде көптеген ырымдарды кәде тұтады: “түс” (аттан түс) деген сөзді “қон”², “байла” деген сөзді “бекіт”³, иір, т.б. сөздердің мағынасын алмастырып, ырым-жораға сәйкестендіреді. Жорық, барымта кездерінде өлең айтпайды; саптыаяқ⁴ деудің орнына жолаяқ⁵; биені айғыр деп атайды, себебі биімен барымтаға барса, жолы болмайды, бие, қазақтардың ойынша, жорыққа міну үшін емес, құлындау, сүт беру үшін қажет мал.

Қазақ бақсы-балгерлері. (Құраст.: Ж. Дәуренбеков, Е. Тұрсынов.) А., Ана тілі, 1993. 24-25-бб.

ЖАМАН КӨЗДЕН, ЫЛІСТЕР МЕН ӨРТҮРЛІ АУРУЛАРДАН САҚТАЙТЫН ТҰМАР

Қазір қазақтар мұсылмандық — кіріптар дұғаларды қолданады, оларды “тұмар” деп атайды. Ертерек кездерде тұмар мал, құс сүйектерінен немесе тастардан жасалатын.

I. Жануарлардың сүйектерінде күдіретті күш бар... Кәрі жілікті қазақ үйге тура моңғолдар сияқты жасап, орналастырады. Гомбаевтың айтуынша, моңғолдар жұқа екі сүйектің арасына шөп тығады. Сүйек осы күйде құрық ұстаған бақташыға ұқсайды. Қазақтардың наным-сенімдерінде, кәрі жілік адамға ұқсаған бейнесімен ұрықарыдан сақтайды. Қазақтар бұл сүйекті *кәрі жілік* дейді. Кәрі өзгертілген *хариту* сөзінің баламасы емес пе екен? Осы кәрі жілікті қазақтар ер-тұрманның өзелі есебінде және ат пен ер-тоқымды сақтаушы деген нанымда, ердің алдыңғы қасына іліп қояды.

¹ Бұл ырымда қазақтың қонақжайлылығы жатыр.

² Қон — түс деген мағынада.

³ Бекіт — байла деген мағынада.

⁴ Саптыаяқ — сап шығарып, ағаштан ойып жасаған ыдыстың бір түрі.

⁵ Жолдыаяқ — жолымыз болсын, сапар, жорық сәтті аяқталсын деген мағынада.

Осы сенімнің негізінде мынадай бір аңыз бар. Ұрылар бірнеше күн бір қазақ байының малын торыпты. Түні бойы малдың маңында кісілер жүріп, ұрылар ештеңе ала алмайдды. Ұрылар өзара байдың қызы мен әйелінен басқа қорған болатын не ұлы, не құлдары, не туыстары жоқ, осынша адам қайдан пайда бола кеткен деп таңғалысады. Содан соң ұрылар құдайы қонақпыз деп, байдың үйіне барады. Бай қой сойып, ұрыларды әбден тойдырады. Байдың адал ниетіне риза болысқан ұрылар тұрып: — Бірнеше күннен бері малды торып, ештеңе ала алмадық, қандай қасиетіңіз бар? — деп сұрайды. Бай сонда: — Ешқандай да қасиетім жоқ, көріпкелім және жоқ, менің бұзылмайтын бір-ақ заңым бар. Әкем өлерінде бір өсиет айтып еді. — Балам, мен саған бір өсиет айтам, егер соны орындасаң, дәулет басыңнан ұшпайды. Қанша қой сойсаң, көрі жілігін тастама, оларды кептіріп босағаға, шаңыраққа іле бер, — деген. Мен сол әкем айтқан өсиеттен әлі күнге дейін айнығаным жоқ. Құдайға шүкір, менің малымнан тышқақ лақты қасқыр жеп немесе жоғалғанын көргенім жоқ, — дейді. Ұрылар жан-жағына қараса, соншама көп көрі жілікті — сүйекті көреді. Оларға малын торып жүрген көп бақташылар болып көрінген осы көрі жіліктер екен. (*Уәлиханов ескертпесі.*)

Қасқырдың тілерсегі белдің шойырылуынан, сарп (ревматизм) ауруынан және “көзден” сақтайды деген наным да қолданылады.

2. Үкінің басы, аяғы мен қауырсыны жын-періден қорғайды, сондықтан үйдің әр жеріне, бесіктің басына іліп қояды. Қырғыздардың үйінен олардың басын көрдік. (Қырғыздардың наным-сенімінде ұлардың еті шешек ауруынан сақтандырады.)

3. “Көзден” және “тілден” сақтану үшін “есек тас” деп аталатын тасты табады. Олардың сенімінше, тас есектің қарнында жүреді, бірақ саудагерлер “есек тас” деп, шыны сырымен сырланған көк қышты алдап сатады.

Шамандық дәуірде барлық ауруларды әкелуші жын-перілер аруақтардың қаһары деп түсіндірілетін, сол себепті барлық аурулардан аруақты адамдар — шамандар ғана емдейтін, жын-пері, ібілістер, шамандармен қатар атақ-даңқы бар ержүрек, игі-мейірбан адамдардан сескенеді, ондай адамдар тірі өулие — аруақты болып саналады.

Шайтан сескенетін жан-жануарлар да болады. Мысалы, түйе боталағанда, кірпі балалағанда жын-шайтан оларға жоламайды. Баланың бесігіне кірпінің тікенеңктерін байлап

қояды. Нәресте дүниеге келерде әлгі кірпінің инелерін толғақ қысқан әйелдің бас жағына қыстырып қояды.

Қазақтар киеге үлкен мән береді. Табиғаттың кейбір апаттарын, отты, кейбір жануарлар мен құстарды, көшпелі тұрмысқа қажет заттарды киелі деп қастерлейді. Осы аталғандарды құрмет тұту, ырым-жорасын жасап тұру адам баласына байлық пен бақыт — құт әкеледі деп түсінеді. Ал осы кәделерді ұстамау, киелерді құрметтемеу жоқшылыққа душар етеді. Сондай күдіретті күші бар жан-жануарлардың киесі бар дейді, ал олардың өзін киелі деп атайды. Жан-жануарлар мен заттардың киесін қадірлемеу киенің қаһарын туғызады. Киенің ашуы, қаһары — кесір деп аталады.

Ежелгі моңғолдар ақты — сүтті жерге төгуді тәрбиесіздікке, кесіп-қастерлеуге балаған, кесірі соғады деп қорыққан.

Сондықтан да шаман дініндегі халықтар жамандық пен жақсылықты киелі жан-жануарлар мен қасиетті заттардың қастерленбеуінен, содан барып туатын реніш, ашудан — киесінен деп түсінген. Тақуалық қылық белгілі ырым-жоралардың мүлтіксіз орындалуын талап еткен, ал енді сол әдет-ғұрыптың орындалмауы күнә, діндарлықты бұзу болып саналып, кесір-кесіпке душар етеді деп ұққан.

Төмендегі мысалға келтіргелі отырған аңыз өзінің шамандық табиғилығымен ғажап! Қазақтардың болашақ жайлы пікірлері де Платон Карпини айтқан деректермен дәл келеді... “Моңғолдар адамның мүрдесімен қоса, ер-тұрманды өзбелімен, құлынды биені де көрге салып көмеді, ана дүниеде жылқы өсіріп, тіршілік еткеніне қажет деп білген”. Қазақтар да адам мүрдесімен бірге көрге тостаған салады, малды бірге көмбейді. Бірақ өлген адамды шығару кәделерінде — жаназасында мал сояды, “тие берсін” деп, сол тамақты өздері жейді. “Тие берсін” деудің себебі, о дүниедегі адам да сол жаназасына сойылған малдың етінен тамақтанады деген түсініктен туындайды. Бұл өте маңызды: шамандықтың көктөңірі, Алла, Құдай санатында да, жердегі пенделеріне ешқандай қызғанышсыз, кеңпейілділікпен қарайды. Өлген адамды шығарып салу кәдесінің жақсы немесе жаман өткені көк-төңірінен емес, оның артында қалған үрім-бұтағы мен туыс-ағайындарының әдет-ғұрыпты қалай орындауына байланысты. Өлген адамның басына неғұрлым мал көп сойылса, соғұрлым өлген адамның рухы риза болады. Сондай-ақ сол аңыз бойынша, өлген адамның кегі қайтарылма-са да, өлік көрінде тегін жатпайды. Бұл аңыздың мазмұнына қарағанда, тек “ассалаумағалейкүм” деген бір ауыз

сөзден басқа исламның өсері жоқ. Өзірейіл мен Жебірейілді де тек мұсылман періштелері деп санамайды, біздіңше, олардың замана ағымына байланысты тек аттары ғана өзгертілген. Моңғолдар өлімге (Эрлик-хан, елім Құдайы) кейіп береді. Кейбір ауруларға да түр-кейіп береді, мысалы, пешекті мейірімсіз де жексұрын кемпір ғып бейнелейді. Қазақтар ертеде өлгендерді қалай құрметтегенін, қалай о дүниеге шығарып салғанын аңыз желісінен біле алмаймыз. Бірақ өлген адамның мүрдесімен қосып құрық, қару-жарақ салу себебі, о дүниеде жауынды құрықпен ұстап, қарумен жарып жібер дегені болса керек. Плано Карпинидің айтуынша, моңғолдар өлген адамның үйін, киім-кешегін отпен тазартады. Қазақтар да өлген адамнан қалған дүниені тазартады. Себебі өлім процесі көзге ілінбейтін жағдайда өтеді, өлетін адамды жаналушы тамағынан бауыздағанда, көзге шалынбайтын қаны керегенің үшінші тор көзіне дейін шашырайды, сондықтан да, үйдегі мүлік қанға боялады, тазартылуға тиіс деп ойлайды.

Өлімнен қашудың өзі, Алланың жазмышынан бас тарту — ислам діні бойынша күнәһарлық, әсте болмайтын нәрсе, ал шамандық халықтардың аңызының көбісі өлімнен қашу... Қазақ бақсыларының арасында Қорқыт туралы аңыз бар. Сол Қорқыт қазақтарды алғаш қобыз тартуға, сарын айтуға үйреткен ең бірінші шаман. Әбден мұсылманданған түрікмендердің аңыз-дастанындағы Көрұғылының өзі, аз уақыт болса да, өлімнен қашады. Сондықтан да, көк-төңірінің өлімге деген күдіреті, қатысы шамандық сенімде, тосын-ғажайып күштен де тағдыр деген ұғымға жақын, солай болғанның өзінде, шамандық діндегілер оған құлшылық ұрмай, көк-төңірі күдіретінен босанбақшы болады... .

Қазақ бақсы-балгерлері. (Құраст.: *Ж. Дәуренбеков, Е. Тұрсынов.*) А., Ана тілі, 1993. 26—29-бб.

КҮН ЖАЙЛАТУ, БҮЛТ ШАҚЫРУ

Күн жайлату шарты: қылаң, ақ боз жылқының, яки маралдың ішінен шығатын қызыл тасты бір ыдысқа салып, үстіне су құйып, арбау-шақыруды оқиды. Егер дем алып оқыса, күн жайламайды-мыс, қызыл тастың зорлығы асықтай болады-мыс. Атын “жайтас” дейді. Алматы уезінде Топар елінің қазағы Бұйғамбай деген болған дейді, оның арбау-шақыру жырын баласы біледі дейді.

Мұны жазып алушы — Сабыржан Шүкіржан баласы, айтушы — Есік Іле елінде Абай Атабекұлы.

“Күн жайлату” тасымал ішінен шығады деп, басқа түрік жұрттары да ескілікте сенеді екен. Жандай досым, ақ бұлт, Омыраудан соң, бұлт. Танай-танай ақ бұлт, Омыраудан соң, бұлт. Есек желді, сұр бұлт, Еріктірмей жете көр, Мен тасымды торлайын, торсыққа салып қорлайын, Тәңірі өзін берсең зорлайын, Тұңғиық қара көздерден, ем алайық, ақ бұлт, Омыраудан соң, бұлт, Ербек-сербек бай атай! Еркек қана күрең тай. Шиып қара, шиып қара. Құлан-жылан бұлан тай Мартай-мартай, Тері тоқым мар тұрғай, қай тұрғай. Түрлен, қара бұлтым! Мен де сенің ұлтың! Дария шор! Дария шор!

Қожа Ахмет Йасауи кесенесіне орта ғасырда келушілердің мақсаты, қымбат дүниелердің жиналу жолы тамаша суреттелген “Алпамыс батыр” жырындағы мынадай үзіндіні іліп қойса орынды-ақ.

Өлдім-талдым дегенде
Өзіреттің төбесін
Күндік жерден көреді.
Жақындасып келгенсін
Алып шыққан дәулетін
Екі жерге бөледі.
Алтын, күміс, гауһарын
Оны да бөліп үйеді.
Қожаларын шақырып,
Тең жарымын береді.
Көзінің жасы көл болып,
Отырған орны жер болып,
Жеті күн ұдай түнеді.

Мәдени, тарихи ескерткіштерді көздің қарашығындай қорғау, көпшілікке таныту, халық игілігіне айналдыру — аса қиын, аса нәзік іс. Шын мәнінде бұл күнделікті ізденісті, жанашырлықты қажет етеді.

Қазақ бақсы-балгерлері. (Құраст.: Ж. Дәуренбеков, Е. Тұрсынов.) А., Ана тілі, 1993. 30-31-бб.

ҚАЗАҚТАРДЫҢ КОСМОЛОГИЯЛЫҚ ТҮСІНІКТЕРІ

Бұл жерде дөп басып айту өте қиын, аңыздардың бізге келіп жеткендерінің қайсысы ертеден, қандай діннің ұғымы-

нан пайда болды, қандай сенімнің әсеріне ұшырады деген мәселенің төңірегінде қарама-қайшы, әртүрлі пікірлер бар.

Кейбір қазақтардың ойынша, жұлдыздар асыл тастардан үйілген таулар, олар жерден соншалықты қашықтықта, нүктедей болып қана көрінеді. Қазақтар жұлдыздардың жер бетіндегі бақытқа әсер ететініне сенеді, халық арасында көк күмбез жайлы әңгімелер де баршылық. Енді біреулердің пікірінше, әрбір жұлдыз жердегі әрбір адамның жанына сәйкестік тұтастықта, адам өлгенде оның аспандағы жұлдызы да жерге ағып түседі. Аспаннан ағып түскен жұлдызды көрген қазақтар менің жұлдызым жоғары деген немесе ернін пылып еткізеді. Болып-толған бақытты адамды “жұлдызы жанған” деседі.

Шамандық аңыздар бойынша, моңғолдар жұлдыздарға арнап құрбандық шалады, қазақтар сияқты, байлық, билік, бақыт жөнінде жұлдыздарға үміт арта қарайды, кереметтігіне сенеді.

Қазақтар белгілі жұлдыздарды ғана таниды.

Темірқазық (Полярная звезда), қазақ саяхатшылары түнде жолға шыққанда осы жұлдызбен бағытын анықтайды. Осы жұлдызды Темірқазық деп атау себебі, оның көк әлемінде қозғалмай — бір орында тұруынан болса керек. Темірқазықтың маңында қозғалып тұратын, одан алыстап та, жақындап та кетпейтін екі жұлдыз арқандаулы аттарды еске түсіреді, сондықтан да ол екі жұлдызды “екі ақбозат” деп атайды.

Жетіқарақшы (Большая Медведица), қазақ арасындағы аңыз бойынша, бұл жұлдыз — жеті қарақшының рухы, олар өлгеннен соң жеті жұлдызға айналған, тағы бір аңызда жеті қарақшы күні бойы ұрлық жасайды да, түн бола өздерінің күндізгі жасаған күнәларына қайғырады. Жеті қарақшы өлгеннен кейін жеті жұлдыз болып кетіпті. Жеті ұрының тұтқынында Үркердің қызы бар.

Үркер (Плеяд). Үркердің Жетіқарақшыны үнемі өкшелеп жүретінін қазақтар жақсы байқаған. Жетіқарақшының топ басшысы Қыран қарақшы Үркердің қызы Үлпілдекті мінгестіріп алып, үнемі қашып жүретін және ол қызын құтқармақ болып, қуып жүреді. Қазақтар Үркерге қарап түннің қай сағаты екенін және жыл мезгілін анықтайды.

Бақташы жұлдызы (Венера). Осы жұлдыз туғанда қазақ малшылары қойды түнемеге, қотанға айдап келеді.

Шолпан жұлдызы (Утренняя звезда) — таңғы жұлдыз.

Зодиак белгілері және оның шоқ жұлдыздары арабтар арқылы белгілі болған, бірақ атаулары біраз өзгеріске ұшыраған. Жұлдыздардың орналасу тәртібін ешкім білмейді. Қазақтарда олардың өз аттары бар.

Құсжолы (Млечный путь). Жұлдыздардың бойымен жыл құстары ұшып кетеді, ұшып келеді.

Ай. Шамасы, ай қазақтарда қасиетті планета болып саналған. Қазақтар жаңа айдың туғанын көргенде, төжім етеді. Жазда айға төжім еткен жерден шөп жұлып алып, отқа салады. Қазақтар айда кемпір бар деп айтады.

Қазақтар айға ұзақ қарап тұрмайды, сескенедей. Айдағы кемпір кірпікті санап қояды деп, егер санап қойса, адам өледі. Жалпы, қазақтар айды құрметтейді.

Күн. Егер ай күдіретті болып саналса, онда күн де сондай құрметке бөленуге тиіс еді, бірақ қазақтар арасында ондай құрмет-салтты кездестіре алмаймыз. Банзаров та моңғолдар туралы осыны айтады. Мұның өзі таңданарлық жай.

Аспан — шамандықтағы ең күдіретті жаратылыстың жаратушысы. Көк төңірі — көк аспан деп аталады. Қазақтар ұғымындағы бірінші аталатын сын есім “көк” — көріністі бейнелейді және заттық түсінікті білдіреді, ал зат есім (төңірі) “көк” атауының (синонимі) баламасы... (Алланы) және Құдайды (Худа). Сондай-ақ даланың алыс түкпірлерінде, мысалы, қазақ ордасында “Көке-Төңірі” деген атау әлі кездеседі. Қырғыздардағы “Көке-Төңірі” атауы күдіретті күшке тағзым ретінде, немесе адам қабілетінің қалауы есебінде, көтеріңкі лепте айтылады.

Төңірі сөзін Шыңғысхан заманында мұсылмандар Алла деп, ал еуропалықтар *deus* деп аударған, бұл сөз шамандықта да күдіреті күшті Құдай деген мағынаға жақын. Бүгінге дейін Кіші Бұхарадағы қытайлардың *т я н ь* деген атағын худа (Құдай) деген парсы сөзімен аударды.

Аспан өзінің күдіретті әрекеттерінде ештеңеден тәуелсіз, жақсылықты да, жамандықты да, көк биігінен іске асырып тұрады. Бүкіл адамзаттың амандық-саулығы аспан-көктің еркінде. “Төңірі жарылқасын”, “Көк соққыр” деген сөз тіркестері шамандық кезде пайда болды. Жарылқамас сөзі жарлық секілді (моңғолша *дзарлик*) ұқсастығы бар, қазақша — қалау (жағу) (бір нәрсені жаны қалайды, қалаулысы өзінің қалауында) және моңғолдың тағы бір сөзі дзаяға — аспан-көктің қалауы, тағдыр деген ұғымды білдіреді.

Кемпірқосақ (Радуга) — кемпірдің қосағы. Қосақ деп ұзын арқанмен мойындарынан айқастыра тіркеп байлаған қой,

ешкілер тобын айтады. Жоғарыда айтып кеткен, аспан еліндегі бай кемпір есімізде. Кемпірқосақ сол бай кемпірдің қосағындағы әр түсті қойлар, кемпір сол қойларын ылғи да жауыннан кейін сауады.

Қазақ бақсы-балгерлері. (Құраст.: *Ж. Дәуренбеков, Е. Тұрсынов.*) А., Ана тілі, 1993. 18—21-бб.

ӘУЕДЕГІ ҚҰБЫЛЫСТАР

Күн күркіреу. Рашид ад-Диннің айтуынша, моңғолдар, аспанның қаһары деп, күннің күркіреуінен қатты қорқады. Қазақтарда күннің күркіреуін тәңірінің қаһарлы даусы, ал найзағайды шайтандарға атқан оғы... Қаһарлы Құдай, аспан көк не Алла тағала ма, бұл жерде айырып айту өте қиын. Қүдіреттің атып жатқан шайтаны мұсылмандық шайтан ба, шамандық шайтан ба — ол жағын ажырату мүмкін емес. Күннің күркіреуіне байланысты мұсылман аңыздары қазақ аңыздарымен үндес, мазмұндас болып келеді. Қазақтардың айтуына қарағанда, күннің күркіреуі періштенің айқайы, ал найзағай оның оты, шайтандарды қуып жүріп сол оқпен атады, осы әрекетті Құдайға қатысты айту мұсылманша өдепсіздік болып саналады. Бұл тұста менгеріп алып кетіп тұрған идея шамандікі екені дау туғызбайды. Моңғолдардың діні буддизм, оларға мұсылман идеясы тарады деуімізге негіз жоқ, бірақ оларда да найзағайды жын-пері, ібілістерге ататын оқ деп түсінеді.

Күннің күркіреуіне байланысты мәлімдеген (белгілі формулалар) жайттарға қоса “Көк айғыры кісінеді” деп те айтады. Осылай айтылғаннан кейінгі жасалатын кәделер; отағасы — үйдің иесі шөмішті қолына ала салып жүгіріп шығады да, киіз үйді айнала жүгіріп сабалап: “Сүт мол, көмір аз”, — деп дауыстайды, ал үйге оралған соң шөмішті керегеге қыстырып қояды. Күн күркірегенде босағаға сүт құяды деп те айтады. Осы кәделердің бәрі тек қорқыныштан ғана емес, молшылық, тоқшылық болсын деген игі ниеттен туған.

Құйын, шамасы, аласапыран табиғи құбылыс кезінде туатын, тәңірінің бір кейпі ретінде... құйынға тап болған қазақ: “Тфу, тфу, тфу” деп үш түкіреді.

Қазақ бақсы-балгерлері. (Құраст.: *Ж. Дәуренбеков, Е. Тұрсынов.*) А., Ана тілі, 1993. 21-22-бб.

ТАБИҒАТТАҒЫ ЕЛКІТІРГІШ КҮШТЕР

Әбілғазының айтуынша, түріктердің *яда* немесе *джада* деген бір тасы бар, сол тастың кереметі арқылы жауын жаудырып, күн күркіретіп, найзағай ойнатады екен. Қазақтар ол тасты *жай тасы* деп атайды, осы күнге дейін ол тастың сиқырлы кереметіне сенеді. Олар сол тастың құдіреті арқылы жауын жауғызады, ауа райын бұза алады, жалпы өздері сондайға шебер. Қазақтар өртүрлі сиқырлық, көз бояушылықты жадылау дейді. Бұрынғы қазақтар арасында жадымен дуаланғандар — бұзылған адамдар көп еді. Жадымен дуаланғандардың ауруы өте қатерлі, бұл ауруды тек шаманның іс-әрекеті ғана жаза алады. Шаман олардың ішін жарып, бір пәлекетті алып тастайды. Көбінесе жадылаумен бас айналдыруды қызғаншақ әйелдер істетеді. Көптеген қазақтардың жадыдан өліп кеткенін ел арасында айтылып жүрген әңгімелерден білеміз. Біреуге құштар етіп жадылау үшін немесе басын айналдыру үшін өртүрлі әрекет-арбауларға барады. Олардың арттан арбауы орыс ертегісіндегі... мыстан Марина, Добрыня Никитичті еске түсіреді. Көбінесе шекермен (қант) немесе кепкен жүзіммен жадылап, керекті адамға амалын тауып жегізеді. Көз бояушылық пен арбау-жадылау қазақтарда өртүрлі аталады: арбау (одан арбын — қырғызша, арбаушы — қазақша сөзі шығады) дейді. Қырғыздардың “Манас” жырындағы кейіпкерлер мен батырлардың бәрі де арбай біледі. Олардың астындағы аттары да тіл бітіп сөйлейді және құсқа, т.б. мақұлықтарға айналып кете алады. Олар арбын-құлын, сиқырлы ат деп аталады.

Арбау арқылы қырғыздар өздерін өртүрлі пәлекеттерден, аурулардан қорғайды, мұны да арбын дейді. Олар биік тауларда жүргенде, ауа қысымының төмендігінен, тұншықпаудың да арбынын біледі. Қазақтарда арбау — дұғалау, дуалау, сиқырлау, ал арбаушы — дұға оқу арқылы жадыланған, ауырған адамдарды айықтырушы — емші. Адамды жылан шаққанда, уын қайтару үшін қазақтар сол шаққан жыланды ұстап алып арбайды. Егер арбау әсерлі болса, жылан сол жерде өлуге тиіс. Арбау сөзінің шыққан төркіні де, ертедегі мағынасы да — дұғалау, дуалау болса керек. Қазақтар *сихс* деген парсы сөзін де қолданады, сиқырлықты орындаушы — сиқыршы деп аталады.

Қазақ бақсы-балгерлері. (Құраст.: Ж. Дәуренбеков, Е. Тұрсынов.) А., Ана тілі, 1993. 22-23-бб.

АДАМ БОЙЫНДАҒЫ ЕЛКІТІРГІШ КҮШТЕР ЖАЙЛЫ

Табиғаттың сұрапыл күштерінен әуелгі адам қорыққан, бірақ ол құбылыстардан жасырынуға, сөйтіп аман қалуға болатын еді. Олар сұрапыл күштер қайдан, қалай пайда болатынын түсінбей, үнемі өзіне төніп тұратын беймәлім қорқынышты сезінетін. Сөйтіп, алғашқы адам жанын үрей-қорқыныш билеген ортада тұрды. Күндіз көрген табағаттың сұрапыл құбылысы түнде түсіне кіріп, түсінде де қорықты.

Қазақтардың ойынша, тіл тек сөз арқылы ғана іске асады, тілдің ғаламат соққыдан да күшті әсері бар. “Тіл — тас жарады, тас жармаса, бас жарады”.

Егер қазақтарда сүйкімді бала өлсе, жақсы ат жоғалса, алғыр қыран қолдан ұшып кетсе, мылтық бұзылса — олар осының бәрін тіл тигеннен болды деседі.

Көз әсері жағынан тілден кем емес деп түсінеді.

Қазақ бақсы-балгерлері. (Құраст.: *Ж. Дәуренбеков, Е. Тұрсынов.*) А., Ана тілі, 1993. 23-б.

КЕЙБІР ІС-ӘРЕКЕТТЕРГЕ ҚАТЫСТЫ ЕЛКІТІРГІШ КҮШТЕР

“Біреуді жер соқтыру”, “басын айналдыру” сөздері үндігерман халықтары тайпаларының эпикалық аңыз, ертегілерінде басын айналдыру, сиқырлау мағынасында қолданылған. Бұл ретте олар елкітіргіш күштерді жансыз қолдың құдіретіне таңған — “Жансыз қолмен сиқырлау”.

Қазақтарда сиқырлы күш — айналудың дәп өзінде, сондықтан да олар бір нәрсені немесе тіреуді толық айналып шығудан қашпақтайды. Адамды айналу — оның денесіндегі бар ауру-пәлекеттерді өзіне жинап алу, сол адамның басындағы бар ауыртпалықты көтеру, сол себепті қазақтардың ең жылы сөзі “айналайын” болып саналады. Ал ортаазиялық түріктерде “ургулайн” — айналып өтейін.

... Бұрынғы кездерде сиқырлы күштерге сенетіндер мойнына белбеу салып, ауру баласы жатқан үйді айнала жүгіріп, “саған келген пәлекет мені алсын” деп... ал туыстары мен ауылдастары оның бұл қылығын тоқтатпақ болады, қазақтар айналудың мәніне осылай сенеді. Қолға түскен құсты басынан екі-үш рет айналдырып, еркіне қоя береді.

Қазақ бақсы-балгерлері. (Құраст.: *Ж. Дәуренбеков, Е. Тұрсынов.*) А., Ана тілі, 1993. 24-бет.

VIII тарау. ҚАЗАҚСТАН РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ ҚҰРАМЫНДА

ЖОҢҒАР-ҚАЗАҚ ТАРТЫСЫНДАҒЫ САЯСИ ЖӘНЕ ӘСКЕРИ МӘСЕЛЕЛЕР

Кейінгі жылдарға дейін “Ақтабан шұбырынды” еске алынса, Ресей мемлекетінің құрамына қазақ жүздерінің “өз еріктерімен қосылғандығы” туралы ғана айтылатын еді. Бұл, негізінен, Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін кеңес тарихнамасында қалыптасқан сынаржақ коммунистік идеологияның туындысы болып табылатын қоғамдық санаға күшпен сіңірілген концептуалды теориялық жүйені негіздеу болатын. Осының барысында XVIII—XIX ғасырлардың 50—60-жылдарындағы қазақ тарихының кезеңдері мен оқиғалары бір ғана мәселеге — Ресей империясының құрамына Қазақстанның қосылу жағдайын анықтауға бағытталды. Ғылымға жасанды таңылған осы өрескелдіктің салдарынан қазақтың үш жүзінің өзіндік даму ерекшеліктеріне тіпті мән берілмеді, кез келген саяси мәні бар оқиға тек Ресей мемлекетінің саяси ахуалымен байланыстырыла сипатталды. Осының салдарынан тіпті қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы ұлт-азаттық соғысының көпшілікке белгілі жәйттері көлеңкеге ығыстырылып, осы күресті ұйымдастырған, басқарған атақты қолбасшылар мен батырлардың, жаугершілік заманда есімдері елінің ұранына айналған ерлері аттары аталмай, халық жадынан күштеп өшіріліп келгені белгілі. Қазақстанның сол замандағы тарихи дамуын тек Ресей империясының шығыс саясатымен байланыстыру қазақтардың ата-жауы — жоңғарлармен бір жарым ғасырға созылған күресінің мазмұнын арнайы, тереңдетіп талдауға мүмкіндік бермегені түсінікті. “Кіммен алыссаң, соның тарихын жете біл” десек те, біздің Жоңғария елі, мемлекеті туралы терең білуге мүмкіндігіміз

болмады. Бұған қол жеткізу үшін қазақ-жоңғар соғысының бұлыңғыр, тіпті беймәлім жақтарын сол кездегі Орталық Азиядағы осынау екі ірі феодалдық мемлекеттің арасалмағын, әскери өнерлері мен саяси даму жағдайларын салыстыра сипаттаған жөн.

1635 жылы Орталық Азияда дербес ел ретінде қалыптасқан Жоңғария мемлекеті 1785 жылы (оны Маньчжур-Цин әулеті талқандады) тарих сахнасынан кеткенге дейін осы өңірде ерекше орын алған хандық екендігін өткен ғасырлардағы да, кеңес заманындағы авторлар да бірауыздан мойындайды. Көрнекті шығыстанушы, Жоңғар елі жөніндегі білгір маман И.А.Златкин өзінің монографиялық зерттеуінде Жоңғария туралы 80-жылдардың басына қарай тек орыс тілінде жарық көрген еңбектердің саны 150-ден асып кеткендігін осы мемлекеттің тарихына деген қызығушылықтың бір көрінісі ретінде атап көрсеткен. Тағдыры қытай, қазақ, өзбек, қырғыз, түрікмен, қарақалпақ, моңғол, Алтай халықтарымен байланысты болған осы хандық жөнінде аталған елдер тілінде, тіпті Батыс Еуропа тілдерінде жүздеген еңбектердің жарық көргені айқын.

Мұхаммед Хайдардың айтуына қарағанда, XVI ғасырдың бірінші жартысында жиырмадан астам қарапайым (төрт бес іріленген) ұлыстарда 1 млн 200 мыңнан — 1 млн 500 мыңға дейін қазақ болған. Осы кезеңнен XVIII ғасырдың соңына дейін қазақ халқының демографиялық ахуалын анықтайтын мәліметтер жоққа тән. А.И.Левшиннің 1832 жылы жарық көрген қазақтар туралы алғашқы монографиялық зерттеуінде халқымыздың санын 2,5-нан 3 млн-ға дейін жеткен деп топшылауында негіз бар. Осы мәселемен тікелей айналысқан кеңес-бурят тарихшысы Ш.Чимитдоржиевтің зерттеуіне қарағанда, Жоңғарияның көркеюінің ең шыңына жеткен шағы XVIII ғасырдың 20-жылдарының орта шенінде тұрғындар саны көп болса 1 млн шамасы болған. Жоңғар хандығындағы тұрғындар саны 1 млн-нан аспағанын басқа да деректер мен зерттеулер растайды. XIX ғасырдың бірінші ширегінде орыс синологтарының ішінен білімінің тереңдігі жағынан ерекше көзге түскен Бичуриннің жоңғарлардың соғыс кезінде миллионға жететін әскер жинайтын мүмкіндігі болды деген қорытындысы шындықтан алыстау. Яғни халқының саны жағынан қазақтар жоңғарлардан әлдеқайда басым екендігіне ешбір ғалым таласа қоймас.

Экономикалық жағынан екі елді салыстырғанда төмендегідей ахуал байқалады. Қазақ хандығы да, ойрат-жоңғар

мемлекеті де, негізінен, мал шаруашылығы басым болған көшпелі елдер. Мал шаруашылығының мүддесінен екі елдің арасында жиі жер дауы туып, ол саяси кикілжіңдерге ұласты. Қазақ феодалдары да Тәуке хан тұсында Жоңғар жеріне басып кіріп, елдің шығыс шекарасын кеңейтуге тырысты. Жоңғарлардың да іргелес қазақ еліне жиі басып кіруінің саяси негізі — жерге таласу. Осының салдарынан ел арасындағы тартыс бірде сөніп, бірде өрттей лаулап отырған. Алайда қазақтардан бір ерекшелігі — Жоңғария жерінде XVIII ғасырдың басында темір және басқа түсті металдарды балқытатын зауыттардың болғандығын дәлелдейтін құжаттар бар. Өздерінің зауыттарын металмен қамтамасыз ету жоңғарлардың өзіне жүктеледі екен. Әрине, қазақтарда да әртүрлі қару-жарақ жасайтын қарапайым, күнделікті өмір талабын қанағаттандыратын қолөнерлік-ұсталық шеберханалар болды. Алайда Жоңғариядағы сияқты жүздеген жұмысшылар өндіріске тартылған қарапайым зауыттар болмады. Қазақ-жоңғар тартысында бір-қатар шайқастарда қалмақтардың басым болған себебі — олардың жауынгерлерінің зеңбіректермен қаруланғандығында.

Орыс тарихшыларының мәліметтеріне қарағанда, XVII ғасырдың соңында қалмақтардың қарулы күштері “отты қарумен” қамтамасыз етілген.

I Петр патшаның тікелей нұсқауымен жоңғар қонтайшысының сол кездегі резиденциясы Ургада болып, қалмақтардың әскери дайындық дәрежесімен арнайы танысқан капитан И.Унковский, жоңғар ханы Себан-Рабданның өз әскерлерінің дайындығын (маневр) тексеруіне қатысқанын, мылтықпен қаруланған жауынгерлердің сауыт-сайманы, әскери дайындығы ерекше жоғары дәрежеде екендігін таңғала жазады. Жоңғарлардың зеңбіректерді мол дайындауы көпшілік зерттеушілердің 1709 жылы Полтава түбіндегі шайқаста орыс тұтқынына, кейіннен 1719 жылы ақпан айында Ертістің жоғарғы бойында, Ямышев тұз көлінің жанында орыстардан жоңғар тұтқынына түскен Иоган Густав Ренат деген шведтің шпик-юнкерінің (артиллерия сержанты) атымен байланыстыруында негіз бар. Ренат Жоңғар елінде бірнеше зауыттар салуға басшылық жасап, Себан Рабданның сеніміне ие болып, жоңғар-қытай соғысында қалмақтардың ірі қолбасшысы ретінде бірқатар жеңістерге жеткен. Ренаттың атын ғылымға әйгілі еткен —

соның қолымен дайындалған, тарихта “Ренаттың Жоңғар картасы” деген атпен тек XIX ғасырдың 80-жылдарында белгілі зерттеуші Макшеевтің басшылығымен жарияланған карта. Осы кезге дейін осы топографиялық құжат Жоңғарияның Қазақ хандығымен іргелес аймағын көрсететін құнды дерек.

XVIII ғасырдың 20—30-жылдары — қазақ-қалмақ байланыстарының мейлінше шиеленіскен кезеңі. 1722 жылы Жоңғарияның қарсыласы Цин императоры Қан-Сидің дүние салуы, оның мирасқоры Юнь-Чженнің Жоңғария жөніндегі саясатының әлі де анықталмауы, Жоңғарияның барлық күшін қазақтарға қарсы жұмылдыруға мүмкіндік туғызды. “Ақтабан шұбырындының” 1723 жылы басталуының басты себебі — осыдан.

Жаудың ұрыс даласында қазақтарды ығыстыру басты себебі — қалмақтардың зеңбіректерінің мол болуы, оны Жоңғар қолбасшыларының ұтымды пайдалануы. 1732 жылы Жоңғарияның жаңа қонтайшысы Қалдан-Сереннің резиденциясында болған орыс елшісі майор Л. Угримовты сол Ренат Жоңғарияда мортира және басқа да зеңбіректерді құюдағы жегістіктермен таныстырған. XVIII ғасырдың 30—40-жылдарында жоңғар зеңбірек зауыттары жұмысын жандандыруға Колыван, Шульба және басқа Алтайдағы атақты бай көпестер Демидовтар меншігінде болған өндіріс орындарынан қашқан орыс мамандары септігін тигізді. Мысалы, 1741 жылы Темірлі өзенінің жағасында мастеровой Иван Бельдяганың басшылығымен мыс зеңбіректер құятын зауыт іске қосылды. 1745 жылы Телеут көлінің төңірегінде руда қорын іздеген Петр Шалягин жоңғардың қарулы қолын кездестірген. Олардың көпшілігінің тек сайдақпен (садақ) ғана жарақтанбай, сонымен бірге “туркумен” (мылтықпен) де қаруланғанын өз есебінде келтіреді.

Жоңғарлардың зеңбірек және мылтық жасайтын зауыттарының қызу жұмысы түсті металдармен қамтамасыз етуге, яғни шикізат қорына тәуелді болды. Жоңғар билеушілерінің Қазақстандағы Алтайға ерекше көз тіккендігін Жоңғарияға түсті металдардың өте қажеттігімен де түсіндіруге дұрыс. XVIII ғасырдың 30-жылдарында қалмақтар уақытша үстемдік еткен Алтай тайпаларынан металдың жетіспеуін жою үшін “алман” (салым) ретінде темірден құйылған бұйымдар, соның ішінде қазанды тапсыру міндет-

телген еді. Алым-салық төлеудің қалмақтардың саяси-әскери мүддесіне үйлестірілгенін мынадай фактіден көруге болады. Бараба аймағында (Ертіс пен Обь өзенінің аралығы) көшіп-қонып жүрген тайпалар алым-салықтарын аң терісімен өткізе алмаса, мүйізді садақпен атуға жарамды ағаштан 20 жебе дайындап өткізетін.

Жоңғарияны қалай да әлсіретуді ойластырған шекаралық Сібір шебінің бастығы генерал И.Киндерман Ресейге ауытқыған Алтай тайпаларына темірден жалпы металл бұйымдарымен Жоңғарияға “алман” өткізуге тыйым салды.

Жоңғарлардың қазақтармен соғыстарда тағы да бір өзгешелігі — ұзақ жылдар бойы Маньчжур-Цин әулетімен арпалыста ірі соғыс операцияларын ұйымдастыруда мол тәжірибе алғандығын да ұмытпаған жөн. Қазақтың, әсіресе Кіші жүздің жағдайын біршама қиындатқан нәрсе, батыста орналасқан жоңғарлармен діндес, тілдес, тағдырлас Еділ қалмақтарының жиі-жиі Кіші жүзге басып кіруі. 1701 жылы Себан-Рабдан өз қызы Дармаболаны Еділ торғауыттарының дербес ханы Дюқаға айттырды. Діні (ламай), тарихы, мәдениеті жағынан жақын, енді әулеттік жағынан жақындаған екі Жоңғар елі қазақтарға зор қауіп төндірді.

Қазақтардың әскери өнері көшпелі өмірдің әсерімен, көршілес елдермен тұрақты алыс-шабыстарда шындалды. Жаумен алысқанда әрбір ру өздерінің бабаларын, қасиетті ру аттарын ұран қылып атой салғанда, оған қарсы тұру тіпті жоңғарларға да қиын соғатын еді. Рулық жіктелу, феодалдық құрылым, көшпелі өмір салты, қазақтардың әскер өнерінің өзіндік жолмен дамуына әсер етті.

Жаугершілік заманда қазақтардың қару-жарағының, сауыт-сайманының өзіндік ерекшеліктері болды: көпшілігінде Орталық Азия базарларынан айырбаспен не сатып алынған қылыштар, әсіресе қазақ батырлары ерекше құрмет тұтқан “наркескен” деп аталған парсы семсері. Батырлардың көпшілігінің ұстайтыны — “жеке ауыз” деп аталған қысқа қылыш. Әрбір атты жауынгерде жуандығы 3—5 см-ге дейін, ұзындығы 2 м-ге дейін жететін қарағайдан жасалған әбден кептірілген ағаш найзадан тұратын, ұшы темірден, қанжардың өткірлігіндей, екі жақты жүзі бар қару. Келесі “азиаттық” дәстүрлі қару ішінде кең тарағаны — садақ. Қазақтардың қолөнерлік бұйымдар мен қару жасайтын мамандары тамаша садақтарды өздері де дайындайтын.

III. Уәлихановтың растауына қарағанда, қазақтар қытайдың

да садақтарын пайдаланған. Осы садақтар арасында жауынгерлер үшін өте бір құндысы — сауыт бұзар садағы.

Жоңғарлар мен соғыс жағдайында қазақ сарбаздары мылтықты жиі пайдаланды. Жеке сұлтандар қолында болған “шаңғалы” мылтығының оғы 700 м-ге дейін жететін. Жоңғарлардың зеңбірекпен артықшылық жағдайда тұруы ылғи да қалмақтарға басымдылық бермеді. 1643, 1717, 1726, 1729 жылдардағы және басқа да көптеген соғыстарда қазақ сарбаздарының жеңіске жетуі халықтың әскери рухының бекем болғандығын, батырлардың жанқияр ерлігін, Абылай сияқты ұлы мемлекеттік қайраткерлердің көрегендігін, елді ортақ жауға жұмылдырудағы даналығын көрсетті.

Қасымбаев Ж. Жоңғар-қазақ тартысындағы саяси және әскери мәселелер. Қазақ тарихы. 1993. №2, 24—30-бб.

ТЕВКЕЛЕВТИҢ ӨЗИҢ ӨБІЛҚАЙЫР ХАНҒА КЕЛІССӨЗДЕР ЖҮРГІЗУ ҮШІН КЕЛГЕНДІГІ ТУРАЛЫ СЫРТҚЫ ІСТЕР КОЛЛЕГИЯСЫНА ХАБАРЛАМАСЫ

26 тамыз, 1731 жыл.

“... егер Өбілқайыр ханның хаты мен оның маған ауызша айтқаны рас болса және Бұхара ханы мен Хиуа ханы тағы басқа да иеліктер, оның императорлық ұлы мәртебесіне бодан болғысы келетіндері рас болып шықса, онда менің оларға баруым қажет пе, немесе олардан өз өкілдерін жіберуді талап етіп, олармен Өбілқайыр ханның ставкасында жазбаша келісім жасасып, ант аламын ба... не болса да ұлы мәртебелі императрица ханымның мүддесі үшін тілек білдірген басқа да билеушілерді бодандыққа қабылдап, ант аламын”.

Лебедев С. Из истории сношений казахов с царской Россией в XVIII в. Красный архив. 1936. Т. 5. (78). С. 194-195.

ИМПЕРАТРИЦА АННА ИОАННОВНАНЫҢ СТАТСКИЙ СОВЕТНИК ИВАН КИРИЛЛОВКЕ НҮСҚАУЫ

“Біздің ежелгі бодандарымыз башқұрттар мен таяуда бізге бодан болған қырғыз-қайсақ және қарақалпақ ордалары халықтарының қамын жей отырып, оларды қандай да болмасын шапқыншылықтардан қорғау мақсатымен Ор өзенінің Жайыққа құяр сағасында жаратқан Құдай-

дың жәрдемімен қала салуды ойластырдық және бұл ойымызды іске асыру үшін өзің бізге тапсырған және біз мақұлдаған жоспар бойынша сені, Кириллов, және сені, полковник Тевкелев, арнайы жіберіп отырмыз, бұл жөнінде мына нұсқауды басшылыққа алуды қайырымдылықпен бұйырамыз:

1. Біріншіден, аталмыш қаланы тұрғызып, оған халықты қоныстандыру қажет; біз қайырымдылықпен қалаға берген артықшылықтарға сәйкес онда сауда, қолөнер және басқа да кәсіптерді өркендету керек. Осыған байланысты сен қаланы салуға барлық қолдан келген шараларды қолданып, оған тұрғындарды жайғастырудың тиімді жолдарын қарастыруың керек.

2. Ол қаланы Ор өзенінің сағасына саласың ба, немесе сол Нерекли өзенінің Жайыққа жақындау орта тұсына ма, болмаса Жайықтың арғы жағасына жобада көрсетілген айналасы кішігірім көлшіктермен қоршалған биік дөңге саласыңдар ма, ол жағын өзіңнің және инженерлік офицерлердің қалауына бердік...”

“...13. Егер Құдай жар болып, қаланы тез орната алсаңдар және Әбілқайыр ханмен кездесе қалсаң, кешіктірмей Бұхараға тауар артқан кішігірім керуен жөнелту керек және сол керуенмен бірге башқұрттардан, жергілікті қырғыздардан сенімді, дұрыс адамдарды тауып алып, керуенге жол көрсетіп, бірге жүргені үшін қайтып келген соң ақы төлейміз деп уәде беріп, ол керуенге жол көрсетуге шыққан қырғыздардан қайтып келгенше балаларынан не аға-інілерінен уақытша аманат алып, қолда ұстай тұру керек, себебі бірінші керуен жүрген жолды біліп алғаннан кейін, ол жолмен басқа да керуендер жүре бастайды, тіпті ол жақтардан сарттар мен басқалар да келуі мүмкін, сонда біз оларды өзіміз ашқан жолдармен жүргізуге тырысамыз.

14. Бірінші керуенмен бірге көпес есебінде киіндіріп және қолдарына аздаған тауарлар беріп, екі геодезист-офицерді аттандыру керек; әрине, олардың негізгі міндеті — сауда жасау емес, нағыз іс басталған кезде қажет болатын жолдар мен басқа да қажет жағдайларды зерттеп байқау, барынша зер салып, қадағалап, сипаттау, өйткені ол жақ туралы біздің ешқандай шындық мәліметтеріміз жоқ.

Егер бірінші керуенмен жаңағы айтылған екі офицерді жіберу қауіпті болған жағдайда, тіпті болмаса, башқұрттардың арасынан сенімді, көргенін жадына ұстап, дұрыс

айтып бере алатын біреуді тауып, сыйлық беруге уәде етіп жіберу қажет, ал әлгі офицерлерді кейінгі керуендерге қосып жіберерсіңдер.

15. Ал Әбілқайыр ханға оның өтініші бойынша біздің императорлық ұлы мәртебеміз оның және мұрагерлерінің мәңгілік хандық құруын қорғау үшін қазынаның ақшасын аямай, көптеген әскер мен жұмысшыларды жабдықтап, қала салуға бұйырғандығымызды жеткізесің. Біздің оған көрсетіп отырған осы императорлық мейірімділігімізді өтеу үшін, ол біз жіберіп отырған полковник Тевкелевке жақын жерлердегі алтын қазатын орындарды көрсетуге бұйырсын. Ол орындарды хан адамдары көрсете салысымен тездетіп сынама алып, егер шын алтын өндіруге болатын болса, онда алыс емес және қауіпсіз жерлерде кең көлемде өндіріс ұйымдастыру мәселесін қарастыру қажет.

16. Егер Арал ханының және басқа да жақын орналасқан билеушілердің жерінде алтын бар екендігі туралы естісеңдер, ол жағдайда Әбілқайыр ханмен бірлесіп, ол жерлерден қайткен күнде де жасырын түрде түйірлерін қолға түсіріп және кен орнын көріп, біз жағында немесе Арал теңізінің арғы қарақалпақ жағында орналасса, оларды қолға түсірудің амалдарын қолдану керек. Ол теңіздің арғы жағында болып, құрғақ жолмен жеткізу мүмкін болмаған жағдайда, ол мәселені біздер теңізде айлақ салып, кемелер түсіргенше қоя тұруға тура келеді”.

Добросмыслов А.И. Материалы по истории России.

Сборник указов и других документов, касающихся управления и устройства Оренбургского края. Оренбург, 1900. Т. 1.

ҚЫРҒЫЗДАРДЫҢ ОРЫС БОДАНДЫҒЫН ҚАБЫЛДАУЫ МЕН СОҢҒЫ ХАН ШЕРҒАЗЫНЫ ТАҒАЙЫНДАҒАНЫ ТУРАЛЫ (1730—1812 жж.)

“Кіші орда қырғыздарының Ресейдің бодандығына өтуінің басты себепкері Әбілқайыр хан болды, сондықтан да бұл адамға мінездеме бере кету осы жерде өте орынды, себебі бұл халықтың тарихындағы көптеген түсініксіз жағдайлардың шешуі оның мінезімен байланысты. Бұл адам, қазіргіде айтылатындай энтузиаст, қызба болған, бір нәрсенің алдыартын болжамай, қызу кірісіп, аяғына дейін апармастан, алғашқы қиыншылыққа кездескенде-ақ тез суып, басқа бір

іс бастайтын. Егер осыған азиаттарға төн өдеттегі қасиеттер: өтірікшілік, жалтарғыштық, құлықсыздық пен дүниеқұмарлықты қоссақ, оның ықпалының еш жерде тұрақты бола алмағаны өзінен-өзі түсінікті. Кіші орда ханы болып сайланарда оны ықпалы аз партия қолдады, бірақ орыс бодандығын қабылдағаннан кейін, ол түрлі айла-шаралармен Үлкен орда ханы болып сайланды да. Дегенмен оның бұл жердегі билігі ұзаққа бармады; зорлық-зомбылық пен ауыр алым-салық халықтың ашу-ызасын келтіріп, ханды қуып жіберумен аяқталды.

Ол Бұхараны тонағысы келді, онысын іске асырып үлгерді де, басқұрттардың бүліншілігін пайдаланып қалғысы келіп, ол жаққа да ұмтылды, бірақ орыс ықпалынан аса алмады. Басқа амалы қалмаған хан Түркістанда аз уақыт билік құрған, кейін Орта орда қырғыздары қуып жіберген жоңғар билеушісімен ауыз жаласып та үлгерді. Бұл жерде де сөтсіздікке ұшырап, ол қайтадан Ресейге жанасып, одан Сырдария бойында қала салуға көмек сұрады. Бірақ оның бұл өтініші орындалмады. Кейін ол Хиуа ханының мәртебесіне де жетті. Бірақ бұл да ұзаққа бармады. Таққа отыра салысымен, ол түрікмендерді тонауға көшті. Осы қылығы үшін парсының Нәдір шахы шабуыл жасаған кезінде Хиуа тағынан айырылып тынды. Содан лажсыздан ол далаға қайтып оралды, бірақ қанша сөтсіздікке ұшырағанмен баяғы көкірек мінезін тастамады.

Орынбор өкімшілігімен өзінің аманатқа берген баласын екінші бір некесіз туған баласына айырбастаудан бас тартқаны үшін ренжісіп қалды. Маңдайы қанша тасқа тигенмен, ол одан сабақ алмады; ол қайтадан айлаға көшіп, Парсылықтарға жалпақтап, орыс шебіне жортуылдар ұйымдастырып, көпес керуендерін тонады; Сыр бойындағы қарақалпақтардың тоз-тозын шығарып, ақырында, Орта ордаға ойысты, бірақ ұзамай бұл ордада аса беделді және ықпалды Барақ сұлтанның қолынан ажал тапты. Егер оның осы барлық іс-әрекеттеріне ерікті-еріксіз де қарамағындағы халқының біразын қатыстырғанын еске алсақ, бұл адамның өз халқына да, өзгелерге де қанша кеселі тигендігін көруге болады.

Енді қырғыздардың қалай орыс бодандығына түскенін қарастырайық. 1730 жылы Әбілқайыр ханның жағдайы мүшкіл еді, өзінің Қайып ханмен жауласуының немен тынарын білмей, айналасындағы аздаған жақтастарын орыс

бодандығын қабылдауға көндіреді. Сөйтіп, ол Уфа әскербасы Бутурлинге Ресей бодандығына кіруді қалайтындығы туралы өзінің және тіпті бүкіл халықтың атынан өтініш хат жолдайды. Бутурлин көп кешікпей Петербургке елшілік аттандырады. Бұл жердегілердің Әбілқайырдың ордадағы беделінің аз, ықпалының жоқ екендігінен хабарсыздығы елшіліктің сәтті аяқталуына көмегі тиді; оның сөзіне шындай сенді. Іс сәтті оңғарыла бастаған сияқты болды. Петербургте елшілерге жомарт сый-сияпат жасалып, қасына шетел істері коллегиясының қызметкері Тевкелев мырзаны, Уфадан бірнеше ақсүйектер мен казактарды қосып, ордаға қайта жолға шығарып салады. Араларында орыс үкіметінің шенеунігін көріп және оның өздеріне орыс патшасына адалдыққа ант беруін талап еткенін естіп, қырғыздар аңтаң болады. Тевкелевтің тез арада Әбілқайырдың іс-әрекеттерінің жалған екендігіне көзі жетеді, бірақ басқа амал қалмайды”.

Мейер Л. Киргизская степь Оренбургского ведомства.

//Материалы для географии и статистики России.

СПб., 1868. С. 6-7.

ОРЫНБОР ҚАЛАСЫН САЛУ ЖӘНЕ ОҒАН БЕРІЛЕТІН АРТЫҚШЫЛЫҚТАР ТУРАЛЫ ПАТША БҰЙРЫҒЫНАН

7 маусым, 1734 жыл.

“Барша халықтың назарына. Біздің ескі бодандарымыз башқұрт және қалмақ ордаларымен көрші тұратын, бұрын бір-біріне тынымсыз жортуылдар жасап, тонауға ұшыратып келген, Ұлы Татарияға, Хиуаға, Бұхараға, Ташкент пен Балхқа аттандырылған сауда керуендерін тонап келген жаңа бодандарымыздың қамын ойлап, Ор өзенінің Жайыққа құяр сағасынан қала салуға ұйғардық, ол қала осы аталған ордаларды бодандықта ұстауда және сауда жұмыстарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін аса қажет, сол мақсатпен қала салуға көптеген штаттық және әскери шендерден тұратын арнайы экспедиция аттандырылды”.

Революционная и трудовая летопись Южно-Уральского края.

Хрестоматия. Челябинск, 1980. С. 14.

**ОРЫНБОР ГУБЕРНАТОРЫ Н.РЕЙНСДОРПТЫҢ АБЫЛАЙ
ХАННЫҢ АНТ ҚАБЫЛДАУДАН БАС ТАРТУЫНЫҢ СЕБЕПТЕРІ
ТУРАЛЫ МЕМЛЕКЕТТІК СЫРТҚЫ ІСТЕР КОЛЛЕГИЯСЫНА
БАЯНХАТЫ**

Тамыз, 1779 жыл.

“Сібір белдеулеріндегі бас қолбасшы, генерал-майор Агаревтің мемлекеттік коллегияға жолдаған баянхатынан Абылайды хан дәрежесіне енуіне байланысты ант беріп, ұлы мәртебелі император берген грамоталары мен белгілерін алуға шақырған хатын апарған капитан Лилингрейнге көрсеткен мінезі, оның тек әдепсіздігін ғана емес, сонымен бірге шектен тыс бейбастақтығын дәлелдейді.

Ұлы мәртебелі император тарапынан өзіне көрсетілген қайырымдылық белгілерін аса ынталы және ризашылық пейілмен қабылдаудың орнына ол қайдағы бір ойдан шығарылған сылтауларды айтып, қамалға келуден жалтарып отыр. Тіпті оның айтқан сылтаулары шын мәнінде рас болғанның өзінде де, олардың Петропавлға ханның келіп-кетуіне бөлендей кедергісі жоқ, себебі хан тұрағынан қамалға дейін не бары үш күндік жол. Осының аз-ақ алдында Абылайдың менен өзіне тиесілі барлық белгілердің Петропавл қамалына әкелінуін қиылып, өтінгеніне қарағанда, оның бұл қыңырлығының үш себебі бар:

Біріншіден, ант бергеннен соң ол бұрынғыдай заңсыз әрекеттерге бара алмай, қолы қысқарып қалады, себебі оның қарамағында өз қандастарынан басқа да көптеген Ресей адамдары бар, оларды ол көптеген талаптарға қарамастан, қайтармай отыр және оларды азиялық және орыс сауда керуендерін тонауға жұмсайды, ол туралы Мемлекеттік коллегия капитан Лилингрейннің қасында болған тілмаш Бекчуриннің журналдық жазбаларынан біле алады.

Екіншіден, Қытай жағының азғыруына ергендіктен емес пе екен, себебі олар қайта-қайта адамдарын жіберіп, ханды өз бодандығына қаратуға әрекеттенуде, оның бергі жағында өткен қыста Іркітте сауда жасауға тыйым салынғаны белгілі, сонымен қатар олар көптеген қырғыздарды жоңғарлардың босап қалған жерлеріне қоныс аударумен қызықтыруда. Мұны Абылайдың қарамағындағы рубасылары да теріске шығармайды және жоғарыда аталған тілмаш Бекчуриннің журналынан және Абылайдың маған жазған хаттарының сізге жіберіліп отырған көшірмелерінен анық көруге болады.

Үшінші себеп, оның өзіне қарсы қырғыздарды жуасытып, ордада өзінің қалауынша билік жүргізу үшін сұраған әскерлерді ала алмауы болуы мүмкін”.

Казахско-русские отношения в XVIII—XIX веках. Сб. документов и материалов. Т.2. Алма-Ата, Наука, Каз ССР, 1964. С. 93.

О.А.ИГЕЛЬСТРОМНЫҢ КІШІ ОРДАДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ II ЕКАТЕРИНАҒА ХАТЫ

9 қараша, 1787 жыл.

“Аса ұлы мәртебелі, бүкіл Ресейдің дара билеушісі, мархабатты патшайым, императрица ағзам!

Аса мәртебелі Патшайым!

Кіші орда қырғыздарының жұртшылығы менің барлық орда руларына жасаған ұсынысым бойынша, әрбір рудан өздерін басқаратын бір-бір старшындарын сайлап, оларды бізді басқаратын рубасылары ретінде бекітіңіз деген өтініштерімен қоса маған жіберді. Менің Сіздің ұлы мәртебеңіздің атына өзіңізге шын берілгендік ниетпен бір мың жеті жүз сексен алтыншы жылдың 10 мамырында жазған ордада жазалау тәртібін орнату және әр руда бастық сайлау қажеттігі туралы өтінішіме Сіздің ұлы императорлық мәртебеңіздің сол жылдың 3 маусымындағы бұйрығыңызда Кіші орда қырғыздарында қанша рубасы сайлау керек екендігі анық көрсетілмесе де, менің Сіздің ұлы мәртебеңіздің атына жазған өтінішімде мен сол сайланған рубасыларына қанша жалақы тағайындайтынымды жазған болатынмын, оған Сіздің ұлы императорлық мәртебеңіз маған берген бұйрығыңызда мен көрсеткен жыл сайын қажет болатын жалақы сомасын және азық-түлікті босатып тұруға келіскен болатынсыз. Сондықтан да мен рубасылығына жұртшылық сайлаған және маған бекітуге ұсынылған старшындардың тізімін алуға кірістім. Олардың ішіне ел арасында беделі бар бірнеше атақты рубасылары кірмей қалыпты. Осы адамдардың ел арасындағы беделі мен ықпалын өз мақсаттарымызға пайдалану үшін оларды істердің дұрыс жүргізілуін қадағалап отыратын бақылаушылар етіп қойған дұрыс болар еді. Бұл айтып отырған старшындардың орда халқының арасындағы беделі басқалардан артығырақ. Сондықтан да олар үшін ордаға жаңа

лауазымдарды кіргізуді халық лайықты шара деп қолдар еді, сондықтан мен оларға басқаларға қарағанда артықшылықтар беруді міндетті түрде халықпен келісу қажет қой деп санадым. Өткен бір мың жеті жүз сексен алтыншы жылдың үшінші маусымындағы Сіздің жоғарғы императорлық мәртебеніздің маған берген бұйрығыңыздың алтыншы бабында қырғыз халқына ірі рулардың аса беделді басшыларынан тұратын басқару орнын сайлау керек, ол старшындарды басты руларда бас старшындар етіп сайлау қажет, оларға негізгі және төменгі руларды бақылап отыру жүктеледі: осылай олардың қолына халықты басқару билігін берсек, күндердің күнінде олар да өздерінің кім екенін ұғынып, билікті қолданудың қыр-сырын ұғынса, халықтың санасына ордада хансыз да “тауық шақырып, таң атар” деген ұғымды сіңіре берер.

Қауым мұндай бас старшындарды үш басты ру бірлестіктерінде сайлады, әлімұлында — үшеу, байұлында — екеу және жетіруда — екеу. Ру және үлкен рулардың тармақтарының басшылары етіп әлімұлында — 12, байұлында — 14, жетіруда 13 кісі, сонымен бірге Кіші жүз арасында көптен аралас тұрып келе жатқан Орта жүздің үш руынан үш старшын сайланды. Олар осында болған кезінде қазан айының 20-сы күні мен оларды аға және ру старшындары лауазымына бекітіп, менің қатысуыммен шекара сотында олардан ант алынып, менің және осындағы шекара шептері жөніндегі экспедицияның барлық мүшелерінің қолы қойылған, әрбір сайланған старшынға қандай міндеттер жүктелетіндігі, нені бақылап, нені орындау керектігін түсіндіретін нұсқаулар және Сіздің ұлы мәртебеніздің жарлықтарымен жабдықталды.

Қырғыздар осы аға және ру старшындарының тағайындалуы мен сот орнатуды ешқандай қысымсыз, өз еркімен қабылдады; менің пікірімше, бүкіл халыққа енді тек мықты бұғалық салынып қана қойған жоқ, келе-келе осы аға және ру старшындарының көмегімен бұл өз бетімен кеткен халық жуасып, тентектігін тыяра деп үміттеніп, сөйтіп ордада болған жаңа өзгерістер туралы Сіздің императорлық ұлы мәртебенізге шын берілгендік пиғылмен хабарлап, руларға тағайындалған старшындардың тізімін, халыққа жариялаған оларды тағайындау туралы жарлық пен оларға берілген нұсқауларды жіберіп отырмын. Аса қайырымды патшайым, кешіре көріңіз! Мен Кіші қырғыз ордасындағы осы өзгерту-

лер кезінде бұрынғы тағайындалған ақша қаражатын біраз өсіріп жібердім. Оған ордадағы тұрғындардың көптігі және оның барлық бөліктерінде болып жатқан тәртіпсіздіктер себеп болды, сондықтан мен Сіздің ұлы мәртебеніздің атына жолдаған бірінші өтінішімде ақша шығынының осылай артып кететіндігін болжай алмадым, бірақ Сіздің императорлық мәртебеніз сол старшындарға тағайындаған жалақыңыздың оларға міндеттеріне ыждағаттықпен қарап, оның үстіне, ордадағы ықпалы күшті адамдар адал қызметі мен бодандық борыштарын дұрыс орындағандықтары үшін ынталандырылады, ордадағы жағдай жақсарып, қалпына түскен кезде, осы тағайындалған старшындардың да қажеттілігі болмай қалады да, бұл шығын өзінен-өзі жойылады.

Сіздің императорлық ұлы мәртебенізге шын берілген:
барон Отто Игельстром.

Материалы по истории политического строя
Казахстана. Т.1. Алма-Ата, Наука, Каз. ССР, 1960. С. 45-46.

ОТАРЛАУ САЯСАТЫНЫҢ ЖҮРГІЗІЛУІ. РЕСЕЙЛІК БАСҚАРУ

Патшалық Ресей Кіші жүз даласында өзінің отарлау саясатын жүргізе отырып, сол даланы, оның байлығын, жерін иемдену үшін бірнеше әкімшілік реформасын жүргізді. Әуелі елдік ұйытқымызды жойып, түрлі губернияларға бөлшектеп, аумақтық тұтастығымыздан айырды. Рас, отаршылдар бұл саясатын ешпен, асықпай жүзеге асырды.

Оның алғашқысы — XVIII ғасырдың 80—90-жылдарынан 1822 жылға дейінгі аралықты қамтитын протектораттық кезең. Патша үкіметі алғашында Кіші жүзде ел билеудің хандық жүйесін сақтап, оның ішкі ісіне араласпай, тұзақты алыстан құрып, сырттай келісім жасады. Қазақ даласын өзіне жағынып, бас шұлғып, бағынышты болған хандар мен сұлтандар арқылы басқарды. Кейіннен келе Кіші жүзде хандық билікті жойып, оның орнына аға сұлтандық жүйені енгізді. Сөйтіп, қазақ жерінде орыс әкімшілігінің басқару жүйесін орната бастады.

Кіші жүз даласына орыс әкімшілігінің басқару жүйесін енгізу 1784 жылы Орынбор генерал-губернаторы А.И.Апухтин кезінде басталған болатын. Патшаның жазған хатында былай делінген: “...Қырғыз даласында шекаралық сот мекемесін енгізу, оның құрамына қырғыз уәкілдері мен

орыстар кіргізілсе, бұл қазақтар үшін әділет болар еді. Басқару жүйесіне сот әділдігін енгізу әрекеті сол кездегі қазақ даласы үшін жаңа саяси құбылыс болды. Оған түрткі болған орыс-казак бекінісінің қазақтарға жасаған сансыз көп шабуылы еді. Соған байланысты қазақтар Орынбор өкімшілігіне орыс-казактардың озбырлығы туралы шағымдар жазды. Патша өкіметі шекара соты арқылы бұл мәселеде әділеттілік орнатуды көздеді. Бірақ отаршылдық пиғыл үстемдік алып, шекаралық сот өкімшілігі бұл міндетті орындай алмады”.

Қазақ сұлтандары мен старшындары мен арасында болған күресте зәбір көрген қазақ байлары әділеттік іздеп, Орынбор өкімшілігіне шағым жазып отырды. Шағымдар көбіне нәтиже бермеді. Дегенмен патша өкіметі Кіші жүзді басқару ойын жүзеге асыру керектігін түсінді. Бұл шараны іске асыру 1785 жылы А.И.Апухтинді ауыстырған Орынбор генерал-губернаторы О.А.Игельстромға жүктелді.

О.А.Игельстромның Кіші жүзге басқару жүйесін енгізудегі негізгі ойы қазақ даласында тыныштық орнату еді. Ол үшін Орынбор өкімшілігі жанынан шекаралық сот мекемесін құрып, қазақ рулары арасында осы сотқа тікелей бағынатын мекеме-расправ ашуды көздеді.

Патша жарлығымен 1786 жылы желтоқсан айының 23-і күні Орынбор қаласында шекаралық сот болды, осы жарлықта “...шекаралық соттың міндеті — қазақтар мен орыстар арасындағы дау-жанжалды реттеу. Шекара сотының құрамы обер-комендант, екі Ресей офицері, екі мешан, мемлекеттік мекемеден екі адам және алты қазақ старшындары болуы керек” деп айтылды.

6 қазақ старшындары кіруінің себебі мынадай еді. Кіші жүзде 3 ірі тайпа — әлімұлы, байұлы және жетіру бар. Осы тайпалар екі адамнан уәкіл жіберіп, Орынбор шекаралық сотының жұмысына қатысуға тиіс болды. Сөйтіп қазақ старшындары Ресей өкімшілік басқару жүйесіне тартыла бастайды.

О.А.Игельстром шекаралық сот құрылғаннан кейін қазақ даласына басқару жүйесін енгізу үшін 1787 жылы қазанның 15-і күні расправ жүйесін (жергілікті ру соты) бекітеді. Жергілікті ру соты шекаралық соттың шешімдерін орындайтын өкімшілік мекеме болды. Үш ірі тайпада үш расправ құрылды. Бұл мекеменің міндеті туралы нұсқауда

“Шекаралық сотқа бағына отырып, жергілікті жердегі ру таласын, керуеннің қауіпсіз жүруін, шекаралық соттың шешімдерін жүзеге асыруды бақылап, дау-жанжал ісін карап, шешім қабылдай алады” — делінген.

Жергілікті ру сотын (расправ) құра отырып, соттың қызметіне Орынбор әкімшілігі тағайындаған орыс офицері бақылаушы ретінде қатысып отыратын болған. Бақылаушыға сотқа қатысумен бірге, қазақ руларында не болып жатыр, соның бәрін қағазға тіркеп, Орынбор әкімшілігіне жеткізіп отыру міндеттелген.

О.А. Игельстромның басқару жүйесінің мәні де осындай еді. Өз билігі жоқ жергілікті ру соты құрылып, ал оның құрамындағы орыс әкімі патшаның көзі әрі құлағы, былайша айтқанда, тыңшысы болды. Екі ғасырлық Ресейдің әкімшілік басқару жүйесіндегі барлық мекемелерде тыңшы қызметі болды десек қателеспейміз...

... О.А.Игельстромның реформасы толық аяқталмай, жергілікті ру соты тарап жатты. Оның негізгі себебі: жергілікті сот айтарлықтай іс шеше алмады, мұның үстіне халық арасында соттың беделі болмады. Старшындар мен билер руларындағы сотты өзінің жерлестерінен өш алу, оларға күш көрсету мақсатында пайдаланды. Орынбор әкімшілігі қазақ старшындар арқылы жергілікті халықты бағындыруды көздеді. Өз ретінде старшындардың сұрауымен көптеген расправтар көбейіп, жаңбырдан кейінгі саңырау-құлақтай өсті. Оның себебі әрбір ру басшысы жергілікті ру сотын құрып, жылына бір рет Орынборға барып жалақысын алатын еді және Орынбор шекаралық сотына қатысқандар арнайы киім алып отырған. Патшалық Ресей отарлық әкімшілік басқару мекемелерінен қазақ шонжарларынан мемлекет қаржысын аямады.

Патша әкімшілігінің XVIII ғасырдың 70—90-жылдарындағы жүргізген қайта құру реформасы өзінің толық мақсатына жете алған жоқ. Бірақ оның сұлтандар мен старшындарға тиімді жақтары болды. Старшындар елді басқару ісіне араласып, сұлтандық билік әлсіреді. Патша өкіметінің отарлық саясатын жүргізуде старшындар негізгі тірекке айналды. Сонымен қатар орыс-қазақтардың тонаушылық іс-әрекетіне аз да болса тежеу қойылды. Патшаның “кімде-кім қазақтарға зорлық-зомбылық жасаса, ұсталып қатал жазалансын” деген жарлығы шықты.

Кіші жүз қазақтары Еділ мен Жайық өзендерінің аралығына өтіп, малын жая алатын болды. Бірақ ол үшін

әрбір мал басына ақшалай не мал түрінде салық төленген. Қыстап шыққаннан кейін бекіністерден 100 шақырымға дейін көшіп, өздерінің жайлауына қайтқан. Орынбор өкімшілігі әрбір өткен мал басынан: қойға — 2 тиын, мүйізді ірі қараға — 5 тиын, жылқыға — 10 тиын, түйеге — 25 тиыннан алған. Бұл ақша немесе мал Орынбор өкімшілігінің қазынасына түскен. Ал Жайық орыс-казактары өз пайдасына әрбір қойға 15 тиын, мүйізді қараға 50 тиын, жылқыға 45 тиын, түйеге 80 тиын алып отырған.

О.А.Игельстромның басқару жүйесіндегі мұндай шараларына сұлтандар қарсы болды. Олар түрлі жолдармен патша төңірегіндегі реформаға қарсы адамдарға ықпал жасап, Кіші жүзде хандық билікті қалпына келтірді. О.А.Игельстром басқа жұмысқа ауысып, оның орнына А.А. Пеутлинг тағайындалды.

1799 жылы наурыздың 19-ы күні шекаралық соттың орнына шекаралық комиссия өкімшілігі құрылды. Бұл басқару мекемесі шекаралық сот емес, азаматтық басқару жүйесі еді. Шекаралық комиссия құрамында азаматтық сот, іс қағаз жүргізу және ақша шығыны мен кірісін есептеу (казначей) бөлімдері болды. Бұдан басқа Кіші жүз қазақтарында болып жатқан жағдайды бақылап, тез шешім қабылдайтын азиаттық бөлімі де бар еді. Барлық іс қағаздар осы бөлімге келіп отырған.

1797 жылы ақпан айының 26-ы күні империяның сыртқы істер коллегиясының жанынан Азия халықтарында болып жатқан оқиғаларды бақылап отыратын арнаулы департамент немесе экспедиция мекемесі ашылды. Басшысы болып статс-кеңесші Лашпарев тағайындалды. Орынбор шекара комиссиясы тікелей осы мекемеге бағынды.

Патшалық Ресей империясы Орталық Азия мен Қазақ даласын зерттеп, оны басқару ісін жоғары мемлекеттік деңгейде басқаруға көшті. Кіші жүз қазақтарының ең жоғары мемлекеттік мекемесі төтенше Азия департаменті болды. Бұл мекемеге генерал-губернатор бағынды, ал генерал-губернаторға Орынборлық шекаралық комиссия басшысы қарады. Шекаралық комиссия Кіші жүз қазақтарын басқару үшін 5 расправ қалдырды. Қазақ жеріндегі расправ соты 1804 жылға дейін сақталып келді.

Орынбор шекаралық комиссия кеңесі Орынбор қаласында орналасқан. Кіші жүз даласында болып жатқан оқиғалардың барлығын Орынбор шекара комиссиясы бақылап отырған. Қазақтардың және орыс-казак бекініс-

терінен келіп түскен іс қағаздар және әртүрлі арыздар арнаулы комиссия отырысында қаралып, шешім шығарылып тұрған.

Комиссия отырысына қатысу үшін Кіші жүздегі рудан сұлтан сайланып жіберілетін болған. Қазақ сұлтаны, арнаулы нұсқауда айтылғандай, “Ел ішінде беделі бар, адал адам болуы керек” делінген. Алғашқы Орынбор комиссиясының төрағасы болып генерал-майор Бахметов тағайындалды. Комиссияның бірінші отырысы 1800 жылы қаңтардың 12-сі күні Орынбор қаласында шақырылды. Оған байұлы руы Шеркеш бөлімшесінен сұлтан Нұрке Қарабаев және әлім руынан сұлтан Нұрмұхамбет қатысады. Шекаралық комиссия мүшесі болған қазақ сұлтанына Ресей өкімшілігінің жарлығымен чиновник дәрежесі берілген және ол үшін қосымша ақшалай қаржы алған.

Комиссия отырыстарында мал ұрлау (барымта), жер дау-жанжалы, орыс-казак бекіністерінің комендантының арызы сияқты мәселелер қаралған. Сонымен қатар комиссия қазақ жерлері арқылы өтетін сауда керуендерімен бірге Хиуа, Қоқан, Бұхара хандықтарына арнаулы барлаушы мен тыңшылар жіберіп, Орталық Азия хандықтарында болып жатқан оқиғалар туралы өте құпия деректер жинап отырған.

XIX ғасырдың 20-жылдарына қарай хандық билік жергілікті үстем таптарды да қанағаттандыра алмады. Елде әлеуметтік қайшылық тереңдей түсті. Бұл кезде Ресей өкімшілігі даланы басқаруда Шекара комиссиясының қызметі арқылы мол тәжірибе жинақтап, хандықты жойып, Кіші жүзді басқаруда Ресейлік өкімшілік жүйесін енгізуге болатынына көз жеткізді. Сөйтіп, 1822 жылы Сперанскийдің ұсынысымен Сібір қазақтарын басқару туралы жаңа заң даярланды. Ол бойынша Сібір қазақтары (Орта жүз) Ресей өкімшілігі құрамына еніп, енді бұдан былай орыс мемлекетінің заңына бағынатын болды.

Кіші жүзді басқару үшін Орынбор генерал-губернаторы Эссен 1822 жылы жоба жасады. Эссен жобасы Сыртқы істер коллегиясының Азия департаментінде 1824 жылы бекітілді. Сөйтіп, осы жылдан бастап Кіші жүз қазақтарын басқаруда Ресейдің отаршыл өкімшілік жүйесі енгізілді.

Мәшімбаев С. Патшалық Ресейдің Қазақстандағы мемлекеттік басқару мекемелерінің тарихы. А., Қазақ университеті, 2000. 62—95-бб.

**БАТЫС СІБІР ГЕНЕРАЛ-ГУБЕРНАТОРЫНЫҢ ҰЛЫ ЖҮЗДІ
РЕСЕЙГЕ ҚОСУ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ СЫРТҚЫ ІСТЕР
МИНИСТРЛІГІНІҢ БАСҚАРУШЫСЫ К.НЕССЕЛЬРОДҚА
ЖАЗҒАН ХАТЫНАН**

1 тамыз, 1822 жыл.

Мархабатты тақсыр Граф Карл Васильевич! Жетісу деп аталатын алқапта көшіп жүретін Ұлы орданың сұлтандары — ордалардағы атақты Абылай ханның ұрпақтары, Өділ сұлтанның балалары өткен жылы маған өз араларынан Ерөлі Өділұлы, Мұхаметәлі Ибақұлына және Орта орданың бір бөлігі осы Жетісу жағында көшіп жүретін Найман болысының сұлтаны Сайбақ Жабайұлына өздерінің барлық сұлтандары мен билерінің атынан хат жазып, депутат етіп жіберіпті, ол жақта олардың Сүйік Абылайханов сұлтаннан үлгі алып, Ресейге мәңгілік бодан болғысы келетінін айтып, сұлтандардың өздерінің де, оларға бағыныштылардың да есебін алу үшін өз қоныстарына шенеуніктер мен молдалар жіберуді; бодандық жөнінде ант алғаннан кейін мұны үкіметке жеткізудің және өздерін Ұлы ордан және халық атынан ұлы мәртебелі императорға депутат жіберуге рұқсат етуді сұрауды өтініпті.

Бұл өтініш өздерінің кең-байтақ даласында біздің шептен 1300 шақырым қашықтықта жатқан осы халықтың шын жағдайымен салыстыра келгенде мен, өз пікірімше, олардың өтініштерін қанағаттандыру артық болмас еді деп санаймын, бұл жағдайда нақ сол жерде көшіп жүретін Ұлы орда Қытайдың шекаралық Құлжа қаласына, Ақсуға және одан әрі Тибетке баратын сауда жолы бағытындағы біздің керуендер жолына шоғырланып, көпшілік болып Ресей боданы бола отырып, біздің керуендерді өткізу мен оларды еркін апаруға көп қызмет көрсете алады деген ойды негізге алып отырмын, мұны ең болмағанда осы кезге дейін 1819 жылы бодандыққа өткен Сүйік Абылайханов сұлтан дәлелдейді, маған өзімнің Сібір шебі одан әрі басқарған кезімде мәлім болғанындай, ол шептен шығатын керуендерді өз қонысынан ертіп өткізіп қана қоймай, оның үстіне жуырда біздің казактар қосынына едәуір көмек те көрсетті, ал сол қосынның қорғауымен Семейден Қашқарияға керуен жөнелтілген еді, ал оған қатысушылардың көпшілігі саудагерлер болатын; өйткені ол жаққа керуен тым сирек барады, ал осындағы шептік казак әскерлерінің казактарынан 150

адам құрамында жасақталған осы қосынды осынша алыс жолға, әсіресе Жетісудан бастап мейлінше көп кездесетін таулар арқылы жүруге дағдыланбаған майдан әскерлерінің шаршап қалуына байланысты, Сүйік сұлтан атпен қамтамасыз етті. Оның үстіне бодандыққа енді өткелі отырған Ұлы орда сұлтандарынан адал берілгендік пен ынтықыластан көп пайда күтуге болады, өйткені олар Сүйік сұлтанмен бірігіп іс-қимыл жасайды, сөйтіп біз осынау алыста жатқан далалы елде керуендер үшін қауіпсіз пана табамыз, ал мұның өзі бұрын сұлтандарға әрқашан амалсыздан салық төлеп келген көпестерді едәуір шығынға ұшыратып отыратын...

XVIII—XIX ғасырлардағы қазақ-орыс қатынастары. А., Ғылым, 1964. 203-204-бб.

“СІБІР ҚЫРҒЫЗДАРЫ ТУРАЛЫ ЖАРҒЫНЫ” КҮШІНЕ ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ ЖАРЛЫҚТАН

22 шілде, 1822 жыл.

Сібір губернаторларын басқаруды осы өлкенің қашықтығына, оның кең-байтақ екендігіне және халқының тегіне тән ережелерге негіздеп құру қажет деп тани отырып, біз Сібір генерал-губернаторы құпия кеңесшісі Сперанскийге¹ осы губернияға шолу жасап, жергілікті жерлерден олардың жағдайы туралы егжей-тегжейлі мәліметтер жинастыруды және оларды жақсы жайғастыру жөніндегі шараларды сол мәліметтерге негіздеп, оларды біздің қарауымызға ұсынуды тапсырдық.

Соның нәтижесінде бізге табыс етілген жорамалдарды қарап, оларды егжей-тегжейлі тексеру сеніп тапсырылған комитеттің қорытындыларымен соларды жинақтай келіп, біз жергілікті мән-жайларды нақты білуге негізделген бұл жорамалдарда осы өлкеге және біздің осы өлке игілігіне сәйкес ниеттерімізге мейлінше лайықты басқару тәртібі бар деп табамыз.

Бірақ осы тәртіпті ойдағыдай енгізу көптеген жергілікті өкімдер шығаруды және губернаторлардың өздеріне мейлінше қолайлы бөліністерді талап ететін болғандықтан, біз осы бөліністің бейнесін, ең алдымен, мынадай ережелерге негіздеп құрған жөн деп таптық:

¹ Қазақстанның саяси құрылысының тарихы жөніндегі материалдар. 1-том, 91—93-бб.

1. Сібірде ең басты екі басқарма: Батыс және Шығыс басқармалары құрылады.

2. Батыс бас басқармасына — Тобыл, Томск губерниялары мен Омбы облысы жатады.

3. Шығыс бас басқармасына — Иркутск губерниясы, жаңадан құрылатын Енисей губерниясы және Приморье-ден екі басқарма — Охот және Камчатка басқармаларына қоса Якут облысы енеді...

6. Сібірдің әрбір бөлігіндегі бас басқарма генерал-губернаторға сеніп тапсырылады. Олардың біреуінің болатын орны — Тобольск, екіншісінікі — Иркутск деп белгіленеді.

7. Генерал-губернаторлар өздеріне сеніп тапсырылған губернияларды осының ізінше шығарылатын ерекше нұсқаулар негізінде басқаратын болады: ол шығарылғанға дейін олар жалпы губерниялық нұсқау және 1803 жылғы ерекше аманат негізінде іс-қимыл жасайды.

8. Өздеріне сеніп тапсырылған губернияларды олардың қазіргі құрамында басқаруға қабылдап алғаннан кейін генерал-губернаторлардың бірінші міндеті — олардың өзара жеке келісіміне және жергілікті жағдайларға қарай отырып, Сібірдің екі бөлігі арасындағы шекара шектерін үлгі карта және оған қосымша берілетін суреттеме бойынша егжей-тегжейлі белгілеуге кірісу болады...

Түпнұсқаға ұлы мәртебелі император мырзаның өз қолымен былай жазылған: Александр.

ИМПЕРАТОР І АЛЕКСАНДРДЫҢ ҰЛЫ ЖҮЗ ҚАЗАҚТАРЫН РЕСЕЙ БОДАНДЫҒЫНА ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ ГРАМОТАСЫ

13 мамыр, 1824 жыл.

Қырғыз-қайсақтардың Ұлы ордасының сұлтандарына, қайтыс болған Әділ сұлтанның және басқа рулардың ұлдарына, билерге, старшындарға және осы сұлтандар мен старшындардың қол астындағы барлық қырғыз-қайсақ халқына біздің императорлық рақымымыз бен мархабатымыз жаусын.

Батыс Сібір генерал-губернаторы инфантерия генералы Капцевич бізге өткен 1823 жылы қырғыз-қайсақтардың Ұлы ордасы сұлтандарының өз қол астындағы халқымен бірге мәңгі бақи Ресей державасының толық бодандығына кіргені туралы хабарлады. Осы қырғыз-қайсақтардың біздің адал бодандарымыз қатарына осылайша өз еркімен қосылуына —

оны сұлтан Әділ мен Ұлы орда қырғыз-қайсақтарының атынан биыл астанаға келген депутаттар растады — біз асқан мархабатты түрде сұлтан Әділовтер және басқа да барлық старшындар мен олардың қол астындағы қырғыз-қайсақ халқы біздің жаққа әрқашан адал болады, өз қоныстарының ішінде мызғымас тыныштық пен ізгілік сақтайды, біздің басқа да адал бодандарымызбен достық қатынаста болады, ішкі және шекарадан тыс жерлердегі сауданың табысты болуына жәрдемдеседі және біздің шекара бастықтарының өкімдерін Сібір өлкесінің пайдасы үшін ынта-ықыласпен орындайды деп сене аламыз. Осы адал бодандық борышын сақтаған жағдайда сұлтандар және олардың қол астындағы бүкіл қырғыз-қайсақ халқы барлық уақытта рекруттық міндеткерліктен мүлдем босатылып, барлық жағдайда біздің ұлы монархтық мейіріміміз бен берік қамқорлығымызды үнемі пайдаланатын болады, осыны растап, Ұлы орданың қырғыз депутаттарының бүкіл бодандық өтінішіне рақымымыз түскен. Біз сұлтан Әділовтерге және басқа да рулардың билері мен старшындарына және олардың қол астындағы бүкіл қырғыз-қайсақ халқына өзіміздің осы императорлық грамотамызды беріп, оны өзіміздің мемлекеттік мөрімізбен бекітуге әмір еттік.

Астанамыз С.Петербургте 1824 жылғы мамырдың 13-і күні берілді, ал ол біздің мемлекет басқарғанымыздың жиырма төртінші жылы.

XVIII—XIX ғғ. қазақ-орыс қатынастары.
А., Ғылым, 1964. 214-бет.

СІБІР ҚЫРҒЫЗДАРЫ ТУРАЛЫ ЖАРҒЫДАН

22 маусым, 1822 жыл.

I тарау. БӨЛІНІС

§ 4. Шептің арғы бетіндегі қырғыздардың қазіргі жай-күйіне сәйкес олардың көшіп-қонып жүретін жерлері болыстарға, ал болыстар ауылдарға бөлініп, өздерінің қазіргі атауларын сақтап қалады.

§ 5. Жалпы алғанда ауылда 50-ден 100-ге дейін үй, ал болыста 10-нан 12-ге дейін ауыл болуы көзделеді.

§ 6. Болыстарды басқару қолайлы болуы үшін олар округтерге біріктіріледі.

§ 7. Жалпы алғанда округте 15-тен 20-ға дейін болыс болады.

§ 8. Округтер көбінесе бұрыннан топтасып дағдыланған және соларға көршілес болыстардан құралады.

§ 9. Әрбір округтің тұрғындары жергілікті бастықтың нақты рұқсаты болмайынша екіншісіне өте алмайды.

II тарау. БАСҚАРУ

I бөлім

§ 15. Ауылдарды старшындар басқарады.

§ 16. Болыстарды сұлтандар басқарады.

§ 17. Ауылдар мен болыстарда сот ісін жүргізу үшін қазіргі билер деп аталатын құрметті қырғыздар өзінің мәні мен атағын сақтап қалады.

§ 18. Тұтас округті басқару үшін болыстар аға сұлтан сайлайды.

§ 19. Әрбір округте округтік приказ құрылады.

§ 20. Аға сұлтан төрағалық ететін приказға: облыстық бастық белгілейтін ресейлік екі заседатель және құрметті қырғыздардан сайланып қойылатын екі заседатель қатысады.

§ 21. Округтік приказдың өз кеңсесі, штат бойынша аудармашысы мен тілмешы болады.

§ 22. Округтік приказдың полициялық және сот билігі болады.

§ 23. Округтегі ішкі күзетті приказ орналасқан жерге жіберілген және мүмкіндік болса, сонда тұрақты орналас-тырылған шептік казактар командасы атқарады.

§ 24. Қажет болған жағдайда, осы күзет бөліміне қажетті адамдар саны болыста да белгіленеді.

II бөлім. САЙЛАУ ТӘРТІБІ

§ 25. Ауылдарды басқаратын старшындарды қырғыздардың өздері сайлап, бұл атақты округтік приказ бекітеді.

§ 26. Старшындар әрбір үш жыл сайын сайланып отырады; бір старшынның қатарынан бірнеше мерзімге сайлануы мүмкін.

§ 30. Сұлтан атағы мұраға қалады.

§ 32. Егер сұлтанның мұрагері болмаса, оның бауыры немесе ең жақын туысы тұтас болыстың шын мәнінде сайлауынсыз және облыстық басқарманың бекітуінсіз оның орнына отыра алмайды.

§ 36. Аға сұлтанды тек сұлтандар сайлайды, ал қырғыздардың приказдағы заседательдерін билер мен старшындар сайлайды. Олардың қай-қайсысын да облыстық бастық бекітеді.

§ 37. Аға сұлтан — үш жылға, заседательдер екі жылға сайланады.

§ 38. Бір сұлтанды немесе заседательді қатарынан бір мерзімнен астам уақытқа сайлауға тыйым салынбайды.

§ 39. Жалпы сайлау тамыз айында өткізілсін.

§ 40. Қайсыбір жерде орын босап қалған реттегі жеке сайлаулар жалпы сайлауға дейін қызметті уақытша атқару үшін ғана өткізіледі.

§ 41. Барлық сайлаулар приказ орналасқан жерде нақты дауыстардың көпшілігі бойынша өткізіледі; науқастығы немесе басқа себептерге байланысты келе алмайтындар белгілі бір мерзімге қарай өз пікірлерін жазбаша түрде жібере алады, олардың дауыс күші болады...

III бөлім. ШЕНДЕРДІҢ САЛЫСТЫРЫЛУЫ

§ 51. Аға сұлтан қызметін атқарып жүрген кезінде барлық жерде ресейлік қызметтің майоры шенінде танылып, құрметтеледі.

§ 52. Тіпті мерзімі бітіп ауыстырылғаннан кейін де аға сұлтан аса құрметті сұлтандар қатарында деп саналады; ал егер үш мерзім қызмет етсе, Ресей империясының дворяны құрметіне диплом сұрауға құқылы; оған шын мәнінде берілетін шенін сақтап қалады.

§ 53. Приказдағы ресейлік сондай-ақ қырғыздардан сайланатын заседательдердің жоғары шені болмайды, 9-класты деп саналады.

§ 54. Болыстарды басқаратын сұлтандардың 12-класты шенеунік атағы болады.

§ 55. Егер нағыз шендері болмаса, старшындар мен билер ауыл басшыларымен тең деп саналады.

III тарау. ПОЛИЦИЯЛЫҚ ТАЛАП

I бөлім

§ 56. Аға сұлтан дегеніміз өзін руластары сайлағаннан кейін Ресей үкіметі жергілікті басқаруға сеніп тапсыратын земство шенеунігі. Ол тыныштық пен тәртіпті сақтауға және

өзінің қарауындағы адамдардың ауқатты болуына жетуге барлық әдістермен билік етеді.

§ 57. Барлық істер округтік приказ арқылы жүргізіледі.

§ 58. Округтік приказ дегеніміз өкілді орын, өзіне тәуелді болыстағы барлық әмірлер соның атынан шығарылуға тиіс.

§ 59. Жалпы алғанда өздеріне қарасты болыстарымен қоса барлық сұлтандар округтік приказға нақты тәуелді болады.

§ 61. Округтік приказға сеніп тапсырылатын барлық полициялық істердің жалпы қасиеті ескерту және тыйым салу шаралары арқылы ішкі тыныштықты және адамдардың жеке қауіпсіздігі мен мүлкін сақтау. Бұл жағынан приказ ішкі округтердің земство соттарына тең және қырғыздар туралы ерекше ережелерді қолдана отырып, осыны орындауға барлық құқықтары мен міндеттері бар.

§ 62. Бұл жөнінде приказ:

1) Халықты жалпы апаттардан қорғау жөнінде іс-қимыл жасауға және мұндай жағдайларда қажетті көмек беруге;

2) Барша жұрттың және әрбір адамның білім алуына, еңбек сүйгіштігіне және шаруашылықта пайда табуына қамқорлық жасауға;

3) Қырғыздарға дағдылы тәртіпсіздіктерді, атап айтқанда: талап-тонауды, барымтаны және өкімет орындарына бағынбауды дереу жою жөнінде барлық құралдарды қолдануға;

4) Ешкімнің бетімен кетуіне жол бермеуге; бірақ әрбір ренішті жағдайда тергеу және сот арқылы қанағаттандыруға;

5) Тәртіпті көрінеу бұзғандарды қамауға алып, сотқа беруге, бірақ бұл орайда жалпы тыныштықты бұзбауға; көптеген адамдар немесе тұтас болыс қарсы шыққан ретте, басқаларын қорғап, облыстық бастыққа дереу хабарлауға және кейіннен соның пәрмені бойынша іс-қимыл жасауға;

6) Қауіп төнген ретте разъездер мен пикеттер жасақтауға міндетті.

§ 63. Тергеу, сот жүргізілмейінше және үкім шығармайынша, приказ ешкімді жазаламайды...

II бөлім. БОЛЫСТЫҚ БАСҚАРУ БОЙЫНША

I. Сұлтандар туралы

§ 96. Сұлтан өзіне сеніп тапсырылған болысты болыс басшысы құқығында басқарады.

§ 97. Сот пен жазалау оған тәуелді емес.

§ 98. Әрбір сұлтанның жанында ұлы немесе жақын туысқаны, өзінің тағайындауы бойынша, көмекшісі болады.

§ 99. Іс жүргізу үшін сұлтанның орыс және татар тілдерін білетін хатшысы болады.

§ 100. Округтік приказ талап ететін барлық мәліметтерді тікелей сұлтандар береді, сондықтан да оларды өз ведомствосы бойынша солардың тікелей өздері жинауға тиіс.

§ 104. Сұлтандар сот үкімдерін орындайды.

§ 105. Жазылған ережелердің бәрін орындау, болыстағы жалпы және жеке қауіпсіздікті, жалпы тыныштық пен бейбіт жағдайды сақтау сұлтандардың жеке жауапкершілігіне жүктеледі.

II. Ауыл старшындары туралы

§ 109. Старшын өзіне сеніп тапсырылған ауылды село старостасы құқығында басқарады.

§ 110. Старшын өзіне сеніп тапсырылған ауыл қарайтын болыстың сұлтанына мүлтіксіз бағынады.

§ 111. Сұлтандардың барлық тікелей бұйрықтары дәлмедәл орындалады.

§ 112. Оған барлық қажетті мәліметтерді беріп отырады.

§ 113. Сұлтанға айтпай, бір жерден екінші жерге көшпейді.

§ 114. Өзіне сеніп тапсырылған ауылда тыныштық пен тәртіпті сақтайды.

§ 115. Қызметі жөнінен сұлтанға білдірмей ешкіммен қарым-қатынас жасамайды.

§ 116. Халықтың келісуімен би атағы да берілетін старшындардың оны алуға құқы бар.

IV тарау. ШАРУАШЫЛЫҚ ТАПСЫРМА II бөлім. АЛЫМДАР МЕН МІНДЕТКЕРЛІКТЕР

I. Заттай алымдар

§ 128. Осы жаңа тәртіп енгізілген күннен бастап әрбір округ барлық салымдар жөнінен бесжылдық жеңілдіктерді пайдаланады.

§ 129. Жеңілдік берілген жылдар ішінде қырғыздардан ауруханаларға, мектептерге және қайырымдылық мекемелеріне мал, сондай-ақ заттар мен ақша түріндегі ерікті жылулар ғана қабылдануы мүмкін.

§ 130. Нақ сол сияқты қырғыздар, олардың қазіргі әдет-салты бойынша, өз сұлтандарына көмек беруі мүмкін...

§ 134. Жеңілдік берілген уақыт біткеннен кейін қырғыздардан жыл сайын мал күйінде әр жүзінен бір бас жасақ жиналсын; түйеден жасақ алынбайды.

II. Кезекті міндеткерліктер

§ 143. Қырғыздардың кезекті міндеткерліктері ішкі қатынастарды бір жолы атқару болып табылады.

III бөлім. ІШКІ ШАРУАШЫЛЫҚ

I. Халықтың азық-түлігі

§ 150. Нанды қырғыз-қайсақтар онша қажет ете бермейтін болса да оларды табындары қырылған және індетке ұшыраған ретте қатты мұқтаждыққа ұшыраудан сақтау және сонымен бірге олардың арасында егіншілікті көтермелеу үшін әрбір округте қазынадан астық сатуды ашу қажет...

II. Өнеркәсіптің таралуы

§ 167. Әрбір округте белгіленген жерден, біріншіден, приказ орналасқан жер маңынан аға сұлтанның өзі үшін 5 шаршы шақырымнан 7 шаршы шақырымға дейін егіншілікке, мал шаруашылығына және басқа кәсіпке қолайлы жер бөлініп берілсін, ол оны қызметін атқарған кезінде жалпы жайылымға қатысу құқын жоғалтпай, пайдалана алады...

§ 169. Нақ сол негізде әрбір қырғыз заседателіне екі шаршы шақырымнан жер бөлінсін.

§ 170. Нақ сол негізде ресейлік заседательдерге бір шаршы шақырымнан жер бөлінсін.

§ 171. Далаға қоныстандырылатын казактарға 15 десятина пропорция берілсін.

§ 172. Содан соң диқаншылықпен айналысуға тілек білдірген немесе жергілікті жерлерде басқа да шаруашылық кәсіптермен шұғылданғысы келген әрбір қырғызға бұл үшін жан басына 15 десятинадан жер бөлінсін....

§ 179. Диқаншылық пен кәсіп үшін бөлінген жерлер қозғалмайтын мүлік ретінде, соның ішінде адамдарға емес, бірақ олар алып отырған жер және жоғарыда айтылғандай, бір қозғалмайтын кәсіп меншік болып табылатын нәрсе мұраға көшіп отырады.

IX тарау. ҚЫРҒЫЗДАРДЫҢ ЕРЕКШЕ ҚҰҚЫЛАРЫ МЕН ӘДЕТ-ҒҰРЫПТАРЫ

§ 268. Ресейдің боданы болған әрбір қырғыздың қоғамның және өзінің жергілікті бастықтарының рұқсатымен өз басының мұқтаждары үшін қалаған жағына барып, Сібірдің барлық көшпенді бұратаналарына берілген жалпы ережелер мен құқылары негізінде кәсіптер мен жұмыстар атқаруға толық еркіндігі бар.

§ 269. Нақ сол сияқты Ресейдің басқа да әрбір боданының қырғыз даласына, көршілес губерния сияқты, паспортпен заңдастырып, бірақ тек қала арқылы баруға құқы бар.

§ 270. Әрбір қырғыз басқа мемлекеттік сословиеге көшіп, империя ішінде қоныстана алады; қалаған жерінде жалпы ережелер бойынша, қызметке тұрып, гильдияға жазыла алады.

§ 271. Империя ішінде уақытша бос жүргенде қырғыздар жергілікті бастықтарға бағынышты болады, ал басқа сословиеге өткенде, оның барлық міндеттерін атқарады.

§ 272. Салым төлеуге міндетті сословиеге өткенде қырғыздар рекрутқа алынудан бесжылдық жеңілдік пен еркіндікті пайдаланады.

§ 273. Осы жарғы бойынша құрылған болыстарда қырғыздарды жеке иелікке сатып алу туралы 1808 жылғы жарғының күші жойылып, қолданылуы тоқтатылады.

§ 274. Осы себепті кез келген қырғыз сұлтаннан қысым көрсе, ең жақындағы бастықтан қорғауды сұрауға құқылы.

§ 275. Кез келген қырғыздың қозғалмайтын меншігі болуы мүмкін.

§ 276. Қырғыздардың қолындағы қазіргі еріксіздер сату, беру және мұраға алып иелену құқымен олардың иелігінде қалады; бірақ қырғыздарды құл-күн етіп жанадан сатып алуға тыйым салынады.

§ 277. Осы құл-күндердің саны мен олардың кімге тиесілі екендігінің өзі округтік приказға мәлім етіліп, барлық ауыс-түйістер оған айтылып жүргізілуге тиіс.

§ 278. Сұлтандар қырғыздар арасындағы жоғары және ең құрметті сословие болып табылады және дүре соғып жазалаудан босатылады.

§ 279. Осы нұсқау арқылы қырғыздарға Ресейдің жоғарғы өкіметімен қарым-қатынаста толық еркіндік беріліп отырғандықтан, олардың ерекше депутациялар жіберуі қажет болмай қалады.

§ 280. Бірақ олардың өзіне жоғарғы өкімет орындарының пиғылына жеке басының көз жеткізу әдістерінен айырмауы үшін тұтас округ сұлтандарының С.-Петербургке жиналып депутация жіберуіне рұқсат етіледі, бірақ бұл нақ сол округтердің өз есебінен және халықтың тілегі бойынша істеледі.

§ 281. Мұндай жағдайда жергілікті бас басқарма бұл депутацияға рұқсат ете алады және өз тарапынан приставқа көрсетеді.

§ 282. Депутацияны жоғарғы өкіметтің өзі талап еткен кезде ғана мұндай депутация қазына есебіне қабылданады.

Қазақстанның саяси құрылысының тарихы жөніндегі материалдар. 1-том. А., Ғылым, 93—107-бб.

ОРЫНБОР ӨЛКЕСІН БАСҚАРУДЫ ҚАЙТА ҚҰРУҒА ҚАТЫСТЫ АЗИЯЛЫҚ ІСТЕР КОМИТЕТІНІҢ БЕКІТІЛГЕН ШКІРІНЕН

31 қаңтар, 1824 жыл.

1824 жылғы қаңтардың 31-і күні Азиялық істер комитетінің отыз бірінші мәжілісі болды. Өткен жылдың 29 желтоқсанындағы журналда жасалған өз ережесіне жүгіне отырып, комитет Орынбор өлкесін екі губернияға бөлу туралы және әсіресе қырғыз-қайсақтардың Кіші ордасын басқаруды қайта құру туралы Орынбор әскери губернаторы хабарлаған жобаны қараумен айналысты. Әскери губернатор бір бөлігі қырғыздарды басқаруға қатысты жаңадан Орынбор және Уфа губернияларын құрып, Сыртқы істер министрлігінің алдын ала қарауына ұсынып отыр...

I тарау. ЖОҒАРҒЫ БАСҚАРУ

Орынбор азаматтық басқармасының құрамы: төраға, 2 кеңесші, 2 ассессор, қырғыздардан 4 депутат, шепте сауда жасайтын бұхарлықтар мен хиуалықтардан 2 депутат.

Басқарылатын нәрселер. Атқару және сот істері.

Атқару істеріне мыналар жатады:

1. Даладағы жайғастыру істерін қадағалау;
2. Қырғыздарға қатысты шептік басқару;
3. Азиялық бұратаналарды басқару;
4. Қазына сомалары.

Сот істеріне мыналар жатады:

1. Сот, яғни қырғыздар мен саудагер бұратаналарға сот шешімі;
2. Талапкерлік істер.

II тарау. ШЕПТІК БАСҚАРУ

Бүкіл шеп он бір дистанцияға бөлінеді. Өрбір дистанцияны шептік дистанция командирі деп аталатын тәжірибелі штаб-офицер басқарады. Орынбор комендантын қоспағанда, коменданттар соған бағындырылады.

Басқарылатын нәрселер.

1. Шептегі күзетті жайғастыру;
2. Шеп полициясы;
3. Бастықтардың арнайы тапсырмаларын орындау.

III тарау. ДАЛАЛЫҚ БАСҚАРУ

Басқаруға қатысты Кіші орда: батыс, орта, шығыс және ішкі больш, төрт бөлікке бөлінеді, бұл арада Орал шебінің ішкі жағында көшіп жүретін соңғы бөлігі айтылып отыр, өрбір өңірдің шекарасы жарғыда (§22) егжей-тегжейлі көрсетілген.

Өрбір бөлікте басқарудың мынадай үш сатысы көзделеді:

1. Ауылдарды басқару.
2. Ауылдардан құралған тайпаларды басқару.
3. Орданың тайпалардан құралған тұтас бөлігін басқару.

Ауылды — старшын, тайпаны — жеке билеуші, орданың бөлігін аға сұлтан мен хан басқарады, оның екеуінде де ерекше кеңес болады.

Осы шенеуніктер мен кеңес мүшелерінің бәрі қырғыздардан сайланып қойылады.

Азиялық комитет былай деп санайды.

I. Шекаралық басқарманың жобасында қабылданған негіздерді бекітіп, Орынбор әскери губернаторы жоғарыда аталған ескертпелерді жергілікті жағдайларға орайластырып, оның осында тиісінше толық түпкілікті қарау үшін бүкіл Орынбор өлкесі құрылымының жобасын табыс ету үшін, бұл оған айтылсын.

II. Оның бер жағында ордада больш жатқан жайсыздықтарға қарағанда және қазір онда орын алып отырған мүлде иесіздікке қарағанда, бұған генерал Эссеннің талай рет түсінігі дәлел болады, комитет орданы бөлу мен жеке-жеке

билеушілер белгілеуді Орынбор өлкесінің жалпы құрылымын шешім арқылы бекітуді күтпей-ақ мейлінше қажет және орынды деп табады, соның нәтижесінде оны Орынбор әскери губернаторының құзырына беріп, құрылысқа қазірден бастап кірісу керек, ал оның ұсынатыны:

1) тиісінше дайындық жасап, түсіндіргеннен кейін хан Орынборға орналастырылсын;

2) аға сұлтандарды тағайындап, олар орданың Оралдың арғы жағындағы үш бөлігінде, яғни шығыс, орта және батыс бөліктерінде қызметін атқаруға кірістірілсін...

Ал егер ең таяудағы жергілікті жағдайларды ойлап, генерал Эссен Кіші қырғыз ордасын басқарудың жоғарыда айтылған тәртібіне рұқсат етуге ерте деп тапса, ол Шерғазы ханды дереу Орынборға шақырып алсын да, оған Орынбор бастықтарымен қырғыздардың пайдасын көздеп тікелей қарым-қатынас жасау үшін оның шекара комиссиясына бірінші дәрежелі қатысушы атағымен Орынборда тұрақты тұруы қажет екенін және оның осылай қоныс аударуына мейлінше қолайлы жағдай жасау үшін үкіметтің оған айына күміспен елу сомнан ақы төлейтін болып қаулы еткенін түсіндірсін. Осы амалдар арқылы оның бүкіл сырттай құрметтері сақталады, ал шынына келгенде ордаға басты ықпалды сұлтандар арқылы Орынбор бастықтары жасайтын болады...

Осы үш бөліктің бастықтары Әбілқайыр ұрпағынан тараған және қырғыздар арасында көпшіліктің құрметіне бөленген қырғыз ақсақалдары болуға тиіс, олардың ізгілікті іс-қылмығына және кең-байтақ шаруашылығына қарағанда комитет орданың бүлінген жай-күйіне байланысты оларды қырғыздардың сайлауына мүмкіндік беру қолайсыз деп тауып, қайта оларды үкіметтің белгілеп, атап айтқанда, ең лайықтыларын тағайындаған жөн деп санайды; осының бәрі арқылы, Орынбор әскери губернаторының жергілікті пікірлеріне ешбір жағдайда қысым жасауға тырыспай, бұл жағдайды оның басқаша қарауына беру қажет деп табады...

Түпнұсқаға қол қойғандар В.Ланской, граф Нессельроде, барон Дибич, Егор Конкрин, жоба табыс етілген кезде Орынбор өлкесін қайта құру қажеттігі туралы өз пікірін береді деп санайды.

Сперанский М. Қазақстанның саяси құрылысының тарихы жөніндегі материалдар. 1-том. А., Ғылым, 1960. 205—209-бб.

**СЫРТҚЫ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІНІҢ ІС МЕНГЕРУШІСІ ГРАФ
К.НЕССЕЛЬБРОДЕНІҢ ҰЛЫ ЖҮЗДЕ АЙРЫҚША БАСҚАРУ
ЖҮЙЕСІН ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ ИМПЕРАТОР І НИКОЛАЙҒА
ҰСЫНЫСЫНАН**

17 сәуір, 1847 жыл.

Өткен жылы қаржы министрімен бірігіп, Батыс Қытаймен жасалатын сауданың жағдайын және ол жаққа апаратын жолдарды қауіпсіздендіру жағдайын қарастырығанымызда жоғары мәртебеңіз бекіткен әртүрлі шаралардың ішінде біздің Батыс Қытайға, Қашқарияға және Қоқанға басты керуен жолдарымыз өтетін Ұлы жүз ордасы туралы түрлі ойларымызды біртіндеп іске асыра беру қажеттігі туралы Батыс Сібір генерал-губернаторына хабарланған болатын. Сол саудаға байланысты шаралардың орындалуын қамтамасыз ету үшін және Ресейдің Ұлы жүзге ықпалын нығайта түсу үшін Жетісу өлкесінде аса маңызды бір мекенді басып алу қажеттігі жобаланған еді....

...Ұлы мәртебелі император мақұлдаған ақыл-кеңестердің негізінде жасалған мына төмендегідей әрекеттердің жүйесі қабылданды:

а) Ұлы жүзде біртіндеп біздің үстемдігімізді нығайта түсу ұсынылды. Ол орданың қырғыздары орыс бодандығына қабылданған, басты-басты сұлтандар мен старшындарға Ұлы мәртебелі императордың әртүрлі қайырымдылық белгілері үлестіріліп берілді (мұның өзі де олардың бодандар қатарына қабылданғанының куәсі, медальдардан басқа кейбіреулеріне шен де тарқатылды); келешекте қамал салынатын Жетісу өлкесінен жер таңдалып алынды (Қаратау маңында); осы мақсатпен Кузнецк белдеуінен қазақтардың біразын Аягөз аймағына көшіру арқылы ондағы қосын күшейтілуде;

б) қызайлар мен байжігіттерге келетін болсақ, олармен ақылға салып, өте сақ қатынас жасау қажет, сөйтіп олардан тыныш көшіп-қонып жүруден басқа, керуендердің кедергісіз өтуіне кедергі жасамау, Қытайға байланысты бізбен тату мемлекет есебінде өздерін бейбіт ұстап, Қытай үкіметі тарапынан қандай да болмасын арыз айтуға жол бермеу талап етіледі.

Ұлы жүзге байланысты, біздің басты мақсатымыз бірнеше бодан тауып алу немесе одан белгілі бір сомада ақшалай

пайда табу емес (шынына келсек, ауыз жарымайтын көлемде), бүкіл Ұлы жүзді Ресейдің ықпалына бағындырып, ол арқылы Батыс Қытаймен, әсіресе Қашқармен және Орталық Азияның бір бөлігімен сауда жасасу үшін, қауіпсіз керуен жолдарын жүргізу үшін тыныштық орнату болып саналады.

Жоғарыда келтірілген пікірлердің негізінде мен мыналарды ұсынамын:

1. Генерал-губернатор князь Горчаковтың пікіріне сәйкес Ұлы жүздің аталмыш төрт сұлтаны Сүйік Абылайхановты, Ғалиды, Кәкімді және Рүстемді өз руларының басшылары етіп бекітіп, олардың әрқайсысына орта жүз сұлтандарымен бірдей жылына 343 сом күміс ақша мөлшерінде жалақы тағайындауға рұқсат ету керек.

2. Князь Горчаковқа қажет деп тапқан уақытта Ұлы жүзге пристав лауазымына тағайындау үшін сенімді штаб-офицерді тандап алуға ерік берілсін”.

XVIII–XIX ғасырлардағы қазақ-орыс қатынастары.

А., Ғылым, 2-том. 334-335-бб.

ОРЫНБОР ҚАЗАҚТАРЫН БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕДЕН

14 маусым, 1844 жыл.

I. Жалпы ережелер

§ 1. Сыртқы істер министрлігінің азиялық департаменті бойынша, ең басты басқаруымен және Орынбор әскери губернаторының тікелей басқаруымен Орынбор қырғыздарын немесе Кіші орда дейтіннің қырғыздарын басқару — жалпы және жеке басқармадан тұрады.

§ 2. Жалпы басқару Орынбор қаласында болады.

§ 3. Жеке басқару Орынбор қырғыздары қоныстарының ішінде болады.

§ 4. Орынбор қырғыздары қоныстанған, Бүкілресейлік империяның ерекше облыс түріндегі бөлігі болып табылатын жер Сыртқы істер министрлігінің қарауында болады.

II. Басқару құрамы

§ 5. Орынбор қырғыздарын жалпы басқару Орынбор шекара комиссиясының қолына шоғырландырылады.

§ 6. Орынбор шекара комиссиясына кіретіндер: төраға, оның жолдасы, төрт кеңесші және қырғыздардан сайланған төрт заседатель, ұсынылып отырған штаты бойынша кеңсе.

§ 7. Комиссияның жанында мыналар болады: дәрігер, оның міндетіне ордадағы халықтың денсаулығын бақылау да кіреді, бір фельдшер және қырғыздардан фельдшерлік өнерді және шешекке қарсы егуді үйренуші он шәкірт, соңғылары Орынбор әскери госпиталы жанынан даярланады және ордаға арналады.

Ескерту. Шекаралық комиссияның дәрігері өзінің сот-медицина жөніндегі іс-қимылы бойынша жалпы негізде дәрігерлік басқарманың бақылауына жатады.

§ 8. Оның үстіне, қырғыздардың тек қана мал шаруашылығымен айналысатындығына қарай, Шекаралық комиссияның жанында: мал емдейтін дәрігер және қажет болған жағдайда далаға жіберу үшін мал дәрігерінің көмекшісі болады.

§ 9. Комиссия төрағасының жанында ерекше тапсырмалар жүктелетін бір шенеунік болады.

§ 10. Орынбор қырғыздарын жеке басқаруға кіретіндер: билеуші сұлтандар, қырғыздардан қойылатын дистанция бастықтары және нақ сол қырғыздардан тағайындалатын ауыл бастықтары.

§ 11. Орынбор әскери губернаторының қалауы бойынша әрбір билеуші сұлтанның жанында жүз немесе одан да көп адамнан тұратын (алайда 200 адамнан аспайтын) казак қосындары тұрақты түрде болады.

§ 12. Әрбір билеуші сұлтанның жанында: көмекші, хат тіркеуші, хатшы және бес айдауыл болады.

§ 13. Шешектен сақтандырып егу үшін және қырғыздарға ең қарапайым медициналық көмек көрсету үшін билеуші сұлтандар жанында қырғыздардан бір-бір фельдшерден болады.

Ескерту. Бұл фельдшерлер Орынбор әскери госпиталы жанында даярланатын фельдшер шәкірттерінен іріктеп алынады (§7) және фельдшерлік өнерден тиісінше сынақтан өткізілгеннен кейін ғана ордаға жіберіледі. Олар өз ерекеттерінде, қадағалаудың қаншалықты мүмкін болуына қарай, Шекаралық комиссия дәрігерінің қадағалауына бағынады.

§ 14. Қырғыз дистанция бастықтары шамамен 75 адам болуы көзделеді. Олар разрядтарға бөлінеді: олардың әрқайсысында болатын разрядтар мен адамдар санын ол туралы Шекаралық комиссияның ұсынуымен Орынбор әскери губернаторы белгілейді.

§ 15. Ауыл бастықтарының саны белгіленбейді, қайта ол жөнінде Шекаралық комиссияның ұсынуы нәтижесінде әскери губернатордың ұйғаруына байланысты болады. Егер қажет деп табылса, олардың да разрядқа бөлінуі тең дәрежеде әскери губернатордың ұйғаруына байланысты болады.

Ескерту. Лайықты және сенімді адамдарға таңдау түсуі мүмкін болуы үшін дистанция бастықтарын, сондай-ақ ауыл бастықтарын тағайындау біртіндеп жүргізілуге тиіс.

§ 16. Қырғыздарға (шеп маңында жүрген) олардың шеп тұрғындарымен істері бойынша ара түсу үшін орыс шенеуніктерінен, көбінесе отставкадағы әскери адамдардан оларға алты қамқоршы тағайындалады. Бұл қамқоршылар Орынбор әскери губернаторының бекітуімен, Шекаралық комиссияның ұйғаруы бойынша бөлінеді.

§ 17. Ордадағы жеке басқарма үшін хат жазысуды жүргізушілер даярлауды басты мақсат етіп, Шекаралық комиссия жанынан қырғыз балаларына арналған мектеп құрылады. Осы мектеп жанында штат бойынша мыналар тағайындалған: надзиратель, екі мұғалім және Мұхамед дінін уағыздайтын заң мұғалімі.

§ 18. Орынбор қырғыздарының жалпы және жеке басқармаларының жоғарыда аталған шендерінің бәрі штат бойынша (§14) ақы алады.

Қырғыз дистанция бастықтары өздері бөлінетін разрядтарына қарай (§14) ақы алады.

Ескерту. Ал ауыл бастықтарына (олар шамамен 400-дей және қажет болуына қарай, одан да көп адам болуы мүмкін) айлық төленбейді, ал олардың өз міндеттерін орындауда ерекше ынтасымен және іскерлігімен көзге түскендеріне Шекаралық комиссияның ұсынысы бойынша, Орынбор әскери губернаторы штат бойынша осыған белгіленген сомадан ақшалай сыйлықтар тағайындайды.

V. Мақсаттар, міндеттер және жауапкершілік

Шекаралық комиссияның басты мақсаттары мен міндеттері мыналар:

1. Қырғыздар арасында жайлылық пен тыныштықты сақтау; олардың арасындағы барымталар мен қандай да болсын да жүгенсіздік әрекеттерді тыю.

2. Жеке қырғыз басқармасындағы адамдардың іс-қимылы заңдылығын бақылау, ерекше қылмыстық тергеулерде істің тезірек жүргізілуіне мәжбүр ету.

3. Шеп маңайындағы қырғыздарға белгіленген қамқоршылардың іс-қимылын бақылау.

4. Қырғыздар шаруашылығын ұстау мен жақсартуға қамқорлық жасау және жұт жылдары қайсақтарға жәрдем беру.

5. Ордадағы ормандардың сақталуына қамқорлық жасау және далада өрттен сақтандыруға шаралар қолдану.

6. Ордада шешекке қарсы егуді тарату және халықтың денсаулығын сақтауға шаралар қолдану.

7. Орталық Азиядан тұтқынға түскендерді құтқаруға тырысу мен оған шаралар қолдану.

8. Қырғыздардың айырбас саудасының барысын бақылау.

9. Билеттер мен айыппұлдар үшін плакаттық ақша жинауды, қырғыздардан көшіп-қонғаны үшін алынатын түгін салығын жинауды және қайсақтардан басқа да алуан түрлі заңды алымдарды алуды бақылау.

10. Комиссия құрамындағылардың қарауындағы сома-лардың дұрыс жүргізілуі мен есебін алуды бақылау.

11. Өкіметтің ұсынуы бойынша (§36), қырғыздар туралы азаматтық істерге сот және оларды шешу, сондай-ақ қырғыздар туралы әскери сотқа жатпайтын қылмысты істер бойынша сот және оларды шешу.

12. Комиссия жанынан қырғыз балаларына арнап ашылатын мектепті басқару.

13. Мүмкін болғанша, қырғыз халқының саны, шаңырақ саны және мал шаруашылығы туралы мәліметтер жинау.

14. Біздің Орталық Азия иеліктерімен сауда-саттығымыздың таралу және оны жақсарту түрлері жөнінен сауда бөлігі бойынша мәліметтер жинау.

Қазақстанның саяси құрылысының тарихы
жөніндегі материалдар. 1-том. А., Ғылым, 1960. 216—220-бб.

**СЫРДАРИЯ ШЕБИ ҚАЗАҚТАРЫ БАСҚАРМАСЫНЫҢ КӨТЕРІЛІС
ЖАСАҒАН ҚАЗАҚТАРҒА ҚАРСЫ ҚОҚАННАН ІРІ ЖАЗАЛАУ
ҚОСЫНЫНЫҢ КЕЛГЕНІ ТУРАЛЫ ШЕП ҚОЛБАСШЫСЫНА
ЖАЗБАСЫ**

20 маусым, 1858 жыл.

Түркістан бегі Мырза Нияз 3 маусымда жеңіліс тапқаннан кейін өте қиын жағдайда — атсыз және азықсыз қалып отыр, ал егер қоршау одан әрі жалғаса берсе, бекіністен

шығуға мәжбүр болады. Ал оның бер жағында осы айдың 10-ы күні Ташкентке Қоқан ханның інісі Мәлібек 1000 жауынгер ертіп келіп шектілермен, дулаттармен және соңғы уақытта бесжүздік Базылбектің бастауымен бұзылыңқырап жүрген бірсыпыра өзбектермен келіссөз жүргізгеннен кейін, ақырында, оларды, толық кешірім беруге уәде етіп, татуласуға көндіріп үлгірді. Бұл жартылай көшпелі, жартылай отырықшы, ордалықтар малының жеткіліксіздігі себепті тез арада көшіп кетуге мүмкіндігі болмай, бітісуге, келісуге тиіс болды. Бұл шаралар туралы хабар Әулиеатаға жеткен кезде бестаңбалылар мен басқа рулардың қырғыздары да қоқандықтардың бітім жөніндегі ұсынысына көніп, Ташкент қожаларының бұрынғы әміршісі Ахмет Мырза мен Сабданның Әулиеатадан кетіп, Ташкентке аттануына мүмкіндік берді.

15 күні Мәлібек Ахмет мырза және Сабдан қожамен бірге Түркістаннан бір жарым күншілік Шымкент бекінісіне жетіп, саны 3000-ға жететін етіп жинаған әскермен осында тоқтады.

Осы соңғы жағдайлар ең батыр деген ашулы қоңыраттардың өздерін де қобалжытты, қоңырат ханы өз жасақтарымен Түркістан қорғанының түбінде әлі тұрмағанымен де, қоңыраттардың көптеген ауылдары мен қыпшақтардың барлық ауылдары дерлік Сарысу өзеніне көшіп кетті.

Кеше кешкісін маған Күшік Қасымұлының ұлы Әбілхайыр Күшікұлы өзінің әкесі мен көтенші және көкелі руларының билерінен хат әкелді, онда олар Ташкенттің арғы жағынан Жүлекке 2000-нан астам шаңырақ келіп, біздің жерімізде көшіп жүруге рұқсат етуді және көшіп болғанша Жүлекке қауіпсіздік үшін шағын қосын жіберуді өтінгенін мойындаған.

Олар Жүлектен Сұңқарлы алқабына дейінгі және тіпті Құмсуатқа дейінгі жерлерге қоныстанбақшы. Олардың өтінішіне мен Жүлекке қосын жіберу менің қолымда емес, егер олар нақ сол өтінішін көп кешікпей Сырдарияға келетін генерал-губернатор мырзаға айтса, жақсы болар еді деп жауап қайтардым.

Қорытындысында мынаны айтуға тиіспін: егер қоқандықтар қырғыздарды жеңіп шықса, ал бұған күмән жоқ, онда олар айуан қарақшыларымен тағы да біздің шектерімізге өңмендей бастайды, сөйтіп бізге достық ниет танытқанына қарамастан, бізге көшіп өткендерді де, біздің қырғыз-

дарды да тонай береді, сондықтан да қазіргі уақытта Жүлекті иеленіп алу бұрынғыдан әлдеқайда қажет іске айналып отыр.

XIII—XIX ғасырлардағы қазақ-орыс қатынастары.
А., Ғылым, 1964. 444-445-бб.

Шоқан Уәлиханов

СОТ РЕФОРМАСЫ ЖАЙЫНДА ХАТ

Соңғы кезде біздің үкімет әкімшілік және сот ісін қайта құрумен жіті айналысып, халық ағарту ісіне де ерекше назар аударды.

...Отаным үшін осындай маңызды өзгерістер жасалып жатуына байланысты өзімнің кейбір ойларымды, сот, әкімшілік реформасымен халықты ағарту ісіне байланысты жазбаларымда қазақ халқының жоғары бастығы ретінде жоғары мәртебелі Сіздің құзырыңызға ұсынуды өзімнің міндетім деп білемін.

Ресей тумаларының ішінде байырғы орыс тұрғындарының өмір тірлігіне қарама-қарсы тіршілік ететін, әдет-ғұрпы славян тайпасының әдет-ғұрпынан өзгеше, кереғар келетін діні, тегі өзге халықтар аз емес. Бұл жайтқа жүтінгенде, жоғарыда келтірілген себептерді ескергенде христиандарға, отырықшы орыс тұрғындарына арналып жобаланған әкімшілік өзгеріс, егер Ресейдің еуропалық, азиялық бөлігінде көшіп-қонып жүрген бұратана халықты басқаруға бүтіндей қолданылса, онда мұндай өзгерістен ешқандай да пайда келуі былай тұрсын, нағыз тұрпайылық болар еді.

...Сондықтан да қоғамдық мәселелерде халық реформасынан аса қажет мәселе жоқ. Заң шығарушылар мен реформаторлары қоғам мүддесін көздеп келгені, соны көздейтіні жайында күдік болмаса керек. Бірақ қоғамның дамуынан не залал, не пайда екені жайындағы ұғым әр дәуірде әртүрлі болған-ды, әлі күнге дейін де көптеген тағылық, гипотеза, болжам орын алып отыр, ал ғылым мұның жаңсақтығын, ешқандай негізсіздігін толық дәлелдесе де керенаулықтан, ескінің аңызына шырмалған әдеттен, дағдыдан арыла алмағандықтан, көптеген жұрт оны ақиқатты аксиомаға санап, сенім білдіреді, яғни діншілдік нанымға айналдырды. Біздің заманымызда халыққа етене жақын, ең маңызды, соның мұқтажына тікелей қатысты реформа — экономикалық және әлеуметтік реформа. Ал саяси реформалар

экономикалық істерді жүзеге асыратын құрал ретінде көрінбек, өйткені әрбір жеке адам және бүкіл адам баласы қауымдасып өзінің түпкі мақсаты материалдық әл-ауқатын жақсартуға тырысады. Прогресс дегеніміз де осыған сай келеді...

Ресей империясының құрамына еніп отырған барлық бұратана тайпалардың ішінде халқының санының көптігінен, байлығы жөнінен біз бірінші орын аламыз. Меніңше алдағы өркендеу де бізге — қазақтардың үлесіне тиеді. Біз ұлан-ғайыр тұтас аумақты алып жатырмыз, ал өзге бұратана халық орыс тұрғындарының арасында бытырай орналасқан. Біз орыс қол астында 800 мыңдай болсақ, әлі оған бағынбаған тумаларымызбен миллионнан астамбыз, ал Еуропа Ресейдегі барлық татарларды, оған башқұрт, ноғайларды, Бөкей ордасындағы қазақтарды қосқанда бір миллионға азар жетеді. Ресейдің ортаазиялық саудасы деп атайтынымыз біздің саудамызбен пара-пар. Бұқараның, Қоқанның, Орта Азияның басқа да елдерінің үлесіне жалпы сауда байланысының аздаған ғана үлесі тиеді. Түптеп келгенде, біздің халқымыз орыс қоғамының ойлайтынындай, тағы, дәрекі емес.

...Шынтуайтқа келсек, қазақ халқы ең бейбітшілікті сүйгіш халықтардың бірі, олай болса, орыс патшалығы бұратана халықтарының жабайылауының қатарына жатады. Бұл жағынан алғанымызда алдымызға буряттарды ғана саламыз, онда да буряттардың ең қайырымды да жоғары ілімді буддизмді қабылдауы бақыт болады...

Біздің халықта Шығыс шығармаларына қарағанда, үндігермандық эпосқа жақын поэтикалық сапасы бай өсімтал әдебиет бар. Біздің қоғамдық өсуіміздің түрі нағыз буырқанған кезеңінде, яғни мәдениеті дамыған елдердің дәрежесіне үйлесімді жағдайдың деңгейінде. Біздің болашақтағы үмітіміздің бәрі осы фактіге негізделген...

...Біздерді ерен санамауының ғана салдарынан облыс бастықтары, бұрынғы облыс басқармасының қасындағы комитет өз жұмыстарының арқауы етіп, ешқандайда баға берместен сұлтандар мен билердің және басқа атақты қазақтардың пікірлерін қабылдап жатты. Қазақ халқының үстем табы “қара бұқара” (дала ақсүйектері қарапайым халықты осылай атайды) қаламайтын, олардың мүддесіне қажет емес, керісінше, зиянды өзгерістермен қайта құрылымды жобаларында енгізуі тек қана ескерусіздіктің, немқұрайдылықтың салдары. Халық пікіріне дұрыс баға

беру үшін комитет қазақтың қауымдық қатысына, олардың орыс үкіметіне тікелей қатысына назар аударуы қажет еді...

...Болыстар, ақсақалдар, сұлтандар, билер және ауқатты қазақтардан, яғни мансапқа ие болуды көздейтін атқамінерлерден сөз тарттық. Ал халық, яғни ауқатты емес, шені жоқ, атағы жоқ қазақтар пікір алысуға және осы мәселе бойынша өткен жиынға тым аз қатысты, тіпті қатыспады десе де болады. Бұл деректің нақтылығына көз жеткізу үшін алынған жауаптарға, мөрлер мен таңба белгілеріне қараса да жеткілікті. Онда старшын мен сұлтан біткен түгел қамтылған...

Халықтың мұндай аса маңызды іске деген енжарлығының себебі мынада еді: біріншіден, надандық, өз пайдасын білмегендік, екіншіден, біз оқып, оған тез жауап қайтаруды талап еткен ереженің мәнісі қазақтарға алдын ала түсіндірілмеді, оған қоса қазақтың селқостығы орыс үкіметіне сенбеушіліктен де туындады. Олар біздің адамдарымызға бұл сауалдармен көзбояушылық жасап отыр, немесе бізге пайдасыз өзге бір мақсат көздеп отырған болар деп күдіктенді. Орыс бастықтарының әрбір әрекетінен қазақтар тек қана қастық, бостандығымызға, тұрмысымызға қол сұғатын озбырлық деп білді. Бұл да түсінікті жағдай, өйткені қазақтар орыс бастықтарын өздерінің орыс заседательдерінің әрекетімен бағалайды...

...Қазақ заңында еуропалық жаңа кодексте сіресіп тұрған ескертетін, сескендіретін шаралар жоқ. Қазақта төн жазасы ешқашан болған емес...

Бұл келтірілген фактілер мен дәлелдерден мына жағдайды аңғаруға болады:

1. Орыс губернияларына арналып жобаланған бітістіру соттың бастамасы көптеген жағдайларда қазақ халқының тірлігіне үйлеспейді.

2. Қазақтағы әдет-ғұрыпта, рулық қатыс үстемдік құрып отырған жағдайда, қазіргі кезде қызмет көрсетіп отырған билер соты басынан кешкен өмірінде халықтың өзі өндірген өнімі есепті... халықтың өркендеуін толық қанағаттандыра алады.

3. Бітістіру сотпен салыстырғанда билер сотының ең болмағанда қазақ үшін кейбір айырмашылығы бар.

4. Сот реформасы мәселесімен пікір жинағанда, қазақ жұртының басым көпшілігі ежелгі билер сотына ешқандай өзгеріс немесе қосымша енгізбей қолдады.

Жоғарыда көрсетілген себептерді ескере отырып, халық дамудың қандай сатысында тұрмасын оның қарапайым өсу жолына: өздігінен даму, өзін-өзі қорғай білу, өзін-өзі басқара білу қажеттілігін басшылыққа ала отырып, біз бұл тартпайтын қорытындыға келдік, яғни билер сотын белгілі бір мерзімге дейін, 1854 жылы заң шыққанға дейінгі қалпында қалдырып, бұл заңды немқұрайды қараудың төрешіл кеңсешілдік идеясының ықпалынан формализм мен тәртіп түрінде пайда болғандықтан жою керек.

Әлиханов Ш. Таңдамалы шығармалары. Алматы, Жазушы, 1985. 126-127, 129—132, 143-144-бб.

ЖЕТІСУ ЖӘНЕ СЫРДАРИЯ ОБЛЫСТАРЫН БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕНІҢ ЖОБАСЫНАН

11 шілде, 1867 жыл.

1. Әкімшілік құрылысы

§ 1. Түркістан облысынан, Ташкент ауданынан, 1866 жылы Сырдария өзенінің арғы бетінен басып алынған жерден және Семей облысының Тарбағатай жотасынан оңтүстікке қарай жатқан бөлігінен құрамында екі облыс: Жетісу және Сырдария облыстары бар Түркістан генерал-губернаторлығы құрылады....

1-ескерту. Жаңа генерал-губернаторлық Батыс-Сібір генерал-губернаторлығымен: Тарбағатай жотасы және оның сілемдері арқылы Семей облысының қазіргі шекарасына дейін сібір қырғыздарының облысымен, осы шекарамен Балқаш көліне дейін; Балқаштың ортасынан өтетін иін, Балқаш көлінен Шу өзеніне дейін тура тартылған шеп арқылы, соңғы өзенді бойлай, оның Сарысу өзенімен қосылатын жеріне дейін шектесетін болады.

2-ескерту. Орынбор генерал-губернаторлығымен шекара Перовский шығанағының ортасынан басталып, Термембес тауына қарай жүреді, осы арадан Теректіге, одан әрі Қалмас тауына, Мүзбел алқабына, Аққұм тауына, Шұбартөбе тауына, одан әрі Мойынқұмның оңтүстік шетіне, Мыңбұлақ алқабына өтіп, Сарысу және Шу өзендерінің қосылған жеріне дейін жетеді.

3-ескерту. Облыстар арасындағы шекара шамамен Құраты өзені мен оның саласы Қарасуды бойлап, ал одан әрі Талас және Сусамыр өзендері жүйесін бөліп жатқан тау сілемдерін бойлай өтеді деп саналады...

Генерал-губернатор, оның кеңсесі және тапсырмаларға арналған шенеуніктер

§ 2. Жетісу және Сырдария облыстарындағы әскери-халықтық басқару ісіндегі ең үлкен бастық қызметі генерал-губернаторға сеніп тапсырылады, оған сонымен бірге Түркістан әскери округі әскерлерінің қолбасшысы атағы беріледі...

§ 3. Генерал-губернатор тікелей жоғары мәртебелінің қалауы бойынша тағайындалады немесе босатылады...

2. Облыстық басқарма

§ 11. Жетісу облысы мына уездерден: Сергиополь, Қапал, Верный, Ыстықкөл және Тоқмақ уездерінен құралады...

§ 12. Сырдария облысы мына уездерден: Қазалы, Перовский, Түркістан, Шымкент, Әулиеата, Ташкент, Ходжент, Жизақ уездерінен құралады...

§ 13. Облыстық басқармалардың орналасатын жері болып Жетісу облысында — Верный қаласы, Сырдария облысын-да — Ташкент қаласы тағайындалады.

Ескерту. Верное бекінісі Верный қаласы деп аталады.

§ 14. Тікелей генерал-губернатор басқаратын әрбір облыс басқармасы жалпы немесе облыстық басқарма мен жеке — қалалар, селолар, болыстар және ауылдар бойынша басқармаларға бөлінеді.

§ 15. Жалпы облыстық басқарма әскери губернатор мен облыстық басқармадан тұрады.

а) Әскери губернаторлар

§ 16. Өлкенің ерекше жағдайы бойынша, әскери губернаторлар өздеріне сеніп тапсырылған облыстардағы әскери және әскери-халықтық басқару ісін өз қолына біріктіреді.

§ 17. Жетісу облысында әскери губернатор сонымен бірге Жетісу казак әскерлерінің наказды атаманы болып табылады.

§ 18. Әскери губернаторлар, Әскери министрдің ұсынуымен, арнаулы жоғары дәрежелі жарлықтармен және жоғары дәрежелі бұйрықтармен тағайындалады немесе босатылады...

ә) Облыстық басқарма

§ 24. Облыстық басқарманың адам құрамы штатпен белгіленеді.

§ 25. Облыстық басқарманың төрағасы әскери губернатордың көмекшісі болып табылады.

§ 26. Әскери губернатордың көмекшісі Әскери министрдің генерал-губернатормен алдын ала келісуіне негізделген ұсынысы бойынша жоғары дәрежелі бұйрықта жарияланған жоғары дәрежелі әмірмен тағайындалады немесе босатылады...

§ 28. Облыстық басқарма үш бөлімшеден: Өкімші, Шаруашылық және Сот бөлімшелерінен тұрады.

§ 29. Облыстық басқарма бөлімшелерінің бастықтарын генерал-губернатор тағайындайды немесе босатады. Облыстық басқарманың басқа шенді адамдарының бәрін әскери губернатор тағайындап, босатады...

3. Уездік басқармалар

а) Уезд бастығы, оның көмекшілері және кеңсесі

§ 42. Әрбір уезде әскери-халықтық істер де, әскер бөлімін басқару ісі де уезд бастығының қолында шоғырландырылады.

§ 45. Уезд бастығы әкімшілік және полиция өкіметі болып табылады...

§ 67. Уезд бастығы генерал-губернатордың таңдауы бойынша жоғары дәрежелі бұйрықпен, ал аға көмекші мен әскер бөлімі жөніндегі обер-офицер — әскери губернатордың ұсынуы бойынша жалпы негізде тағайындалады.

§ 68. Уездік басқарманың өзге шенді адамдарын әскери губернатор тағайындайды немесе босатады...

ә) Ташкент қалалық бастығы

§ 71. Ташкент қаласында оның халқының көп және сауданың едәуір дамуына байланысты уездік басқармадан бөлек басқарма құрылады.

§ 72. Ташкент қаласының басқармасы қала бастығынан, оның көмекшісінен және штат бойынша кеңсесінен құралады...

б) Верный қаласының бастығы

§ 78. Верный қаласындағы қалаға полициялық жағынан басшылық ету үшін қала бастығы тағайындалады; лауазымдық класы, оның кеңсені ұстауға арналған шығындары да штатта белгіленген...

4. Жергілікті басқару

а) Жетісу және Сырдария облыстарының көшпенді халқын басқару

§ 80. Әрбір уезде көшпенді халық қырғыздар — болыстарға, болыстар ауылдарға бөлінеді.

§ 81. Болыстар мен ауылдарға бөлу жергілікті жағдайға қарай біртіндеп немесе бүкіл облыста бірден жүзеге асырылады да, оны әскери губернатор бекітеді. Ауылда 100-ден 200-ге дейін, ал болыста 1000-нан 2000-ға дейін түтін саны болады.

§ 82. Болыстар жер пайдалануы бойынша қыстаулары көршілес ауылдардан құралады...

§ 84. Болыстарды — болыс басқарушылары, ауылдарды — ауыл старшындары басқарады.

§ 85. Болыстар мен старшындарды халық сайлайды...

§ 91. Әрбір ауылда 10 шаңырақ иелерінен бір сайлаушыны белгілейді; осы сайлаушылар жиыны ауыл старшыны мен оның кандидатын сайлайды...

§ 93. Болыс пен оның кандидатын сайлау үшін болыста 50 шаңырақтың иелері бір сайлаушы сайлайды; осы сайлаушылардың съездері болыс сайлайды...

ә) Сырдария облысының отырықшы халқын басқару

§ 116. Ауылдарда өкімші және полициялық билік ақсақалдардың қолында шоғырландырылады; әрбір аумақты ауылда бір ақсақал болады...

§ 117. Ақсақалдар халықтың сайлауы бойынша, әскери губернатордың бекітуімен 3 жылға тағайындалады...

§ 123. Қалалар мен неғұрлым аумақты ауылдар махалларға бөлінеді, олардың санын қала мен ауылдың көлеміне сәйкес, уезд бастығының ұсынуымен әскери губернатор белгілейді.

§ 124. Әрбір махалла бір ақсақал сайлайды; қала ақсақалдарын сайлау, оларды қаржыландыру қызмет мерзімі және басқалары нақ ауылдардағы негіздермен жүргізіледі...

б) Жетісу облысының отырықшы халқын басқару

§ 128. Жетісу облысының казак қоныстарындағы басқару Жетісу казак әскерлері туралы Ережемен белгіленеді.

II. Сот құрылысы

1. Соттылық

§ 129. Жетісу және Сырдария облыстарында соттың үш түрі: әскери сот, империяның жалпы заңдары негізіндегі сот және халық соты жұмыс істейді.

§ 130. Әскери сотпен қырғыздар және сарттар: опасыздық жасағаны, өз тумаларын үкіметке қарсылық көрсетуге айдап салғаны, пошта мен әскери көлікке шабуыл жасағаны, христиандарды және христиан дінін қабылдауға тілек білдірген басқа адамдарды өлтіргені үшін сотталады.

§ 131. Империяның жалпы қылмыстық заңдары бойынша жергілікті адамдар: тонаушылық, ұрлық — қырғыздардағы барымта бұған қосылмайды — көпес керуендеріне шабуыл жасау, басқа иеліктерге қашып кету, өрт қою, өкімет орындарына әдейі қарсылық көрсету, жалған теңге жасау мен оны өткізу, қазына мүлкін талан-таражға салу әрекеттері үшін сотталады. Кісі өлтірген сарттар ісін де осы сот қарайды.

§ 132. Империяның басқа жақтарында жасаған барлық қылмыстары үшін далалықтар қылмыс жасаған жерінде қолданылатын заңдар бойынша сотталады.

§ 133. Әскери сотта және империяның жалпы заңдары бойынша сотқа жатпайтын басқа да барлық қылмысты істерді, соның ішінде қырғыздардың өз арасындағы барымта мен кісі өлтірушілікті халық соты қарайды. Жергілікті адамдардың өздері арасындағы барлық талаптар мен дау-дамайды олардың халық соты жүргізеді...

IV. Алымдар, салықтар және земство міндеткерлігі

1. Мемлекеттік алымдар

а) қырғыздардан

§ 255. Жетісу және Сырдария облыстарының қырғыздарына әр шаңырақтан 2 сом 75 тиыннан түтін салығы белгіленеді...

ә) Сырдария облысының отырықшы халқынан

§ 279. Сырдария облысының отырықшы халқының егіншілік өнімдеріне қазір салынып жүрген хараж бен танаптық салық белгіленеді.

§ 280. Хараж осы салық бұрын салынып жүрген жер өнімдерінен алынады.

§ 281. Хараж өнімінің 1/10 бөлігі мөлшерінде жиналады.

§ 282. Бұрын танапқа ақшалай салық салынып келген жер өнімдерінен танаптық салық дейтін алынады, оның мөлшерін өлкенің ең үлкен бастығы белгілейді...

б) Сырдария облысының жергілікті адамдарына сауда үшін салынатын салықтар

§ 296. Қазалы және Перовский уездерін қоспағанда, Сырдария облысының сауда жасайтын жергілікті адамдарына бұрынғы мөлшерінде, яғни жылына сауда капиталының 2[1/2] пайызы мөлшерінде зекет жинау белгіленеді. Айналымы 40 ділладан аспайтын саудагерлер бұл салығын төлеуден босатылады...

в) Шетелдік Азия көпестеріне сауда салығын салу

§ 313. Орыс бодандары сауда-саттық жасайтын жерлерде олардан алынатын барлық сауда салықтарына шетелдік азиялық көпестер де бағынады.

§ 314. Осы негізде Сырдария облысында өзі сауда жасау үшін тауарлар шығаратын шетелдік азия көпестері, аталған облыстың жергілікті саудагерлері сияқты зекет, яғни өздері өндірген тауар бағасының қырықтан бір бөлігін төлеуге міндетті...

2. Земство салықтары мен міндеткерліктер

§ 330. Жетісу және Сырдария облыстарының отырықшы және көшпенді халқына жергілікті басқарма адамдарын асырау, қоғамның үкімі бойынша, почта жолдарындағы арық көпірлерін, төсемелерін, еңістері мен өрлерін түзету міндеті жүктеледі.

Оның үстіне сарттарға біртіндеп түрмелер салу мен оларды күтіп ұстау, қоғамдық шаруашылық басқармалары үшін үйлер салып, күтіп ұстау жүктеледі.

§ 333. Көршілес иеліктерге қарсы соғыс қимылдары жүргізілетін реттерде — генерал-губернатор, ал отрядтарды

шұғыл жіберу қажет болған ретте — әскери губернаторлар мен уезд бастықтары әскерді көшіру үшін тасымал құралдарын өз қолына алуға хақылы, бұл орайда тасымал және өлген жануарлар үшін белгіленген баға бойынша ақы төленеді...

Қол қойғандар:

Федор Грис

Александр Гейнс

Александр Проценко

Бекіткен:

Комиссияның іс жүргізушісі

Галдинский

Материалы по истории политического строя Казахстана.
Т. 1. Алма-Ата, Наука, Каз ССР, 1960. С. 337—374.

ОРАЛ, ТОРҒАЙ, АҚМОЛА ЖӘНЕ СЕМЕЙ ОБЛЫСТАРЫНДАҒЫ БАСҚАРУ ІСІ ТУРАЛЫ УАҚЫТША ЕРЕЖЕДЕН

21 қазан, 1868 жыл.

І. Әкімшілік құрылыс

1) *Облыстарға бөлу*

§ 1. Қазіргі құрамындағы Орынбор мен Сібір қырғыздары және Семей облыстарынан және Орал мен Сібір казак әскерлері жерінен төрт облыс: Орал, Торғай, Ақмола және Семей облыстары құрылады.

§ 2. Орал және Торғай облыстарын басты басқарушы — Орынбор генерал-губернаторы, ал Ақмола және Семей облыстарын Сібір мекемесі негізінде Батыс Сібір генерал-губернаторы басқарады.

§ 3. Орал облысы Орал казак әскерлерінің жерінен, Орынбор қырғыздары облысының батыс бөлігінен және орта бөлігінің шағын аймағынан құрылады.

§ 4. Торғай облысы Орынбор қырғыздары облысының шығыс бөлігінің қалған аймағынан құрылады.

§ 5. Орал және Торғай облыстарының арасындағы шекара облыстық бастықтардың жақын танысып, өзара келісуі бойынша, шамамен алғанда, Орынбор губерниясының Қобда өзеніндегі шекарасынан қазіргі Орынбор қырғыздары облысының батыс және орта бөліктерінің арасын бөліп жатқан сызықпен Мұғалжар тауларына қарай және осы соңғысы-

ның оңтүстік шетінен Арал теңізіне қарай өтеді деп саналады.

§ 6. Ақмола облысы Сібір қырғыздары облысының Көкшетау, Атбасар, Ақмола округтерінен, Сібір казак әскерлерінің 1, 2, 3, 4, 5-полктік округтері мен 6-полктік округінің бір бөлігінің жерлері мен Омбы және Петропавл қалаларынан тұрады...

§ 7. Семей облысы Ішкі Семей, Көкпекті округтерінен, Сергиополь округінің Жетісу облысына бөлінгенінен қалған бөлігінен, Зайсан өлкесінен, Баянауыл және Қарқаралы округтерінен, Сібір әскерлерінің 6-полктік округінің бір бөлігінің, 7 және 8-полктік округінің казактарға тиесілі жерлерінен құрылады.

§ 8. Ақмола және Семей облыстарының арасындағы шекара, шамамен алғанда, облыстық бастықтардың жақын танысып, өзара келісуі бойынша, Крутояр қонысынан бастап, Баянауыл және Қарқаралы округтерін Сібір қырғыздары облысының қалған бөлігінен бөліп жатқан сызықты бойлай оңтүстікке қарай өтеді деп саналады.

§ 9. Орал облысының облыстық қаласы болып Орал қаласы белгіленеді.

§ 10. Торғай облысының облыстық басқармасы даланың ішкі жағына көшірілгенге дейін және орналасатын жері Орынбор қаласы болып қала береді...

§ 11. Ақмола облысының облыстық қаласы болып Ақмола қаласы белгіленеді; бірақ онда облыстық басқарма үшін үй салынып біткенге дейін бұл басқарма уақытша Омбы қаласында қала береді...

§ 12. Семей облысының жаңа шегінде оның облыстық қаласы болып Семей қаласы қала береді.

§ 13. Орал облысы 4 уезге бөлінеді, олардың басқармалары Орал және Гурьев қалаларында, Калмыково станицасы мен Жем постысында орналасады; мұның соңғысына қалалық қоныс құқы беріледі. Александровский бекінісі Орал облысының құрамына енгізіледі. Осы басқарма көршілес көшіп жүретін халықты басқару үшін ерекше тәртіп бойынша Маңғыстау приставтығы құрылады...

§ 14. Торғай облысы 4 уезге бөлінеді, олардың басқармалары: Илецк-Защитада, Николаевка станциясында, Ырғыз деп аталған Орал бекінісінде және Торғай деп аталған Орынбор бекінісінде орналасады; Ырғыз бен Торғайға қалалық қоныс құқылары беріледі...

§ 15. Ақмола облысы 4 уезге бөлінеді, олардың басқармалары Омбы, Петропавл, Ақмола қалалары мен Көкшетау станциясында орналасады; мұның соңғысына қалалық қоныс құқы беріледі...

§ 16. Семей облысы 4 уезге бөлінеді, олардың басқармалары Павлодар, Семей, Көкпекті қалаларында және қалалық қоныс құқы берілетін Қарқаралы станциясында орналасады. Зайсан өлкесі уездік басқарма етіп қайта құрылғанға дейін ерекше приставтық болып табылады...

2) Облыстық басқарма

§ 20. Тікелей генерал-губернатор бастық болып табылатын әрбір облысты басқару облыстық және уездік басқармаларға бөлінеді.

§ 21. Облыстық басқарма әскери губернатор мен облыстық басқармадан тұрады.

§ 22. Әскери губернаторлар сонымен бірге облыстардағы әскердің қолбасшылары болып табылады.

§ 23. Орал облысында әскери губернатор сонымен бірге Орал казак әскерінің наказды атаманы болып табылады: Ақмола және Семей облыстарында әскери губернаторларға облыстардың құрамына кіретін Сібір казак әскерінің бөлімдері жөнінде наказды атамандардың міндеттері мен құқылары қосып беріледі.

§ 24. Әскери губернаторлар ішкі істер министрлігінің генерал-губернаторлармен және әскери министрмен алдын ала келісуге негізделген ұсынысы бойынша жоғары дәрежелі жарлықтармен тағайындалады және босатылады... .

Облыстық басқару

§ 31. Облыстық басқармалардың адам құрамы қосымша тіркеліп отырған қызмет тәртібімен белгіленеді.

§ 32. Облыстық басқармасының төрағасы вице-губернатор болып табылады.

§ 33. Вице-губернатор ішкі істер министрінің генерал-губернаторымен алдын ала келісуіне негізделген ұсынысы бойынша жоғары дәрежелі бұйрықпен тағайындалып, босатылады. Орынбор ведомствосының облыстарындағы облыстық және уездік басқармаларының басқа да барлық пендері — жалпы негізде, ал Сібір ведомствосында — осы жөнінде Сібір мекемелерінде қолданылып жүрген ережелер бойынша тағайындалады, босатылады және жауапқа тартылады... .

3) Уездік басқармалар

§ 44. Әрбір уезде басқару ісі уезд бастығының қолына шоғырландырылады... .

4) Медицина бөлімінің құрылысы

§ 52. Әрбір облыста медицина бөлімін қадағалау облыстық дәрігерге жүктеледі, оған губерниялық дәрігерлік инспектордың құқықтары мен міндеттері беріледі... .

5) Жергілікті басқару

§ 58. Әрбір уезде көшпенді халық, қырғыздар — болыстарға, болыстар — ауылдарға бөлінеді.

§ 59. Болыстар мен ауылдарға бөлу уездерде жергілікті жағдайларға қарай бүкіл облыста біртіндеп немесе бір мезгілде жүргізіледі және оларды губернатор бекітеді. Ауылда 100-ден 200-ге дейін шаңырақ, ал болыста 1000-нан 2000-ға дейін шаңырақ болуы керек.

§ 62. Болыстарды — басқарушылары, ауылдарды — ауыл старшындары басқарады.

§ 63. Болыс басқарушылары мен ауыл старшындары сайлау бойынша тағайындалады.

§ 68. Әрбір болыста 50 шаңырақтың иелері бір сайлаушы сайлайды; осы сайлаушылардың съезі болыс басқарушысы мен оның кандидатын сайлайды...

§ 70. Әрбір ауылда 10 шаңырақ иелері бір сайлаушы сайлайды; осы сайлаушылардың жиыны ауыл старшыны мен оның кандидатын сайлайды.

§ 73. Болыс басқарушылары мен ауыл старшындары үш жылға сайланады.

§ 74. Болыс басқарушылары мен олардың кандидаттарын губернатор, ауыл старшындары мен олардың кандидаттарын уезд бастығы бекітеді...

II. Сот құрылымы

1) Соттылық

§ 92. Сібір және Орынбор ведомствосының қырғыздары, жоғарыда аталған облыстар шегінде әскери сотпен, империяның жалпы заңдарының негізінде және халық сотымен сотталады.

§ 93. Қырғыздар әскери сотпен: опасыздық жасағаны, өкіметке қарсылық көрсетуге айдап салғаны, өкімет органдарына көрінеу қарсыласқаны, пошта мен қазыналық көлікке шабуыл жасағаны, телеграфқа зақым келтіргені, христиан дінін қабылдауға тілек білдірген адамдарды өлтіргені және лауазымды адамдарды өлтіргені үшін сотталады.

§ 94. Қырғыздар империяның жалпы қылмыстық заңдары бойынша: кісі өлтіргені, ұрлық, барымта жасағаны, көпес керуендеріне шабуыл жасағаны, басқа иеліктерге қашып кеткені, өрт салғаны, жалған теңге істегені және өткізгені, қазына мүлкін ұрлағаны, қазыналық басқару жарғыларын бұзғаны және жергілікті қырғыз өкімет адамдары лауазымын пайдаланып, жасаған қылмысы үшін сотталады.

§ 95. Қырғыздар дала облыстарынан тыс жерлерде жасаған қылмыстары үшін қылмыс жасалған жерде қолданылатын заңдар бойынша сотталады...

§ 97. Қырғыздардың әскери сотқа және империяның жалпы заңдары бойынша сотқа жатпайтын басқа да барлық қылмыстық істерін, сол сияқты олардың қандай сомаға болса да даулары мен тартыстарын халық соты қарайды...

4) *Қырғыздардың халық соты*

§ 135. Қырғыздар арасындағы (осы Ереженің 97-бабы) халық сотына тиісті қылмыстық істерді де, тартыстар мен дау-шардың қандайын болса да шешу үшін әрбір болыста 4 биден 8 биге дейін сайланады...

§ 137. Халықтың құрметі мен сеніміне бөленген, сот бойынша айыпталмаған, тергеуде жүрмеген және кемінде 25 жасқа толған әрбір адам би болып сайлануы мүмкін.

§ 138. Сайланған биді губернатор бекітеді; оларға айлық төленбейді, бірақ олардың істерді шешіп бергені үшін кінәлі адамнан халықтың ғұрпы бойынша белгіленген арнайы айып алуға құқы болады...

III. Алымдар, салықтар және земство міндеткерліктері

1) *Мемлекеттік алымдар*

§ 168. Орынбор және Сібір ведомстволарының қырғыздарына әр шаңырақтан жылына 3 сомнан түтін салығы белгіленеді...

2) Төлкүжат салыгы

§ 196. Қазір қолданылып жүрген қырғыздарға салына-тын билет салығының күші жойылады; оның орнына Орын-бор мен Сібір ведомстволарының шебі мен далада орналас-қан қалалар мен селоларға табыс іздеп кететін қырғыздар жалпы төлкүжат салығына бағынады.

§ 197. Табыс іздеуші қырғыздар болыс басқарушылары-нан еш кідіріссіз төлкүжат алады, бұған қоныстан кетуге рұқсат етілмейтін мінез-құлқы лайықсыз адамдар қосыл-майды...

3) Земство міндеткерлігі

§ 204. Жергілікті басқару орындарының адамдарын, яғни болыс басқарушылары мен ауыл старшындарын, олардың жанындағы шабармандарды асырау, өздері көшіп жүрген жерлерде пошта жолдарындағы арық көпірлерін, төсемелерді, еңістер мен өрлерді жөндеу, жазғы жайлау кезінде науқастарға арнап киіз үй тігу, ауылдарға қызмет бабындағы істермен жіберілген шенеуніктерге киіз үй бөліп, отын жеткізіп беру көшпенді халықтың міндетіне жүктеледі...

§ 205. Шенеуніктердің пошта жолы жоқ даламен жүруі-не ат алуға заңдастырылған ақысы төленбейінше жол берілмейді...

IV. Пайдалану және иелену туралы

§ 210. Қырғыздар көшіп-қонып жүретін жерлер мемлекеттік жер деп танылады және қырғыздардың қауымдасып пайдалануына беріледі.

§ 211. Ұлы мәртебелі рұқсатымен жер алған адамдар жә-не жерді иеленуге заңдастырылған актілері бар адамдар то-лық меншікті жер иеленушілер деп танылады...

§ 212. Қырғыздардың пайдалануындағы жер қысқы тұрақтарға (қыстаулар) және жазғы қоныстарға (жайлау-лар) бөлінеді.

§ 213. Қыстаулар қазір пайдаланылып жүргеніндей әрбір болыстық жеке-жеке қауымдасып пайдалануына, ал дау туған ретте — нақты мал санына және шаруашылықтың көлеміне қарай беріледі...

§ 218. Жазғы қоныстар тұтас уезд болыстарының қауымдасып пайдалануына беріледі және оларды пайдалану халықтың әдет-ғұрпымен белгіленеді...

§ 219. Қауымның өзара келісуі бойынша, қыстауларда да, жайлауларда да диқаншылықпен және шөп шабумен айналысуға тілек білдірушілерге қолайлы жерлерден арнаулы телімдер бөлінеді. Диқандар арасында телімдерді бөлу олардың ғұрпы бойынша бір-бірімен ерікті түрде келісуіне беріледі.

§ 220. Қауым құрамындағы қырғыздардың да, жеке адамдардың да өз телімдерін немесе олардың бір бөлігін, ерікті келісім бойынша, орыстардың пайдалануына беруге құқылы, ол уездік басқармада куәлендірілуге тиіс...

V. Қырғыздардың құқылары туралы

§ 243. Қырғыздар барлық ауыл тұрғындарына, олардың ахуалына қарай, берілген жалпы құқысын пайдаланады. Ресей империясының басқа сословиелеріне берілген құқылар мен артықшылықтарды қырғыздар жалпы заңдар негізінде алады.

§ 244. Қырғыздардың ішкі тұрмысы адам сүйгіштік идеяларына және осы Ереженің басты негіздеріне қаншалықты қайшы келмейтініне қарай халықтық әдет-ғұрып негізінде сақталады.

§ 245. Қырғыздар рекруттық міндеткерліктен босатылады.

§ 246. Алым төлеуге міндетті сословиеге кіргенде қырғыздар рекруттықтан өмір бойы бос болуды және алым төлеуде бес жылдық жеңілдікті пайдаланады.

§ 247. Христиан дінін қабылдаған қырғыздарға не өз қауымдарында қалуға, немесе қырғыздарға берілген құқын сақтай отырып, даладағы орыс ауылдарына көшуге рұқсат етіледі.

§ 249. Қырғыздар гербілік баж салығынан, өз арасындағы талап қою және басқа істерде гербілі қағаздарды және сол сияқты штемпельді салықтарды пайдаланудан босатылады; бірақ бізбен және басқа халдегі адамдармен талап қойылатын алуан түрлі істерде бұл салымдар жалпы заңды жағдайда төленеді.

§ 250. Жалпы, уездік және жергілікті басқармаларда қызмет ететін қырғыздар ынта-ықыласы және пайдалы қызметі үшін: белгіленген ережелер негізінде құрметті азамат атағын алып, ордендермен, медальдармен, бағалы сыйлықтармен және ақшалай марапатталады...

VII. Даладағы мектептер туралы

§ 262. Далада бастауыш білім беру үшін алғашқы уақытта уездік басқармалар орналасқан әрбір жерде еш алаламай барлық ұлыстар үшін ортақ мектеп болуы көзделеді...

Материалы по истории политического строя Казахстана.
Т. 1. Алма-Ата, Наука, Каз ССР, 1960. С. 337—374.

АҚМОЛА, СЕМЕЙ, ЖЕТІСУ, ОРАЛ ЖӘНЕ ТОРҒАЙ ОБЛЫСТАРЫН БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕДЕН

25 наурыз, 1891 жыл.

Кіріспе

1. Осы Ережемен басқару жайы белгіленетін облыстар мыналар: Ақмола, Семей, Жетісу, Орал және Торғай облыстары.

2. Ақмола облысы бес уезден: Омбы, Петропавл, Ақмола, Көкшетау және Атбасар уездерінен тұрады.

3. Семей облысы бес уезден: Семей, Павлодар, Қарқаралы, Өскемен және Зайсан уездерінен тұрады.

4. Жетісу облысы алты уезден: Верный, Қапал, Лепсі, Пржевальский, Бішкек және Жаркент уездерінен тұрады.

5. Орал облысы төрт уезден: Орал, Калмыков, Гурьев және Темір уездерінен тұрады.

6. Торғай облысы төрт уезден: Ақтөбе, Николаев, Ырғыз және Торғай уездерінен тұрады...

8. Облыстарды басқару мыналардан тұрады: 1) Ақмола, Семей және Жетісу облыстарындағы бас басқарма; 2) әр түрлі ведомстволардың жекелеген бөліктерін басқару; 3) жергілікті өкімшілік басқармалар: а) облыстық, ә) уездік; б) қалалық; в) ауылдық; 4) сот нұсқаулары.

9. Басқармалардың орналасатын жерлері болып мыналар тағайындалады: Ақмола, Семей және Жетісу облыстарының басты қаласы — Омбы қаласы, облыстық қалалар: Ақмолада — уақытша Омбы қаласы, Семейде — Семей қаласы, Жетісуда — Верный қаласы, Оралда — Орал қаласы, Торғайда — Орынбор қаласы және уездік басқармалар — уездермен аттас қалалар...

Бірінші бөлім

Әкімшілік құрылыс

I тарау. Ақмола, Семей және Жетісу облыстарының басқармасы

13. Ақмола, Семей және Жетісу облыстарының бас басқармасы дала генерал-губернаторына сеніп тапсырылады...

II тарау. Жергілікті әкімшілік жарғылар

I бөлім. Облыстық жарғылар

19. Облыстық басқарма әскери губернатордан және облыстық басқармадан тұрады. Жетісу және Орал облыстарында әскери губернаторлар сонымен бірге казак әскерлерінің нақазды атаманы болып табылады...

II бөлім. Уездік және қалалық жарғылар

I. Уездік басқарма

30. Уезд бастықтары: Ақмола, Семей және Жетісу облыстарында — әскери губернаторлардың ұсынуы бойынша дала генерал-губернаторы; ал Орал және Торғай облыстарында — әскери губернаторлар тағайындайды және босатады.

II. Қалалардағы басқару

49. Ақмола, Семей, Жетісу, Орал және Торғай облыстарында облыстық және уездік басқармалар болатын жер деп танылған қоныстар және оның үстіне Семей облысындағы Көкпекті қонысы қалалар болып табылады.

50. Қоғамдық басқару енгізілмеген қалалардың шаруашылығын басқару мен оларды көркейту, қалалық қауымдар депутаттарының қатысуымен, губернатордың және облыстық басқармалардың бақылауымен уезд бастықтарына жүктеледі...

III бөлім. Ауылдық жарғылар

55. Өрбір уезде көшпенді халық — болыстарға, ал болыстар — ауыл қауымдарына бөлінеді.

56. Болыстар мен ауыл қауымдарының құрамына кіретін шаңырақ иелерінің санын жергілікті жағдайларға сәйкес облыстық басқарма белгілейді, алайда бұл сан, мүмкіндігінше, болыстар үшін — екі мың, ал ауыл қауымдары үшін — екі жүз шаңырақ иесінен аспауға тиіс.

Ескерту. Жеке баспанасы (лашығы, киіз үйі, жертөлесі, панасы немесе үйі) бар әрбір көшпенді шаңырақ иесі деп саналады...

62. Болыстарды — болыс басқарушылары, ауыл қауымдарын — ауыл старшындары басқарады.

63. Болыс басқарушылары мен ауыл старшындары халықтың сайлауы бойынша үш жылға тағайындалады...

87. Казак әскерлері қоныстарында ерекше ережелер негізінде қоғамдық басқару мен станицалық сот болады.

III. Бұратаналардың діни істерін басқару

97. Көшпенді және отырықшы бұратаналардың әр болыста бір-бірден өз молдалары болуына рұқсат етіледі.

98. Молданы бұратаналар өз ортасынан сайлайды. Сайланған адамды молда атағына бекітуді, сондай-ақ оны осы атағынан айыруды әскери губернатор жүзеге асырады...

Екінші бөлім

Сот құрылысы

104. Әрбір уезде және Омбы, Семей, Верный, Орал қалаларында бітімші сот болады...

105. Торғай облысы бойынша облыстық соттың құқылары мен міндеттері Орынбор қылмыстық және азаматтық сот палатасына жүктеледі...

112. Халық соттарының санын болыста немесе ауылдық қауымда бір соттан артық болмауы үшін сайлау алдында облыстық басқармалар белгілейді.

Үшінші бөлім

Жерге орналастыру

I тарау. Көшпенді халықты жерге орналастыру

119. Көшуге арналған жер және сол жердің барлық байлықтары, соның ішінде ормандары (Азаматтық заңдар, 387-бап) мемлекеттік меншік деп танылады.

120. Көшуге арналған жер әдет-ғұрып және осы Ереженің қағидалары негізінде көшпенділердің мерзімсіз қауымдасып пайдалануына қалдырылады...

II. Отырықшы халықты жерге орналастыру

131. Қазақ әскерлерінің өздері иеленуге және пайдалануға алып отырған жерлерге құқығы ерекше заңдастырылады...

Төртінші бөлім

Алымдар мен міндеткерлік

I. Көшпенді халықтан алынатын алым

137. Облыстардың көшпенді халқына қазына кірісіне әр шаңырақтан және оның орнына пайдаланылатын кез келген баспанадан (киіз үйден, үйден, панадан, жертөледен) төрт сом есебімен алым салынады...

II. Отырықшы халықтан алынатын алым

149. Облыстарда орыс шаруаларынан, дүнгендерден және тараншылардан құрылған, ауыл қауымына оларға үлес етіп берілген мемлекеттік жер үшін мемлекеттік шаруаларға ортақ негізде оброктік алым салынады...

III тарау. Земство міндеткерлігі

156. Заттай земство міндеткерлігімен мынадай қажеттер өтеледі: 1) қолдан жер суаратын құрылғыларды бабында ұстау; 2) шегірткені және өсімдік үшін зиянды басқа да құрт-құмырсқалар мен жәндіктерді жою жөнінде шаралар қолдану; 3) қар басып қалған почта жолдарының бойындағы нұсқама белгілерді күтіп ұстау; 4) қажет болған жағдайда почта және сауда жолдарына, сондай-ақ шекаралық пункттерге күзетші бекеттер қою; 5) сапарға шыққан шенеуніктердің пошта және земство жолы жоқ жерлермен жүруіне заңдастырылған ақымен аттар беру және олардың түсуіне тұрғын жай немесе жылы киіз үй бөлу және 6) губернатордың өкімі бойынша, төтенше жағдайларда келетін әскерлерді губернатор бекітетін баға бойынша ақысын алып, үймен, отынмен және жүріп-тұруға арналған күш-көлікпен қамтамасыз ету.

157. Облыстық ақшалай земство міндеткерлерінің есебінен, облыстардың басқару штатына сәйкес, осы кезге жатқызылған шығындарға қарамастан, тағы да мынадай шығындар қанағаттандырылады: 1) халықтың азық-түлік және қоғамдық ағарту заттары бойынша; 2) жергілікті сауданы, өнеркәсіпті, мал шаруашылығын және ауыл шаруашылығының түрлі салаларын дамыту жөніндегі шараларды жүзеге асыру бойынша; 3) халықтың денсаулығы және шешекке қарсы егу бойынша; 4) малдың қырылуынан сақтандыру бойынша және егілген егісті, сондай-ақ басқа да өсімдіктерді зиянды құрт-құмырсқалар мен жәндіктердің құртуынан қорғау бойынша; 5) жоғары мәртебелі бекіткен штаттар негізінде халықтық мектептерді ұстауға қатысу бойынша және жалпы халыққа білім беру бойынша.

158. Міндетті қоғамдық (жеке) міндеткерліктерге мыналар жатады: 1) көшпенді және отырықшы бұратана халықты қоғамдық басқаруды; 2) бұратаналар қауымында шешекке қарсы егушілерді және 3) жергілікті суландыру ісін басқаратын жергілікті тұрғындардан шыққан лауазымды адамдарды қаржыландыру.

Материалы по истории политического строя Казахстана.
Т. 1. Алма-Ата, Наука, Каз ССР, 1960. С. 337—374.

МАЗМҰНЫ

I тарау. Қазақстан тас дәуірінде	3
II тарау. Қазақстан қола дәуірінде	9
III тарау. Қазақстан темір дәуірінде	14
IV тарау. Қазақ халқының этногенезі	25
V тарау. Көшпелілер өркениеті	50
VI тарау. Қазақстан аумағында мемлекеттіліктің пайда болуы, қалыптасуы, дамуы	67
VII тарау. Көшпелілердің рухани мәдениеті. Қазақ даласының даналары	96
VIII тарау. Қазақстан Ресей империясының құрамында	155

Учебно-методическое издание

Составители

**Төлеубаева Кульжазира Мейрамовна
Көпекбай Алия Масимбайқызы**

ИСТОРИЯ КАЗАХСТАНА

Хрестоматия

Учебное пособие для 10 классов
общественно-гуманитарного направления
общеобразовательных школ

(на казахском языке)

Второе издание, переработанное

Редакторы *А. Тажидаева*
Көркемдеуші редакторы *А. Айымбетов*
Техникалық редакторы *А. Сәдуақасова*
Корректоры *Ж. Баймағамбетова*
Компьютерде беттеген *А. Ахметханқызы*

Баспаға Қазақстан Республикасының Білім және ғылым
министрлігінің № 0000001 мемлекеттік лицензиясы
2003 жылы 7 шілдеде берілген

ИБ № 2304

Басуға 22.06.10. қол қойылды. Пішімі 84×108^{1/32}. Қағазы офсеттік.
Қаріп түрі “Школьная”. Офсеттік басылым. Шартты баспа табағы
11,34. Шартты бояулы беттаңбасы 11,76. Есептік баспа табағы 11,22.
Таралымы 10 000 дана. Тапсырыс №

“Мектеп” баспасы, 050009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй
Факс.: 8(727) 394-37-58, 394-42-30.
Тел.: 8(727) 394-41-76, 394-42-34.
E-mail: mektep@mail.ru
Web-site: www.mektep.kz